Республиканский научно-методический журнал

USTAZ USTANYMY

Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

«USTAZ USTANYMY» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының
№03(105) (2025 ж. Наурыз) шығарылымы.
Выпуск №03(105) (Март 2025 г.) республиканского научно-методического журнала «USTAZ USTANYMY».

Қарағанды қаласындағы мекен-жайы: Қазыбек би ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы 19. 100012
Журнал "KEMEŃGER" ЖК баспаханасында басылды.
Таралымы 1000 дана.
Адрес г. Караганды: Казыбек бийский район, пр. Нурсултана Назарбаева 19.
Журнал издан в типографии ИП "KEMEŃGER". Тираж 1000 экз.

«USTAZ USTANYMY» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2023 жылғы 13 ақпандағы Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ26VPY00064454 берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан аумағында.
«USTAZ USTANYMY» журналы айына 4 рет жарық көреді.

Республиканский научно-методический журнал «USTAZ USTANYMY» в городе Нұр-Сұлтан комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан выдано свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 13.02.2023 года № KZ26VPY00064454.
Территория распространения: На территории Казахстана.
Журнал " USTAZ USTANYMY " выходит 4 раз в месяц.

Меншік иесі: /собственник: ЖК/ИП "BAYANDY"
Бас редактор:/Главный редактор: Баянды Ерлан
Редактор алқалары:
Дүйсенбекова Б.Н. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қарағанды медицина университеті
Дүзбаева Н.М. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Каскарбаева Б.Б. – педагог-шебер
Қасқабаева Ф.С. – педагог-шебер
Есенова Ш.Б. – педагог-зерттеуші
Иманбек Ә.О. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Алшынов А.Ә., жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертайқызы
Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есбергенов Айдын Ардақұлы

Эл. почта: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Тел: + 7 771 181 23 03

"KEMEŃGER" баспасы

Мазмұны / Содержание

Усманов А.О. «Диалогтық оқытуды қолдану – орыс тілі мен әдебиеті саабақтарында нәтижелі білім берудің тиімді әдісі» 3
Шункараев А.Ж. «Математика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» 4
Бексултанова Ұ.Б. «Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту ерекшеліктері» 6
Таджибаева А.Б. Дарындылықты анықтау мен қолдау әдістері 7
Чалова Н.К. Мектепте педагог-психолог қызметінің негізгі ерекшеліктері 9
Қайруллаева А.Ж. Бастауыш оқу бағдарламасында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға ақпараттық коммуникациялық технологиялардың тиімді әдістерін қолдану қаншалықты маңызды? 11
Бекқожаева Г.С. Қазақ әдебиеті сабағында мақал-мәтелдерді қолдана отырып, оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптырудың тәсілдері 15
Рамазанова Ш.С. Пайдалы қазба қалай пайда болады? 17
Адилбаева А.С. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы басшысының кәсіби міндеттері 19
Сахиева П.Б. Буллингсіз мектеп болу: арман немесе шешілетін мәселе? 21
Теңгебаева А. Альфа ұрпақ дүниетанымындағы құндылық атмосферасы 24
Латипова Г.Ә. Development of cognitive interest of higher-grade students in english lessons 25
Жусупова Л. Музыка сабақтарындағы жасөспірімдердің рухани-адамгершілік тәрбиесін дамыту 27
Құрмаш А.Н. Шахматтың жас ұрпаққа беретін пайдасы 29
Абсеметова Г. Бастауыш сынып оқушыларының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту жолдары 30
Есенова Б.С. Мектеп пен отбасының нәтижелері, ынтымақтастығы – бала болашағының кепілі 31
Мырзағұл Ш.Ш. Бастауыш сыныпта білім беру жүйесіндегі дамыта оқыту әдісінің ерекшеліктері 34
Маңғұтова А.Б. Жаңа технология арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру 36
Келімбет А.Н. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудағы тиімді әдістер 38
Разакова М.Д. Қазақ тілі сабақтарында ұлттық құндылықтарды игеру арқылы жеке тұлғаны дамыту 39
Байкөбесова Д. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында тарих пәнін оқытудың ерекшеліктері 40
Рахимова К.К. Жаңа жыл 41
Мотаева Ж.Д. Ұлттық ойындар 44
Байдаулетова Л.Т. Қазақстан жерінде өте жиі кездесетін жануарлар 45
Алимкулова К.У. Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын әрекетін ұйымдастыру және балалардың дамуы үшін маңызы 47
Жиеналиева А.Ж. Мектепалды даярлық сыныптарында топтық жұмыс жүргізудің маңызы және топтық жұмысты ұйымдастырудың жаңашыл әдіс-тәсілдері 48
Жұмабекова А.Қ. Пәндерді оқытудағы цифрлық ресурстарды пайдалану 50
Аметова Ш.А. Жасанды интеллект көркем еңбек пәнінде 53
Табылганова Н.А. Тәрбиеленушілердің 4К дағдыларын дамытуда цифрлық құралдарды пайдалану тиімділігі 54
Сапарова Ж.К. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына логикалық ойындардың маңыздылығы 59
Иманбаева Ж.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырмалардың маңызы 61
Дузбаева К.Д. Сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетуде логопедиялық массажды тиімді қолдану 64
Медеубаев А.К. Батыр Бауыржанның әскери ұрыс стратегиясы 65
Бер Н.С. Формирование читательской грамотности на уроках русского языка и литературы 67
Сағи А.Қ. «10 саны мен цифры» 69
Шонаева С.А. Развитие логического мышления учащихся в начальных классах 71
Қуатбаева Ж.У. Сандарды енгізу мен шығаруды ұйымдастыру 73
Турумова Н.Т. Сөйлем және сөйлем түрлері 75
Мұхтарова Ғ.Ә. Мұғалімнің рефлексиясы - оның кәсіби дамуының басты шарты 77
Карасаева З.Н. «Таным дағдысы» 78
Абдирахманова Г.М. Lesson study зерттеу жұмыстарын мектеп тәжірибесінде пайдаланудың тиімділігі 80
Аккулова Ж.Т. Суретпен жұмыс 82
Сүйеуғалиев С.А. Сольфеджио мен музыкалық білімнің үйлесімі: заманауи әдістер арқылы музыкалық сауаттылықты дамыту 84
Журавлева К.В. Музыкалық гармонияның эволюциясы және оның қосымша білім беру жүйесіндегі рөлі 86
Серік А.М. Қосымша білім беру жүйесінде жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту 88
Омиралиева З.Н. ҰБТ - да кездесетін қиын есептерді шешу жолдары 91
Коджаева А.С. Домбыра тенор пәні бойынша оқушылардың сауаттылығын арттыру 94
Қалбабаева Ш.Т. Домбыра – қазақтың ұлттық қазынасы 96
Шайманова Б.П. Туризм. Шипалы су. Белгісіздік есімдігі 97
Кыдырбаев Н.Б. Дене шынықтыру пәнін оқытудағы педагогикалық әдіс-тәсілдері 100
Тусеева М.У. Жылға жақсы тілек 102
Бақбергенов А.Б. Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау 103
Серекбаева К.А. «Ұлттық тәрбие – ұлт мақсаты» 106
Айдарбекова Л.М. Әлеуметтік бейімделу және коммуникация дағдыларын дамытуда педагог-психологтің қызметі 107
Нугманова Д.Б. Домбыра - ұлттық мұра 109
Альсеитова Г.К. Баянның даму кезеңдері. Баянды меңгерудегі моторика мен координацияны дамыту әдістері 111
Шманова У.Т. «Жемістер мен көкөністер» 113
Ибраева З.Б. Робототехника арқылы информатика сабақтарында инженерлік ойлауды дамыту 115
Балтабаев Д.К. Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологияларды қолданудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер 117
Есенгельдинова А.Е. «Мұғалімнің кәсіби мүмкіндіктерін дамыту жолдары» 119
Ахмурзина А.С. Эстрадалық вокалда дикция мен тыныс алуды жетілдіру әдістері 123
Абзалова А.А. «Дыбыстар әлемінде» 126

Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шамалған ауылы
"М.Әуезов атындағы орта мектебі" КММ
Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Усманов Акылбек Октябрович

«ДИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУ – ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ СААБАҚТАРЫНДА НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСІ»

Орыс тілі пәні бойынша білім сапасын арттыру мақсатында мен «Диалог арқылы оқытуға» ерекше көңіл бөлдім. Себебі ол «оқушыларға өз ойын жетілдіріп дамытуға бағыттайды.» Диалог арқылы оқыту және оқыту диалогы бұл оқушылардың өтілетін тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне ,басқа адамның идеясын қабылдауға, оқушылардың өз идеясын дәлелдеуге және бірлесіп білім алуға көмектеседі. Бүгінгі шәкірт – ел ертеңі. Мұғалімнің алдында: Білім сапасын қалай көтеруге болады? Оқушы сабақта алған білімін өмірде қалай қолдануы керек? Оқушының бәсекелеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына білімі көмектесе ме? деген маңызды сұрақтар тұр.

Қазіргі мұғалімнен оқушыларға тек қана білім беріп қоймай олардың мүмкіншіліктерін дамыту, тұлға ретінде қалыптастыру, өз бетінше оқуға үйрету талап етілуде. Аталған талаптарды жүзеге асыруға мен сабақтарда жаңа білімді меңгерудің негіз тәсілдердің бірі - диалогтық оқыту қамтамасыз етеді.

Әрбір сабақта сынып оқушыларымен мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы, оқушы-топ арасындағы өзара іс-қимылға тартылады. Бұл жағдайда міндетті түрде әр оқушының жеке ерекшеліктері, оның жаңа тақырыпты меңгеру мүмкіндігінің деңгейі, қызығушылықтары, бейімі ескерілуі тиіс.

Қазіргі оқушы білім мен білікті меңгеріп қана қоймай өз бетінше білім алуды да үйренуі тиіс. Ол өз оқу қызметін ұйымдастыра білуді үйреніп, білім алуға әрқашан дайын және оқуға қабілетті болуы керек. Сондықтан сабақтағы бірлескен жұмыс тәсілдері өзгереді: монологтың орнын диалог басады. Диалогтық оқыту сыныптағы оқушылардың топта жұмыс істеу арқылы бірлескен сұхбаты сабақтың тиімділігін арттыруға үлкен көмек беретіндігінің ғылыми дәлелдері жеткілікті. Диалогтық оқыту оқушылардың өтілетін тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне, басқа адамның идеясын қабылдауға, оқушылардың өз идеясын дәлелдеуге және бірлесіп білім алуға көмектеседі. Диалог - сын тұрғысынан ойлауды дамытудың басты жолы. Әр сабақта қолданылатын әдістердің бірі - сұрақ-жауап, оқушының өз ойын жеткізу, пікірін білдіру дағдысын жаттықтырады. Сабақтың басынан бастап мұғалім мен оқушы арасында диалог жүре бастайды. Сөздің күші мен құдыреті , дәлдігі-жақсы сабақтың негізі болып табылтыны сөзсіз. Сабақты диалогтық оқыту басынан бастап аяғына дейін жалғасын табатындай етіп құру қажет . Диалог мұғалімге сабақта орын алған проблемаларды анықтап оны шешуге мүмкіндік береді. Менің өткізген зерттеу сабақтарында топ болып жұмыс істеу кезінде топ басшыларының немесе дарынды оқушылардың топта отырған үлгірімі төмен оқушыларға біршама көмек көрсетіп, кейбір сұрақтарды талқылаған кезде олардың мәселені талқылаудан сыртқары қоймауына ықпал еткені көрінді.

Орыс тілі пәнінінің мұғалімі ретінде мен де сабақты диалогсыз елестете алмаймын. Сабақтың басынан бастап мұғалім мен оқушы арасында диалог жүре бастайды. Диалогтық оқытуда сабақата байқағаным, оқушыларда өз бетінше білім алуға деген ынта пайда бола бастады. Олар салыстыра отырып талдауды, шығармашылықпен ойлануды меңгере бастады, сонымен қатар оларда өздеріне деген сенім пайда бола бастады. Сабақтарда ойланып жауап іздеу арқылы жаңаны меңгеріп, жетістікке жеткендеріне қуанатын болды. Пән сабақтарында диалогтық оқыту оқу үрдісіне жағымды әсер етіп,оқушылардың жан жақты дамуына септігін тигізеді. Осындай оқытудың нәтиесінде оқушылар өз ойларын жеткізуге

тырысып,сөздік қорлары молая түсіп,пәнге деген жағымды көзқарастары қалыптаса бастады. Оқытудың жаңа тәсілдері менің де сабақ өткізуге көзқарасымды өзгертті. Сабақтарда оқушыға қойылатын сұрақтарды дұрыс құрастыра білуге және ең бастысы оқушының пікірін бөлмей тыңдауға үйретті. Диалог барысында оқушылар сыни ойлауға, қолдағы бар ақпаратты қолдана отырып, нақты жағдаяты талдау арқылы пікірлерді салыстыруға, дұрыс шешім қабылдауға үйренеді. Нәтижесінде оқушылар жаңа білім алады, оны тәжіридбеде қолдануды үйренеді. Топтық жұмыс барысында оқушылар сұхбаттасу кезінде өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға дағдыланады. Класстер құру тапсырмасы берілген кезде оқушылар арасында диалог қызу түрде жүреді. Бірігіп жасалған жұмыс нәтижесін көрсететін «оқушы-оқушы» диалогі пайда болады. Оқыту диалогінде бір ғана көшбасшы болады. Ол-мұғалім. Ал оқушылар диалогінде көшбасшылық оқушыдан оқушыға ауысып отырады. Кейде ол мұғалімнен оқушыға да ауысып отыруы мүмкін.

Жүйелі түрде үнемі жүргізілген жұмыстың күндердің –күнінде жетістікке әкелері сөзсіз. «Диалогтік оқыту» әдіс-тәсілі қолданылған сабақтарда оқушылардың өздерін мүлдем өзгеше ұстағаны байқалды. Олар бір-бірлеріне қысылып-қымтырылмай көп сұрақтар қойып, өздері сирек араласатын сыныптастарынан көмек сұрай алды.

Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шамалған ауылы
"М.Әуезов атындағы орта мектебі" КММ
Математика пәні мұғалімі, педагог-сарапшы
Шункараев Амангелді Жанболсинович

«МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ»

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр, яғни, жағартылған білім беру мазмұнының маңызды міндеттерінің бірі – функционалды сауатты оқушыны қалыптастыру. Математика сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру дұрыс және анық математикалық сөйлеусіз мүмкін емес. Сауатты, логикалық дұрыс математикалық сөйлеуді қалыптастыру үшін математикалық сөздік құрастыруды, математикалық диктант жазуды, сандарды, математикалық терминдерді дұрыс жазуға, айтуға және қолдануға бағытталған тапсырмаларды орындауға болады.

Математика ғылымын бизнеспен байланыстыруда көптеген қызықты мәліметтер алғанын дәлелдеп келтірді. Олай болса, математика пәнін игеру – оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып, логикалық ойлау қабілеттері дамыған функционалдық сауатты оқушы шығармашылығына, кәсіби құзырлығына айналса, математиканы оқытудың басты мәселесі шешіледі деген ойдамын. Сонымен, «функционалдық математикалық сауаттылық» — бұл адамның өзі өмір сүріп жатқан әлемдегі математиканың рөлін анықтау және түсіну, негізделген математикалық пайымдаулар жасау және математиканы қазіргі уақытта және қазіргі уақытта қанағаттандыратындай қолдану қабілеті. Баланың жас ерекшелігін ескере отырып математикадан түрлі логикалық тапсырмалар беру арқылы, білімнің

беріктігін қамтамасыз ету, баланың шығармашылық қабілетін дамыту, интелектуалдық деңгейін көтеру кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамда сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылық пен жұмыс істеуін, логикалық ойлау және функционалдық сауаттылық қабілеттерін артып, кеңінен іс жүзінде қолдануды талап етеді. «Математика» пәні бойынша оқу іс-әрекетінде функционалдық сауаттылықты дамыту мүмкіндіктерін қарастыру:

— оқу пәні арифметикалық санау дағдыларын қалыптастыруды, геометрия негіздерімен таныстыруды;

— заттардың жазықтықта орналасуын және осы орналасқан жерді тілдік құралдар арқылы белгілеу дағдысын қалыптастыру:

— төмен, жоғары, арасында, қасында, артында, жақынырақ, әрі қарай; -уақыт бойынша бағдарлаудың практикалық қабілеті, сюжеті өмірлік жағдайлармен байланысты мәселелерді шешу қабілеті. Оқуға қабілеттілік деп оқушының неғұрлым қысқа мерзім ішінде білімнің биік деңгейіне жету қабілетін түсінеміз. Оқуға қызықтырудың басты элементтерінің бірі- нәтижеге жетуге ынталандыру. Осы қойылған талаптарды әр оқушы өз мүмкіндігі деңгейінде орындайды. Функционалдық математикалық сауаттылығын дамытуға ықпал ететін математика сабақтарында қолданылатын бірқатар жұмыстар берілген.

Тапсырма бойынша жұмыс.

Көптеген оқушылар мәселені шешудің жоспарын қайталап талдаудан кейін ғана жүзеге асырады. Бұл математикадан берік білімді дамытудың жолы.

Есептерді әртүрлі тәсілдермен шешу.

Негізінен уақыт тапшылығына байланысты мәселелерді әртүрлі тәсілдермен шешуге аз көңіл бөлінеді. Бірақ бұл дағды жеткілікті жоғары математикалық дамуды көрсетеді.

Тапсырмада сипатталған жағдайды бейнелеу және оны модельдеу:

а) сегменттерді қолдану.

Бақа қонақтарды қарсы алды. Аюдан бұрын Түлкі, Қояннан кейін Қасқыр, Қояннан бұрын аю, Қасқырдан кейін шаян келді.

Кім бірінші келді? Кім соңғы келді? Қонақтар қандай ретпен келді?

б) сызбамен.

Бақшада 6 тышқан болды. Олардың қасына тағы 3 адам жүгірді.Мысық жорғалап келіп, біреуін ұстап алды. Бақшада неше тышқан қалды?

Тапсырма: Түймедақтың бірінші букетінде. Бұл екінші гүл шоғымен салыстырғанда 12 ромашкаға көп. Екі гүл шоғында неше ромашка бар?

Оқушылардың өздігінен тапсырмалар құрастыруы.

1) сөздерді қолданып: бірнеше есе көп, бірнеше бірлікке аз, бірнеше есе көп, бірнеше есе кем;

2) оны шешудің осы жоспарына сәйкес,

3) әрекет және әрекет;

4) өрнек арқылы және т.б.

Есептің дайын шешімін түсіндіру.

Қорыта келе, тәжірибе көрсеткендей, функционалдық сауаттылықты дамытудың тиімді жолдарының бірі – құзыреттілікке бағытталған тапсырма. Сонымен қатар практикалық мазмұндағы есептерді шешу математиканы оқуға қызығушылықты оятуға бағытталған. Мұндай тапсырмалар білім мен дағдыға негізделген және жинақталған білімді практикалық іс-әрекетте қолдана білуді талап етеді. Сабақтар оқушылардың логикалық, алгоритмдік, кеңістіктік ойлауын, зейінін дамытуға бағытталған.

Осылайша, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, атап айтқанда, математикалық сауаттылығын дамыту міндеттері білім берудің негізгі деңгейінің білім беру мазмұны мен түрлі салаларда қолданылатын қолданбалы математикалық дағдыларды жетілдіруге бағытталған қосымша курстардың оңтайлы үйлесімі жағдайында жүзеге асырылуы мүмкін. өмірлік жағдайлар. Программалардың инвариантты және ауыспалы бөліктерінің мазмұны бірін-бірі толықтырады, бұл нәтижені қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шамалған ауылы
"М.Әуезов атындағы орта мектебі" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Бексултанова Ұлжан Бауыржанқызы

«БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жөні бөлек көзқарастарды, жұмыстың жоғары санасын және кәсібилікті талап етеді. Шығармашылық - бұл адамның өмір шындығына өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйін, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу оның рухани күшін нығайтып, өмірде өз орнын табуға көмектеседі. Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдары ұсынылады, сабақтардың мүмкіндіктері қарастырылады. Бұл істі нәтижелі етуде дамыта оқыту жүйесінің қағидалары тірек етіледі. Шығармашылық - бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Қабілеттер жайлы жазылған ойларды, тұжырымдамаларды, еңбектерді талдай келе, адам бойында табиғи мүмкіндіктер болады, олар тек белгілі бір әлеуметтік жағдайларда байқалып, әрі қарай дамиды, әр адам басқа адамнан өзінің табиғи психологиялық өзгешеліктерімен ерекшеленеді деген қорытындыға келеміз. Қабілеттер - білім алуға қажетті адамның психологиялық ерекшеліктері. Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудын мәні зор. Психологтар қабілеттердің екі түрлі деңгейінің болатындығын дәлелдейді:

1) репродуктивті - іс-әрекетті, білімді берілген үлгі бойынша қабылдай алу деңгейі;
2) шығармашылық - жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

Шығармашылық - өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан, тек адамға ғана тән.

Шығармашылық - төмендегідей ерекшеліктермен сипатталатын адам әрекеті:

- шығармашылықтағы қарама-қайшылықтардың болуы;
- әлеуметтік немесе жеке адамға деген мәнінің болуы;
- шығармашылыққа арналған шарттардың, жағдайдың болуы;
- шығармашыл тұлғаның жекелік қасиеттерінің болуы;
- нәтиженің жаңалығы, соңылығы.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттерін дамытудың негізгі факторы болып олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керекті саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз. Дамыта оқыту жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік сияқты қасиеттер. Бала өз ойын қорықпай, сеніммен айта алатындай ахуал болуы

басты назарға ұстанылады. Ол үшін оның әрбір жауабы мұқият тыңдалып, дұрысы мақталып, қатесі түзеліп отырылады. Оқушы кішкентай бала деп қарамай, оның да пікірімен санасу, көзқарасын құрметтеу, оның дамуына орасан зор әсер ететіндігі дәлелденеді. Бастауыш сыныпта жүргізіле бермейтін шығармашылыққа үйрету жұмысының бірі - өлең жазуға баулу. Бұл жұмысты бірінші сыныптан бастауға болады. Ол үшін алдымен оқушыларға ұйқас сөзінің мәнін түсіндіріп, өлеңдердегі ұйқастарды табуға беріледі. Содан кейін ғана алдымен жеке дыбыстар, сосын буындар, одан кейін берілген жол арқылы ұйқас жасау үйретіледі.Осы тәртіппен үйретіле бастаған бұл жұмыс кейіннен күрделене түсті. Енді мұғалім Болашақ өлеңнің бірінші жолын тақтаға жазып қояды. Мысалы: «Біз көңілді баламыз», қалған екінші, үшінші, төртінші жолдары ұйқастарды ескере отырып, балалар айтқан ұсыныстардан ең лайықтысын таңдау арқылы құралады. Осылай өлең шумағы дүниеге келеді. Сынып жоғарылаған сайын әртүрлі тақырыптарға, олардың ішінде қиял-ғажайыптары да бар, әңгімелер жазуды тапсыратын болдық. Мысалы мынадай тақырыптар: «Бұл өте қызықты», «Ең қымбат нәрсе», «Мен қалай құмырсқа болдым», «Қасық болған күнім», солай-ақ өзіңді бір сәт үй мүлкінің бірімін деп есептейді. Ертегі, әңгіме жазу жұмысын берілген оқиғаны аяқтау түрінде де тапсырып жүрдік. Ондай тапсырмалар балалардың қиялын дамытып, жоғары эмоционалдық деңгейге көтереді.Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттері жайлы теорияларды талдай, жаңа жағдайларда пайдалану нәтижесінде төмендегідей қорытындыға келдік:

1) орта мектеп жасына келгенде, баланың үлгі-қалыпқа үйреніп, тоқырауын болдырмас үшін, шығармашылық қабілеттерді дамыту ісін неғұрлым ерте қолға алып, әр оқушының қол жеткен нәтижелері мен даму дәрежесіне үнемі қарап отырып, оған талапты өсіре беру қажет;

2) бастауыш сынып оқушыларының оқыту барысында шығармашылық қабілеттерін дамыту арнайы әдістеменің болуы талап етеді. Әр сабақтың дамытушылық мақсаттарын арттырып, мазмұнды шығармашылық тапсырмалармен байытып, оларды тұрақты пайдаланып отыру арқылы бұл мәселеде айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге болады;

3) сабақтардағы баланың позициясын өзгертіп, оны әртүрлі бірлескен әрекеттің субъектісі жағдайына қоя білу, баланың дербестігі мен еркіндігінің болуы- табыстың бірден-бір кепілі.

Ақтөбе облысы Алға ауданы Алға қаласы
№4 Алға орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
Таджибаева Аккенже Буранбаевна

ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАУ МЕН ҚОЛДАУ ӘДІСТЕРІ

Дарындылық – өз бейімділігі арқылы шығармашылықпен жұмыс істеу кезінде қалыптасатын қасиет. Дарындылық пен қабілеттіліктің не екенін, оқушы дарындылығын анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің тиімділігін, нәтижелілігін білетін мұғалім ғана интеллектуалды дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс істей алады. Көбінесе қоғамда “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан.Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына кіру стратегиясын қолдау – барша ұстаздардың міндеті екені анық.Өзекті мәселе – жас ұрпақтың көш-керуенге кідіріссіз ілесуі. Ілесе алмаса, бізге сын.Тобықтай түйінді тарқатып айтқанда, халқымыздың тағдыры – жас ұрпақтың қолында.Озық ойлы, білімдар адам – заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады.Соңғы жылдары жеке тұлғаны қалыптастыруды дамыту және оған жан-жақты терең білім беру мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылып, мемлекеттік стандарт талаптарына сай бақылау тәсілдерін қолдануымыз – көңілге қуаныш ұялатады. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – оқушылардың білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу.

Адам баласына шын мәнінде білімді болуы үшін үш қасиет: жан- жақты білім, ойлауға дағдыланғандығы және сезім дарқандығы қажет.Әрбір оқушының өн бойына осы қасиеттерді сіңіріп, жаңашыл үрдіспен еңбек ететін болсақ, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда өз шешімін табады.Бүгінгі уақыт талабы – мәдени деңгейі мен шығармашылық қабілеті жоғары шәкірт дайындау.Сондықтан да шәкірттеріміздің ішкі сырын жасырын ұстайтынын ескерсек, олардың іскерлік дағдыларын және білім құмарлық талап-жігерлерін жетілдіруіміз керек.Себебі адамгершілігі мол, иманды, тәрбиелі оқушы кез келген мемлекеттің байлығы.

Дарындылық – жеке тұлғаның өте күрделі, көп аспектілі қыры.Олар әртүрлі, бір-біріне ұқсамайды. Дарынды баланы байқамау, мүмкін емес.Ол – көпшіліктің ортасында өзінің іс-әрекетімен, бейімділігімен, қабілеттілігімен ерекше көзге түседі.Қазіргі кезде дарынды балалар мәселесін зерттеуге қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерде маңызды ой-пікірлер жинақталған. Бұл мәселенің түп-тамыры ғасырлар тереңінде жатыр. Адамның психологиялық ерекшеліктері жөніндегі идеялар, оның ішінде қабілеттілік туралы ойлар, сонау ертедегі грек философтарының еңбектерінде, қайта өрлеу дәуірі ғалымдарының және алдыңғы қатарлы әр елдің озық ойлы педагогтерінің еңбектерінде көрініс тапқан.

Дарынды баланы анықтау үшін ең тиімді іс-әрекет негізінде оқушының қабілетін анықтау қажет. Жас тұлғаны дамыту үшін өзіндік сана сезімін ояту маңызды.Дарындылық қабілет – адам бойындағы кейбір өзгерістерге, мүмкіншілігіне, даму тенденцияларына байланысты. Дарынды бала – даналықтың, ғұламалықтың, құдіреттіліктің, адамгершіліктің қәусар тамшысы, ағынды тасқыны, дария көлі, мұхиты.

Дарынды бала – бұл болашақта жаңа технология шығарушы, әділ саясаткер, рухы биік адам. Бұл – ұлттық құндылық. Білікті маман дарынды оқушылармен жұмыс жасағанда, өзінің мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді:

- дарындылықты анықтау, дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөледі және сол бағытта талмай жұмыс жасай алады;
- олар дарынды оқушыға қосымша тереңдетілген бағдарламалар жасай алады және олардың өздігімен жұмыс жасауына, шығармашылық ізденістеріне қажетті кеңес береді;
- оқушыға дұрыс бағыт-бағдар беру арқылы оның ғылыми зерттеу жұмысымен айналысуына көмек көрсету керек;
- педагогикалық үрдісті диагностикалау жұмысын жүргізе алады және оларды бір-бірімен байланыстыра алады;
- дарындылықты анықтауда әртүрлі психодиагностикалық әдістемелерді және оқытудың әртүрлі жаңа технологияларын тиімді пайдалана біледі;

Қорыта келе, еліміздің болашағы үшін ұлт мақтанышына айналар ұрпақты жетектеп, ұлы Абай айтқандай «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген ой иірімі ұранымызға айналып, адамзат құндылығы білім екенін көрсету жолында еш аянбаңыздар! Біліктілік пен шеберліктеріңізді ұштастырып, «ұлы болу оңай емес, ал ұлылардың ұрпағы болып қалыптасу – одан да қиын» деген қағиданы іске асырып, өсіп келе жатқан жас ұрпақты әлемді мойындататын рухани биікке көтеру – сіздер мен біздердің міндетіміз!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Қазақстан мектебі» №122
2. «Білім кілті» №4-63
3. Ғаламтор желісінен мәліметтер

Түркістан облысы, Кентау қаласы, Қарнақ ауылы
Ақын - тұма №11 жалпы білім беретін мектебі
Педагог-психолог
Чалова Нихола Камалханқызы

МЕКТЕПТЕ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Білім беру мекемелерінің психологиялық қызметінің жұмысы оқушылардың психикалық және психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған, бұл өз кезегінде олардың оқу мотивациясын жақсартуға, психикалық процестерді тұрақтандыруға, өнімділікті арттыруға, мінез-құлық мәселелерінің пайда болу қаупін азайтуға әкеледі. Осы мақсатқа жету үшін психологиялық қызметтің ғылыми және әдістемелік аппараттарын жетілдіру қажет; білім беру мекемесінде баланы қоршап тұрған барлық ересектердің, атап айтқанда: педагогтардың, психологтардың, мектеп әкімшілігі мен ата-аналардың қызметін үйлестіру. Бұл мәселені шешуге практикалық білім беру психологының негізгі қызмет түрлеріне сәйкес және белгілі бір білім беру мекемесінің нақты жағдайларын ескере отырып жасалған әртүрлі психикалық және психологиялық денсаулық бағдарламаларын іске асыру ықпал етуі мүмкін.

Педагог-психологтың қызметі, әдетте, келесі негізгі бағыттарды қамтиды: психологиялық білім беру, психологиялық профилактика, психодиагностика, психологиялық түзету, оқушылардың жеке басын дамыту бойынша жұмыс, психологиялық кеңес беру. Педагог-психолог қызметінің барлық бағыттары іс жүзінде тығыз бірлікте және өзара байланыста болады.

Білім беру саласында жұмыс істейтін педагог- психолог әр түрлі жастағы балалармен айналысады. Оқушылардың жан-жақты интеллектуалды, жеке дамуы әр жас кезеңіндегі балалардың толыққанды өмір сүруін қамтамасыз ететін және сол арқылы олардың жеке шығармашылық потенциалдарын жүзеге асыруға ықпал ететін оңтайлы психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасауды талап етеді. Оларға мектеп жылдарында осы жолды ойдағыдай өтуге көмектесу-балалар практикалық психологының ең қиын міндеттерінің бірі.

Білім беру мекемесінің қажеттіліктеріне, сондай-ақ психологтың кәсіби қалауына байланысты білім беру процесіне қатысатын оқушылар мен ересектерге психологиялық көмектің әртүрлі модельдері жүзеге асырылуы мүмкін. Оларда психологиялық қызметтің жоғарыда қарастырылған барлық бағыттары әртүрлі үйлесімде ұсынылуы мүмкін.

Өз жұмысын жоспарлау кезінде педагог-психологқа келесі критерийлерге сүйенуі қажет.

1. Баланың мектеп өмірінде бірнеше объективті қиын кезеңдер бар, олар тек білім алу барысында ғана емес, сонымен қатар сыртқы жағдайларды жеңу процесінде де өзінің жеке әлеуетін барынша пайдалануы керек. Мұндай кезеңдерге бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделу кезеңі, бірқатар мектептерде сынып ұжымдарын қайта құрумен қатар жүретін орта буындағы оқытудың басталуы (5-сынып), 10-сыныптағы оқытудың басталуы жатады.

2. Белгілі бір жас кезеңі белгілі бір психикалық процестер мен қасиеттердің, тұлғаның психологиялық қасиеттерінің дамуына, сондықтан психологиялық-педагогикалық әсердің белгілі бір түріне сезімтал. Сондықтан бала әр жас кезеңінде ерекше көмекке мұқтаж.

3. Әр жас кезеңіндегі баланың толыққанды өмір сүруі оны келесі жас кезеңіне өтуге дайындайды, бұл үшін қажетті психологиялық неоплазмалардың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Психопедагогикалық бағдарламаларды әзірлеуде "жақын даму аймағы" принципін қолдану оқушының жақын арада қол жеткізе алатын даму деңгейін жобалауға мүмкіндік береді. Бастауыш мектеп

жасында баланың психикалық және жеке дамуын анықтайтын жетекші іс-әрекет оқу әрекеті болып табылады. Сондықтан бастауыш мектеп жасындағы балаларға психологиялық көмек танымдық процестерді дамытуға және қажет болған жағдайда түзетуге бағытталуы керек. Жасөспірімдер мен жоғары сынып оқушыларының" жақын даму аймағы " өзін-өзі тану, жеке өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі реттеу, интеллектуалды және жеке рефлексия мәселелері кеңістігінде ересектермен ынтымақтастықты қамтиды. Осыны ескере отырып, осы жастағы оқушыларға психологиялық көмек адамгершілік құндылықтарды, өмірлік перспективаларды, өмірдің жеке мағыналарын қалыптастыруға, өздерін, мүмкіндіктерін, қабілеттерін, мүдделерін білуге жағдай жасауға бағытталуы керек.

Бірінші сынып оқушылары үшін оқудың бастапқы кезеңі өте қиын, өйткені ол бүкіл өмір салты мен белсенділігін қайта құрылымдауға әкеледі. Баланың дамуы мен өмірін анықтайтын орын факторы, әлеуметтік жағдайлар өзгеруде. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орынның өзгеруі – оқушы, мектеп оқушысы позициясына ауысуы, баланың психологиялық ашықтық жағдайын туғызады.Кіші мектеп жасының басталуы баланың мектепке барған сәтімен анықталады.

Осы кезеңде баланың одан әрі физикалық және психофизиологиялық дамуы жүреді, бұл мектепте жүйелі білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ең алдымен, ми мен жүйке жүйесінің жұмысы жақсарады.

Физиологтардың айтуынша, 7 жасқа қарай ми қыртысы едәуір жетілген. Алайда, ақыл-ой әрекетінің күрделі түрлерін бағдарламалауға, реттеуге және басқаруға жауапты мидың ең маңызды, ерекше бөліктері осы жастағы балаларда әлі қалыптасуын аяқтамаған (мидың фронтальды бөліктерінің дамуы тек 12 жасқа дейін аяқталады), нәтижесінде қыртыс асты құрылымына кортекстің реттеуші және тежегіш әсері адекватты емес екені анықталды. Кортекстің реттеуші қызметінің жетілмегендігі осы жастағы балаларға тән мінез-құлық, іс-әрекетті ұйымдастыру және эмоционалдық сфера ерекшеліктерінен көрінеді: кіші жастағы оқушылардың зейіні тез ауытқиды, ұзақ уақытқа шоғырлануға қабілетсіз, қозғыш, эмоционалды болып келеді.

Мектепте оқудың басталуы баланың дамуындағы әлеуметтік жағдайдың түбегейлі өзгеруіне әкеледі. Ол "әлеуметтік" субъектіге айналады және қазір әлеуметтік маңызды міндеттерге ие, олардың орындалуы қоғамдық баға алады. Баланың өмірлік қатынастарының бүкіл жүйесі қайта құрылады және көбінесе оның жаңа талаптарды қаншалықты сәтті орындайтындығымен анықталады.

Мектептегі тәрбиенің басталуы деп негізгі психикалық өзгерістер қалыптасатын бастауыш мектеп жасындағы жетекші іс-әрекет ретінде ойын әрекетінен оқу әрекетіне өтуді білдіреді. Сондықтан мектепке бару баланың өміріне үлкен өзгеріс әкеледі. Оның бүкіл өмір жолы, ұжымдағы, отбасындағы әлеуметтік жағдайы күрт өзгереді. Оқыту басты, жетекші іс-әрекетке айналады, ең басты парыз – оқу, білім алу. Бұл баладан ұйымшылдықты, тәртіпті, ерік-жігерді қажет ететін күрделі жұмыс.

Л.С. Выготский баланың психикалық дамуын кезең-кезеңмен жүргізуге жетекші қызмет ұғымын негіздеді. Психикалық дамудың әр кезеңінде жетекші қызмет өте маңызды. Сонымен қатар, басқа іс – шаралар жоғалып кетпейді-олар бар, бірақ параллель өмір сүреді және психикалық даму үшін маңызды емес юолып келеді.

З.Фрейд психоаналитикалық теорияда тұлғаның дамуын биологиялық факторлардың әрекетімен және ерте отбасылық қарым-қатынас тәжірибесімен түсіндірді. Балалар психикалық дамудың 5 кезеңінен өтеді, әр кезеңде баланың қызығушылықтары дененің белгілі бір бөлігінің айналасына шоғырланады. 6-12 жас жасырын кезеңге сәйкес келеді. Осылайша, оқушылар өмір бойы қолданатын барлық жеке қасиеттер мен жауап нұсқаларын қалыптастырды.

Бастауыш сынып оқушысының психологиялық құрылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістер баланың осы жас кезеңінде даму мүмкіндіктерінің кең екендігін көрсетеді. Бұл кезеңде сапалы жаңа деңгейде баланың белсенді субъект ретінде дамуының, қоршаған әлемді және өзін танып білудің, осы дүниеде әрекет етудің өзіндік тәжірибесін алудың әлеуеті жүзеге асырылады. Бастауыш мектеп жасы сезімтал:

Сонымен, бастауыш сынып жасы – білімді жинақтау, білімді ең жақсы меңгеру кезеңі. Бұл жаста көптеген мәлімдемелер мен әрекеттерге еліктеу интеллектуалдық дамудың маңызды шарты болып табылады. Ерекше болжамдылығы, әсерлілігі, кіші жастағы оқушылардың ақыл-ой әрекетінің қайталауға бағытталуы, ішкі қабылдауы, психикасының дамуы мен байытылуына қолайлы жағдай жасау қажет. Бұл қасиеттер, көп жағдайда, олардың жағымды жағы болып табылады және бұл осы дәуірдің ерекше өзіндік ерекшелігі. Демек, мектеп табалдырығын аттағаны тану мен білуге деген қажеттілікті қалыптастыруға, тұлғалық сезімнің дамуына ықпал етеді.

Қызылорда облысы, Арал қаласы
“№292 орта мектебі” КММ
Бастауыш сынып мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі
Қайруллаева Асылзат Жаңабергенқызы

БАСТАУЫШ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАҒА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗДЫ?

Қазақстанда әлемнің көптеген елдеріндегідей инклюзивті білім беру - білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыты болып табылады. Өйткені дамыған халықаралық қоғамдастықта инклюзивті білім беру әрбір адамның білім алу құқығын іске асыру құралы ретінде танылған. Біздің еліміз де аталмыш ұстанымды қолдайды. Мұны әрбір баланың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етудің білім беру саласын дамытудағы басты міндеті болып есептелетіндігін айқындай түседі.

Еліміздің президенті Қ. К. Тоқаев 2020 жылы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында: «Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек» деп атап өтті. Сонымен қатар мемлекет басшысы 2021 жылы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс» деп белгілеп өтті.

Инклюзивті білім берудің басты аспектілерінің бірі болып есептелетін инклюзивті саясаттың соңғы жылдары елімізде қарқынды түрде дамып келе жатқандығын байқауымызға болады. Оқудағы қиындықтары бар әрбір баланы жалпы білім беру процесіне тарту, бірлесіп оқытудың вариативті модельдерін іске асыру, қоғамға кірігу мақсатында әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан бейімдеу инклюзивті білім берудің негізгі мақсаттары болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345-II заңының 15-ші бабында «Әрбір баланың білім алуға құқығы бар» делінген. Осы бапты негізге ала отырып, біріншіден - жалпы білім беретін мектепте сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың бірлесіп отыруы бала құқығын шектемеуден, екіншіден - баршаға қол жетімді және бәріне бірдей білім беру жүйесіне қосылудан туындаған деп ойлаймын. Республикада ерекше білім беру қажеттіліктері (бұдан әрі-ЕБҚ) бар балаларды жалпы білім беру процесіне тартудың өзекті мәселелерін айқындау XX ғасырдың 90-жылдарынан басталды. 2000 жылдан бастап Қазақстанда ЕБҚ бар балаларға қатысты жалпы білім беру саясатында жаңа бағдарлар қалыптасуда, балаларды әлеуметтендірудің, тәрбиелеудің, білім берудің, қолдаудың және бейімдеудің оңтайлы жолдары қарастырылып келді.

Негізі қоғамды ізгілендіру болып табылатын инклюзияның мәнін айқындауға байланысты 2016 жылы «Білім туралы» Заңында «мүмкіндігі шектеулі балалар» термині «ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдар (балалар)» ұғымына ауыстырылды».

ЕБҚ бар балаларды оқытып үйретудің бір формасы - *инклюзивті білім беру*. Инклюзивті білім – ол мемлекеттің саясаты, жас аралық мөлшеріне, жынысына, дінитанымдылығына, дамуының тежелуіне қарамастан, ЕБҚ бар балаларды жалпы біліммен қамтамасыз ету. Ол ағылшын тілінен аударғанда «кіріктіру, кіріктірмелі, кіріктірілетін» деген мағынаны білдіреді.

Чех елінің белгілі ойшылы, педагог Я.А.Коменскийге былай сұрақ қойылған екен: «Соқырлар, саңыраулар және даму жағынан артта қалғандар білім алуға жіберіле ме?». Оған педагог былай жауап берген: «Адам қатарына жатпайтындар ғана адамдардың білім алу үдерісіне қатыса алмайды. Егер де

олар адамзаттан жаратылған болса, олардың білім алу үдерісіне қатысуларына да құқықтары бар. Және бұдан да маңыздысы, сыртқы көмектің қажеттілігі». Бұл дегеніміз – балаға ата-ана, психолог мамандар мен мұғалімдер тарапынан қолдау көрсету деп түсінемін.

Біздің басты назарға ұстайтынымыз, жалпы білім беру ұйымдарындағы «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты». Аталған нұсқау хатта көрсетілген инклюзивті білім берудің сегіз принципін еске түсірсек:

1. Адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістіктерімен өлшенбейді.
2 . Әрбір адам сезінуге, ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа түсуге құқылы.
4. Барлық адамдар бір-біріне мұқтаж.
5. Шынайы қарым-қатынас негізінде ғана сапалы білім алуға болады.
6. Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Кез келген адамның жетістіктері қолынан келетін істерімен өлшенуі тиіс.
8. Әртүрлілік адамды тек дамыта түседі.

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №манбекшанб6 бұйрығында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың келесі топтары анықталған:

1) мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, бала-ата-ана және отбасыішілік қарым-қатынастар) бар балалар;

2) әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, лингвистикалық мәдени сипаттағы кедергілері (әлеуметтік қауіпті отбасы балаларының педагогикалық немқұрайлылығы; жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, кандастар және т.б. отбасылар);

3) даму мүмкіндіктері шектеулі (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалдық-еріктік бұзылыстар) бар балалар.

Бұл категорияға жататын балалармен жұмыстың әрбір нақты тәжірибесі жеке сипатқа ие екенін мен өзімнің педагогикалық тәжірибемнен айта аламын.

- бағдарламасында, нақты айтылған, сабақ жоспарын құруда, ерекше білімді қажет ететін балаға жеңілдетілген тапсырмалар дайындау;

- сыныптастарының баланы қарым-қатынас саласында қолдауы: балаларға гуманистік өзара әрекеттенуіне жағдай тудыру, балалардың қолы бос кезіндегі әрекеттерде жеке қабілеттерін байқатуларын қолдау, тәртіп түрін саналы түрде таңдауына көмектесу;

- баланың жанұясын қолдау: жанұялық қатынасты зерттеу, олардың үйлесімді болуына көмек көрсету.

Психологиялық-педагогикалық қолдау ерекше шығармашылық ахуал құруды және балаларға таңдау жағдайын ұсынуды білдіреді. Мұндай жағдайлар оқушылардан білімді, икемділікті ғана емес, сондай-ақ, рефлексия тәжірибесін, шешімді өздігінен қабылдауды, ерік пен мінезін байқатуды талап етеді.

Осы міндетті орындау барысында «өмір бойы білім алу» қағидасын ұстана отырып, заман талаптарына сай жеке тұлғаға білім мен тәрбие беруде шығармашылық еңбектің жаңа жағдайларына бейімделіп, білім беру мен білім алудағы инновациялық технологияларды қолдану тиімділігі артып отырады.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға білім беруде ақпараттық- коммуникациялық технологияларды мүмкіндігі шектеулі балалардың жас ерекшелігіне сай дайындап, пайдаланып, пәндер бойынша бағдарламаларын құрастырып, түзете-дамыту жұмыстарын жүргізсе, ерекше білім беру қажеттілігі бар бала заман талабына сай тұлға болып қалыптасуына зор септігі тиеді деп ойлаймын. Инклюзивті оқытуда мұғалім жаңа технологияларды игеріп, оқушы танымы мен қызығушылығын арттыруда ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі зор. Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша оқушыларға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру барысында көптеп қолдану тиімділігі артып отыр.

Ақпараттық - коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқуларды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық танымдық процестері жағынан тиімділігі:

- Әдістемелер арқылы іс- әрекет барысында логикалық, операциялық, анализдеу сынды әрекеттері дамып, қалыптасады;
- Ақпараттық интерактивті технологияларға қызығушылықтары артып, зейін шоғырландыру, тұрақтандыру, соның ішінде ырықты зейінді қалыптастыруға ықпалы зор;
- Психологиялық интерактивті жаттығулар, әдістер арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың қиялын ұштауға қанаттандырады;
- Дәстүрлі әдістерден гөрі ақпараттық технологиялар арқылы қолданыла көрсетілген көрнекі-жабдықтар бала есінде ұзақ мерзімде сақталып, есте сақтау процесінің дамуына септігін тигізеді;

ЕБҚ бар балаларда оқуға деген мотивация іс жүзінде жоқ немесе өте төмен. Бүгін бұл мәселені шешуге ақпараттық технологиялар көмектеседі. Түс, қозғалыс, дыбыс – баланың назарын ұзақ ұстап тұратын, оқыту процесін саналы ететін факторлар. Ақпараттық технологияларды пайдалану педагогтарға балалар үшін қызықты жұмыс жасауға, оны жаңа мазмұнмен толтыруға, оқыту процесін неғұрлым тиімді және практикалық бағыттауға көмектеседі. ЕБҚ бар баланың бұрын қолжетімсіз болған білім, іскерлік, қарым-қатынас формалары, ойындар қолжетімділігі оған өз күштеріне сенім береді. ЕБҚ бар балаларды оқыту барысында психологтар түрлі сенсорлық жүйелердің: визуалды, дыбыстық және әсіресе кинестетикалық жүйелердің жұмыс істеуіне байланысты баланы қабылдауын дамытуды ұсынады. Кинестетикалық жүйе моторлы жадпен байланысты және баланың дағдыларын автоматтандыруға, яғни сананың деңгейіне ауыстыруға көмектеседі. Мұғалімнің арсеналында интерактивті тақтаның пайда болуы, интерактивті жабдықты қолданумен дәстүрлі әдістемелердің үйлесімі ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды оқытуда көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі.

Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы ЕБҚ бар балалардың психологиялық- эмоцияналдық сферасы жағынан тиімділігін қарастырсақ:

- Ақпараттық технологияларды қолдануда тиімді интерактивті әдістерді пайдаланып, ЕБҚ бар балаларддың белсенділігін арттыру;
- Релаксациялық - медитациялық жаттығуларда ақпараттық технологиялық құралдарды қолдану арқылы ЕБҚ бар балалардың ішкі психологиялық ахуалдарын тұрақтандыру;
- Вербальді емес психологиялық сферасын тұрақтандырып, қалыптылыққа негіздеп, дамыту.

ЕБҚ бар оқушының ұялы телефонды жиі қолданатыны байқалды, себебі түрлі ойындарды, музыка, мульфильмдерді өз іздеп тауып алатын. Осыны ескере отырып, ЕБҚ оқушыға оқулықтан басқа да, жұмыстар мен тапсырмаларды ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы орындауға машықтандырдым. Электронды оқулықтар, видео сабақтар, ертегі, аңыз- әңгімелер, сергіту сәтіне көңілді әуендер тыңдатып, интерактивті тақтаны қолдануға, ондағы көрсетілген слайд, көрнекілік ретінде берілген жұмыстарды орындауға ынталандырдым. Әр сабақта оқушыны жалықтырып алмауға жұмыстандым. Әрбір қадамына қолдау мен сенім білдіре отырып, жұмыс жасалып келеді. Ерекше білімді қажет ететін оқушының моторикасы, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының қалыптасуы, ұзақ уақытты талап етіп келеді, бұл әрине ұстаз және отбасының қолдауымен жүзеге асып келе жатқан жұмыстың жемісі деп ойлаймын. Оқушым қазір барлық әріптерді, сандарды танып, сөйлемдерді қосып оқи алады. Мәтіндерді, көру диктанттарын, қатесіз жазуға, бір таңбалы сандарды ауызша қосып, есепті шығаруға тырысады. Сабақта жаңа тақырыпты өткізуде оқушының жас ерекшелігі мен қызығушылығын есепке алдым, ерекше білімді қажет ететін оқушының үнімен санасуға тырыстым, өзін және өзгені оқытуға бағытталған іс-әрекетерді ұйымдастырдым, уақытқа сыйымды ақпарат бердім және әр сабақта кері байланыс жасап отырдым. Көбіне оқушы пікір айтуда тежеліп қалатындығы орын алдырып отырды. Дегенмен сабақта әңгіме, зерттеушілік әңгіме барысын дамытып отырдым. Мысалы «Алуан түрлі ғаламшарлар» тақырыбымен берілген сабақтың жаңа идеясын оқушылар таратылған мәтін бойынша әуелі жұптық сосын топтық жұмыс жасай отырып, пікірлесіп, талқылады. ЕБҚ бар оқушыға бұл жұмыстар арнайы жеңілдетіліп беріледі. Оқушыға сұрақ қоюда және жауап алуда, күту уақытының берілуін қамтамасыз еттім. Әр топ меңгерген тақырып бойынша бір-біріне сұрақтар қойды. Мысалы, сабақ барысында жабық сұрақ та, ашық сұрақ та кездесті. «Жердің серігін ата?» өте қарапайым сұрақ. Оқушы осы сұраққа жауап ретінде, айдың суретін көрсетті. Әр сұраққа ұзақ ойланып жауап беруге

тырысады. Оқушының қандай оқу жеткіліксіздіктері бар екенін білу мақсатында пәндер бойынша жұмыс түрлерін ұйымдастыра бастадым. Бірінші, зерттеу жұмысы.

Сыныптағы оқушыларға кітаптан тапсырмалар беріліп, талдау барысында оқушылардың мәтіннен көздерін алмай әр сөзді мұқият оқуға кіріседі. Ал, оқушы тапсырманы оқып отырған сыңай танытқанымен оқи алмай отырғаны байқалды. Оқушыға бейнетаспа арқылы көрсету керектігін түсіндім. Демек, басқа оқушыларға қарағанда оқушы мұғалім тарапынан төмендегідей қолдау қажет екені байқалды:

- тапсырманы жай орындайтындықтан, қосымша уақыт беру;
- көбірек қолдауды қажет ететіндіктен, деңгейлеп оқытуды қолдану;
- жеке әрі жеңіл тапсырмалар ұсыну;
- жұптық, топтық тапсырмаларды көбірек ұйымдастыру;
- тиімді әрі мақсатқа қол жеткізетін белсенді әдістерді қолдану.

Тиімді деп тапқан әдіс – деңгейлеп-саралап оқыту.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

Осы технологияны басшылыққа ала отырып, екінші, түзете-дамыту жұмысын жүргіздім. Бұл жұмыстың басты бағыттары: сөйлеу тілін дамытуды және оқу мен жазу қалыптастыруды қолға алдым.

Интербелсенді оқытудың көмегімен оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыру, білім алуына белсенді орта құру және тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану өте маңызды.

Сабақты жоспарлау барысында белсенді жаңа әдістер мен тәсілдерді іздедім. Сәтті және тиімді әрі нәтижелі шығу үшін кез-келген әдістерді емес, оқушы оқу мақсатына біртіндеп қол жеткізе алатындай әдісті таңдап алуды жөн көрдім. Ойын түрлері, байланыстырып сөйлеуді дамыту, топтық, жұптық, жеке, шығармашылық жұмыс түрлері қамтылып келеді.

Жағымды ахуал орнатуға және топқа бөлу кезінде «Бетперделер», «Смайликтер», «Мейірімді есім» жаттығуларын қолданамын.

Жиі қолданатыным, **Смайликтер** жаттығуы. Ол үшін парта үстіне әр түрлі бетперделер тастаймын. Оқушы өзі таңдап алып, сабақ басындағы көңіл күйімен таныстырады.

Келесі ойын **«Мейірімді есім»** деп аталады. Әр бала оң жағында тұрған көршісін мейірімді түрде атайды. Ал көршісі алғыс айтып,сосын жаттығу кері сол жақ көршіге орындалады. Бұл жаттығуларды өз сабағымда үнемі пайдаланып отырамын. Оның жеке оқушыға тиімділігі:

- достық қарым-қатынас орнатылады;
- жағымды эмоционалды ахуал туындайды;
- өзін жайлы әрі басқа оқушылардың өзі туралы жақсы пікірін естиді.

Қорыта айтқанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың маңызы зор деп ойлаймын. Біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған білімді нақтылауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ерекше білімді қажет ететін оқушының есте сақтау қабілеттері төмен, зейіндері тұрақсыз болғандықтан әдемі түстер, әдемі ойыншықтар, әдемі суреттер олардың көруі арқылы естерінде ұзақ сақталады. Кез-келген түзете-дамыту жұмыстарында әр түрлі әдемі, ұнамды, жағымды суреттер, сызбалар педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Өмірде түрлі жағдайларға тап болып қалуы да мүмкін мысалы: 101, 102, 103, 112 деген құтқару немесе қауіпсіздік мамандарына, өз бетінше жүгінуі үшін де, кез-келген уақытта ұялы телефоны қолдану арқылы, анасына, бауырларына хабарласа алу үшін де, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану керек.

Бұл орайда жоғарыда айтып кеткен білім беру және тыс уақытта қолданылған интербелсенді әдістердің нәтижеге бағытталған іс-әрекетімнің мақсатқа жетуіне тигізер септігі зор деп есептеймін.

Біз әрбір балаға оның қажеттілігіне және басқа жағдайларына қарамастан, өз әлеуетін толық жүзеге асыруға, қоғамға пайда келтіруге және оның толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік беруге міндеттіміз.

Қызылорда қаласы
Жеке жалпы білім беру “Зерде” мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Бекқожаева Гүлхан Сұлтанбекқызы

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТЫРУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

Оқушылардың сабақтағы белсенділігі олардың сабаққа қызығушылықтарының артуымен тығыз байланысты. Әсіресе, мақал-мәтелдер оқушылардың лидерлік қабілеттерін жетілдіріп, өз пікірін дәлелдеуге, сыныптастарымен еркін пікірлесуге ықпал етеді. Мақал-мәтелдер оқушыларды тілдік материалдарға қызықтырумен қатар ана тілінен алған білімдерін бекіту, тереңдету үшін де тиімді. Мұның өзі мақал-мәтелдер оқушылардың танымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетін, ізденімпаздығын, еңбекқорлығын жетілдіруде, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Мақал-мәтелдерді меңгеру барысында оқушылар өздерін еркін сезінеді, басқа жолдастарымен тілдік қарым-қатынасқа оңай түседі. Бұл шәкірттердің жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруіне, сабақтың тартымды өтуіне, жаңа материалды терең игеруіне ықпал етеді. Сондықтан оқыту барысында мақал-мәтелдерді қолдану – қазақ тілі, қазақ әдебиеті пәндерін сапалы оқытудың, меңгертудің ұтымды жолдарының бірі.

Мақал-мәтелдер ой дәлелдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады. Халық даналығы үлкен ойды аядай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлікпен танытқан. «Көп сөз-көмір, аз сөз-алтын» дегендей, мақал-мәтелдің өн бойыннан поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақты кездестіреміз. Мақал-мәтелдің оқушыларға тәрбие берерлік жағы да, сөздік қорды толықтыру үшін теңдесі жоқ қазына. Мақал – сөздің мәйегі. Мәйек – қазан сүтті ашытатын ұйытқы, яғни қысқа да нұсқа айтылатын сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, сөздің ұйытқысы. Мақал дегеніміз халықтың ғасырлар бойы өмірден, табиғаттан көрген – білгенің бейнелейтін шағын шығармасы, сөз өнері… Мақал бейнелі сөз, тілі ұста, құрылысы тұрақты сөйлем. Сондықтан да ол жаттауға, есте сақтауға, пайдалануға оңай. Өйткені, қазақ мақалдарының құрылымы қысқа, өлеңге жуық, онда ұйқас бар, дыбыс үндестігі бар.

Тіл дамыту жұмысында ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір – бірімен байланыста. Адам бір – бірімен сөйлеу тілі арқылы тікелей қарым қатынас жасайды. Сөйлеу тілі арқылы адам екінші бір адамның айтқан сөзін естейді, тындайды әрі онымен пікір алымып сөйлейді. Адам осындай сөйлеу барысында тілдің түрлі көркемдік тілдік құралдарын пайдаланады. Мысал, мақал – мәтел, теңеу, салыстыру, әсірілеу, сөзге екпін түсіріп айту, ымдау тағы да басқа әрекеттер арқылы сөйлеу үрдісінде екінші бір адамға ойын жеткізеді. Оқушыларға сабақта қазақ халқының мақал-мәтелдері туралы мағлұмат бере отырып, дүние танымын кеңейтуге болады. Халық даналығынң ең құнды қазынасының мәнін меңгерту арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, елін сүюге, халқын қадірлеуге үйретуге болады. Ол үшін мұғалім келесі міндеттерді қоюы тиіс: сөз маржанының өмірлік берер тәрбиесін сезінуге үйрету, топпен жұмыс істеуге тәрбиелеу, бір-бірін тыңдай, сыйлай білуге үйрету. Сабаққа дайындық кезінде төмендегі қағидаларды еске ұстау қажет:

- мақал-мәтелдердің тәрбиелік мақсатын анықтау;
- мақал-мәтелдердің шарттарын жетік біліп, оқушыларға жеткізе білу;
- мақал-мәтелдердің шарттарының сақталуын қатаң қадағалау.

Оқушы тілін дамытуда іске асырылған жұмыстың бірі – мақал-мәтелдер арқылы сөздік қорын байыту болса, мақал-мәтелді оқушыға меңгерту үшін аталған жұмыстарды іске асыруда ұтымды әдіс-тәсілдер пайдалану қажеттілігі анық байқалды. Сондықтан оқытудың жаңа технологияларын қолдануға мән берілді. Мәселен, мақал-мәтелді түсіндіру кезінде оқушының сана-сезіміне бағытталған мәлімет оның ақыл-ой, ойлау әрекетін іске қосады. Оқушыны ойландыру оның өзінше білім алу әрекетіне итермелейді, сөйтіп өзінше оқу, өзінше дамуға жол ашады.

Осы мақсатта мен мына әдіс-тәсілдерді қолдандым:

- Оқушылардың сөздік қорын мақал-мәтелдер арқылы байытуда алдымен олардың өздері білетін мақал-мәтелдерін естеріне түсіріп, сұрақ-жауап арқылы ол мақалдардың мағыналарын қалай түсінетіндіктері сынау;
- Одан әрі жұмыс бірте-бірте күрделендіріп, оқушылардың сұрақтарға мақал-мәтел арқылы жауап берулері талап ету.

Осылайша мақалдар арқылы жауап беруге машықтанған соң, оқушыларға белгілі бір тілдік жағдайға қатысты тапсырмалар орындату. Мәселен:

а) асығыс жағдайда қолданылатын мақал-мәтелдер.

ә) Ерлік жасап, көпшілікті қиындықтан құтқардыңыз. Осы жағдайға байланысты қандай мақал-мәтелді қолдануға болады?

б) Біліміңізбен жарыста жеңдіңіз. Соған сай қандай мақал-мәтел айтылады?

в) Қандай істің болса да белгілі бір нәтижеге жетуінің басты кепілі – ұйымшылдық, ынтымақ жайында қандай мақал-мәтел білесіз?

г) Қырағылық, сақтық жағдайында қандай мақал-мәтел айтуға болады?

Оқушылардың тілін дамыту мақсатында мақал-мәтелдер арқылы бірнеше жұмыс түрлерін қолдануға болады. Берілген мақалдарды оқыңыздар, мағынасын таратып айтыңыздар:

1. Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.
2. Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады.
3. Жанды жаралайтын да сөз, емдейтін де сөз.
4. Жақсы лебіз – жарым ырыс.
5. Тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар.
6. Шешеннің сөзі – ортақ.

Тапсырмалар:

1. Осы мақалдардың ішінен қайсылары шешендік сөздің табиғатын ашуға септеседі деп ойлайсыздар? Себебін дәлелдеңіздер.

2. Ұсынылған мақалдармен үндестіріп, өз ой тұжырымыңызды айтыңыз.

2. Берілген мақал-мәтелдердің екінші сыңарлары сіздерше қалай өрілуі мүмкін деп ойлайсыздар? Әркім өз бетінше мақалдарды жалғастырып, салалас құрмаласқа айналдырып көріңдер. Осы мақал-мәтелдердің қолданылу орны мен мәнін түсіндіріңдер.

Мақал-мәтелдің оқушыларға тәрбие берерлік жағы да, сөздік қорды толықтыру үшін теңдесі жоқ қазына. Мақал бейнелі сөз, тілі ұста, құрылысы тұрақты сөйлем. Сондықтан да мақал-мәтелдер оқушыларды қызықтырып, олар халқымыздың асыл мұралары арқылы сөздік қорларын толықтыруға белсенді, саналы түрде қызмет етеді. Жаңаша жаңғыртып оқытуға мақал-мәтелдердің шебер сөйлеудегі маңызы зор. Мақал-мәтелдермен жүргізілген жұмысқа оқушылар саналы, белсенді түрде қатысып, өздерін жеке тұлға ретінде ұстап, айтатын ойды ұнамды да ұтымды жеткізудің басты құралы ретіндегі сөз мәйегі, сөздің көркі болған мақал-мәтелдерді меңгеруге ынталы болары сөзсіз. Сөйтіп, оқушылар тапқырлықпен тұжырымдалған, тәрбиелік мәні үлкен мақалмәтелдің, нақыл сөздердің тіл дамытудағы қажеттілігін шынайы сезінеді.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Жаңа Қаратон кенті
№22 жалпы орта білім беретін мектеп
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор
Рамазанова Шынар Сансызбайқызы

ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛАДЫ?

Бөлім:	Табиғат құбылыстары	
Педагогтің аты-жөні:	Рамазанова Ш.С.	
Күні:		
Сынып: 4 «Б»	Қатысқандар	Қатыспағандар
Сабақтың тақырыбы	Пайдалы қазба қалай пайда болады?	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас,саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласын анықтау	
Сабақтың мақсаты	Тау жынысының не екенін біледі; Жер қыртысында пайдалы қазбалардың пайда болу жолдарымен танысады.	
Құндылықтар	Құрмет көрсетуге, адамгершілікке тәрбиелеу.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	**Ұйымдастыру кезеңі** **Жағымды психологиялық ахуал орнату** **«Ізгі тілек »** Слайдтан табиғатқа қатысты суреттер көрсетіледі: күн, гүл , ағаш, т.б. Осы суретті пайдалана отырып, оқушылар бір-біріне тілек айтуы тиіс. Мысалы: Бүгінгі күніміз сәтті өтсін! Гүлдей жайнап жүре беріңіздер! т.с.с **Үй тапсырмасын тексеру** Үйге берілген тапсырма: «Пайдалы қазба деген не?» «Ғаламтор әлемі». Постер жазу 1-топ: « «Темір» 2-топ: «Алтын» 3-топ: «Көмір»	Оқушылар бір-біріне ізгі тілектерін жолдайды Өткен білімді зерделейді	ҚБ:Жарайсыңдар! Керемет! Жақсы! Тамаша! Дескриптор: -Пайдалы қазбаның қасиеттері туралы айтады-1ұ -Қолданылуы жөнінде мәлімет береді -1ұ	Слайд
Сабақтың ортасы 30 мин	**Өткен сабақты пысықтау мақсатында** «Электр шамы» ойыны. Сұрақ-жауап -Пайдалы қазба дегеніміз не? -Кен дегеніміз... -Пайдалы қазбаларды қандай әдіспен өндіреді? -Сұйық күйіндегі пайдалы қазбаларды қалай алады? -Үй салуда қандай пайдалы қазбалар қолданылады? **Жаңа сабақ** **Сабақ мақсатымен танысады** Жаңа сабақтың тақырыбы- «Пайдалы қазба қалай пайда болады?» Бүгінгі сабақта: -Тау жынысының не екенін білесің; -Жер қыртысында пайдалы қазбалардың пайда болу жолдарымен танысасың. **«Кинометафора» әдісі** Пайдалы қазбалар туралы видеолар көрсетіледі.	Сұрақтарға жауап береді Сабақ мақсатымен танысады. Видеоны тамашалай-ды	ҚБ:Жарайсыңдар! Керемет! Жақсы! Тамаша! 	Интерак-тивті тақта Оқулық

	Жедел жауап 1.Жердің қабықтарын ата. 2.Пайдалы қазба қабықтардың қайсысында кездеседі? Жер қыртысын тау жыныстары құрайды. Тау жыныстары екіге бөлінеді : магмалық және шөгінді тау жыныстары. Гранит, темір, алтын, күміс- магмалық тау жыныстары. Көмір, мұнай , газ, тұз- бұлар шөгінді тау жыныстары. **Оқулықпен жұмыс** А)Мәтінді түсініп оқып танысады. Ә)Сөздік жұмысы. Тау жынысы, магмалық тау жынысы, шөгінді тау жынысы. **Жеке жұмыс** Берілген сөздерді кестеге орналастыр: Гранит, көмір, мұнай, темір, алтын, газ. Магмалық тау жыныстары | Шөгінді тау жыныстары | | | |	Сұрақтарға жауап беріп, жаңа сабақтағы тірек сөздермен танысады. Мәтінді түсініп оқиды Тау жыныстары түрлерін ажыратып жазады	Дескриптор: -мәтінді түсініп оқиды-1ұ -Тірек сөздерді тауып, мағынасын түсінеді-1ұ Дескриптор: -Магмалық тау жыныстарын анықтайды-1ұ -Шөгінді тау жыныстарын анықтайды-1 ұ	Оқулық Слайд Оқулық Слайд, парақша
	Сергіту сәті Нейрожаттығуларды видеоға қарап отырып орындайды	Сәйкесінше қимылмен көрсетеді	Тамаша!	Видео
	Картамен жұмыс (тақтамен жұмыс) Тақтада карта ілінеді. Оқушылар пайдалы қазбаларды тиісті орнына орналастырады. **«Мен зерттеушімін»** А) Зерттеу жұмысын жүргізу үшін үш топқа 1)тұз 2) мұнай өнімі 3) мыс беріледі. Оқушылар берілген пайдалы қазбаларды зерттей отырып, сипаттама береді: Түрі, түсі, иілгіштігі, ерігіштігі , қолданылуы. -Пайдалы қазбалар болмаса, адамдардың қазіргі өмірі қандай болар еді деп ойлайсың? Wordwall платформасы Ойын: «Пайдалы қазбалар»	Қазақстан картасынан пайдалы қазбаның орнын табады Пайдалы қазбаларға сипаттама береді	Дескриптор: -Пайдалы қазбаның шартты белгісін анықтайды-1ұ -Картадағы орнын табады-1 ұ Дескриптор: -Пайдалы қазбаларды сипаттайды-1 ұ -Пайдалы қазбалардың өмірде қолданылуы жөнінде әңгімелейді-1ұ	Карта, шартты белгілер Тұз, мұнай өнімі, мыс
Сабақтың соңы 10мин	**Сабақты бекіту** «Иә-жоқ» ойыны Сұрақтарға жауап беріп, дұрыс не бұрыстығын анықтап, интерактивті тақтадан белгілейді. **Кері байланыс: «Жұлдыз»** **Үй тапсырмасы:** мәтінді түсініп оқып, мазмұнын айту **Бағалау** «Домбыра» бағалау парақшасы арқылы өздерін бағалайды	Кері байланыс жасайды	 1-10ұпай Өз-өздерін бағалайды 	Интерак-тивті тақта Слайд

Алматы облысы, Іле ауданы, Қосөзен ауылы
МҚК “Айналайын” бөбекжай-балабақшасы
Меңгеруші
Адилбаева Ардак Саткыновна

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ БАСШЫСЫНЫҢ ҚӘСІБИ МІНДЕТТЕРІ

Өз Отанының толыққанды, үйлесімді дамыған тұлға мен азаматын қалыптастыру үшін мектепке дейінгі жастың және осы кезеңде оқу-тәрбие процесін теориялық және әдістемелік тұрғыдан сауатты ұйымдастырудың маңыздылығын асыра бағаламау мүмкін емес. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру ұйымын басқаратын және балаларға тәрбиелік ықпал етуді үйлестіретін қызметкерлердің жауапкершілігі өте зор.

Қазақстанда тек ауқымы мен сандық қамтуы жағынан ғана емес, сонымен қатар білім беру-тәрбиелік жұмысының деңгейі бойынша да мектепке дейінгі оқытудың бірегей жүйесі қалыптасқан. Бұл жүйенің жарамды болуы үшін мектепке дейінгі ұйымды терең, сауатты басқару және бақылау қажет. Негізінен бұл функцияны балабақша меңгерушісі жүзеге асырады. Білім беру ұйымының қазіргі басшысы қандай болуы керек, оған қандай қасиеттер тән? Олардың кейбіреулерін (біздің ойымызша, ең қолайлы) толығырақ қарастырайық.

Білім беру ұйымы басшыларының басқарушылық, әлеуметтік-педагогикалық және әдістемелік қызмет саласындағы кәсіби құзыреттілігі мектепке дейінгі білім беру мекемесінің білім беру қызметтері нарығындағы бәсекеге қабілеттілігінің, оның тиімді жұмыс істеуінің және жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда дамуының маңызды факторы болып табылады.

Білім сапасын басқаруды таза әкімшілік негізде жүзеге асыру мүмкін емес, ол барлық педагог-тәрбиешілердің кеңінен қатысуын талап етеді. Осы орайда ұжым - бұл өзара байланысты тапсырмаларды орындайтын жұмысшылардың логикалық орналасуы ғана емес. Ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық климаттың сапасы басшының жалпы қоғамға, оның ұйымына және әрбір адамға жеке қатынасын анықтайды. Егер оның түсінігінде адам ресурс, шикізат және өндірістік база ретінде ұсынылса, онда бұл тәсіл тиісті нәтиже бермейді, басқару процесінде қандай да бір міндеттің орындалуында біржақтылық және ресурстардың тапшылығы немесе қайта есептелуі жүреді. Сол себепті басшының ұйымдағы мақсатын, міндеттерін және орнын, сонымен қатар ұйымды басқару механизмдерін түсінуі маңызды.

Басшы – қарамағындағы басқа адамдарды басқаратын, ресурстарды (оған берілгендердің барлығын) ұтымды пайдалануға жауапты, басқару шешімдерін қабылдайтын және олар үшін жауап беретін адам. Балабқша басшысының табысының негізгі критерийі – оның қиын жағдайларда дұрыс шешім таба білуі, қарамағындағыларға сауатты және ұтымды көзқарас таба білуі.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының табысты заманауи басшысы құзыреттердің екі тобын синтездеп, үнемі дамытып отыруы керек: арнайы құзыреттер және басшының негізгі құзыреттері.

Арнайы құзыреттер: оқу орнының даму стратегиясын дұрыс анықтауға мүмкіндік беретін басшының білімі, іскерлігі мен дағдысы; басшының негізгі құзыреттіліктері жоғары динамизммен сипатталатын жағдайларда негіздеу және шешім қабылдау қабілеті. Құзыреттердің бұл тобына басшының жеке қасиеттері кіреді.

Заманауи білім беру басшысы қызметкерлердің сенімі мен құрметін арттыратын жеке қасиеттерге ие болуы керек: интеллектуалды, ерік-жігері күшті, эмоционалды, адамгершілік, коммуникативті.

Қазіргі заманғы басшының жеке сапасының негізгі іргетасы жеті өлшемнен тұратын басшының өзінің жеке күші болып табылады. Заманауи білім беру басшысының моделі білім беру маманы не үшін жарамды болуы керек, ол қандай функцияларды орындауға дайын және ол қандай қасиеттерге ие екенін сипаттайды. Модель білім беру мазмұнын және оны оқу-тәрбие процесінде жүзеге асыру формаларын таңдаудың тірек факторы қызметін атқарады.

Білім беру басшысының моделі – бұл практика қоятын барлық талаптардың белгілі бір тізбесі, бұл олардың оқу процесін құру кезінде ескерілуі керек екенін білдіреді.

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру басшысының келесі қабілеттерге ие болуы маңызды: алған білімді инновациялық технологияға айналдыра білу; жаһандық білім көздеріне қол жеткізу жолдарын білу, заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру; өмір бойы оқуға ынталы болу, білімді өздігінен меңгеру және кәсіби даму дағдыларын меңгеру; әдістемелік және аналитикалық дағдыларға ие болу; зерттеу әдістерін білу және қолдана білу; коммуникативті дағдыларды меңгеру, топта жұмыс істей білу, өзгерістерге бейімделу, әлеуметтік бірлікке ықпал ету; күрделі демократиялық қоғамда өмір сүру, оның азаматы болу, қажетті әлеуметтік құзыреттіліктерге ие болу үшін қажетті құндылықтармен бөлісу.

Әрбір басшы өзінің өсуі мен дамуын дербес қолдауы керек. Көшбасшы өзгелерден кәсібилікті талап етпес бұрын, өзі басқалардан жоғары кәсіпқой болуы керек, сонда ғана болашаққа көзқарас қалыптастыруға, мақсат қоюға, баға беруге құқыққа ие болары анық.

Білікті мектепке дейінгі ұйым басшысы:

· стереотиптерді жеңе алатын және балабақша алдында тұрған мәселелерді шешудің дәстүрлі емес жолдарын таба алатын, басқарудың инновациялық технологияларын құра және қолдана алатын шығармашылық тұлға;

· үнемі өзіне, өзінің кәсіби және жеке қасиеттеріне жұмыс жасайтын адам;

· басқаратын балабақшасының бірнеше жылдар бойына даму болашағын көретін стратег;

· өзінің үлгісімен педагог-тәрбиешілер құрамына шабыт беретін адам.

Мектепке дейінгі ұйымдардың тәжірибелі жетекшілері әдетте келесі мәселелерге:

- бағдарлама талаптарының қалай орындалғанына және жан-жақты үйлесімді білім беру мен дамытудың қалай жүзеге асырылатынына;

- кешенді тәсілдің қалай жүзеге асырылатынына, яғни тәрбиенің барлық жақтарының – идеялық-адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, эстетикалық және т.б. тығыз бірлігі мен өзара байланысына;

- жалпы топпен және әр баламен жұмыс қалай ұйымдастырылғанына, жұмыс әдістерінің әдістемелік тұрғыдан дұрыс таңдалғанына және қолданғанына, балалардың ойын, ақыл-ой және еңбек әрекеттерін қалай басқаратынына;

- балалармен қарым-қатынастың үні мен стилі қандай, балаларға деген мейірімділік, ілтипаттылық, сыйластық қатынасының педагогикалық талапшылдықпен үйлесімділігіне;

- балалардың белсенділік, қызығушылық және дербестік дәрежесі қандай, олар ұжымда өзін қалай ұстайды және ұжымдық дағдыларды қалай меңгереді, сабақ барысында қандай жаңа білім, қабілет, дағды игереді және оларды қалай бекітеді, т.б. ;

- әрине, көзқарас саласында балалардың денсаулығы мен әл-ауқатын сақтауға және нығайтуға, режимді орындау, балалардың таңертеңгілік жиналыстарын ұйымдастыруға және таңертеңгілік қабылдау кезінде ата-аналармен жұмыс жасау және т.б. жұмыстарға әрқашан назар аударады.

Сондай-ақ заманауи балабақша басшысы ішкі тәуелсіздік пен тәуекелге бару қабілетіне ие болуы, үнемі жаңа ақпаратты жинақтауы, заңды және моральдық құндылықтарды құрметтейтін, өзіндік имиджін қалыптастыра алатын және өндірушінің кәсіби беделін сақтай алатын болуы керек. Имидж үшін бәрі маңызды: сөйлеу мәдениеті, жүріс-тұрыс, киіну стилі. Имидж ұғымы тек табиғи тұлғалық қасиеттерді ғана емес, сонымен қатар арнайы жасалғандарды да қамтиды. Оның үстіне адамның сыртқы келбеті де, ішкі дүниесі де, психологиялық түрі туралы да айтылады.

Басшы моделі сапа менеджменті жүйесін құру принциптерін іске асыруға арналған. Жылдам өзгеретін ортада басшының тұрақты стратегиялық көшбасшылығын қамтамасыз етуге ұмтылатын кез келген заманауи білім беру ұйымында жүзеге асырылатын саясаттардың бірыңғай жиынтығын білдіретін барлық компоненттер кездеседі. Кешенде білім беру ұйымы басшысының басқару құралдарының барлық жиынтығы білім беру ұйымында жұмыс істейтін басқару жүйесі болып табылады. Құралдардың өзі неғұрлым түсінікті әрі мектепке дейінгі білім беру ұйымының басшысы мен білім беру бөліміндегі мамандардың құзыреттілігі неғұрлым жоғары болса, басқару процесінің өзі соғұрлым технологиялық тұрғыдан жетілдірілген және тиімді болады.

Осылайша, мектепке дейінгі білім беру мекемесі басшысының кәсіби құзыреттілігінің қарастырылып отырған моделі басқару қызметін жүзеге асыруда тұлғаның кәсіби қасиеттерін қалыптастырады. Біздің ойымызша, кәсіби құзіреттілік тұлғадағы нақты және қажетті басшының арасындағы сәйкестікті, тиімді кәсіптік қызметке қажетті әртүрлі құзыреттерді меңгеру дәрежесін көрсетеді. Біз ұсынған кәсіптік құзыреттілік моделі ашық, сараланған, үнемі толық -
тырылып отырады және мектепке дейінгі білім беру мекемесінің заманауи басшысын басқарудың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

"Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "Ғани Мұратбаев атындағы № 17 орта мектебі" КММ
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасар
Сахиева Перизат Бақытқызы

БУЛЛИНГСІЗ МЕКТЕП БОЛУ: АРМАН НЕМЕСЕ ШЕШІЛЕТІН МӘСЕЛЕ?

Шығыс ғұламасы Әл-Фарабидің сөзінен бастағым келеді: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білімадамзаттың хас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» делінген. Осыған байланысты мектебімізде баланы өмірге бейімдеуде мектеп, мұғалім және атананың орны бөлек. Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата - ана мен ұстаз. Болашақ десек те, келешек десе де бала - ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы – дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу. Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» - демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата - ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата - аналар іс - жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат. Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы.

Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы – ата – анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жыйғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат - әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан - жақты дамуына ата - ана, мектеп жағдай жасауы керек. Сондықтан сіздерге балаларыңыздың мектептен барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбие жұмыстарына қатыстырып өзін - өзі басқаратын азамат болуына ат салысу қажет. Бізде көптеген ата - аналар баланың кемшілігін мектептегі мұғалімдерден көреді. Отбасында мұғалімдер туралы жақсы пікір айтылса, алдымен ата - ананың мектеп, ұстаз туралы жақсы ниеті балаға жақсы әсер етеді. Ондай балалардың оқуға, білімге, мектепке құштарлығы артады.

Ұстазды , адамды сыйлауы өзгеше болады. Мектеп, ұстаз туралы басқаша пікірде көңілі толмаған ойлардың жетегінде баласының алдында ғайбаттау сөздер сөйленетін болса, ол баланың мектеп, мұғалімге көзқарасы өзгереді. Оқу - үлгеріміне әсер етеді. Немқұрайлы қарап, үлгерімі нашарлайды. Ата - ана өз баласының ынтасын үйдегі тәрбие арқылы өзі жойып отырғанын білмейді. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Мектепке келгеннен кейін ол мінез отбасында қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Мектеп партасында отырған баланың жан – жақты тәрбие алуына ең бірінші ықпал ететін ұстаз болса, оның сүйеушісі – атаана. Сондықтан ата-ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасауы тиіс, оқу үлгеріміне күнделікті назар аударып, қадағалап отыру керек. Өкінішке орай, кейбір ата-аналар бұған жеткілікті мән бермейді. Тіпті, кейде баласының қай сыныпта оқитынын, сабақтарының жетекшісін де білмей жататын үлкендер бар. Бала тәрбиесі - өте күрделі үрдіс және ешқандай үзіліс, демалыс дегенді білмейді. Баланың жақсысы әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы, жаманы – қайғысы, бақытсыздығы, азабы», - дейді халқымыз. Бала мектепте 6,7 сағат болса,18 сағат үйде болады, сол себепті ата-ана баласының оқуын, жүріс-тұрысын, жолдастарын сонымен қатар киетін киімін де

қадағалап, аптаның соңғы күндері сынып жетекшісімен, пән мұғалімдерімен байланыс жасап сабақ үлгерімі, тәртібі жайлы мәлімет алып отыруы қажет. Баланың сабаққа саналы қарап озат оқушы болып өсуі, ол мұғалім мен ата - ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы, немесе ұшқыр ұшақ жасаумен тең десем артық емес. Дұрыс өспеген жеміс ағашы, дұрыс жеміс бермесе қуануға бола ма? Бір бөлшегі бұрыс жасалған ұшақты ұшырғаннан не пайда? Ол өзінде, өзгені де мерт етпей ме? Сонымен әрбір ата - ана өз баласының тәрбиелі де, саналы, мәдениетті, жүрген ортасында сүйкімді болу үшін алдымен тәрбиені өзінен бастағаны жөн, яғни оғаш қылықтармен баласына үлгі - өнеге көрсетпеуге тырысқаны жөн. Жас кезінде баласына дұрыс тәрбие бере алмаған ата - ана кейін бармағын тістеп өкініп қалады. Қалай қисайтсаң солай өседі. Оның түзу жолмен жүріп білімді де саналы азамат болып өсуі біздің, яғни әрбір ата – ананың қолында. Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе.

Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол — бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындауына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Өстіп баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін 26 №5 (02) ақпан 2023 жыл Daryn түсіреді. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шеше үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үстіүстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді. Сонда арақ пен темекінің зиянын қалай ұқтырамыз. Негізінен жанұяның шырқы бұзылған, атаанасы маскүнемдікке салынған немесе жарамдық жағынан азғынданған ортада бала, жасөспірім қашанғы жиреніштi көріністі, ондағы айқай-шу мен дау-жанжалға, ұрыс-керіске шыдап жүре бермек. Басқа өмір аңсайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз? Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабақты жиі қалдыруға әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырған аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау — ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала — әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік. Шәкәрім атамыздың «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан үстем болатын адал еңбек, мінсіз ақыл,таза жүрек» Ата-анасынан көрмеген сүйіспеншілікті мұғалімнен көрген бала менің ата-анам да осындай болса, деп армандауы мүмкін. Мұғалімін тек жақсы қырынан таныған оқушы үшін оның айтқаны анық, дегені дәл болып көрінеді. Баласын қалай жақсы көретінін дұрыс білдіру кез келген ата-ананың қолынан келе бермейді. Біреу жақсы киіндіріп қояды, біреу тамағы тоқ болса болды деп, қалтасына ақшасын салып бергеніне мәз. Біреулері өте қатал, айтқанын орындатады. Бала қорыққаннан

уақытша тыңдайды, бірақ атаанасының уысынан шыққан соң өзін- өзі ұстай алмайтын жағдаға жетеді.Мұғалім оқушыға материалдық жағдай жасағанмен, оның өміріне азық болар ең қымбат асыл қасиеттер: адамзаттық құндылықтармен, біліммен қамтамасыз етіп, қаруландырады. Алтын бесік — отбасы болса, алтын ұя — мектеп. Иә, олардың алтынға балануы неліктен? Екеуі де қасиетті, әрі қастерлі. Өйткені, отбасы Адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп жатса, мектеп ақалы мен білімі адамзаттық құндылықтармен толысқан, жан-жақты жетілген,өз бетімен өмір сүруге бейім, қоршаған ортамен тікелей байланысқа шыға алатын, толыққанды Адам етіп тәрбиелеп шығарады. Осы екі ортаның да мақсаты — ортақ, міндет — біреу. Демек , мұғалім мен тәрбиеші қаумының қиындықтарға жиі кездесіп, үнемі толғаныста жүретініде содан. Сондықтан кез келген мұғалім баламен байланысқа шықпас бұрын, оқу-тәрбие жұмысындағы қызметін өзін-өзі танудан бастағаны жөн.Өзіннің бала болғаныңды, өзіннің ата-ана екеніңді, өзіннің ұстаз екеніңді ой елегінен жиі-жиі өткізіп отырсаң,өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Ғұлама Әл-Фараби «Дүниедегі ең оңай нәрсе ақыл айту,ең қиыны өзіңді өзің түсіну» десе, К.Маркс «Өзіңді өзің тану даналықтың бірінші белгісі» деп ескертеді. Ең бастысы,баланың жан азығына зәру екеніні еш уақытта ұмытуға болмайды. Абай атамыздың жетінші қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі — ішсем, жесем,ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды,hәм өзі өспейді, қуат таппайды. Екіншісі — білсем екен деп ұмтылып,одан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене ?» «бұл немене?» Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады. Әрине, бала тәрбиесіндегі әкенің орны бөлек, әсіресе, ер бала тәрбиесінде. Әкенің қатаң талабын, тәрбиесін көрген бала ертең қоғамда да өз отбасында да шешуші тұлға бола алады. Әке қашанда баланы сөзбен емес, өзінің ісімен тәрбиелейді. Ер бала ең алдымен әкенің өнегесінен нағыз ер адам қандай болу керектігін қабылдайды. Сондықтанда әке ұлын батылдыққа, батырлыққа, ер жүректікке, адалдыққа, қайраттылыққа, ұлтжандылыққа, әйел баласына серілік қарым-қатынас танытуға, отағасы қандай болу керек екендігін өз тәжірибесі арқылы үйретіп, үй еңбегінің аса қиын соғатын істерді өз мойнына алуға талпынуға тәрбиелеуі керек Бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі – атаана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларныың көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы, өіне мейрімді, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Бірде-бір атаананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарауға құқы жоқ. Ата -ана бала өсіруде қате жіберсе, осалдық байқатса, қартайғанда опық жейтіні, өкінішке ұрынатына ешбір дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат. Отбасынадағы тәрбиенің ең дұрысы– баланы еңбекке баулу. Ол – адамдық кемелденудің негізі. Еңбек ете білмеген немесе оны жек көрген адамның отбасы берекелі болмайды.: отбасындағы да, қоғамдық ортадағы да тәрбиеде балаларды еңбек ете білуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу басты нысана болуы тиіс. Сонда ғана отбасы мүшелелері арасындағы қарымқаиынаста әдеп-инибат, адалдық пен ақпейілдік үстем бола алады. Отбасында жеткіншек ер баланы тәрбиелеу – бұл қарапайым емес маңызды және жауапкершілікті талап ететін үлкен іс. Өйткені осы жастағы ер баланың бойынан шығармашылыққа, өзінің өмірден орнын іздеу сияқты талпыныстарын байқауға болады. Осы тұста ата-ана олардың жан дүниесін түсініп, дер кезінде бағыт-бағдар көрсетсетсе, бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі тапқырлығы болып саналады. Егер сіздің балаңыздың өмірде белгілі деңгейде жетістікке жетуін қаласаңыз, жеке тұлға ретінде, маман ретінде ашылуына еңбектендіре отырып, көмек беру қажет. Бұл ата-ана үшін, балалар үшін және қоғам үшін өте тиімді. Қазіргі қоғамда ата-анасы қасында болса да қадір-қасиетіне жете алмай, ұлдарымыз маскүнемдікке салынып, нашақорлыққа бой алдырып, қыздарымыз шылым шегуі т.б отбасындағы тәрбиенің дұрыс жолға қойылмауының айғағы. Ата-ананың ең үлкен міндеттерінің бірі - мұсылман үмбеті деген атқа лайық иманды перзент тәрбиелеу. Шариғатта да алтын ұя – отбасы жоғары бағаланып, оны бала тәрбиелеп өсіруіне бірінші дәрежелі мән берілген. Сондықтан қазіргі ата-аналар Ислам дініндегі мәні терең, мазмұнды тәрбие негіздерімен танысып, жаны ізгі, көргенді ұрпақ тәрбиелеп жатса, бұл тектілігімізге қайта оралғандығымыз. Артына сауап жолдап тұратын иманды ұрпақ қалдыра білген ата-аналардың екі дүниеде де жүздері жарқын болмағы хақ.

"Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "Ғани Мұратбаев атындағы № 17 орта мектебі" КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Теңгебаева Айгерім

АЛЬФА ҰРПАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚ АТМОСФЕРАСЫ

Адам баласы үшін мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы шексіздікке бет алған феномен болып табылады. Әр мәдениет өзімен бірге жаңа ұрпағын ала келеді. Әр жаңа ұрпақ тек қана биологиялық құбылыс емес, жаңа дүниетанымның иесі. Олай болса, біздің бүгінгі әңгімеміз жаңа ұрпақ, жаңа буын, соның ішінде ғылыми тілде Альфа ұрпақ деп аталатын қауымның құндылықтарды бойына сіңіру туралы болмақ.

Буын, ұрпақ, қазақы таныммен айтқанда құрдас, замандас. Олар әрине, белгілі бір жақын уақыт межесінде дүниеге келіп, белгілі бір қоршаған ортадан ортақ нәр алып, танымдық тұрғыдан бір-біріне өте жақын, тілегі, арманы, тағдыры бір-біріне аса жуық бір буын ұрпақтың тобы. Альфа ұрпақ деп отырғанымыз да осындай ұстанымдары мен көзқарастары аса жақын жаңа ұрпақ, жаңа буын атауы. «Елу жылда ел жаңа» деген аталы сөз бар. Қазіргі уақыт жылдамдығымен қарағанда осы ұғымның өзін басқаша сараптап көруге тура келетіндей.

Бүгінгі заманның иесі жаңа өспірімдер туралы толыққанды, тұрақты пікір білдіру де қиын. Өйткені, олардың даму, өзгеру жылдамдығы көз ілестірмейді.

Олардың ең басты қасиеті – еркіндік, ашықтық, азат ойлылық. Олар өзгеге емес, өздеріне ұнаған нәрсені жасайды. Бірақ оларды өзімшіл деп есептеуге келмейді. Олар бәрін өзімен тең санайды және өзін өзгеден төмен қою қасиеті жоқ. Жасқаншақтықтан, сенімсіздіктен ада. Сондықтан да оларды бір идеологиямен басқара алмайсыз. Хараридың жазуынша осы ғасырдың ортасына барғанда жүйеге бағынышсыз, жүйеге керексіз адамдар қауымдастығы пайда болатын сыңайлы. Ондай қоғам осы Альфа ұрпақтың тәрбиесін көрген адамдар тобы болуы әбден мүмкін. Альфа ұрпақ негізінен вертуальды әлемде өмір сүреді. Қашықтықтан жұмыс істеуге бейім. Ескі, дәстүрлі білім жүйесінен қашады. Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектеп жас ұрпақты тәрбиелеуде үш бағыт бойынша жұмыс жасауда.

I Тәрбие берудегі ұстаздың рөлі

II Отбасы тәрбиесінің стилі

III Ұстаз- Ата-ана-Оқушы

Осы ретте менің балам білім алатын қарашаңырақта ұстаздар түрлі форматтағы іс-шаралар, ата-аналар арасында панельдік дискуссиялар , бала тәрбиесіндегі озық әлемдік тәжірибелермен бөлісіп, түрлі тренингтер ұйымдастырады. 2021-2022 оқу жылында ата-аналармен төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

- «Отбасылық оқу клубы- сауаттылық негізі»(семинар)
- «Эмоционалды интеллект: EQ белгілері» (танымдық сағат)
- «Нағыз әке» (семинар-тренинг)
- «Альфа ұрпақ: миллениалдар тәрбиелейтін балалар қандай болады?» (панельдік дискуссия)
- «Матрицадан қашу: миымызды бағдарламалап қойған жүйеден қалай құтыламыз?» (семинар)

Аталған жұмыстар өз деңгейінде өтіп, ата-аналар баланы құндылыққа баулуда өзара ұсыныстармен бөлісті. Бүгінгі ұрпақтың ерекшелігі мен тәрбиелеу сатысын да бағдарлады.

Қазір білім берудің парадигмасы өзгерді десек те болады. Бұл өзгеріске тек ұстаздар қауымы ғана емес, ата-ана ретінде біз де ілесуіміз қажет деп ойлаймын.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін әр балаға жеке тұлға ретінде қарау керек. Әрбір адам - индивид.

Екінші бағыт бойынша ата-аналар түрлі тақырыпта ой қозғап, өз тәжірибесін ұстаздармен бөліседі. Бұл жиындарда өзім бастап:

- Альфа ұрпақ тәрбиесінде қандай ерекшеліктер бар?
- Ұлттық құндылықтарымызды ұрпақ бойына қалай сіңіреміз?
- Ата-ана - бала - мұғалім қағидатымен жүрсек, жетістігіміз қандай болмақ?
- Бала бойына отаншылдық қасиеті тәрбиемен келе ме?

деген сауалдар төңірегінде пікір алмасып, ұсыныстарымызды айттық.

Үшінші бағыт оқушыларды еңбексүйгіштікке, отаншылдыққа тәрбиелеу. Бұл бағыт бойынша үштік одақ негізінде оқушыларымыз тәрбиеленуде. Ата-ана Романов Нұрқасым жылқының қылынан желпуіш

жасап, мектеп көрмесіне ұсынды. Байымбетова Анар әжелеріміздің тоқыма өнерін жаңғыртып, заманауи бас киімдерді тоқыды. Ата-ана Әбдіраманова Жанар қызы Назеркемен бірге бисерден ақ жаулықтарды сәндеп, қыз балаларға арнап түрлі моншақтар әзірледі. Ата-анасымен бірге жасалған шәкірттеріміздің туындылары мектеп көрмесіне ұсынылды. Аталған жұмыстардың барлығы да оқушыларымызды еңбекқорлыққа, өнертапқыштыққа тәрбиелейді.

Қазіргі таңда мектеп басшысының креативті ойларының нәтижесінде Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектеп ұлттық мектеп көркіне енді. Мектеп ұлттық нақыштағы ұмыт бола бастаған ою-өрнектермен безендіріліп, заманауи QR код арқылы қабырғаларды сөйлетуге болады. Бұл қадам бүгінгі Альфа ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіруге деген нақты қадамдардың бірі деп есептеймін.

Бұл ұрпақ үшін табысқа жеткен кәсіпкерлер, өнер жұлдыздары, жаңа дүние ойлап тапқан заманауи ғалымдар ғана құндылық болып саналады. Бұл ойлардың жаңсақ екенін ұғындырып, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіруіміз керек. Бұл тұрғыда білім ордасында жасалып жатқан жұмыстар ауыз толтырып айтарлықтай.

«Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», - деген Ұла Абай қоршаған орта дұрыс болса, тұлғаның бойындағы рухани-адамгершілік қасиетті дамытуға болатынын көре білген.

Біздің басты ұлттық идеямыз - қазақ екендігімізді, ондаған мың жылдар бойы мал бағып, көшіп – қонып, кең даланы иемденген көшпенділердің тікелей ұрпағы, мол тарихымыз, бай тіліміз, адамгершілікке негізделген әдет-ғұрпымыз, салт-санамыз, дәстүріміз, ән-күй, ойын-сауығымыз, орасан зор ауыз әдебиетіміз, кең дамыған дүниетанымымыз, биік рухымыз, жайдары мінезі бар, батыл да, батыр халық екендігімізді әлемге жеткізу, әлем тарихынан өз орнымызды табу.

Қалай болмасын, тұтас адамзаттың, оның ішінде отанымыздың болашағы осы «бас бармақ ұрпағының» қолында. Оларға үлкен миссия жүктелген. Z және альфа ұрпақтары адмазаттың құтқарушысы деп те әспеттеледі. Бұл буын алда болатын үлкен өзгерістерге, жаһандық бұрылыс кезеңдеріне бейімделіп қана қоймай соны ретке келтіретін күшке ие. Бүгінгі аға буын ұрпақтар мен ортадағы Y, X -ұрпақтары осы жаңа буынды түсінуге, қолдауға міндетті. Өйткені, ұрпақ сабақтастығы қашан да маңызды орында. Шындап келгенде бүгінгі адам немесе кешегі адам деген ұғым жоқ. Адам қашан да біреу! Оларды тұтастыратын осы сабақтастық. Ұрпақ сүйегі үзілмесін деп тілейік!

"Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің
"Ғани Мұратбаев атындағы № 17 орта мектебі" КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Латипова Гүлбану Әбдіқадырқызы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»,-деп,ел Президенті Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей, электронды оқытудың әдіс-тәсілдерін көп тілде немесе орыс, ұйғыр тілдерінде оқытатын мектептерге енгізу–жаңа білім берудің бірден-біршарты. Қазіргі уақытта білім берудің озық технологияларын меңгермейінше, сауаттыда көптілді, жанжақты болу мүмкін емес.

Сонымен, оқытуды ұйымдастырудың өте құнды түрі–бағдарламалап компьютермен оқыту. Компьютерді қолданудың психологиялық тұрғыда тиімділігі–олар өзге тілде сөйлеп өскен оқушының қазақ тілінде есту, көру, сөйлеу, түрлі ойындар ойнау, суреттер салуына септігін тигізеді. Компьютермен оқыту –оқушылардың өз бетімен іздену жұмысының өте тиімді түрі. Компьютермен оқыту үрдісін енгізу оқушылардың қызығушылығын арттыратыны соншалық, олар сабақтан тыс уақыттада құлшыныс танытатын болады. Ал, компьютерді толық меңгерген оқушының оған қызығуы бұрынғыдан да арта түседі. Түрлі тілдік тапсырмаларды компьютермен орындау оқушыны еркіндікке, төзімділікке, мақсаткерлікке баулиды. Компьютермен тапсырма орындауға мақсат айқын болғанымен, оған жетудің нақты жолдары көрсетілмейді.

Сондықтан, бұдан белсенділік туындап, оқушының қиялдау мүмкіндігіне жол ашылады, ақыл-ой белсенділігін дамытуға көмектеседі. Электронды оқулықтармен және компьютермен жұмыс істеу өте қызықты. Нашар оқитын оқушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайда компьютердің өзі оқушының білмеген тұстарын көрсетіп, көмек кекеледі. Соның нәтижесінде, асықпай компьютермен еркін сырласа отырып, ойлануға қол жеткізеді. Бір назар аударатын жайт, компьютерді қолдану мұғалімнің арнайы дайындығын қажет етеді. Мұғалім компьютерлік сауаттылықтың ғылыми негіздерін білуі шарт. Компьютерлік оқулықтар және компьютермен түрлі жұмыстар жүргізу арқылы оқушының біліктілігімен белсенділігін, пәнге деген қызығушылығын арттыру жүзеге асырылады. Сондықтанда оқушы компьютерде жұмыс істеуге қажетті біліктіліктерді меңгеру қажет. Өзге тілді сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін компьютермен оқытудың мақсаты оқу жұмысының жоғары дәрежелі болуына жағдай жасайды, басқа тілде сөйлеп, ойлап өскен оқушының қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша біліктілігімен белсенділігі нарттырады, жеке тұлғаның әлеуметтенуіне әсеретеді, өзін-өзі реттеуді дамытады, оқушының мақсатты қызметін ынталандырады. Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпараттарды білуге жол ашады. Мультимедиа бағдарламасы бойынша, қазақ әдебиетінен ақынжазушылардың өмірі мен шығармашылығын оқытуда географиялық картамен немесе көмекші материалдармен жұмыс істеп, сарамандық жұмыс жүргізуге болады. Ал, кіріктірілген сабақтар қазіргі замандағы кең қолданылып жатқан үрдіс. Ақынжазушылардың шығармаларын, сазгерлердің күйлерін тыңдау арқылы мәнерлеп оқуды, эстетикалық тәрбиені қалыптастырады. Мәтіндік редактор арқылы бақылау жұмыстарын жүргізуге болады (тест,диктант). Компьютердің көмегімен жүргізілген бақылау жұмыстары оқушының білімін объективті бақылап, материалдың дұрыс өтілгенін немесе дұрыс өтілмегенін талдауға мүмкіндік береді. Бұрын адам ойында болмаған оқытудың жаңа әдістерін ұйымдастыруға болады. Мысалы, әртүрлі компьютерлік бағдарламамен мәтіндер жазу, оқу, талдау, тест шығару, сурет салу жұмыстарын үйренеді. Ал, сабақтың бекіту кезеңінде мынадай тапсырма орындауға болады. Бұл кезенді «Қазақ халқының 100 әні» деп атап, мультимедиа бағдарламасы бойынша қазақтың халық әндерін тыңдай отырып, одағай сөздерді тауып, үлгеріп жазып отырады. Сонымен бірге, әртүрлі мәтін құру, мәтінге аннотациялық талдау, диалог құру сияқты шығармашылық жұмыстар болады. Осындай сабақтар өзге ұлт өкілдерімен өзге тілде білім алатын өз қандастарымызды халықтық салт-дәстүрлер негізінде тәрбиелеумен бірге, олардың шығармашылық жеке тұлғасын қалыптастыруға, жеке ақыл-ойын, ойлау қабілетін, ынтасын, интеллектуалдыққа білеттерін дамытуға,алған білімдерін практикада пайдалануға мүмкіндік береді. Қазақ әдебиеті сабағында әр бір тақырыпты өткен кезде ақынжазушылардың өмірі,шығармашылығы немесе шығармаларының мазмұны, композициясы, сюжеті, көркемдікерекшелігі, т.б. Туралы тірек-сілтемелер беруге болады. Оқушы тірек-сілтемелер арқылы ойын жинақтап,шығармашылық пен жұмыс істей алады. Сонымен бірге, оқушылардың көмегімен бағдарламадан тыс материалдарды жинақтап,мультимедиа бағдарламасы бойынша репортаж дайындауға, ұйымдастыру кезеңінде олардың фотосуреттерінен галерея ұйымдастыруға болады.

Электрондық оқулық – оқытушы мен оқушының бірлескеніс-әрекетін көрсету нәтижесінің құралы. Бұл оқулықты мынадай жағдайларда қолдануға болады:

-сабақта иллюстрациялық материал ретінде;

-сабақтан тыс уақытта өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындауда;

-емтиханға дайындық кездерінде.

Электрондық оқулықтар бойынша оқушылар тапсырманы қызыға орындайды, пәнге қызығушылығы артады,оқуматериалын тереңірек меңгеруге талпынады. Сонымен қатар,өз қатесін өзі табады және өзін-өзі бағалауға үйренеді. Электрондық оқулықта өте көп көрнекілік материалдар қамтылады. Бұл көрнекіліктердің дидактикалық мәнін ашады.

"Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "Ғани Мұратбаев атындағы № 17 орта мектебі" КММ
Музыка пәнінің мұғалімі
Жусупова Лаззат

МУЗЫКА САБАҚТАРЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІН ДАМЫТУ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Қазіргі мектептердің – біріншіден: ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтармен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практика, жаңа қарым қатынас жасаулары қажет:» - деп атап көрсетілуі мұғалім іс-әректіне жаңа бағыт сілтейді. Еліміз егемендік алғалы бері бірқатар отандық ғалымдарымыз музыкалық фольклорымыздың тәрбиелік мүмкіндіктерін ашып көрсетіп, нақты ұсыныстар жасауда. Атап айтар болсақ С.Ұзақбаева өз зерттеулерінде музыкалық фольклорымыздың педагогикалық мүмкіндіктерін және әдіс тәсілдерін ашып көрсетті.

1994 жылы А.Райымбергенов және С.Райымбергеноваларды бастауыш мектептің бірінші сыныптарына арнаған «Мұрагер» музыка сабағының бағдарламасы жасалынды. Бағдарламаны ерекшелігі балаларға домбыра үйрету арқылы халық өнеріне ынтасын арттыру. Бұл бағдарлама авторлары, белгілі музыка зерттеушісі, А.Мұхамбетова- «Баланын генетикалық мүмкіншіліктерін ұлттық дәстүр арқылы жеңіл ашуға болады, бұл жүйе балаға төңіректегі ортаны игеруге, қабылдауға көмектеседі» - деп айтқандай, халқымыздың дәстүрлі, рухани байлығына сүйене отырып және халық педагогикасының даму жетістіктерін ескере отырып, жаңа педагогикалық жүйе негізінде жасаған.

1955 жылы М.Балтабаев, Д.Берденова, У.Серікболовалардың бастауыш мектепке арналған «Елім-ай» музыка сабағының бағдарламасы жасалынды. Осы бағдарламаның кіріспесінде белгілі ғалым М.Балтабаев- «Білім беретін жүйеге дәстүрді қоса кіргізу керек және бөлек этнографилық бөлшек түрінде емес, халық шығармашылығын біртұтас көркем ретінде беру қажет»- деп ерекше атап айтады. Бағдарлама «Сарыарқа», «Тұлпар», «Аққу», «Елімай» тақырыптары аясында өрбиді.

Бастауыш мектептерге арнап жасаған Ш.Құлманова, М.Оразалиева, Б.Сүлейменовалардың музыка сабағынын бағдарламасындағы музыкалық материалдар, музыкалық фольклорымызды пайдалана отырып,балаларға ұлттық тәлім тәрбие беру негізінде құрылған. Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептердін оқулықтарының мазмұны қазақ халқының өмір тәжірибесіне, әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне, рухани қазынасына, саяси әлеуметті, экономикалық ерекшеліктеріне ыңғайланып жасалуда. Бұны біз ұрпағымыздың бойына ұлттық құндылықтарымызды, қасиеттерімізді сіңірудіқажеттілігінен туындаған жағдай деп түсінуіміз керек. Яғни, ұрпағымызға ұлттық тарбие беру қажет. М.Жұмабаев бұл мәселе жөнінде былай деп ой түйеді: «Әрбір ұлттың балаға тәрбие беру туралы ескіден келе жатқан жеке- жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, коп қолданып келе жатқан жол болғандықтан әрбір тәрбиеші сөз жоқ ұл тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлт үшін қызмет атқаратын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»

Тәрбие ісі адамзаттың бүкіл даму тарихымен қатар жүріп келеді. Тәрбие-бір ұрпақтың өмір сүру тәжірибесін екінші ұрпаққа жалғастырушы үрдіс. Бүгінгі заман талабы-еліміздегі болып жатқан саяси экономикалық , ғылыми-техникалық, мәдени өзгерістерге байланысты жас өспірімдердің тәрбиесіне жаңа тұрғыда қарауды талап етіп отыр. Қазіргі кездегі тәрбиенің басты мақсаты ұлттық сана-сезімі оянған ,мәдениетті , рухани ойлау дәрежесі биік , шығармашылықпен қызмет атқара алатын , қоршаған табиғи ортаға , әлеуметтік ортаға икемдеу, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру болып табылады.

Тәрбиенің негізгі міндеті –қоғамның қажетті талаптарының әрбір баланың борыш, намыс, ождан, қадір-қасиет сияқты биік адамгершілік стимулдарына айналдыру.

Мектептегі оқушыларға беретін тәрбие саласының бірі-эстетикалық тәрбие. Эстетикалық тәрбие өнер құралдары арқылы, яғни музыкада-дыбыс арқылы жасалынған көркем бейнелер негізінде оқушының дүниетанымын арттырып, өмірдің шындығы мен әсемдікті сезіну қабілетін дамытады. Музыкалық тәрбиенің негізгі мәні , мақсаты сапалық жағынан жеке адамның жан дүниесінің үйлесіп қалыптасуын және рухани байлығын дамыту болып табылады.

Музыка өзінің көркемдігі және нәзіктігімен адам жанын баурап, олардың ақыл-ой, сана-сезімінің кеңейіп, жақсы міңез-құлықтарының қалыптасуына әсерін тигізеді. Білім беру саласында оқушылардың эстетикалық, этикалық және адамгершілік нормаларын меңгерту міндетін жүзеге асыруда музыка пәнінің орны ерекше.

Музыкалық тәрбие дегеніміз- музыкалық өнердің ықпалы арқылы баланың жеке басын қалыптастыру – музыкалық ынтасын, қажеттерін, қабылетін, музыкаға эстетикалық көзқарасын қалыптастыру деген сөз. Музыка тәрбиесі жастарға өнер құндылықтарын үйрете отырып, олардың бойына адамгершілік эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытады. Өскелен ұрпаққа музыкалық тәрбие беруде ,бала бойына рухани байлықты дамытудың аса маңызды саласы – музыкалық өнер. Соның ішіндегі бастауыш мектеп оқушыларының бастапқы музыкалық мәдениетін қалыптастыру, оны басқару музыкалық –педагогикалық ғылымның өзекті мәселесі.

Тәрбиенің аса маңызды құрамы -өнер.Соның ішінде өте кең, сан ұғымды қамтитын-музыка өнерін айтамыз. Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, тілмен айтқызып жеткізе алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі.

Жалпы музыкалық білім беру, музыка өнері арқылы мектеп оқушыларына музыкалық тәрбие берудің педагогикалық шарттарын ғылыми-педагогикаық тұрғыдан негіздеп, ғылыми әдістемелік жағынан қамтамасыз ету қажет. Музыкалық тәрбие негізінен жалпы білім беретін мектептесыныптық-сабақ жүйесібойынша іске асады. Оқушыға музыкалық тәрбие беруде оқытудың принциптерін және әдіс-тәсілдері, соңғы технологияларды шебер қолдану ең қажет нәрсе болып табылады. Сонымен қатар сабақты дидактикалық ойындар,өзіндік жұмыс, ой қозғау, нота сауатын үйрету, музыка тыңдату , музыка ырғағына сай әр түрлі қимылдар жасату, музыка жанрын ажырата білу басты міндеттер болып табылады.

Музыка сабағында оқушыларды музыкалық мәдениетке тәрбиелеу мәселесінқарастыру өзекті, әрі осы уақытқа дейін арнайы қарастырылып жатқан тың мәселелердіңбірі.

Тәрбие қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның ара-қатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады. Оқушылардың сапалы тәртібі мен байымды мінезін және сенімін тәрбиелеу мұғалімнің ақсатқа бағытталған іс-әрекетіне байланысты.

Әр ұлт өз ұрпағына ұлттық тәрбие беру арқылы ғана ұлттық болмысын, беинесін сақтап дамыта алатыны белгілі. Ал, ұлттық тәрбиенің қайнар көзі фольклорымызда екені даусыз. Себебі дәстүрлі мәдениетіміздің ұмыт бола бастаған қай түрін, қай саласын болсада сол фольклорымыздан тауып, ажырата аламыз. Біз бұл жерде ұлттық тәрбинің көздерін музыкалық фольклордан қарастырмақпыз. Әл-Фараби бабамыз музыканың адам психологисына әсері жөнінде- « Музыка денені шынықтыратын гимнастика тәріздес, ол адамның жанын жетілдіреді. Алдымен лаззатқа бөлейді, одан соң құмарлықты ойатады, қиалға жетелейді» - деп пікір айтқан. Халқамыздың бірнеше ғасырлар көлемінде жинақталып қалыптасқан бай музыкалық фольклоры бар.

Атап айтар болсақ: тарихи әуендер, эпикалақ жырлар, тұрмыс салт жырлары, лирикалық әндер т.б міне осы фольклорымызбен- ақ ұлттық болмысымызды қалыптастыратын тәлім- тәрбие беріп отырған тарихи шындық.Егемен елімізде табандылықпен жүзеге асырылып жатқан, әлемдегі елулікті қатарына кіру саясаты қоғам өміріні ішінде, білім беру саласына күн тәртібіне қойылыа отырған күрделі мәселелерді бірі – жаңа тұрпаттағы, жаңа ұстаздар даярау, білім беру қызметіне жаңаша көзқараспен қарау, қолжеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып салалау, жастарды шығармашылық потенциялын дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Мұғалімге жаңа технологиянын ғылыми негізде меңгерту және терең білімді, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. Музыканы үйрету, есту, тыңдау, шығармашылық іс-әрекет барысында оқушының ой толғанысы жанданып, жігерленеді, ой-қиялы өседі. Жалпы сабақты дәстүрлі, дәстүрлі емес, сайыс, ойын, кіріктірілген сабақ, саяхатаралас сабақ түрлерін жиі өткізу әдетке айналғаны жөн. Заман талабына сай оқытудың жаңа технологиясын игере отырып, пәнаралық байланысқа көңіл бөлген жөн. Музыкалық тәрбиенің ерекшелігі – музыка пәні арқылы сөзбен тіл жеткізіп айта алмайтын, адамның жан дүниесіндегі құбылыстарды сезімді дыбыс арқылы беруге мүмкіндік тудырады.

Музыкалық тәрбие – жеке тұлғаның ақыл-ойы мен дене бітімін жетілдіріп, жан-жақты өмір тәжірибесін кеңейтуге, қызығушылық, біліктілігін және ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылық іскерлікке тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады, оқушырды халықтық музыкаға баулыйды.

"Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "Ғани Мұратбаев атындағы № 17 орта мектебі" КММ
Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі
Құрмаш Азамат Ниязұлы

ШАХМАТТЫҢ ЖАС ҰРПАҚҚА БЕРЕТІН ПАЙДАСЫ

Шахмат ойыны елімізде кеңінен дамып, мектептерге пән ретінде еңгізіліп жатыр. Шахматтың балалар арасында кеңінен дамуының басты себебі бұл – қызушылық және шахматтың балаға беретін пайдасының көп болуы. Шахмат миды жаттықтырушы бұлшықет іспеттес балалардың миының дамуына өзіндік үлкен үлес қосатын нағыз спорт түрі. Ғылыми тұрғыда дәлел келтірсек, психолог мамандардың айтуынша, шахмат – баланың ойлау жүйесін жан-жақты дамытып қана қоймай, жаттығудың ең мықты түрі ретінде бағаланған. Себебі шахмат ойының барысында адам миының оң және сол жақ жарты шары бірдей жұмыс істейді. Шахмат ойнап отырғанда ойыншы әрбір жүрісін, қадамдарын алдын ала жоспарлайды. Өзінің тастарына талдау жасап, қарсыластың тастарының бағыттарын бақылап, соған қарсы жоспар құрып, барылығын өз бақылауында ұстайды. Себебі қарсыластың бір жүрісінен кейін жоспарлап отырған 2-3 қадамы өзгеріп кетуі мүмкін. Барлығын өз бақылауында ұстау арқылы іштей: «Не істеу керек?»-деп ойланған ойыншының әрекетсіз жатқан миының нейрондары автоматты түрде белсенді жұмысқа кіріседі. Қазіргі уақытта балалардың есте сақтау қабілеттері төмендеп жатыр, себебі бос уақыттарында телефонға көп қарап, телефон ішіндегі ойынға және кейіпкерлеріне, жалпы виртуалды әлемге қызығып бұл әлемнен алшақтап жатыр. Олар шынайы өмірден алшақтаған сайын ата-аналар шарасыз күйге түсуде. Бұл шарасыздықтан шығатын бізде қандай жол бар? Менің ойымша, шахматты балабақшадан бастап үйрету керек. 4-5 жастағы кішкентай бүлдіршіндер шахмат тастарының аттарын және жүрістерін үйренетін болса, ары қарай өз қызушылығымен шахматты еркін ойнайтын дәрежеге жетеді. Біріншіден, шахмат балалардың бос уақыттарында ойнайтын ең жақсы ойын түрі болады.

Екіншіден, балалардың кішкентай кезіннен бастап есте сақтау қабілеттері дамиды. Балалардың шахмат ойнап отырғандағы ойын барысын талқыласақ, ойыншы қадам жасар алдында «егер, ол мынау таспен жүрсе, мен былай жүремін, ал анау таспен қорғаса, онда мен...» деп бірден екі-үш нұсқаны ойлап, оның жүріс схемасын есте сақтайды. Бірден екі-үш нұсқаны есте сақтау қабілетті шыңдай түседі және баланың сыни тұрғыдан ойлау жүйесін дамытады.

Әр тастың қайда тұрғанын және олардың жүру мүмкіндіктерін жіті қарап шығу, сонымен қатар, қарсыласының позициясын да назарда ұстау баланың байқағыштық, қырағылық қабілетін жетілдіреді. Мектептегі үлгерімі нашар және бұзық оқушыларды бір сыныпқа жинап, ғалымдар тәжірибе жүргізеді. Олар сол сыныпқа шахмат пәнін енгізіп, бір жыл бойы бақылау жүргізіп, бір жыл уақыт өткеннен кейін тәжірбиенің нәтижесін шығарады. Шыққан нәтижеге адамдарды бәрі таңқалған. Себебі, тәжірибе нәтижесінде ең нашар және бұзық оқушылардың сабақ үлгерімі және тәртіптерінің деңгейі мектептегі басқа сыныптармен салыстырғанда жоғары болған. Сонда оқушылар шахмат арқылы не үйренді?- деген сұрақ барлығымызда туындайды. Шыдамдылық. Шахматта бір партия ойнау үшін 20-30 минут отыру керек және ойынды соңына дейін жеткізу үшін шыдамды болуды үйренеді. Жоспар құра білу. Бала ұту үшін қарсыласы ойламаған немесе дұрыс жүрмеген жүрісін пайдаланып, мықты тактикалық тәсіл құрып, сол арқылы жетістікке жетеді. Тез шешім қабылдау. Бала өздігіннен шешім шығарып, өмірінде болып жатқан оқиғаларға талдау жасап, логикалық тұрғыда бағалауды үйренеді. Қарапайым сұрақтарға ересектерше ойланып, жауап беріп, саналы шешім шығаратын болады. Жауапкершілік. Шахмат ойынын ойнап үйренген балалар алдында тұрған тақтадағы тастардың тағдыры өз қолында екенін, сондай-ақ бір қателік жасап қойса, ұтылатынын да біледі. Сол үшін ойынға жауапкершілікпен қарап, әр жүрісті мұқият ойланып жасайды.

Шахмат ойынының бір ерекшелігі балалардың мінез-құлқына әсер ететін ойын түрі. Балаға бір орында тапжылмай ұзақ отыру қиын-ақ. Ал, шахмат ойыны кезінде сағаттап бір орында қалай отырғанын өзі де аңғармай қалады. Балаға шыдамдылық пен сабырлықты беретін ойын түрі деп айтсақ артық болмас. Бала шахмат ойнау арқылы салмақтылықты, сабырлылықты үйренеді. Болмашыға ашуланатын агрессивті бала шахмат ойынында бірде жеңілсе, бірде жеңеді. Бір жүрістен соң жеңетініне сенімді болып отырғанда, қарсыласы «мат» қояды. Көңіл-күй бірден өзгереді. Өмірде жеңілістің ащы дәмін сезініп, ешкімді кінәлай алмағандықтан бала ашуын ауыздықтайды. Бұл өзі жасаған қадамның нәтижесі екенін

түсінеді. Сондықтан жеңілісті қабылдауына тура келеді. Ал, қабылдау – бұл мойындау болса, мойындау – эмоцияны басқару. Осындай түрлі көңіл-күйді қайта-қайта басынан өткізген бала біртіндеп байсалдылықты, жеңіспен бірге жеңілісті де қабылдай білуді үйренеді. Мұндай бала өмір жолында кездескен қиындықтарда өзін жоғалтпайтын, қоғамда өз орынын тапқан бала болады. Мақсатқа жетуге талпындырады. Шахмат ойынында ойыншының басты мақсаты – жеңу. Ал, жеңіске жету қай таспен ойынды бастауды, қай тасты барынша қорғауды және қайсысымен жиі шабуыл жасауды алдын ала жоспарлайды. Бұл негізгі жоспар болса, ойын барысында жағдайларға байланысты қарсыластың әрекеттеріне қарай қысқа-қысқа түрлі жоспарлар құрып отырады. Сонымен қатар, әр ойыншының өз тактикасы қалыптасады, дұрыс құрған тактикасының арқасында жеңіске жетеді. Қорытындылайтын болсақ, шахмат балаға кездескен мәселелерімен күресін жеңілдетіп, оларға жылдам ойланып, тез шешім қабылдауға үйрететін ойын түрі.

"Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "Ғани Мұратбаев атындағы № 17 орта мектебі" КММ
Бастауыш пәнінің мұғалімі
Абсеметова Гулбарам

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі таңдағы білім беру – өсіп келе жатқан ұрпақтың ақыл-ойы мен дамуының, мәдениетінің деңгейін анықтаушы фактор. Қазіргі заман ағымына байланысты оқушылардың білімге қызығуын арттыру үшін мұғалімдерге жаңа талаптар қойылуды. Сол себепті оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Ол үшін әртүрлі бағыттағы бағдарлама құру, әр оқушының жеке жұмыс қабілетін ескеру, сынып тапсырмаларын, үй жұмысын баланың ерекшеліктерін ескере отырып беру керек – жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенді болуы керек. Сыни тұрғыдан ойлаудың жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті, мәселелерді шешу кезінде маңызы зор. Сыни тұрғыдан ойлау мәнмәтінді есепке ала отырып, бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру және шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дағдыларды дамытуды қарастырады.

Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды.Сыни ойлау- әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Сыни ойлау сабағының құрылымдық формуласы 3 кезеңнен тұрады:

I. - қызығушылығын ояту («көпір жасау», ой қозғау)

II. - мағынаны таныту (мағынаны ажырату)

III. - ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады) Қызығушылығын ояту стратегиялары ой қозғау, топқа бөлу, топтастыру, инсерт стратегиясы, төрт жолды өлең, блог ағашы арқылы жүзеге асыруға болады. Мағынаны ашу стратегиялары: Венн диаграммасы, бес жолдық өлең, балық сүйегі, кластерлер жасау арқылы жүзеге асырылады. Толғаныс стратегиясы: өлең шығару, шығарма жазу, эссе жазу арқылы жүзеге асырылады. Осы тәсілдерді ескере отырып, оқушылар бойында сыни тұрғыдан ойландыратын тапсырмаларды беріп сөздік қорын молайтуды мақсат етіледі. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалана отырып, тұлға қалыптастырудың тиімді жақтары өте көп екендігіне көз жеткізуге болады. Жаңа технологияның жетістіктері төмендегідей: оқушылар күні бұрын берілген тапсырмамен де, сабақ үстінде берілген тапсырмалармен де қосымша ізденеді, өз бетімен дайындалады, оқушы қиялының дамуына, пікірін айтуына еркіндік беріледі,қоршаған ортаға сын көзбен қарауға үйренеді, өзгенің пікірін тыңдауға, оған өз көзқарасын қосуға үйренеді, шыншылдыққа, әділдікке үйренеді, шығармашылық жұмыстарға дағдыланады, жұппен, топпен жұмыс жасауға үйренеді жан дүниесін тәрбиелейді. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түпкір-түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л.Выгодский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты: Барлық жастағы оқушыларға кез-келген мазмұнға сын тұрғысынан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға сабақтарға үйрету. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы

– оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған. Оқушылардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Білім берудің маңызды шарты оқу үрдісінде оқушылардың қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға құштарлықтарын дамыту болып табылады. Ендеше, дәстүрлі сабақта оқушы мұғалімнің көмегімен білім алса; сыни тұрғыдан ойлау сабағында оқушы білімге өзі жетеді, мұғалім тек бағыт беруші. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып,оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естігенін, білгенін талдап, салыстырып,реттеп, сұраптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

Оқушылардың осындай қабілеттерін дамытуға әр түрлі әдістәсілдерді қолдануға болады. Ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді. Жаңа білім беру жүйесінің талаптарына сәйкес өз тәжірбиемде оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда сын тұрғысынан ойлау технология- 41 сын қолданып жүрмін. Сыни ойлау-ашық қоғам негізі. Сыни ойлау дегенәр жеке тұлғаның кез келгенжағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыныдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Бастауышта сәтті сабақ белгіленген мақсатқа жетуге ұстазбен оқушыныңөзара ынтымақтастығ ы негізінде жүзеге асатын үрдіс. Оқыту үрдісінде оқушылардың өз бетімен білім алуғадағдыларын қалыптастыруда аталған бағдарламаның өзіндік құрамы бар. Олар қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. «Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасын қолдана отырып өткен сабақтарда оқушы сыни тұрғысынан ойлап, дәлелдеуге тырысады, ой-өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, келе-келе мұғалімнің түсіндіргеніне қарағанда өз ізденісімен қызығу танытып, шығармашылық қабілеттері ұшталады. Сонымен қатар, жекелей жұмыстар, жұптық және топтық жұмыстар жүргізу арқылы өз ойларын ашық айта білу, пікір айтуға үйрену, пікір таластыру, ойланып жауап беру, жолдастарының ойын тыңдау, жауаптарын бағалай білу, сыйластыққа, ұйымшылдыққа, білім деңгейлерінің жоғары болуына көп әсерлерін тигізеді.

Оның ішінде ерекше бір жағдай: сынып бойынша көп сөйлемейтін, ойлау дәрежесі төмен оқушылардың да қызығушылығы туып, олардың өз мүмкіндіктеріне қарай топтар бойынша сабаққа қатысуға тырысуы байқалады.

Қорыта айтқанда, әр сабақта оқушының жан-дүниесіне еніп, бар білімді сан түрлі тәсілдер арқылы оқушы бойына дарытқан жөн. Өйткені, бала – өміріміздің болашағы. Оларды біліммен сусындатып, өмірге деген көзқарасын қалыптастырып, саналы азамат етіп тәрбиелеу – барша ұстаздың қасиетті міндеті.

"Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "Ғани Мұратбаев атындағы № 17 орта мектебі" КММ
Педагог-психолог
Есенова Ботагоз Серикболовна

МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ – БАЛА БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Мектеп – өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі өте зор. Еліміздің бүкіл жастары мектеп арқылы өмірге жолдама алады. Мектеп ешуақытта отбасынан, қоғамнан бөлініп, өз бетінше жеке автономиялық мекеме болаған емес. Сондықтан оның іс – әрекеті отбасымен, жұртшылықпен, еңбек ұжымдарымен табиғи байланысты. Міне, мектептің үлкен

тәрбиелік функциясы осында. Мектеп тәрбиеге байланысты барлық қоғамдық күштерді ұйымдастыру және біріктіру рөлін атқарады.

Ол ішкі тәрбие процесін басқарып қана қоймайды, сонымен бірге мөлтік аудандарда, кәсіпорындарда жүргізілетін тәрбие жұмысының мақсатқа бағыттылығын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан мектеп балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың, жеке адамның дамуында және қалыптасуында әр түрлі факторлардың ықпалын үйлестіріп, біріктірудің орталығы. Мектеп іс – әрекеттің ең бастысы – тәрбие түрлерінің (дүниетаным, еңбек, мінез – құлық, эстетикалық және дене тәрбиесі) мақсаттары және міндеттері жүзеге асырылады.

Мектеп басшылығымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының формалары көптеп саналады. Олар: ата – аналармен жұмыс: сынып жетекшілерінің және мұғалімдердің үйелменмен жұмысы; сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмыстары. Осы жұмыстардың барлығына мектеп басшылық жасайды, көмектеседі, тиісті адамдармен, ұйымдармен бірігіп іске асыруды қамтамасыз етеді. 2. Отбасы адам баласы тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасы бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келді. Сондықтан ол адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғаш рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларын игереді. Сондықтан отбасылық өмір жеке адамның азамат болып өсуінің негізі. Отбасы оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы. Ол бала тәрбиесі жөніндегі мектеппен тығыз байланысты болуды өте жақсы түсінеді. Өйткені, бала тәрбиесінің отбасыда мектепте нәтижелі болуы осындай ынтымақтастыққа негізделеді. Отбасы тәрбиесі – бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата – аналардың борышы.

Өкімет отбасына үнемі қамқорлық жасауда. Оған дәлел: балалар мекемелері жөніндегі халықтың қажеттілігін толық қанағаттандыру, балаларды еңбек, спорт лагерьлерінің, жас натуралистер станцияларының, ғылыми – техникалық және көркем шығармашылық үйірмелерінің жұмысын кеңейту; ананы, балалық шақты қорғауға ерекше көңіл бөлу; отбасы мүшелерінің демалуы үшін санаторийлердің, демалыс үйлерінің жүйесін кеңейту; аналар жағдайын еске алып, әйелдердің халық шаруашылығына қатысуын үйлестіру. Отбасында басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Бұған баланың күн ырғағы, міндеттері қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу – әрекеті бос уақытын ұйымдастыру жатады.

Бала өмірін және іс – әрекетін ұйымдастыруда негізгі жағдайлардың бірі – ұтымды ырғақ жасау. Күн ырғағы өмір тәртібі, еңбекпен демалыстың парасаттылықпен, кезектесіп өтуі, талаптарды орындау, жақсы әдеттерді қалыптастыру. Күн ырғағын жасауда ата – ана баланың жасын, үй жағдайын, денсаулығын, мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің кеңесін, отбасы мен мектеп ырғағының бірлігін еске алуы тиіс.

Отбасыда күн ырғағының негізгі құрамды элементтері – еңбек, демалыс, ойын, сабаққа дайындалу, тамақтану, ұйқы т.б. дұрыс алмасып отыруы қажет. Күн ырғағын сақтау негізінде мидың үлкен жарты шарының қабында шартты рефлекстер жүйесі (динамикалық стереотип) пайда болады. Мысалы, бала белгілі бір уақытта ұйықтауға үйренсе, оның ми қабында тежелу процесі басым болады да тез 19 тез ұйқыға кіріседі. Сондықтан, ата – аналар белгілі бір уақытта сабаққа дайындалуға, ұйықтауға, тұруға үйретулері, яғни, ырғақ элементтері берік орындалуы тиіс. Балалардың бос уақыты – бұл шығармашылық елігу, қызығу дүниесі. Бала бос уақытында қоғамдық пайдалы істерге, спорт ойындарына, кинофильмдерге, спектакльдерге қатысады. Көптеген отбасыларда ата – аналардың балаларымен бірігіп серуендеуі ізгі дәстүге айналды. Отбасыда балалардың тәрбие процесіне табысты ықпал жасауда басқа да жағдайларды сипаттайтын белгілерді атауға болады. Оларға мына мәселелері жатады:

1. Отбасының этикалық құрамы және құрылымы: толық емес отбасы, бір балалы, көп балалы отбасы, бір ұлттық, көп ұлттық отбасы.

2. Тіршілік әрекетінің және ортаның жағдайлары: отбасы мүшелерінің білім дәрежесі, еңбектену, кәсіптік құрамы, бюджеті, жалпы материалдық әл – ауқаты, селодық және қалалық отбасы.

3. Отбасының мәдени потенциалы: күнделікті тұрмыстың жалпы мәдениеті,күн ырғағы, демалыс, оның формалары, кітапхананы, теледидарды, музыка аспаптарын пайдалана білуі, спортпен айналысу, отбасылық дәстүрлік мерекелер.

4. Ішкі отбасылық қатынастар микроклиматының сипаттамасы, үйелменде көзқарастың бірлігі және айырмашылығы, отбасы мүшелерінің өз міндеттеріне көз қарасы.

5. Қоғамға көзқарасы: еңбек және қоғамдық міндеттерге, қоғамдық тәрбие институттарына қатысы.

6. Отбасының тәрбиелік потенциалы: отбасылық тәрбие, қолданылатын әдістер, ата –аналардың және басқа мүшелердің педагогикалық мәдени дәрежесі. Отбасының өзіне тән ерекше функциялары бар. Олар халықтың өсуі, адамзат ұрпағын әрі қарай жалғастыру, қажетті шаруашылық функциясы, отбасы мүшелерінің өзара және туған – туысқандарымен қатынас жасау функциясы.

Отбасы тәрбиесінің кейде сәтсіздікке ұшырауының себептері. Отбасылық тәрбие бірқалыпты жағдайда іске асырылып, отырмайды. Зерттеу мәліметтеріне қарағанда отбасылық тәрбиенің сәтсіздікке ұшырауының басты себебі – үлкен адамдардың педагогикалық көзқарастарының қауқарсыздығынан болады. Біріншіден отбасында болатын өктемдік баланы өзін өзі билеушілігінен айырады, әрбір қадамына бақылау жасайды, ол өз күшіне мүмкіншілігіне сенімсіз және ішкі жай – күйі төмен болады. Екіншіден, баланы еркелетушілік, бетімен жіберушілік ата – аналардың бәрін кешірушілік сүйіспеншілігіне байланысты.

Баланың жетегіне түсіп еркіне жіберушілік өзімшілдікке тәрбиелейді. Үшіншіден, әке мен ананың және басқа отбасы мүшелерінің тарапынан бірыңғай талаптың жоқтығы. Осының нәтижесінде ата – аналарды немесе ересек отбасы мүшелерінің көзқарастарындағы алалықты пайдаланып, бала екі жүзді және жағымсыз нәрсеге бейім болып өседі. Төртіншіден, ата – аналар балаларды еркімен қарым – қатынас жасаудан, өмірден аулақтауға тырысады, бөгет жасайды. Бұл баланың қалыптасуына, дамуына залалды әсер етеді. Бесіншіден, егер әке мен ана өз баласының іс – әрекетіне немқұрайды, жауапсыздықпен қараса, онда соны пайдаланып, кездейсоқ, күмәнді адамдармен танысуға мүмкіндік алады. Біздің халқымыздың отбасы жағдайында жас ұрпақ тәрбиесіндегі жетекші буын ата мен әже іс – әрекетінің төңірегінде шоғырланған. Себебі, отбасында әке мен шеше негізгі еңбек иелері, отбасы қажеттілігін қамтамасыз етушілер. Ал ата мен әженің өмір тәжірибесі өз дәрежесіне даналық ақыл – ойдың, орында дүниетанымының, талғамның, денсаулық бағбанының, орынды тәртіп пен мінез құлықтық мектебі болып табылады.

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының формулалары. Мектеп оқу – тәрбие жұмысының мазмұнын жақсартуға қамқорлық жасайды, ата – аналарды, барлық жұртшылықты қатыстырады. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының бірнеше формалары бар. Мектеп пен отбасы байланысының басты формасы ата – аналар жиналысы. Онда көптеген мәселелер, мысалы, күнделік өмір, еңбек, демалыс, оқушылардың бол уақыты, кәсіптік бағдар, оқу және тәрбие жұмысы, т.б. талқыланады, оларды одан әрі жетілдірудің нақты формалары қарастырылады. Байланыс формаларының бірі – педагогтардың оқушылар үйіне баруы. Мақсат: оқушылардың үй жағдайымен, күнделік өмірімен, тұрмысымен танысу, оқу және тәрбиеге байланысты әртүрлі тақырыптарда ата – аналармен әңгіме өткізу, пікір алмасу. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының тағы бір формасы педагогикалық насихат, яғни ата – аналарға педагогикалық білім беру. Қазір ата – аналар және қалын бұқара арасында психологиялық және педагогикалық білімді насихаттаудың маңызы өте зор. Насихат жұмысы оқыту мен тәрбие міндеттерін шешуде болымды әсер етеді. Н.К.Крупская өзінің еңбектерінде ата – аналарды педагогикалық минимуммен қаруландырудың қажет екенін бірнеше рет айтқан болатын. Ата – аналардың тәрбие жұмысы процесінде жеке адамның қалыптасуына ықпалы, олардың жалпы 20 олардың жалпы және педагогикалық мәдениетіне байланысты. Осы тұрғыдан педагогикалық – психологиялық білім негіздерімен ата – аналарды қаруландыру мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі. Мектептің ата – аналар комитеті мұғалімдерге, ата – аналарға көмектеседі, балалардың демалысын, қиын отбасыларды шефке алуды, балалардың тұрған жеріндегі жұмыстарды ұйымдастыруға қатысады.

Ата – аналар жиналыстарын, олардың конференцияларын пікірталастарды, балалар мерекелерін өткізудің дайындық жұмыстарына қатысады. Мектептің, отбасының, бүкіл халықтың және мемлекеттің негізгі мақсаты қазіргі заманның талаптарына сай балаларды және жастарды тәрбиелеу, оларды мамандық таңдауға, арнайы орта және жоғары оқу орындарына түсуге халық шаруашылығының салаларында еңбек етуге даярлау. Міне, осы тұрғыдан тәрбие бүкіл жұтшылықтың ісі болып отыр.

"Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "Ғани Мұратбаев атындағы № 17 орта мектебі" КММ
Бастауыш пәнінің мұғалімі
Мырзағұл Шаргул Шарапатдинқызы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДАМЫТА ОҚЫТУ ӘДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бастауыш білім үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы басқышы екенін ескере отырып, оқушыға белгілі бір көлемдегі білім, білік, дағдыларды меңгертумен бірге табиғат қоғам, адам, айналаны қоршаған дүние туралы танымын қалыптастыру, оның жеке басының қасиеттерін жанжақты дамыту, жоғары адамгершілік принциптерге тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. XXI ғасырдың бет-бейнесі біліммен өлшенбек. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Қай елдің болсын өсіпөркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасындағы туындап жатқан әлеуметтік экономикалық өзгерістер еліміздің әлемдік білім деңгейіне енуі жағдайында жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес білім беру жүйесі мазмұны мен оқытудың әдістемелік жүйесін қайта қарау мәселесін талап еткен еді. Қазіргі кезде білім беру жүйесінде білім мазмұнын жаңарту, жетілдіру мәселелері өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Білім мазмұнын жаңарту оқу материалының теориялық негіздерін жан-жақты терең қарастыруды талап етеді. Кезінде бастауыш білім жүйесінің өзгеріске ұшырауына Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, С.М.Языков, А.А.Люблинская т.б. ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесі себеп болған. Дамыту кезінде оқушыларды біліммен қаруландыру, дағдыны меңгерту, білімге құштарлықты қатар жүргізу керек. Білім жоқ бала ойлай да алмайды.Дамыта оқыту барысында білім көлемі де күрделенуге, кеңеюге тиіс деп есептелген. Еліміздің егемендік алып қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мектепті қазіргі кездегі дағдарыстан шығатын қуатты талпыныстарға жол ашты. Білімнің айрықша басымдылық алуы қазіргі қоғамдық прогрестік заңдылықтарынан туындайды. Жаңаша білім құрылымы, негізгі әдістері, формалары, оқу құралдары дамыта оқытудың әдістемелік жүйелері сияқты маңызды мәселелер білім беру орталықтарының құнды құралы.

Ғасырлар тоғысында өзінің жаңа даму жолы мен болмысын айқындап алған Қазақстан Республикасы XXI ғасырда болашақ буын ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің жаңа парадигмаларын қалыптастыруды алдыңғы кезектегі міндет етіп қойып отыр. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруге мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Дамыта оқытуды 1950 жылдың аяғынан бастап Л.В.Занков (1901-1977) және Д.Б.Эльконин (1904-1984) зерттей бастады. Дамыта оқыту оқушыны оқу пәндерін оқып үйренуден теориялық ойды дамытатын оқу іс-әрекетіне көшірді (Эльконин-Давыдов). Ол оқушыны жанжақты дамыту міндетін қойды (Л.В.Занков). Осы міндетті шешу үшін білім мазмұнын түбірлі өзгерту мақсаты қойылған жоқ (Л.В.Занков). Психологтар оқу процесіне оқушының іс-әрекетін енгізу керектігін, оның маңызын дәлелдеді. Дамыта оқыту арқылы оқушыға берілетін білім бұрынғыдай репродуктивтік жолмен емес, керісінше арнайы ұйымдастырылатын баланың жанжақты "теориялық" іс-әрекеті арқылы берілетін болды.Дамыта оқытудың екі жүйесінің де оқу бағдарламалары, оқулықтары бар, олар Ресей мектептерінде кең қолданылуда. Көбіне бастауыш мектепте қолданылады.Дамыта оқыту принциптері орта және жоғары сыныптарға әлі кең түрде енгізілмей отыр.[3] "Жақын даму аймағы" көрнекті кеңес психологы Л.Выготский (1896-1934) оқыту мен дамудың байланысын (О-Д) зерттеп, егер оқыту баланың өзекті даму аймағында жүрсе, онда ол баланы дамытпайды деді. Өзекті даму аймағы - баланың өз бетімен істей алатын жұмыстары. Ал ересектермен ынтымақтаса істей алатыны — жақын даму аймағы. Мысалы, баланың сөйлей алуы - актуальды даму аймағы. Бұл жерде даму жүрмейді. Сондықтан бала мектепке келген бірінші күннен бастап "жақын даму аймағында", дәлірек айтсақ, баланың жазба тілін қалыптастыруға кірісу керек. Ол үшін алдымен жеңіл тапсырмалар беріледі. Мысалы, Ш.Амонашвили және оның мұғалімдері әріптер мен сөздерді белгілеуге Д.Б.Эльконин жасаған шартты белгілерді қолданады. Тақтаға сөйлем және оның астына шартты белгісі жазылады. "Жақын даму аймағында" жұмыс істейтін В.Ф.Шаталов әлі өтпеген ережемен оқушыларға есеп шығартады. Е.Ильин оқушыларға

мұғалімнің өзі біржақты жауап бере алмайтын сұрақтар қояды. 24 Сонымен жақын даму аймағы баланың ақыл-ой жұмысы басталар тұсы. Мұғалім мұнда оқушыға тапсырма, әдістемелік нұсқау береді, ізденуге бағыттайды, ізденістің бағдарламасын береді. Мұғалімнің жақын даму аймағындағы жұмысының тиімділігінің көрсеткіші - әр оқушының мұғалімнің көмегін алуға әзір тұруы. Дамыта оқытуда мұғалім жақын даму аймағында жұмыс істеу керек. Ол оқушыға ақпараттар беруші, ынталандырушы, бейне туғызушы, баланың кемшіліктері мен табысына назар аударушы, себебі әр оқушының өзінің "жақын даму аймағы" бар, онда жалпы тәсілмен жұмыс істеуге болмайды. Л.В.Занков жүйесі.

Оның тұжырымдамаларының дидактикалық принциптері: оқытуды түсінуге қиын етіп жүргізу;

•теориялық білімнің жетекші рөлі. Теорияны құрғақ жаттамай, ондағы мәнді байланыстарды, заңдылықтарды ашу;

• оқушының ізденуі. Мұғалімнің өзінің түсіндіруі – дамудың қауіпті жауы;

•оқу процесін оқушылардың сезуі. Оқушы өзін оқу іс-әрекетінің субъектісімін деп сезінеді. Материал қайт кенде есімде жақсы қалады, жаңа не нерсе білдім, менің дүние туралы түсінігім қалай өзгерді, мен өзім қалай өзгердім деген сұрақтарға жауап береді;

• барлық оқушыларды дамыту үшін жүйелі түрде жұмыс істеу, қабілетке қарай бөлуге жол берілмейді.

Бала басқа балалармен ынтымақта дамиды. Бұл принциптер Б.Тұрғынбаеваның зерттеуінде толығырақ түсіндірілген. Л.В.Занков өз экспериментінде оқушылардың психологиясын зерттеу әдістерін кең қолданды. Дамуда оқыту жетекші рөл атқаратынын, ол балаға жанама түрде әсер ететінін, баланың ішкі жан сарайының ерекшелігі оқытудың оған өтуіне жол беретінін, оқыту тиімділігінің көрсеткіші, мақсаты баланы жалпы дамыту екенін іс жүзінде дәлелдеді.

Занков жүйесінің басты міндеті - баланың жалпы психикасын дамыту еді. Оған ақыл, ой, ерік-жігер, сезім енді. Осыларды дамыту білім, іскерлік дағдыларды түсініп, есте сақтаудық сенімді негізі деп саналды. Оның түсінігінде бала өзінің қызығатын нәрсесі, талап-тілегі бар, мектепке тек білім алу үшін ғана емес, бақытты өмір сүру үшін келетін жеке тұлға. Олай болса, мақсат - баланың барлық адамдық қасиеттерін дамы ту. Ең маңыздысы, бала бойындағы жағымды сезімдерді жоғалтып алмау. Сондықтан дамыта оқытуды қолданған мұғалім оқушыдан бағдарламадан тыс оқыған кітабынан түсінгенін сұрайды. Себебі Л.В.Занков түсінігінде бала өзінің білетінін басқаларға жеткізіп үйренеді.

Л.В. Занков жүйесінде бастауыштағы білім мазмұны бай. Ғылым, әдебиет, өнер туындыларынан білім беріледі. Оқу жоспарында география, жаратылыстану бар. Орыс тілі, оқу кітабы, математика, еңбек, эстетикалық бағыттағы пәндерінің мазмұны толықтырылған. Оқушыларды дамытатын дұрыс жазуға дағдылану, санау, оқу, бейнелеу өнері, өнер шығармаларымен жұмыс, қолмен жұмыс істеуге үйрену. Л.В.Занков жүйесінде экскурсия кезінде алынатын білімнің үлес салмағы көп. Бала сабақта өзінің өмірден көрген-білгендерін айтып, оны жолдастарымен бірге талқылап отырады. Қарама-қайшы білімдер ойды дамытады.

Мұғалімнің жұмыс стилі сыныптағы нақты жағдайға байланысты өзгереді. Мұғалімнің сұрағы мен тапсырмалары біржақты жауаппен шектелмей, оқушыны өз көзқарасын айтуға, өз бағасын беруге итермелейді. Занков жүйесінде оқытуды ұйымдастырудық жетекші нысаны — сабақ. Тек сабақтың дәстүрлі құрылымы өзгереді. Сабақ оқушылардың түсінігіне қиын болып келеді. Осыған сәйкес сабақ жаңа материалды оқудан басталуы мүмкін. Дәстүрлі оқытуда уақыттың көбінде мұғалім сөйлейді. Дамыта оқытуда мұғалім баланың өз ойын, өз бақылауларын, танымын айтуына жағдай жасайды. Сыныптағы "тәртіп" ұғымы өзгереді. Оқушылар жұмыс барысында шулайды, күледі, бірбірімен әзілдеседі.

Оқытуды ұйымдастырудық маңызды нысаны - экскурсия. Таным негізі тек кітап, мұғалім сөзі ғана емес, қоршаған орта, материалдық мәдениет. Л.В.Занков түсінігінде даму адамның өзін-өзі көрсетуінсіз, өз пікірін, бағасын білдірусіз мүмкін емес. Оның жүйесімен қорытынды шығарғанда баланың байқампаздығына, ойлау барысына, тәжірибелік іс-әрекетіне, сезіміне, ерік-жігеріне, қажеттіліктеріне жақсы мен жаманға көзқарасына, олардың қаншалықты деңгейде дамығандығына баса назар аударылады. Сонымен сабақ үлгерімі жалпы дамумен ұштастыруылады. Оқушы бағдарламаны өте жақсы меңгермесе де, оқуға деген ынтасы пайда болып, сынып ұжымымен байланысы жақсарса, дүние туралы түсінігі, онымен қатынасы өзгерсе, онда оқыту өте тиімді (пайдалы) жүрген деп бағаланады. Дәстүрлі оқытуда баға басты рөл атқарады. Л.В. Занков сыныптарында балаларға баға қойылмайды. Баға жазба жұмыстарының қорытындылары бойынша шығарылады. Нәтижесінде балалар кім "озат", кім "үлгермеуші" екенін білмейді. Л.В.Занковтың дидактикалық жүйесінде шынайы жағымды эмоциялар

көп, мұғалім мен оқушылар арасында татулық бар. Баланы жалпы дамытатын жаңа мәселелерді (сұрақтарды) талдау, жолдасының көзқарасымен келісу немесе оған күдіктене қарау, өз пікірі дұрыс болмаса бас тарту. Ақыл-ой іс-әрекетінің алуан түрін орындау кезінде бала қиындықты жеңіп, табысына қуанады, қанағаттанады. Баға қойылмауы сыныпта жақсы жағдай туғызады.

Сонымен Л.В.Занков жүйесі 25 бойынша оқыту баланың дамуын анағұрлым тездететінін көрсетті, балалар – сыншыл. Бастауыштан орта сыныптарға өткенде қиындық болады. Дамыта оқыту рефлексияға қабілеттілік сияқты бағалы сапаны қалыптастырады. Рефлексия - өзінің психикалық жағдайы туралы ойлануы, өзінің толғаныстарын таңдай білуге бейімділік. Бала өзінің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын реттеп отырады. Л.В.Занков оқушыларының ерекшелігі ақыл-ой жұмысына құштарлықтары. Бала өз бетімен білім алуға ұмтылады. Білімді өз бетімен алу көңілге жақсы сезім ұялатады. Өзін жақсы көру достық, өмірді сүю сияқты қасиеттердің негізі.

Қазіргі кезде Республиканың білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – қазақ мектебі түлегінің білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу, дамыта оқыту. Ол үшін мектепке заман талабына сай мемлекеттік білім стандартын енгізу, соған сәйкес кәсіби шеберлігі дамыған кадрмен қамтамасыз ету, өркениетті ғылыми – әдістемелік бағытқа ынталандыру, жаңа базистік оқу жоспары мен жаңа буын оқулықтарына көшу, орта білімді ақпараттандыру, тағы сол сияқты білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін мәселесі.

"Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "Ғани Мұратбаев атындағы № 17 орта мектебі" КММ
Информатика пәнінің мұғалімі
Маңғұтова Айнұр Бақбергенқызы

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

«Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға», – деген Абай сөзін өзінің қағидасы еткен ұстаз әрдайым құрметті. Ол өзінің бойындағы бар мейірімін, білімін, тәжірибесін алдындағы шәкірттеріне беріп, олардың рухани дүниесін байытады, өмірде неғұрлым адаспай, дұрыс жолмен жүруге дайындайды. Барлық білім беруде оның сапалылығы ең алдыңғы орында тұратыны шарт. Білім беру уақыт ағымымен тікелей байланысты ағып жатқан бұлақ секілді. Күн, ай, жыл, ғасыр өтуімен уақыт талабына сай негізделсе, ол берілген білім оқушы қауым үшін шыңға жетелейтін күш сияқты болмақ.

Бұл мақалада, білім беру процесінде, ақпараттық технологияға негізделе отырып, өзге мамандық салаларымен тікелей қарым-қатынаста бола алатын, қоғамның интеллектуалды ұлт қалыптастыруға өз күшін аямай, білім беру саласында айырықша орын алатын жаңа ғасырдың жаңашыл информатика пәні мұғалімдері жайлы сөз қозғалмақ. Әрбір өтілетін сабақтың өзіне тән стилі болады. Өту ережесіде, айтылатын, түсіндірілетін бағамдары да әртүрлі болмақ. Бірақ та, барлық оқушы қауымға өтілетін пәндердің мақсаты мен міндеті, болжамалы нәтижесі де бір арнаға келіп тоғыспақ. Білімді білікті, өз ойын еркін жеткізе алатын, толерантты, мәдениетті, тәртіпті тәрбиелі, адамгершілігі мол, зиялы, заман ағымының жаңа талаптарын меңгерген жеке тұлға ретінде қалыптасып шығаруға тырысу керек. Бұл мейлі математика саласының мұғалімі болсын, мейлі қазақ тілі немесе ағылшын, информатика саласының оқытушылары болсын барлығының ортақ міндеті болып табылады.

Осындай тұлғаны қалыптастыру барысында қандай құралдар маңызды роль атқарады деген ой туады. XXI ғасыр ғылым мен техниканың дамыған ғасыры – ақпаратық-коммуникациялық технологиялар ғасыры – деп аталып келе жатыр. Сөзсіз, бұл сөзбен келісеміз. Әрине осы таңда тек кітаппен баланы интеллектуалды оқушы ретінде қалыптасыру қиынырақ. Осы таңда білім беру саласында информатика деп аталатын пәннің алатын орны орасан зор. Неге десеңіз, информатиканы оқып отырған оқушы сыртқы ортамен байланыс орнатады, информатика әрбір оқушыны зияткер оқушы ретінде қалыптастыруға игі әсерін тигізеді.

Оқушылар оқу процесінің қаншалықты қызықты, қаншалықты түсінікті, сонымен қатар логикалық түрде ойлау санасы арта түсетіндігіне көз жеткізеді. Мұның барлығы әрине, тек білімді, саналы, ақылды, мәдениетті, жанжақты ізденімпаз «информатик» маманның қолында. Ал ондай мамандар бүгінгі таңда

қоғамдағы аса қажетті мамандық түріне жатпақ. Қазіргі таңда заман талабына сай пән мұғалімі ғана болу аз, информатик – ол ұстаз, новатор, иннотехник болуы тиіс. Мұғалім өзі иннотехник (инновациялық технологияларды жетік меңгерген педагог) дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек, содан кейін пән бойынша қандай тақырыпқа пайдалану керектігіне тиімді зерттеу жүргізеді. Информатика саласы басқа ғылым салаларынан қарағанда жас ғылым. Ол күнделікті дамып отыр, басқа ғылым салаларымен тікелей байланысты талап ететін, жаңа ғасырдың жетекеші пәні ретінде өз статусын алды. «Информатиканың кешегісі мен бүгіні» деген мәселе қозғалса, ондағы айырмашылық жер мен көктей. Демек, ғылым саласы бір орында ұзақ тұрмайды екен, онда сол саланы таңдаған маманда кешегі оқыған білімімен жүре берсе, ол сол ғылым саласымен қоштастым дей беруге болады. «Информатика пәнінің мұғалімдері баланың интеллектуалды тұлға ретінде қалыптасуы үшін не істеуі керек және нені білуі?» қажет дегенге жауап іздеп көрейік.

Қазіргі заман ақпараттық технологияның торына буылған заман. Олай болса, «ақпарат деген не?», «технология деген не?». Ақпарат ол алмасу, оны алу немесе беру тек қарым-қатынас нәтижесінде ғана емес, адам миы бұрынғы қабылдаған мәліметтерді, хабарларды, білімін өңдеу процесі. Технология деп отырғанымыз ол өнер, ол шеберлік, ол біліктілік, белгілі бір нәрсені өңдеу үшін орындалатын әрекетер тізбегі екен. Ал олай болса, технология мен ақпарат түсініктерін біріктіре келе, ақпараттық технологияны – есептеуіш техника құралдарын пайдалана отырып, ақпартты алу, жинақтау, сақтау, өңдеу, талдау және ұсыну қызметтерін жүзеге асыратын әрекеттердің реті деп айтуға болады. Демек информатика ақпаратпен байланысты нәрсенің бәрін оқытады. Қазіргі өмір ақпартқа өте тәуелді. Сонымен қатар, әрине информатика компьютермен және компьютерлік программалармен қалай жұмыс істеуді зерттейді.

Информатиканы оқи отырып, ақпартты қайдан алатынын, оның қандай болатынын, оны адамдардың қалай алып, қалай игеретінін және сақтайтынын үйренеді. Техниканың адамдарға ақпаратты өңдеуде қалай көмектесетінін үйренеді. Баланы оқыту барысында информатика мұғалімі ақпараттық технологиялар құралдарымен тікелей байланыс орнатып, олардың пәнге деген қызығушылықтарын оятып, көрнекілік ретінде, интербелсенді тақтаны, компьютерді, электронды оқулықтарды, электронды тестер мен ойындарды ұсынса, бала жадысында сол сабақ тез жатталмақ. Күнделікті сабағында ақпараттық технологиялардың соңғы жетістіктерін әртүрлі: презентациямен, электронды тест, ребустармен, сөзжұмбақтар сынды құралдарды пайдаланса, оқушы сабаққа қызығушылық танытып, келесі сабаққа бар жақсы ынта ықыласымен келетін болады. Себебі, ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері мұғалімдерге баланы оқытуда бейне және ойын бағдарламаларын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Қазіргі оқыту үрдісіне жаңа педагогикалық технологиялар кеңінен енуде. Оқушыны пәнге қызықтырумен қатар, саналы ойлауға тәрбиелейтін, қоғамдық көзқарастарын қалыптастыра алатын, өзіндік пікірі бар, қоғамдағы болып жатқан түрлі қарама-қайшылықтарды түсіне білетін, еркін сөйлеп, өз пікірін ашық айта алатын ойлы ұрпақ тәрбиелеуде сабақтың маңызы зор. Мұғалім мен оқушылар «сабақ» атты театрдың басты кейіпкерлері болғандықтан барлығымыздың бағытымыз бен бағдарымыз бір болса, табысты нәтижеге қол жеткізетініміз сөзсіз. Әр мұғалім оқушыға көпқырлы сабақ беретін болған соң, қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануы тиіс. Мұғалім шеберлігі – ізденіс нәтижесі. Сондықтан, орыстың ұлы педагог-ғалымы К.Д.Ушинскийдің “Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады” – деген. Бұл “Ұстаз” атты ұлы сүрлеуге соқпағын салып, жол тартқан көкірегі ояу, көзі ашық әрбір адамға берілген елеулі ескерту.

Сабақты тартымды өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр сабағымызды түрлендіріп отыру шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әртүрлі технологияның элементтерін пайдалану қажет. Сөз соңында, қазақтың ақыны, қоғам қайраткері, түркітанушы әрі педагог Ахмет Байтұрсынұлының мына бір сөзімен қорытындыласақ: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Сондықтан ең алдымен мектепке керегі – педагогика, психология, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін білімді мұғалім».

"Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "Ғани Мұратбаев атындағы № 17 орта мектебі" КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Келімбет Айна Нағиқызы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІСТЕР

Бүгінгі таңда оқыту процесі әр мұғалімнен жаңашылдығын талап етіп отыр. Қазіргі педагогикаға енген жаңа әдістер мен тәсілдер мұғалімнің тек түсіндіруші, оқушының қабылдаушы рөлінде мүлдем сыйыспайды. XXI ғасырды бәсеке ғасыры десе, сол бәсекеде тек бәсекеге қабілетті, өз пікірін нақты жеткізе білетін, терең білімді игеріп қана қоймай, сол білімін өмірде қолдана білетін жеке тұлға қалыптастыруда мұғалімдерге үлкен жауапкершілік артылып отыр.

Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарымқатынасқа өту қажеттілігі туындайды. Білім берудің маңызды шарты- оқу үрдісін жаңарта отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру.

«Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады» демекші, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеп, қалыптастыру болып табылады. Оқу құралында соңғы жылдары әдістемемізге еніп жатқан жаңа әдіс-тәсілдер мен жаттығулар, рефлексия мен кері байланыс түрлері өте көп. Солардың ішінде оқыту барысында тиімділігі жоғары бірнеше әдіс түрлерін атап кеткенді жөн көрдім.

Олар: «Ақындар мен жазушылар» әдісі, «Аквариум» әдісі, «Алфавит» әдісі, «Ара ұясы» техникасы, «Аударыспақ» әдісі т.б. Әдіс- тәсілдерді қолдану арқылы өткен сабақтардың тиімділігі неде? Біріншіден, мұғалім көп қиналмайды, оқушылар жаңа сабақты оңай қабылдап, тез меңгереді, сондай-ақ сыныпта артық шу, артық әңгіме болмайды .Екіншіден, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық жоғары болады. Сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесінде оқушының сабаққа қызығушылығы артады, нақты өз деңгейінде бағаланады, жеке қабілеті айқындалады, өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді. Сонымен қатар тиімді әдістерді тапсырмалар арқылы пайдаланғанда оқушылар: өз ойын ашық, қысылмай жеткізе алады, өз ойын дәлелдеуге тырысады, өзіне деген сенімділігі жоғарылайды, оқуға деген қызығушылығы артады, ой шапшаңдығы, сөз байлығы молаяды, өз әрекетінің дұрыстығын түсініп, қорғай алады.

Қазіргі таңда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланудағы сабақтардың алғы шарттарына:

- сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау;
- сенімділікке баулу үшін баланың жауабын үнемі бағалау; қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;
- әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау; тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауабын соңына дейін тыңдау;
- жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру жатады.

Сөз соңында айтарым, Н.Ә.Назарбаевтың: «Өмір бойы білім алу – әр Қазақстандықтың өмірлік кредосына айналуы қажет», - деген сөзі ұстаздарға тікелей қатысты. Өзгелерге білгеніңді немесе білу керектіні үйрету үшін, алдымен, соны қалай үйретуді білуді басты назарда ұстаған жөн. Сабақты әртүрлі әдіс –тәсілдерді қолданып, түрлендіріп өткізу оқушыларымыздың білімге ,оқып – үйренуге құштарлығын арттыратыны анық. Ұстаз қандай әдіс-тәсілді қолданса да,мақсат біреу –ол оқушыларға тиянақты да сапалы білім беру. Сондықтан кездесетін қиындықтарға қарамастан білім беру сапасын арттыру,баланы жеке тұлға ретінде алып қарап тәрбиелеу-ұстаздар қауымының міндеті.

"Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "Ғани Мұратбаев атындағы № 17 орта мектебі" КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Разакова Майра Динсламовна

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ИГЕРУ АРҚЫЛЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУ

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар.

Қоғамдағы адамдар жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың алмасуы оқыту процесі арқылы жүзеге асырылады.Соның ішінде сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы оқыту – саналы процесс екенін айтқым келеді. Интеллектуалдық деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін, оны оқытып қана қою жеткіліксіз. Оны тұлға ретінде жан – жақты дамытуға қолайлы, оқытудың шығармашалақ түрін жасау қажет, яғни шығармашылық оқу әрекетін туғызу қажет. Бұл баланы, берілген оқу материалын жаттап алу ғана емес, керісінше өз бетімен білім алу үшін ізденуге үйретеді.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

— белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

— индивидтік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

— өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;

— шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарыда қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады.

Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектепішілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ораға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз “Ұстазы жақсының — ұстамы жақсы”, “Тәрбие басы – тал бесік” деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке кетпейтіндей өсиет еткен. Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, “Ұстазға қарап шәкірт өсер” деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Ұстаз үшін өз еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ.

Мектебімізде ұстаздарымыз тәрбие сағаттарын, өткізілетін іс-шараларды, ғылыми жобалардың тақырыптарын ұлттық құндылықтарға бағыттап алады.Атап айтар болсақ , «Қара жорға» биінің зерттелуі, «Етістіктердің ұлттық ойындарда қолданылуы» , «Қазақ ертегілері – қазіргі жастар көзімен» т.б.

Қорыта келгенде, ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, рухани дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттаумыз қажет.

"Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "Ғани Мұратбаев атындағы № 17 орта мектебі" КММ
Тарих пәнінің мұғалімі
Байкөбесова Данагүл

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тарих пәнін қазіргі заман талабына сай оқытудағы басты мақсат – дүниежүзілік даму- дағы адамзаттың орны, әлемдік құндылықтардан хабардар, жан-жақты жетілген, өз тари- хының өткеніне көз жүгіртетін, қоғам дамуының үрдісіне баға бере алатын, белсенді, ұлтжанды, өз елінің патриот азаматын қалыптастыру. Әрбір ұстаз алдында өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты тұлға тәрбиелеу міндеті тұрады. Әрбір оқушының болашағы мектепте шың- далады. Ертең осы елге ие болар азаматтар бүгінгі мектеп оқушысы болғандықтан мектеп- тердің бүгінгі жайы, даму бағыттары, келешегінің көкжиектері бүкіл қоғамның назарында. Өмір өзгеріп, заман жаңарып, еліміз дамудың жолына түскен кезде білім шаңырақтарының міндеті қиындай түсті. Өркениет деңгейдегі тәуелсіз мемлекеттің рухани өсу тұрғысынан, озық білім үлге- рімен қаруланған жастарды тәрбиелеу мәселесін ескерсек тарих пәнінің маңызы өте ерекше. Тарих пәні оқушыларды өзінің және өзге ұлттар мен ұлыстардың тарихын білуге, Отан- сүйгіштікке, елжандылыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелейді.

Бүгінде сабақ берудің түрі мен әдістері өте көп. Осы әдістердің қайсысы тиімді екенін мұғалім өтетін тақырыптың ауқымдылығына, мазмұнына қарай таңдап алуы тиіс. Сабақ түрі жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, жаңарып отырса, болашақ ұрпаққа әсері мен ықпалы мол болары анық. Оқыту мен оқу үдерісінің сапасы мен тиімділігін арттыруда педагогикалық жаңа технологияларды енгізудің рөлі маңызды.

Мұғалімнің білім беру әдістемесін жаңарту арқылы оқушыларды белсенді оқу ортасында өздігінен мазмұн мағынасын ұғынғау, дерек- терді талдауға, түпкі ой мен идеяны анықтай алуға баулу қашан да өзектілігін жойған емес. Оқушылардың ойлау үрдісін жаңарту арқылы ақпараттарды меңгеру, білім, білік, дағды- ларының беріктігіне қол жеткізу, өз бетінше немесе сыныптастарымен бірлесе оқып-үйрену әрекеттерін қалыптастырып, уақытты бос өткізу дағдыларынан арылту белсенді оқу ортасын құра білу шеберлігіне таза тәуелді. Білім берудің жаңа үлгісін қалыптастыру мақсатында үнемі жаңа әдіс-тәсілдерді қисынды пайдалану, олардың қаншалықты тиімді екендігіне көз жеткізу мұғалімнен сарапшы болып, өз тәжірибесін рефлексиялай білугешақырады. Жаңа ұстанымдар бойынша нағыз сабақ – ол диалогтік сабақ, іздене отырып, бірлесе дайындалып, бір-бірінен үйреніп, кеңесе келе бірін-бірі оқыту сабағы. Осындай сабақтар арқылы балалар оқу үрдісінде ақпараттармен бөлісе алады, бірбірін тыңдауға үйренеді. Ал бұл мәселе де оңай шаруа емес. Әсіресе, сабақ үстінде бірін-бірінің жауабын тыңдап қана қоймай, саралауды, бақылауды, талдауды қоса орындау ыждағаттылықты, жауапкершілікті, ерік-жігерді талап етеді. Сондықтан да пәнді оқыту барысында мұғалім тек мазмұнды меңгеруді ғана емес, психологиялық даму талаптарына баса назар аударуымыз керек. «Диалогтік оқыту» тарих пәнін оқыту үрдісінде қолданылатын тиімді әдіс болып табылады. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың бірбірімен өзара пікір алмасуына, сұхбаттасуына, мәселені талдауда өз ойын айта білу дағдыларын меңгеруіне септігін тигізсе, ал мұғалім мен оқушы үшін шәкірттерінің өзіндік пікірін жүйелі жеткізуге және дамытуға ұстаз тарапынан көмектесуі деп түсінеміз. Оқушылар диалогқа түсу арқылы өздерінің көзқарастарын білдіріп, ортаға салуға машықтанады. Диалогтік оқыту әдісін оқу үрдісінің әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады.

Оларға пікірталас, мәселелік тапсырмалар, іскерлік ойындар, тренингтер т.б жатқызуға болады. Бұләдістерсыныптағыбарлықоқушыларды әрекеткетартып, жұптық, топтық тапсырмаларды бірігіп орындауға, ұжымдажұмысжасауғаүйретіп, тілдіккарым-қатынасорнатуға ықпалын тигізеді. Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда диалогтік оқыту - оқу үрдісіндегі қарым-қатынаста алдыңғы орын алады. Ол оқытудың негізгі мақсаттарына жетуде маңызды құрал деп санаймыз. Диалогтік оқыту әдістерінің барлығы дерлік оқушының өз бетімен іздену жұмыстарын жүргізуіне, мәселелік жағдаяттарды шешуіне бағытталған еркін пікір алмасуды көздейтін диалогқа құрылған әдістер. Ғылым мен техниканың дамыған заманында адамзат көзқарасының заман талабына сай өзгеруі қалыпты жағдай. Оқу-тәрбие үдерісі негізінде баланы дамыту мәселесі барлық жағынан алғанда мектеп практикасының

стратегиялық құндылығына кіреді. Тарих пәнін оқытуда түрлі жаңашыл, педагогикалық технологияларды пайдалану – оқушы дамуының нақты көрінісі болмақ. Қысқа мерзімде аз шығынмен жоғары нәтижеге қол жеткізу нағыз тиімділік көрсеткішіболады.

Жаңартылған оқу жоспарын құрастыру мұғалімнен кешенді дайындықты, оқыту мен оқу үдерісін тұтастықта жоспарлауды қажет етеді. Оқушы мәтінмен өз бетінше жұмыс жасау арқылы тарихи оқиғаларды жүйелі баяндауға және өз көзқарасын білдіруге дағдыланады. Ізденіс белсенділігі көмегімен мақсатты ақпараттар жинақтауға машықтанып, тарихи тұлғалардың өмірін зерттеу жолдарын меңгере бастайды. Осылайша өз халқының тарихын тануға, білуге және құрметтеуді үйренеді. Тарих сабақтарында педагогикалық технология- ларды, оқытудың интерактивті әдістерін тиімді қолданып оқыту, тірек сызбаларын пайда- лану оқушылардың ойларын жинақтап пайдалануға, тарихи даталарды естеріне сақтауға көмектеседі және бірқатар нәтижелер береді. Оқыту мен оқу үдерісін қарқынды дамытуды қолға алу үшін оқушыларды артық жүктемеден сақтандырып, оқытудың оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасауды назарда ұстау керек. Жаңартылған буын оқулықтарын мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартының талаптарымен жете танысу, білімді педагогикалық технологияны игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейіне жеткізу жолдарын жетілдіру үшін жоспарлаудың маңыздылығы жоғары. Жаңа технологияларды, әдістерді және оқыту формаларын қолдану тек қана нәтиженің құндылығын көтеру ғана емес, білім беру ісәрекет процесін де көтеруге мүмкіндік береді. Мұғалім жаңа әдістерді, тәсілдерді, стратегияларды оқу мақсаттарына сәйкес жоспарлай білу кәсіби құзыреттілік көрсеткіші.

Алматы облысы, Іле ауданы, Қосөзен ауылы
"Айналайын" бөбекжай балабақшасы
Тәрбиеші
Рахимова Камшат Куттыбаевна

ЖАҢА ЖЫЛ

Мақсаты: Балаларды қонақжайлылыққа үйрету, мерекелік көңіл-күй сыйлау.
Жүргізуші:
Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Сіздерді келе жатқан
Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.
Келді тағы Жаңа жыл,
Қуантумен біздерді
Құтты болсын мереке,
Құттықтаймыз сіздерді.
Аяз ата мен Ақшақар кіріп келеді.
Аяз ата: Ақшақар қызым осы ерте келіп алған жоқпыз ба?
Ақша қар:Балалар бізді бір жыл күтті емес пе, ерте келгеніміз дұрыс болды. Бізді көріп таңырқап қалсын
Жургізуші: Сәлеметсіз бе аяз ата Сіздерді көріп куанып тұрмын
Аяз - Ата: Амансыңдар ма, балалар?
Сәлеметсіңдер ме, қонақтар?
Балаларым, балғыным

Өмір гүлім шалғыным.
Тілегенім жыл бойы,
Сендердің денсаулықтарың!
Мысықтың дауысы шығады
Тышқан: Ойбай! ата, қорқамын,
маңдайымда сор қалың.
Артымнан қуып келеді,
Мысық деген ортағым.
Дәмін татып тұрғандай,
мына мендей тышқанның
Ойбай! ата, қорқамын!
Аяз ата: Томпаңдаған томпағым,
Келе қойшы қорқағым.
Ешкім саған тимейді,
Заңы солай ортаның.
Заңды бұзса қор болар,
Айналасы тор болар.
Көптің тапса көңілін, Абыройы зор болар.
Қайда жүр менің жыл иелерім,
Шақыр! Кәне, оларды
Күттіріп қойып біздерді, не істеп жүр өздері
Жүргізуші: аяз ата сіз ұзақ жолдан шаршаған боларсыз, отырып демалыңыз. Ал, ақшақар жыл иелерімен би билеп көңіл көтерсін.
Тышқан: Шақырайын, аяз ата (шақыруға шығып кетеді)
Музыка ойналады.Музыкамен билеп жыл иелері кіріп келеді
Бәрі бірге билейді
Ақша қар: ата немерелеріңіз өсіп қалыпты. Қандай керемет
Ақшақар:- Балалар, мені таныдыңдар ма? Мен Аяз атаның немересі Ақшақармын!
Аяз-ата: Амансыңдарма айналайындар
- Ой, балалар шыршаларың қандай әдемі, керемет! Бірақ неге көңілсіз?
Ақшақар: - Ой, қандай керемет шырша!!! Қаншама жалтыраған ойыншықтары көп. Бірақ шамдары жанбай тұрғой.? Келіңдер балақайлар бірге шамдарын жағайық.
Ойын: «Шыршаның шамдарын жағу» музыкамен
Ойынның шарты: Ақшақар балалармен қол соққанда шырша шамы жанады. Ал, үрлеген кезде шырша шамы сөнеді. Ойынды үш рет қайталау. /Ойынның шартын ақшақар түсіндіреді және ойнатады/
Қоян: Ақша қар неге көңілсізсің, сізге не болды?
Ақшақар:- Балалар қараңдаршы айналамызда қаншама ұлпақарлар. Ал менің бәйшешекті көргім келеді .Менің өмірімде бір рет болса да бәйшешекті көру арманым
Аңдардың бәрі шуласады
Ойбуй енді кайттік, қыста бәйшешек өсуші ме еді.Не істейміз достар
Аяз ата: менің немере қызымның тілегін орындап,кім бірінші қар астынан бәйшешекті тауып әкелсе, сол жыл басы болады.
Аңдар; Улу сенің көмегің қажет. Қар астынан қазып алсаңда, қоштасар кезінде Ақша қардың бір тілегін орындарсың
Улу: (басын изейді) оңай болмайды дегенмен балалардың көмегімен табуға тырысып көрейік
Солай ма балалар,маған көмектесесіңдер ме
Ойын: «Қар астынан бәйшешек жинау»
Ойынның шарты:
Қар астындағы бәйшешекті табу
Тышқан мен таптым, бірінші болап мен таптым деп куанады
Ақша қар: Жарайсыңдар! балалар, көп рахмет сендерге деп куанып қалады
Бәйшешек деген әдемі гүл екен, ата қараңызшы деп таң қалады.
Осы кезде Аяз ата ұйықтап шыршаның қасында отырады.

Ақшақар:- Балалар қараңдар Аяз ата ұйықтап қалыпты. Ол алыстан келемін деп, әбден шаршаған ғой. Ой, балалар тыныш, тыныш. Қасына барайық, келіңдер жақындайық. Қанекей, балалар Аяз атаны оятайық.

Ойын: «Аяз атаны ояту»

Ойынның шарты: Қане балалар қолымызды қатты соғып, аяғымызды топылдатайықшы аяз ата ұйықтап қалыпты. Алақанымызбен қаттырақ соғайық. /Ойын 3 рет қайталанады/

Аяз ата:-(оянып кетеді) ұзақ жол жүремін деп,балақайларым көзім ілініп кетіпті

Ақша қар: Ата бірінші болып тышқан тапты бәйшешекті

Аяз ата: Жарайсың! кішкентай болсаңда,пысық екенсін жыл басы сен боласың!

Жүргізуші:- Келіңдер балақайлар! Аяз атаны ортаға алып ән айтайық.

Ән: «Аяз ата-ақша қар»

Аяз- ата: Тамаша, керемет. Жарайсыңдар балалар бүгін сондай қуанышты мереке болды.

Қоян: Аяз ата сіздермен күніміз көңілді өтті. Жылан жылын қарсы алыңыздар. Тышқан екеуіміз Улуды шығарып салайық. (**Тышқан мен қоян бірге шығып кетеді)**

Улу: Ал,балалар қош болыңдар.Сендермен бір жыл керемет күндеріммен және молшылық жылдарымды өткіздім.Аман болыңдар!

Музыкамен: Жылан жылы кіреді.

Жылан тілегін айтады

Жылан жылы нұр болып келсін. Қажыр-қайратымыз таусылмасын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Алдағы жыл халқымызға тек жақсылығын ала келсін. Береке-бірлігіміз ажырамай, жаңа жылда биік белестерді бірге бағындырайық. Татулығымыз ажырамасын. Шаттық пен қуанышқа кенеле берейік.

Сыйлықты жылан алып келеді

Ақшақар: Аяз-ата сіз ештеңе ұмытып кеткен жоқсыз ба?

Аяз-ата Жоқ мен ештеңе ұмытқаным жоқ. /ойланып/ Балалар ән айтты, балалар мен бірге шыршаның шамын жақтым, ойнадық. Жоқ ештеңе ұмытқаным жоқ.

Ақшақар: Ұмытып кетіппіз сыйлықты

Жылан: Сыйлықты шанаңызда қалдырып кетіпсіз

Аяз ата:- Ой, ой, ой кәрі басым-ай, ұмытып кетіппін ғой.Рахмет саған жылан жылы. Қане, қызым Ақшақар алып кел сыйлықты.

Ақшақар:- Қараңдаршы балалар, Аяз ата сендерге қандай керемет сыйлықтар алып келген. Жаңа жыл деген таңғажайыпқа толы мереке ғой! Барлық адамдар бұл мерекені жақсы көреді. **қапшықтың ішін ашады, сыйлықтар шығады.**

Аяз ата- Ал,кәне,балалар,
Сендерге сыйлығым бар,
Аталарыңның сыйлығын
Қуанып қабыл алыңдар!

Жүргізуші:- Біз өнерлі баламыз,
Ертең-ақ өсіп толамыз.
Атамыздың сыйлығын,
Рахмет айтып аламыз.

Бәрі бірге: РАХМЕТ!

Аяз ата- Ал, балаларым тағыда Жаңа жыл құтты болсын.Енді біздіңде қайтатын уақытымызда болып қалды.Себебі, өздерің секілді балалар өнерлерін дайындап, сыйлықтарын алуға асығып отырған болар. Келесі жылы кездескенше қош сау болыңдар!

Балалар- сау болыңыздар!

Жүргізуші:- Би-биледік,жыр-жырладық,
Қызығына тоймадық.

Достарменен ойнадық, Жаңа жылды думандатып тойладық! Ал, құрметті қонақтар осымен мерекелік ертеңгілігімізді аяқтаймыз.

Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қосүйеңкі ауылы
«Балбұлақ бөбекжай - бақшасы»
Ән жетекшісі
Мотаева Жанар Дуйсешовна

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

Мақсаты: Балалардың музыкалық аспаптар туралы түсініктерін кеңейту, ұлттықаспаптардың қадірін, қасиетінбағалау ой өрісін молайту.

- Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған ашық-іс әрекетімізің тақырыбы ***«Ұлттық аспаптар»*** жайында болмақ.

Шаттық шеңбері:
Балабақшам арайлы
Таң шапағы тарайды.
Күннен шуақ аламыз
Қуандырып талайды.
Көңілді аспаптармен
Жырға бөлеп маңайды.
Қайырлы к.н апайлар
Қайырлы күн достарым.

Жұмбақ
Екі құлақты
Он тоғыз тұяқты
Шешуін тапшы
Күмбірлеген күй
Төгілген сияқты.

Балалар: домбыра
Өте дұрыс. Ендеше балалар тақтаға қарайық біз қазақтың ұлттық аспаптарымен танысайық.
Аспаптар ішекті, ұрмалы, үрмелі болып бөлінеді.

Домбыра : қазақ халқының тұрмысында кең тараған музыкалық аспап. Домбыраның екі ішегі, екі құлағы, тиегі және мойнында 19 пернелері болады.

Қылқобыз: ысқышпен ойнатылатын қос ішекті музыкалық аспап. Қобыз дөңгелек, шұңғыл, бос ыдысқа ұқсайды. Үстіңгі жағында ағаш сабы бар, басы жүрек бейнелес. Төменгі жағы тізеге тіреу үшін ұзын таяққа бекітілген.

Жетіген: қазақ халқының көп ішекті шерпелі аспабы. Жалпы тұрқы ұзынша, жәшік тектес етіп жасалады. Аспаптың құлақ күйі осы асықтарды әрлі-берлі жылжыту арқылы келтірілген. Ішек сандары жетеу болғандықтан, аспап **Жетіген** аталған.

Дауылпаз: қазақ ұрмалы аспаптарының қатарына кіреді. Оны ұрып қанақолданғандықтан , кез келген күшке шыдас беру үшін қатты үйеңкі, қарағай, қайың секілді ағаштардан тұтас ойып жасаған. Дауылпаздың көлемі әрқалай болғанмен оның жасалуы оңай шаруа емес.

Асатаяқ: қазақ халқының көнеден келе жатқанмузыкалық аспабы. Тоқылдақ, сылдырмақ, сақпан сияқты сілкімелі аспаптардың қатарында. Аспапта ойнау тәсілі айтарлықтай қиын емес. Асатаяқты ырғап, сілкіп, шайқап ойнайды.

Тұяқтас: қазақ тұрмыс салтында ежелден бар музыкалық аспап. Ұзатылатын қыз ұзатылуына 3 – 4 күн қалғанда қоштасу әнін айтады. Әуенін тұяқтаспен сүйемелдеп отырады.
Сазсырнай: сопақша келген, үлкендігі қаздың жұмыртқасындай саздан жасалған үрмелі аспап. Сазсырнайда ойнай отырып, балалар аң-құстар мен табиғат дыбыстарын шығарған. Шеңбер аумағы 15 – 18 см, жалпы ұзындығы 10 – 12 см болады.
Сергіту жаттығуы:
Кел ойнайық домбыра
Телефонның орнына
Қос ішекті әйбат
Былай былай ойнат.
Домбыраның үнімен
Бақшамызда ойнап.
Музыка жетекші:
- Ендеше балалар қазақтың ұлттық аспабы домбыраның суретін бояп әсемдейік. Әсемдеген суретімізді апайлармен балаларға көрсетейік.
- Балалар қандай ұлттық аспаптармен таныстық?
- Ұлттық аспаптар нешеге бөлінеді?
- Сендер қандай аспаптарды боядыңдар?
- Балалар , бүгінгі іс-әрекетіміз ұнады ма?

Іс-әрекетімізге жақсы, белсене қатыстыңдар. Жарайсыңдар.
Сау болыңдар, балалар!

Алматы облысы, Алатау қаласы
“№25 орта мектеп” МКМ
Бастауыш сынып мұғалімі
Байдаулетова Лаура Токеновна

ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНДЕ ӨТЕ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ЖАНУАРЛАР

Аннотация: мақалада Қазақстан аумағында кең таралған жануарлардың ерекшеліктері мен олардың табиғаттағы рөлі қарастырылады. Әсіресе, шөлді және құрғақ аймақтарға бейімделген жануарлар туралы айтылады. Бархан мысығының өмір салты, тіршілік ету ортасы, қоректену әдеттері және адамдармен қарым-қатынасы сипатталады. Сонымен қатар, оның табиғаттағы орны мен сирек кездесетіндігіне байланысты заңсыз аулау мәселесі қозғалады. Мақала оқырмандарға Қазақстанның жануарлар әлемінің әртүрлілігін көрсетіп, олардың сақталуының маңыздылығына назар аудартады.

Кілт сөздер: Қазақстан табиғаты, жануарлар әлемі, бархан мысығы, шөл жануарлары, сирек кездесетін жануарлар, жабайы табиғат, қоршаған орта, жануарларды қорғау, экология, фауна.

Қазақстанның табиғаты алуан түрлілігімен ерекшеленеді, бұл жануарлар әлемінің бай әрі сан қырлы болуына ықпал етеді. Кең байтақ аумағы әртүрлі климаттық және географиялық аймақтарды қамтитындықтан, мұнда жануарлар дүниесінің сан алуан өкілдері кездеседі. Қазақстан табиғаты өз ерекшеліктерін ұзақ уақыт бойы сақтап қалған елдердің бірі болып табылады.

Жануарлардың таралуы табиғи ландшафттардың ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, таулы аймақтарда барыс, арқар және тау ешкісі сияқты жануарлар тіршілік етсе, жазық далалар мен шөлейт жерлерде киік, қарақұйрық, түлкі және түрлі кеміргіштер кеңінен таралған. Өзен-көлдер мен сулы-батпақты жерлер суда жүзетін құстар мен балықтардың көптігімен ерекшеленеді.

Қазақстан аумағында көптеген сирек кездесетін жануарлар тіршілік етеді, олардың біразы жойылып кету қаупінде тұрғандықтан Қызыл кітапқа енгізілген. Қорғалатын табиғи аймақтар мен ұлттық парктерде бұл жануарлардың сақталуы мен көбеюіне жағдай жасалуда. Елдегі биоалуантүрлілікті сақтау – табиғатты қорғаудың басты міндеттерінің бірі.

Қазақстан – аумағы кең, табиғаты әртүрлі ел, сондықтан оның жануарлар әлемі де ерекше әрі алуан түрлі. Мұхитқа тікелей шығудың болмауы, кең байтақ шөлейт және дала аймақтарының басым болуы,

орманды жерлердің аздығы – осының бәрі елдің фаунасына айтарлықтай әсер еткен. Дегенмен, қатаң климаттық жағдайларға қарамастан, Қазақстанның жануарлары қоршаған ортаға бейімделіп, ерекше тіршілік ету қабілеттерін қалыптастырған.

Қазақстанның кең далаларында ең жиі кездесетін сүтқоректілердің бірі – **ақбөкен (Saiga tatarica)**. Ақбөкен негізінен Бетпақдала, Үстірт және Еділ-Жайық өңірлерінде кездеседі. Олар миграциялық өмір салтын ұстанып, жыл сайын ұзақ қашықтықтарға көшіп-қонады. Ақбөкендердің саны XX ғасырда айтарлықтай азайғанымен, қазіргі таңда оларды қорғау шаралары күшейтілген.

Қасқыр – Қазақстанда жиі кездесетін жыртқыш аңдардың бірі. Ол еліміздің барлық өңірлерінде таралған. Қасқыр табиғаттағы экожүйенің реттеушісі ретінде маңызды рөл атқарады, өйткені ол әлсіз және ауру жануарларды жойып, табиғи іріктеу процесіне ықпал етеді.

Түлкі – еліміздің орманды, далалы, шөлейт және таулы аймақтарында кездеседі. Ол өте бейімделгіш жыртқыш болғандықтан, адамға жақын жерлерде де өмір сүре алады. Түлкі негізінен ұсақ кеміргіштермен, жәндіктермен және құстармен қоректенеді.

Түйе – шөл даланың төзімді жануары. Бұл ірі әрі қуатты жануардың салмағы 300-700 кг-ға дейін жетеді, ал ұрғашылары аталықтарына қарағанда сәл кішілеу келеді. Оның ұзын аяқтары, жіңішке басы, иілген мойны және бір немесе екі өркешінің тік орналасуы түйені шөлге бейімделген жануар ретінде сипаттайды. Қалың әрі тығыз жүні оны күннің аптап ыстығынан және түнгі салқыннан қорғайды.

Түйенің ұзын әрі қалың кірпіктері мен қосымша үшінші қабағы көздерін құмды дауылдан қорғайды. Сондай-ақ, оның тізесі, көкірек тұсы және аяқ буындарындағы қалың көнтері қатты қызып тұрған құмға еш қиындықсыз жатып демалуға мүмкіндік береді. Мықты тістері мен қатты еріндері оған тікенді өсімдіктерді қиындықсыз шайнап жеуге көмектеседі.

Түйенің өркеші – оның денсаулығы мен өмір сүру қабілетінің басты көрсеткіші. Өркеште жиналған май қорлары ең құрғақ кезеңдерде суға айналып, түйенің ұзақ уақыт су ішпей жүре беруіне мүмкіндік береді. Ал суға қол жеткізген кезде, ол бірден 130-140 литр су ішіп, өз қорын толтырып алады.

Қазақстанның жабайы жануарлары арасында ең кішкентай мысықтардың бірі – бархан мысығы. Оның дене өлшемі қарапайым үй мысығынан да кіші, бірақ басы жалпақ әрі кең болып келеді. Бұл жануарды кездестірген кезде оны қолға үйретілген, момын жануар деп ойлауға болмайды, өйткені ол нағыз жабайы жыртқыш. Бархан мысығы негізінен құрғақ, шөлейтті аймақтарда тіршілік етеді. Ол қажетті ылғалды қорегінен алады, сондықтан ұзақ уақыт бойы су ішпей жүре алады. Бұл кішкентай жыртқыштың негізгі азығы – түрлі ұсақ кеміргіштер, оның ішінде қосаяқтар, құмтышқандар, кесірткелер, өрмекшілер мен жәндіктер бар. Кейде ол толай қояндары мен ұясы бұзылған құстарды да аулайды.

Бархан мысықтары үшін улы жыландар да қауіп төндірмейді, керісінше, оларды аулауға бейім. Қыста бұл жыртқыш кейде адам мекендейтін жерлерге жақындауы мүмкін, бірақ үй құстары мен мысықтарға тиіспейді. Олардың әдемі келбеті көптеген жануар сүйер қауымды қызықтырады, сондықтан оларды заңсыз аулау жиі кездеседі. Кейбір жағдайларда бұл ерекше жануарлар саудаға түсіп, олардың бағасы 10 000 долларға дейін жетеді.

Қазақстан құстарға бай елдердің бірі. Мұнда 500-ден астам құс түрі кездеседі. Солардың ішінде ең жиі кездесетіндерінің бірі – **дала қыраны**. Бұл жыртқыш құс Қазақстанның далалық және шөлейт аймақтарында мекендейді. Дала қыраны – сирек кездесетін құстардың бірі және оны қорғау мақсатында әртүрлі шаралар қабылдануда.

Кекілік – таулы өңірлерде кең таралған құс. Ол әсіресе Тянь-Шань және Алтай тауларында көп кездеседі. Кекілік табиғатта ұсақ тұқымдармен және жәндіктермен қоректенеді.

Қараторғай– Қазақстанда өте көп таралған құстардың бірі. Бұл құстар ауылдық жерлерде жиі кездеседі және зиянкес жәндіктерді жеп, ауыл шаруашылығына пайдасын тигізеді.

Бауырымен жорғалаушылардың ішінде **дала сұр жыланы** және **жолақ кесіртке** жиі кездеседі. Бұл жәндіктер Қазақстанның шөлді және далалы аймақтарында көп таралған. Дала сұр жыланы улы болғанымен, адамға сирек қауіп төндіреді.

Қосмекенділерден **жасыл құрбақа** еліміздің көптеген аймақтарында кездеседі. Ол ылғалды жерлерде, өзен-көл жағалауларында өмір сүреді.

Осылайша, Қазақстанның жануарлар әлемі алуан түрлі және табиғи ортаға бейімделген көптеген түрлерден тұрады. Кейбір жануарлар сирек кездесетін және қорғауды қажет ететін болса, басқалары еліміздің барлық аймақтарында мекендейді. Табиғатты қорғау және жануарлар әлемінің тепе-теңдігін сақтау – әрбір азаматтың міндеті. Қазақстанның бай табиғатын сақтап қалу үшін экологиялық мәдениетті көтеру және жануарларды қорғауға бағытталған іс-шараларға атсалысу қажет.

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы
№5 «Балғын» бөбекжай - балабақшасы
Тәрбиеші, педагог-модеретор
Алимкулова Карлыгаш Умирзаховна

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ОЙЫН ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫ ҮШІН МАҢЫЗЫ

Мектепке дейінгі кезең — баланың өміріндегі маңызды және ерекше даму кезеңі болып табылады. Осы уақытта балалар тек физикалық тұрғыдан ғана емес, эмоционалды, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік тұрғыдан да дамиды. Осының ішінде ең маңызды рольді ойнау әрекеті атқарады. Ойын баланың дамуы мен тәрбиесінің негізі болып табылады, себебі ол балаға тек көңіл көтеру ғана емес, сонымен қатар ойлау қабілетін, шығармашылықты, әлеуметтік дағдыларды, эмоциялық тұрақтылықты дамытуға мүмкіндік береді.

Ойын әрекеті — баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауының негізгі тәсілі. Бұл кезеңде балалар әлемді танып-білу үшін ойын арқылы әрекет етеді. Олар ойын барысында шын өмірдің әртүрлі жағдайларын модельдеп, өздерінің қарым-қатынас дағдыларын, тілдік қабілеттерін, логикалық ойлауын дамытады. Балалар ойын арқылы өздеріне қажетті ақпараттарды игереді, эмоциялармен жұмыс істеп, әлеуметтік дағдыларды үйренеді. Ойын әрекеті — балалардың ұжымдық өміріне де, жеке тұлға ретінде дамуына да ықпал ететін құбылыс.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы ойын әрекеті, негізінен, баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес ұйымдастырылуы тиіс. Ойын түрлері әртүрлі болуы мүмкін: рөлдік ойындар, конструктивті ойындар, қозғалыс ойындары, қимыл-қозғалыс әрекеттері, музыка және бейнелеу өнері сияқты түрлі ойын түрлері баланың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Мысалы, рөлдік ойындар баланың әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі, өйткені балалар осылайша түрлі әлеуметтік рөлдерді атқара отырып, басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудың жолдарын үйренеді. Сонымен қатар, бейнелеу өнері мен музыка баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Ойын кезінде балалар өздерінің әртүрлі дағдыларын қалыптастырады. Мысалы, логикалық ойлау, тұжырымдар жасау, топтасып жұмыс істеу және проблема шешу сияқты маңызды дағдылар. Ойын барысында балалар мақсат қоюды, мақсатқа жету жолдарын ойлауды үйренеді, сондықтан ойын әрекеті олардың танымдық қабілеттерін дамытуда зор маңызға ие. Тіпті, балалардың тілдік дамуы да ойын барысында айтарлықтай қарқынды жүреді. Әсіресе, рөлдік ойындар кезінде балалар жаңа сөздер үйренеді, сөйлеу тілінің ережелерін түсінеді, тілдік құрылымдарды қолдану тәжірибесін алады.

Сонымен қатар, ойын балалардың эмоциялық дамуына да әсер етеді. Ойын арқылы олар өз эмоцияларын білдіре алады, басқа балалармен қарым-қатынас жасап, эмоциялық тәжірибе жинақтайды. Ойын кезінде олар өздерінің көңіл-күйлерін, қалауларын, үрейлері мен қуаныштарын басқара алады, бұл олардың эмоционалды интеллектінің дамуына септігін тигізеді. Балалар өздерінің сезімдерін дұрыс білдіріп, басқаруға дағдыланады, бұл олардың психологиялық тұрақтылығы мен әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйымдарда ойын әрекетін дұрыс ұйымдастыру — балалардың жан-жақты дамуы үшін аса маңызды. Ойын баланың тек қуанышқа бөленетін әрекеті ғана емес, ол баланың танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және эмоциялық дамуын қамтамасыз ететін маңызды құрал болып табылады. Ойын — балалар үшін білім мен дағдыларды меңгерудің ең тиімді әдістерінің бірі. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдардағы ойын әрекетіне дұрыс көңіл бөлу, оның маңыздылығын түсіну және ұйымдастыру балалардың болашақта жетістіктерге жетуіне көмектеседі.

Атырау облысы Жылыой ауданы Шоқпартоғай ауылы
№3 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі
Жиеналиева Алия Жанабаева

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫНДА ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАҢАШЫЛ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Мектепалды даярлық сынып жасы - бұл айналадағы өзге әлемді баланың өз бойына сіңіре бастау, білім жинақтау, осыларды басымдылықпен игеру кезеңі болып есептеледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау, балаларды қызықты ойын түрінде тәрбиелеу, балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыру, мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіру, құндылықтарды кіріктіре отырып сапалы білім беру болып табылады. Осы бір аса маңызды өмірлік функцияларды табысты орындау баланың бойындағы қабілеттерді осы жаста қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды. Мектепалды дарялық топ тәрбиешілері осы мақсаттарды іске асырушы басты қозғаушы күш болып табылғандықтан, олар әр тәрбиеленушінің метатанымдық дағдыларын ашып, жетілдіру үшін іс – әрекеттерін жоспарлап, оқушыларды қалай оқу керектігіне үйрену дағдыларын дамыту үшін жағдай жасауға үйренеді. Көп жағдайларда мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие алатын оқушыларды сабаққа қызықтыру, назарларын аударту, белсенді тыңдау үшін тапсырмалар таңдау қиынға соғып жатады. Сондықтан қазіргі таңда мұғалімдер үшін сабақ барысында жаңа тәсілдерді қолдана отырып, оқыту мен оқуда топтық жұмыс істеу түрлерін тиімді кіріктіру қажет.

Топтық жұмыстың басты мақсаты - оқыту мен оқу тәсілдері арқылы проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау барысында оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуі. Балалар топта бірлесе жұмыс істеу арқылы жақсы тыңдап білу, топта лидер болып, жетекшілік жасай білу, тиімді байланыс орнату, міндерттерді өзара тең бөлісу, мәселені бірге шешуге ұмтылу сынды маңызды қабілеттерді бойларына сіңіреді. Балалар ерте жастан топта жұмыс істеуге бейімделіп, бойына қажетті қасиеттерді дарыта алса, болашақта адамдармен тіл табысу қиынға түспесі анық. Себебі түрлі балалардан құралған топта тиімді жұмыс істеу, олардың өзара қарым-қатынасын жақсартып қана қоймай, тәрбиеленушілерді эмпатияға тәрбиелейді. Яғни, балалар бір-бірлерінің жағдайларын түсініп, жанашырлықпен қарай алады. Сонымен қатар бірлесе тапсырма орындау барысында балалардың шабыт алуы оңайырақ. Бәсекелестік қабілеттері артып, үнемі басқа командалардан озып түсуді ойлап тұрады. Әр бала өзін маңызды тұлға ретінде санайды, әр баланың ойы, пікірі топта қарастырылады.

Топтық жұмыс ұйымдастырудағы өз тәжірбиеме келетін болсам, топтық жұмыс - сабақты қызық әрі жаңа тақырыптарды оңай түсіндіруге арналған ең тиімді әдіс екеніне көзім жетті. Өз зерттеулеріме жүгінсем, топта жұмыс істеген оқушыларым жаңа матералдарды тезірек меңгеретінін түсіндім. Алғаш топтық жұмыс кіріктірілген сабақтарымда біраз қиындықтар пайда болғанымен, уақыт өте келе балалардың бірлесе жұмыс істеуге дағдыланғанына көзім жетті. Олар берілген тапсырманы тез әрі дұрыс орындау үшін әрекет етіп қана қоймай, өзара ақылдасып, өз ойларымен бөліседі. Немесе топтық ойын ойнау кезінде бір-бірінің қалып қоймауына мән беріп, үнемі қолдау көрсетіп отырады. Ал егер топтық жұмыс пен дәстүрлі сабақтарды салыстыратын болсақ, дәстүрлі сабақтарда оқушы тез жалығып, ойы басқа жаққа тез ауып кетеді. Ол бірлесе жұмыс істеген сәтте бір-бірінің істегендеріне қарап, одан сайын

ынталана түседі. Алайда, тапсырмаларды баланың жас ерекшелігіне сай лайықтап берудің маңыздылығын ұмытпаған жөн.

Топтық жұмыстың қызық әрі тиімді өтуі мұғалім қолданған әдіс-тәсілге тікелей байланысты. Топқа бөлудің өзін тартымды және ерекше түрде бастаса, ары қарай оқушылардың назарын сабаққа аударту қиынға түспейді. Өз тәжірбиемде қолданған және мұғалімдерге пайдалы деп есептеген әдіс-тәсілдермен бөлісе кетейін:

1. Атом және молекула

Қазіргі таңда жас мамандар арасында кеңінен қолданылатын қимылды ойындардың бірі – атом және молекула, балаларды қимылдата отырып, топқа бөлу әдісі. “Атом, атом, молекула екі” деп айту арқылы балалар екі-екіден құшақтасып тұра қалуы керек. Осылай бірнеше рет ойнағаннан кейін керекті санды айту нәтижесінде топқа бөліп алуға болады. Бұның жағымды жағы әр топта психологиялық ахуал атмосферасы жайлы болады. Себебі балалар осындай ойын ойнар кезде өздеріне жақын тартатын, ашылып сөйлесе алатын достарымен тұра қалуға ұмтылады, яғни оларға топқа бөлінген кезде жеңіл болады.

2. Пазл әдісі

Пазл әдісін қолдану үшін ең алдымен тақырыпқа сай немесе өзіңіз қалаған суретті пазл форматында дайындап алу қажет. Пазл бөліктерін қорапқа салып немесе үстелге теріс қаратып жайып, балаларға ұсынуға болады. Балалар өздеріне түскен бөліктерін басқалармен сәйкестендіріп, топқа жиналады.

3. Теңге

Бұл тәсіл Пазл әдісімен ұқсас болып келеді. Тиынның теңге және елтаңба жағын қағазға шығарып, теріс қаратып қою арқылы балаларға таңдауға мүмкіндік беріледі. Бұл әдіс көбінесе жарыс барысында немесе сұрақ-жауап ойындары кезінде кеңінен қолданылады. Топқа бөлінгеннен кейін бірінші бастайтын топты анықтау үшін теңге лақтыру тәсілін қолдануға болады.

4. Жарық әдісі

Соңғы уақыттарда кеңінен қолданылатын белгілі әдістердің бірі. Алдымен сабақтың тақырыбына сәйкес суреттерді шығарып алып, беттестіріп жабыстыру қажет. Алайда, әр сабақ алдында тақырыпқа сай суреттерді шығарып уақыт алмас үшін алдын ала күн немесе шамның суретін шығарып, әр сабаққа қолдана беруге болады. Оқушылар жарық түсіру арқылы суреттің теріс бетіндегі топтың санын біле алады.

5. Лупа әдісі

Бұл әдісте лупаларды жасырын қорапқа салып қойып, балалар тек балдағын көріп суырып алады.Және әр лупаның басында тиісінше сұрақтар жазылып тұрады. Сұраққа жауап беру арқылы балалар топқа жиналады. Мысалы, лупаны суырып шығарғанда “2+2”, “1+3”, “0+4” сұрақтарының жауаптар бірдей шыққандықтан, балалар бір топқа бірігеді. Топқа жауабына сай ат қойса болады.

6. Хат әдісі

Хат әдісін қолдану үшін пошта форматында көлімі а4 немесе а3 болатын сурет шығарып қою қажет. Ішіне тиісінше хаттар салып, әр хатта адасқан әріптер кездесетін болады. Адасқан әріптерден сөз құрау арқылы өз тобының атын табады. Мысалы, “А, А, Ғ, Л” әріптерінен “Алға” атты топтың атын шығарған балалар бір командаға бірігеді.

7. Іздер

Бұл өткен сабақтарды қайталауға және баланың танымын кеңейтуге таптырмас әдіс. Мысалға айтатын болсақ, аю, түлкі, қоянның аяқ іздерін қағазға шығарып, шеңберде тұрған балалардың ортасына қойылады. Балалар шеңберді айналып жүріп қай іздің жанына тоқтаса сол іздің ортасында тұрған әріптен басталатын сөз табуы қажет.

8. Лабиринт

Лабиринт әдісін балалардың ойын сергіту үшін қолдануға болады. Бараларға көрінетіндей етіп тақтаға төрт түрлі есікке апаратын лабиринт шығарып қою қажет. Балалар лабиринт бойынымен жүру арқылы жеткен есігі арқылы басқа балалармен топқа бірігеді. Бұл ойын барасында балалар тез қимылдауға бейімделіп, милары сергіп қалады.

Жоғарыда ұсынылған әдіс-тәсілдер мұғалімдер үшін өте ыңғайлы әрі тиімді, оқушылар үшін қызықты әрі сергітетін ойындар. Осындай жалықтырмайтын тәсілдердің арқасында күнделікті үйреншікті сабақтарымыз әрленіп қана қоймай, оқушы мен оқушының, оқушы мен мұғалімнің арасындағы білім алмасу, білім беру әрекеттерінде үлкен орын алады.

Әдіс-тәсілдерден бөлек, топтық жұмыс барасында мұғалім мән беріп, назар қоятын бірнеше тұстар бар. Оқушылар арасында рефлексивті талқылау болып жатқанда оқытушы топтарға жақын болып, өз ұсыныстарын айтып, пікір білдіріп жүруі қажет. Және сыныптағы тұйық, ұялшақ балаларды талқылауға араластырып, тартудың маңызы зор. Мұғалімнің тартуымен, достарының қолдауымен бала ерте жасынан бастап қоғамға бейімделу қабілеті арта бастайды. Серпіліс жасап, ұжымға қарай жұмыс істей бастаған баланың бойына басқа да қабілеттер дари бастайды. Балалар белсенді оқушылардан үлгі ала отырып, белсенді балалар басқаларға көмектесе отырып, араларындағы сүйіспеншіліктері артады. Алайда, кей кездері балалар арасында түсініспеушілік, жанжал шығып қалуы мүмкін. Сондай жағдайлардың алып алу үшін, топтық жұмыс барысында мұғалімнің қадағалап жүруі өте маңызды рөл атқарады. Топ мүшелеріне бірлесе көтерген жүк жеңіл екенін түсіндіріп, топтың маңыздылығын сөз ету қажет.

Қорытындылай келе, топта бірлесе әрекеттену сабақ барысында ұстануға болатын ең тиімді әрекет екеніне көзім жетті. Осы ұстанымды ұстанатын барлық оқытушылар да менің пікіріммен толықтай келіседі деген ойдамын. Себебі бұл құрастырылған білімнің басты идеяларының бірі болып табылады. Адамның санасы жеке дамыған гөрі басқа адамдармен қарым-қатынаста тезірек дамиды, тек қарым-қатынас әрекеттері ғана енді қалыптасып келе жатқан балаларды жаңа түсінікке әкеледі. Ал қарым-қатынас басқаларға бейімделу, яғни мұғалімдер балаларды топтық жұмысқа кіріктіру арқылы қоғамға бейімдейді. Бірлесе жұмыс істеу оқушыларға топтық әрекеттің қызықты әрі тартымды дүние екенін ұқтырып қана қоймай, олардың үйренуге деген ынтасын ашады деп сенемін.

Сөз соңында Ұлы ақын Абай атамыздың “Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға” деген сөзімен аяқтағым келеді. Ұстаздық етуден, жаңашыл нәрселер үйреніп, балаға үйретуден жалықпайық!

Қолданылған әдебиеттер:
1. “Бірінші сыныпта оқу үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсыныстар” Д.С.Ильясова, М.К.Тасбулатова, Т.А.Оспанова
2. “Мұғалімге арналған нұсқаулық” Бакиров К.А., Намысова Г.А., Аушева И.У.
3. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» С.Мирсейтова

Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жаңалық ауылы
“Жаңатілеу орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен” КММ
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог- модератор
Жұмабекова Арайлы Қанатқызы

ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Қазіргі уақытта қоғамды цифрландыру жұмысы көптеген мемлекеттік жолдаулардың басты стратегиялық басымдығы болып табылады. Сондықтан барлық салаларда, яғни медицина саласы, қызмет көрсету орталығы, білім саласында цифрлық технологияны кеңінен қолдануға халықты сауаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Осындай сандық технологияның дамыған уақытында болашақ ұрпаққа заман талабына сай білім беру біздің алдымыздағы басты міндетіміз. Себебі әрбір мұғалімнің алдына келген оқушының ойлау қабілеті әртүрлі болады, мәселен кейбірі шапшаң ойлап, жылдам жұмыс атқарса, кейбірі оқу материалын баяу қабылдайды. Мұғалімге мұндай оқушыларға тапсырманы қайта ыңғайлап қарастыруға тура келеді. Осы тұста жаңашыл мұғалімнің іс- тәжірбиесінің ерекше тұсы- оның сабақты түрлендіріп жүргізіп, оқушы жүрегінен жол таба білуі. Оны жүзеге асырудың бір жолы- заман талабына сай цифрлық технологияларды тиімді қолдану. Қазіргі таңда ұстаздарға әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсету мақсатында түрлі білім беру платформалары (smk.edu.kz, cpm.kz, bilimland), интернет ресурстары бар. Өз тәжірибемде жиі қолданылатын тиімді бағдарламалардың мүмкіндіктеріне тоқталып өткім келеді.

“ The Hat “ бағдарламасы

"The Hat" бағдарламасы қолдануға ыңғайлы бағдарлама. Бұл бағдарламаны оқушыларды топқа бөлу барысында жиі қолданамын. Сабақтың басталуының ең маңызды сәттердің бірі - ұйымдастыру кезеңі. Мұғалім сабағының мәнді өтуіне сыныпта ынтымақтастық атмосферасын (жағымды ахуал) қалыптастырудың да ықпалы зор. Оқушыларды сабаққа ынталандыру үшін ұйымдастырушылық сәт (оқушыларды топқа бөлу) орындалады. Осы мақсатта сабақта балаларды топқа бөлудің түрлі әдіс-

тәсілдерін қолданып отырған жөн. Кейде уақытты тиімді пайдалану үшін топта бөлу әдісінде АКТ мүмкіндігін пайдаланып "The Hat" бағдарламасы арқылы сыныпты жылдам топтастыруға болады.

1 қадам: Сынып оқушыларын енгізу.

2 қадам: Бір топта болатын оқушылар санын таңдау

3 қадам: Оқушыларды топқа бөлу

Edraw Max бағдарламасы

Кембридж университетінің аға лекторы, PhD Ұлыбританиялық Элейн Уилсон "Оқыту мен оқу сапасын арттыру үшін сабақтарда сандық технологияларды қолдану" тақырыбындағы еңбегінде таныстырылымдардың жұмыс әдістерінің ең тиімдісі болып табылатынын және оқушылар жұмысын постерде бейнеленген гөрі тұжырымдамалық картаны қолданған жағдайда ерекше көрінетінін атап көрсеткен. Сонымен қатар тұжырымдамалық картамен жұмыс жасауға арналған бағдарлама мүмкіндіктеріне тоқталған. [2, 13-б] Қазіргі оқыту поцестерінде қолданып жүрген оқыту әдістерінің бірі постермен жұмыс. Оқушылар постермен жұмыс барысында плакаттар, стикерлер және түрлі түсті маркерлерді пайдаланып белгілі тақырып бойынша өз ойларын шығармашылық түрде бейнелеп жеткізеді. Инфорорматика пәнінде мен Edraw Max бағдарламасын өз сабағымда тақырыптық постерлер жасауда жиі қолданамын. Себебі, Edraw Max бағдарламасындағы пәндерге сәйкес постерлердің, тұжырымдамалық карталардың дайын шаблондарын пайдаланған өте тиімді.

Kahoot бағдарламасы

Пәндер бойынша оқушылардың білімдерін тексеру мақсатында тарау, тақырып соңында тест жұмыстарын жүргізуге болады. Тест тапсырмасының құрылымын түрлендіріп сәйкестендіру тесті, бір дұрыс жауап немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тесттер, сурет түрінде т.б. берілген тапсырмалар түрінде құрастыруға болады. Kahoot бағдарламасы кең қолданыста, барлық пәндер үшін жиі қолданылады. Онымен тест тапсырмасын құрастырып, тест өткізу үшін интернетке қосылу керек. Бұл сервис арқылы сондай-ақ сайыс өткізуге болады.

Тіркелгеннен кейін сізді сіздің жеке акаунтыңызға жібереді. Өз парақшаңызда оқушыларыңызға қандай тапсырма құрасыз соны таңдау керек болады. (quiz, discussion, survey). Біз «Quiz» дегенді, таңдаймыз. Атау беремізде ары қарай сұрақтарды құрастыруға болады. Сұрақ құрастыру мен бірге әр сұраққа қанша уақытта жауап беру керегінде енгіземіз. Сұрақта иллюстрация (сурет) және видео қосып жасауға болады. Сұрақтаға дұрыс жауапты (қызылды басамыз «Incorrect«) ары қарай (save&continue) кнопкасын басамыз. Осымен құрастырған сұрақтар дайын . Енді құрастырған жұмысымызды іске қосамыз (Play now). Мониторларға ПИН шығады. Бұл ПИН кодты оқушылар тест жүйесіне кіру үшін қолданады. Оқушыда ұялы телефон болуы керек. Ұялы телефоннан қосқанда ПИН енгізуді сұрайды. Сайтта көрсетілген пинді енгізіп, ары қарай Nickname деген жерге аты жөніңізді толық жазып Ok, go! деген кнопканы басады. Сол уақытта тапсырмалар шығып оқушылар ұялы телефондары арқылы тест сұрақтарына жауап береді. Тест аяқталғанда жалпы оқушылардың тестті орындау статискасын көре аламыз.

ZipGrade бағдарламасы

ZipGrade бағдарламасымен тест жұмысын жылдам тексеру үшін өте ыңғайлы бағдарлама. Көбіне ұстаздардың оқушылар жұмысын қолмен тексеріп көп уақыт жұмсайтынын білеміз. Алдын ала біз тест жұмысын орындауға арналған жұмыс парағын шығарып аламыз. Жұмыс парағының дайын шаблондары ZipGrade сайтында берілген немес өзіміз тест құрылымында қарай жұмыс парағын құрастырамыз. Ол үшін тіркелген парақшамызға кіріп. Quizzes түймешесін басқанда дайын тесттер парақшаларының тізімі шығады. Егер жаңадан тест парақшасын құру қажет болса New Quiz мәзірін таңдаймыз. Ашылған парақшадан Сұрақтар санын, сыныпты енгіземіз. Edit Key батырмасы арқылы жауап парақшасын дайындау аламыз. Онда сұрақтың дұрыс жауаптарын және әрбір сұраққа берілетін ұпай сандарын енгізе аламыз. Дайын болған тест парақшаларын баспаға шығарып, оқушыларға таратуға болады. Оқушылар тест жұмысын дайын парақшаларда орындайды. Оқушылардың жұмысын тексеру үшін Scan Papers батырмасын басу арқылы оқушылардың тест парақшаларын сканерлейміз. Сканерлегенде бірден оқушының неше сұраққа жауап бергені және тест жұмысын қанша пайызға орындағаны шығады. Сонымен қатар Review Paper батырмасын басқанда тест парақшасында жұрыс жауаптар «жасыл», қате жауаптар «қызыл» боялып көрінеді. Тест аяқталған соң Review Papers батырмасы арқылы оқушылардың тест қортындысын көре аламыз

Plickers бағдарламасы. Өз тәжірибиемде жиі қолданатын келесі бағдарлама Plickers бағдарламасының жұмыс істеу алгоритміне толығырап тоқталып кеткім келеді Бұл бағдарламамен жұмыс

жасау үшін мұғалімде А4 парағы және ұялы телефон, ал оқушыларда А4 парағындағы штрих код болса жеткілікті. Жұмысты бастамас бұрын бірінші ұялы телефонға Plickers бағдарламасын жүктеп аламыз. Plickers сайтына кіріп сынып, тест және билеттерді өзара байланыстыруымыз қажет.

I. Сайтта тест дайындау

Сайтқа тіркелу. Plickers сайтына кіріп тіркелеміз. Тіркелгеннен кейін ашылатын терезедегі батырмалар қызметі:

Сейчас играет – тест алуды бастау, Новый набор – Тест құру, Последний – Соңғы орындалған әрекет, Ваша библиотека – Сұрақтар тізімі, Отчет – Оқушылардың жинаған балын көрсетеді, Протокол – Барлық сыныптың отчетын көруге болады.

Сынып құру. Новый класс қадамын таңдап сынипты құрып, сол құрылған сыныпқа кіріп Add Students батырмасын басу арқылы сыныпқа оқушыларды енгіземіз. Next батырмасын басқанда оқушылар тізімі шығады. Әрбір оқушы алдындағы сан ол оқушыларға берілетін штрих кодтар. Ашылған бетті баспаға шығарып алса да болады. Себебі қай сынипта қай оқушыға қандай штрих код беретініңізді біліп отырасыз.

Done батырмасын басу арқылы біз құрған сыныбымызға қосылған барлық оқушылар тізімін көре аламыз. Жеке сыныптарға настройка жасау үшін Настройка батырмасын басып ашылған терезеден настройка жасай аламыз. яғни, сынып түсін, Осы сыныпқа қай пәннен беретініңізді таңдау, Сынып номерін таңдау

Штрих код парағы. Енді штрих код парағын әр оқушыға Help батырмасын басу арқылы Get Plickers Cards командасын орындап баспаға шығарып аламыз.

Тест тапсырмаларын құру

Тест құру үшін New Set бөліміне барамыз. Тест құру өте жеңіл, бірінші тест атын сақтаймыз. Әр параққа сұрақтарды жазбаша немесе сурет түрінде енгізіп, астына жауаптарын енгіземіз және дұрыс жауапты белгілі бір түспен бояп кетеміз.

II. Ұялы телефон арқылы сынипты басқару

Ұялы телефонымыздан Plickers бағдарламасын іске қосып бастапқы сайтқа енгізілген пошта арқылы кіреміз. Ашылған парақтан сынипты таңдап, сұрақттарды жүктейміз. Ұялы телефонымызда көрсетілген сұрақтар сыныпқа интерактивті тақтада көрсетіледі. Ашылған терезенің оң жақ бұрышында сыныптағы оқушылардың есімдері шығып тұрады. Оқушылар тапсырмаға жауап бергенде дұрыс деген жауапқа сәйкес келетін қолындағы штрих код парақшасының сол жауап нұсқасына сәйкес келетін маңдайшасын жоғары қаратып көтереді. Мұғалім ұялы телефон арқылы көрсеткен оқушылардың штрих кодтарын сканерлеп алады. Стоп батырмасын басқанда мұғалім қай оқушы қанша пайыз жауап бергенін біле алады. Тес аяқталғаннан кейін Отчет батырмасын бассақ бүгінгі тапсырған тесттер шығады, ал Протокол батырмасын басқанда сыныптың қортынды протоколы шығады.

Тест жұмысын осы осындай бағдарламалар арқылы орындатудың тиімділігі оқушы жұмысының қортындысының толық есебі дәл уақытында электрондық кесте түрінде ұсынылады, онда дұрыс жауаптары, оқушының орындау пайызы көрсетіледі. Осы есеп бойынша мұғалім қатемен жұмысты тиімді жоспарлай алады.

Wordwall бағдарламасы арқылы түрлі интерактивті тапсырмаларды түрлі шаблондарды қолданып құрастыруға болады. Мұндай тапсырмалар түрлі әдістер негізінде оқушы білімін анықтауға және оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруға тиімді. Мен бұл бағдарламаны өз тәжірибиемде терминология сабағында жиі қолданамын. Бағдарламаның түрлі шаблондарын қолдану арқылы оқушылардың тыңдалым, жазылым, оқылым дағдыларын дамытуды көздеймін. Басқаша айтқанда термин сөздерді түрлі әдістермен оқушылардың еске сақтауларына жұмыс жасаймын

Қорыта келе ұстаздар алдындағы ортақ міндет – заман ағымына ілесе алатын саналы шәкірт тәрбиелеу болып табылады. Себебі, дәл қазіргі таңда теориялық сандық технологияны меңгерген ұстаз бен шәкірт қана болашақта еңбек майданында еркін көсіледі деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2017 жыл.
2. Элейн Уилсон. Оқыту мен оқу сапасын арттыру үшін сабақтарда сандық технологияларды қолдану / Педагогикалық диалог. №2 (12) 2015 13-17-б.

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы
№6 қазақ орта мектеп-лицейі
Көркем еңбек пәнінің мұғалімі
Аметова Шолпан Адилбаевна

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында цифрландырудың стратегиялық маңыздылығын атап өтіп, ақпараттық технологияларды енгізу арқылы IT секторында жасанды интеллект (AI) технологиялары бойынша жетекші ел болу міндетін алға қойған еді.

Жасанды интеллект білім беру саласында күн сайын маңызды рөл атқарып, білім мен оқытуға деген көзқарасты түбегейлі өзгерте алатын перспективаларды ұсынуда. Қазіргі тенденцияларға сай көркем еңбек пәпінде жасанды интеллект қолданыс аясын кеңейтудемін. Оқушының қабілетін ашу, сауатын шыңдау, эстетикаға тәрбиелеудегі пәннің маңызы өте зор. Әдемі, пайдалы өнім жасауға талпыныста түрлі әдістерді қолданып, әр мезгілдің сүйкімділігін оқушылардың бойына әсемдікті сеезіну қабілетін дарыту менің педагогикалық міндетім. “Галереяға саяхат” онлайн және оффлайн саяхат ұйымдастырып, оқушының көкжиегін кеңейту жолында жақсы нәтижелер көрсетіп, мектеп өміріне жаңа леп сыйлаудамыз.

Цифрлық технологиялардың негізгі артықшылықтары:

· Ақпаратқа жылдам қол жеткізу;

· Оқыту материалдарының қолжетімділігі;

· Оқу процесін визуализациялау;

· Қашықтан оқыту мүмкіндіктері.

1 ChatGPT-4:

- Мүмкіндіктер: табиғи тілді терең түсіну, әр түрлі сұрауларға когерентті және логикалық жауаптар жасау мүмкіндігі.
- Қолдану: қарым-қатынас, білім беру мақсаттары, мазмұнды құру және т.б. үшін кеңінен қолданылады.
- Артықшылықтары: жауаптардың жоғары дәлдігі, көп тілді қолдау.

2 Gemini:

- Мүмкіндіктер: AI шынайы және интерактивті диалог құруға мамандандырылған платформа.
- Қолдану: ойын индустриясында, виртуалды көмекшілерде және клиенттерге қызмет көрсетуде көмекші ретінде қолданылады.
- Артықшылықтары: пайдаланушының эмоционалды тонына бейімделу қабілеті, диалогты сақтау үшін жақсартылған мүмкіндіктер.

3 Copilot:

- Мүмкіндіктер: бағдарламашыларға көмектесу үшін жасалған, түсініктемелерге және бұрыннан жазылған кодқа негізделген кодты ұсыну үшін AI қолданады.
- Қолдану: әзірлеушілер тиісті код мысалдарын ұсыну арқылы код жазуды және оқытуды жеделдету үшін белсенді қолданады.

- Артықшылықтары: код жазу уақытын қысқартады, балама шешімдер мен жақсартуларды ұсына отырып, тәжірибеде үйретеді.

Практикалық мысалдар:

· Google Classroom, Khan Academy платформалары арқылы оқыту.

· Бағалау үшін автоматтандырылған тестілеу жүйелерін қолдану.

Оқушылардың әлсіз тұстарын анықтау және түзету ЖИ оқушылардың қай тақырыпты қиындықпен меңгеретінін анықтап, қосымша тапсырмалар ұсына алады.

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялар маңызды орынға ие болды. Олар оқыту процесін барынша тиімді, жекелендірілген және қолжетімді ете отырып, білім берудің жаңа әдістерін ұсынуда. Өз тәжірибемде мен цифрлық технологиялардың сабақтың сапасын арттыруда қаншалықты тиімді екенін жиі байқаймын.

Пәннің ерекшілігі баланың қол моторикасын дамыту болғандықтан әрине қолдан жасалған өнім әрқашан бағалы, оған қоса жасанды интеллектпен жасалған өнімнің де өз ерекшелігі бар. Кеменің екі еспегін тең ұстау қажет. Түрлі материалмен жұмыс жасау, жобаларды жарыққа шығару, әдістерді ойлап табу, тәсілді оңтайлы қолдануда ЖИ-дің көмегі орасан зор.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Шоқпартоғай ауылы
«№ 3 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
Мектепалды даярлық топ тәрбиешісі, педагог - модератор
Табылганова Нурайна Алпамышевна

ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ 4К ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында тәрбиеленушілердің коммуникативтік дағдыларын дамытуға баса көңіл бөлінеді. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттілігін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командыда жұмыс істеу дағдыларын дамытуы міндеттейді. Осы міндеттерді топтастырып 4К моделі деп те айтып жүрміз. [1-1]

Енді 4К дағдысы немесе моделі туралы тоқталып өтейін.

4К – критикалық (сыни ойлау)

Креативтілік (дамуға ұмтылу)

Коммуникация (сөйлеу дағдысы)

Командалық жұмыс (топпен жұмыс жасау)

Критикалық- яғни сыни ойлау арқылы баланың кез-келген жаңа ақпараттың артықшылығы мен кемшілігін ажыратып, оның дұрыс – бұрыстығына көз жеткізе алатындай, өз бетінше шешім шығаруға қабілетінің болуы.

Креативтілік - өркендеуге, дамуға, нәтижеге жетуге бағытталған дағдының болуы. Креативтік технология бойынша баланың ізденушілік, зерттеушілік қабілеттерін дамыта отырып, қиялдауға итермелейді және қысылмай өз ойын ашық айтуға мүмкіндік береді.

Коммуникация - балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасай білуі, тіл табысуы, өз ойларын ортада айта білуі және эмоциясын білдіре отырып сөйлесуі.

Командалық жұмыс-балалардың ортақ мақсатта бірігіп жұмыс жасау дағдыларының болуы. Топ ережесін сақтай отырып, топта нәтижелі жұмыс жасай білу қабілеттерінің болуы.

Осындай 4К дағдысын дамыту неліктен деген ой туындайды. Өйткені, баланың негізгі төрт дағдысы дұрыс дамыса мектепалды даярлық тобындағы мемлекеттік стандарт талап еткен міндеттер де толық орындалады. Мектепалды даярлық тобына келген балаларда қандай түсініктері мен дағдылары бар екенін анықтау тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі. Өйткені, жанұяда немесе бала-бақшада тәрбиеленген балалардың дамуы бірдей, біркелкі болмайтыны белгілі. Тәжірибемізде байқағанымыздай әр баланың дамуы әр түрлі болғандықтан қалыптасуы да әр түрлі болады. Оқу жылының алғашқы аптасында балаларда болуы тиіс дағдылар; Сөйлеуі, сурет салуы, санауы, ойынға араласуы, ойлау сияқты негізгі дағдыларды баламен жеке-жеке сөйлесу, әңгімелесу арқылы анықтап аламын. Содан кейін мониторинг толтырып, баланың дамуындағы жеке ерекшелігі бойынша есепке аламын.

Оқу жылы басындағы көрсеткіш бойынша талдап көрелік;

1-кесте.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша негізгі зерттеу бөлімдеріне тоқталсақ.

Дамыту бөлімі	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
5-3К.	Зат есімдерді сын есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтады.		
	2	9	11
5-К.6	Әңгімелерді бірізді айтып береді		
	3	13	6
5-К.12	Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі, дербес орындайды.		
	0	11	11
5-К.14	Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көз- қарасын білдіреді.		
	4	12	6
5-К.26	Бір-бірмен еркін диалог құрады.		
	3	8	11
5-К.27	Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады.		
	7	9	6

Диагностика бойынша жүргізілген зерттеулерде көрініп тұрғандай 5-6 жастағы балалардан күтілетін нәтижеге жету деңгейі төмен екенін аңғаруға болады. Яғни, оқу жылының басындағы есеп көрсеткішінен 4К дағдысы бойынша сараласақ.

Критикалық дағдысы бойынша төмен нәтиже -11 бала

Креативтілік дағдысы бойынша төмен нәтиже -11 бала

Коммуникациялық дағдысы бойынша төмен нәтиже – 6 бала

Командалық жұмыстағы дағдысы бойынша төмен нәтиже -11 бала

Анықталған көрсеткіштегі тәрбиеленушілермен жұмыс түрлерін қарастыра отырып, нәтиженің жоғарлауына қол жеткізу тәрбиешінің басты мақсаты болмақ. Мен өз тәжірибемде 4К дағдысын дамытудың жолдарын жеке жұмыс арқылы жетілдіруде цифрлық құралдарды тиімді қолданамын. Мектеп жасына дейңнгі балаларға арналған цифрлық құралдар өте көп.Олар-дың көпшілігі үстел үстінде ойнауға лайықталған және балалардың қыызыға жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Балаларға арналған цифрлық құралдардың түрлері;

«BALATIME» Баланың танымына, дамуына үлкен әсері бар. Бұл 11 тақырыпты қамти отырып, 11 тақырыптың өзі 6 тақырыптан ашылады. Онымен қосыла ән шырқап, ертегі тыңдап зейіндері ашылады.

«Bil-bala» Бұл интерактивті кітапша - балалар үшін тамаша таңдау! Ламинированды картоннан жасалған. Балаларға жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйренуге көмектеседі.

«BOTAQAN» Балаларға арнаған ең үздік планшет. Ішін мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуға арналған контенттер топтастырылған. Басты ерекшелігі бала телефонға тәуелді болмайды.

«Бал - әуен» аудио құрылғысы арқылы ертегі, күйлер, балалар әндері, ұлттық ойындар және т.б. құнды материалдарды тыңдай алады. Сонымен қатар, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында бала осы ойыншыққа өз дауысын жаза алады. «Бал-әуен» балаларға арналған құрылғы:

-92 карта, 13 мазмұн, 400- ден астам контенттен тұрады.

Бұл құралдардың барлығы оқу кабинетінде бар және жұптық, жеке жұмыс жасауға қол жетімді. Бүгінгі таңда балаларға арналған цифрлық құралдар көптеп дайындалуда. Оның ішінде «мектепке дейінгі балаларға арналған интерактивті дыбысты кітапша «Bal-bala» планшеттер, балаларға арналған интелектуалды дамыту құралы «BALATIME» тілде сөйлеу құралдары т.б интерактивті дыбысты кітапшада алфавит бөлімінде жұмыс түрлері с,ш, ж, р,щ дыбыстарын дұрыс айта білуге үйрету.

Сурет - 1

Bil-bala кітапшасы баланың оқу, тыңдау, сызу, сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған жұмыстар негізінде құрылған.

- Әріптерді атау
- Жануарлар мен өсімдіктер әлемі
- Түстер мен пішіндер
- Белгілер мен бағдаршам
- Ғаламшарлар мен табиғат
- Сандар
- Мен және отбасым
- Менің Қазақстаным
- Киіз үй мен домбыра
- Жыл мезгілдері
- Ертегілер әлемі.

Сурет - 2

Осы құрал арқылы сыни ойлау тапсырмасын төмендегідей өткіздім.

Сыни ойлау тапсырмалары;

Жануарлар мен өсімдіктер әлемі бойынша ұйымдастырдым.

1. Үй жануарларын атаңдар, аталу себебін дәлелдеңдер. Үй жануары – адамның тұрмыс-тіршілігіне жақын жануар.

2. Бүркіттің басқа құстан айырмашылығын айтыңдар. Мыалы: Бүркіт басқа құстармен салыстырғанда үлкен әрі мықты.

3. «Кім көп сөз айтады?» ойыны . Балалардың сөздік қорын дамыту, жылдам ойлау қабілеттерін арттыру. Қалай ойнауға болады: Жүргізуші белгілі тақырып бойынша сөз айтуы керек. Мысалы, «ағаштар,» «құралдар,» сөздер айтады. Балалар тез арада сөйлем құрауы керек. Бір баланың әр дұрыс сөз айтуы ұпаймен бағаланады. (сөйлеу тіл дамыту)

Сурет - 3

4. Топпен жұмыс ойындары балалардың ынтымақтастығын арттырып, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған тиімді әдістер болып табылады. Топпен ойналатын ойындар балаларды бір- бірімен сөйлесуге, бірге ойлануға және ортақ шешім қабылдауға ынталандырады. «Пазл құрастыру» ойыны әр топқа бірдей бөлікке бөлінген пазл береіледі. Әр топ өз бөліктерін біріктеріп, толық сурет құрастырып шығарулары керек.

5. Креативтілік ойындары балаларға жаңа идеялар мен шешімдер ойлап табуға, түрлі тапсырмаларды шығармашылықпен орындауға мүмкіндік береді. «Қиялдағы әлем» ойыны балалардың қиял мен шығармашылығын дамытады. Сен қайда тұрасың? деген сұрақ беріледі. Балалар өз қиялындағы әдемі суретті салып береді.

Ойын балалардың білімін дамытуға арналған ойындардың бір түрі болып табылады, олар цифрлық технологияларды (компьютерлер, планшеттер, смартфондар және басқа электронды құрылғыларды) пайдалана отырып, балалардың логикалық ойлау, шығармашылық, тілдік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мұндай ойындар көбінесе оқу мен ойынның үйлесімді қоспасы ретінде жасалады. [1-21бет]

«Сөзді жалғастыр» ойыны

Балалар кезекпен белгілі бір сөздер айтады, ал келесі бала сол сөзден басталып, жаңа сөзді айтады. Мысалы, бірінші бала «алма» екінші бала «алмұрт», үшінші бала «тақта» деп жалғастырады.

Цифрлық ойындардың негізгі мақсаты-балалардың сандық дағдыларын арттырып, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалануға үйрету, сонымен қатар оларды қызықты әрі шығармашылық тұрғыда дамытудың жолдарын ұсыну. Бұл ойындар баланың математикалық қабілеттерін, танымдық дағдыларын, логикалық ойлауын және тіпті әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Prodigy-математикалық сұрақтар арқылы ойыншықтармен түрлі тапсырмаларды орындау, сандық есептерді шешу.

Тіл дамыту ойындары, балалардың тілін үйретуге арналған ойын түрлері өте көп. Балаларға әріптермен сөздерді үйрететін көңілді әрі қызықты ойын түрлері көп. Қалай ойнау керек: Бұл ойында балалар бір сөзді немесе сөйлемді айтады, ал екінші бала сол сөзге қатысты көркем сөдермен сөйлем құрастырады. Мысалы, «күз»деген сөз айтылса, балалар сары жапырақ алтын күз деп сөйлем құрастыруы керек. [2-12бет]

Дұрыс, мәнерлі сөйлеу тілін дамыта отырып, интонациялық мәнерлеуді қолдана алады. Сөйлеу кезінде антоним, синоним сөздерді қолдана отырып, сөздің көп мағыналығын түсінеді және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын құрметтейді. Жарық – Қараңғы, Үлкен – кішкентай, Жоғары- төмен. Бұл екі типті сөздер сөлеу тілі мен ойларды нақты әрі түсінікті түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Тілдің грамматикалық құрылымына қарай түбірлес сөздерді жасауды, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді де қолдануды үйренеді.

Байланыстырып сөйлеу бойынша негізгі ойды дұрыс жеткізеді, өз пікірін білдіре алады, әңгімені, ертегіні бірізділікпен айтады, шағын логикалық және хабарлау сияқты әңгімелерді өздігінен құрастырып айта алады.

«BALA TIME» балаларға арналған планшеттің тәрбиеленушілерді жан –жақты дамытуға көмегі зор. Бұл құралда да 12 атаумен бөлінген тапсырмалармен қатар «Балалар әні», «Караоке», «Мультфильмдер» топтамасы берілген. Қосымша құралы дауыс күшейткіші (микрофон) қолданылады.

Балаларға арналған дамытушы құрылғы «Бал-әуен» он үш бөлімнен құрылған. Бұл құрылғының 70-ке жуық дискісіне бірнеше жанр түрлері топтастырылған. Тілашар бөлімінде әр түрлі бала жасына лайықталған, жаттауға жеңіл мақалдар, тақпақтар мен жаңылтпаштар жиналғаған. Бұл шығармаларды қайталап айту арқылы балалардың коммуникативтік дағдылары ерекше дамиды.

Зейін ашар бөлімінде сандар ұғымы, санамақ түрлері берілген. Санау жолдарын үйретуге арналған. Мысалы: Сағат, апта, уақыт, тыйым сөздер.

Сен білесің бе? Қызықты бөлімінде балалардың креативтілік дағдысын, яғни дамуын жеделдетуге арналған жұмыстар жинақталған.Мысалы: Дулыға, Бес асық, Каспий теңізі, Тоғызқұмалақ, Телескоп т.б.

«Менің елім» бөлімінде қазақ елі туралы рәміздері тыңдай отырып, командалық жұмыс жасауға пайдалануға болады. «Абайла, балақай»! бөлімінде балаларға тұрмыстығы қауіпсіздік ережелері айтылады, сақтану жолдарын үйретеді. Мысалы: «Тұрмыстағы қатерлер», «өрт қауіпсіздігі», «жол ережесі» тыңдауға арналған.

Балақай әдемі суреттерді тамашалай отырып, тетікшелерді саусақпен басу арқылы ұсақ қол моторикасын дамытады, жаңа сөздерді үйренеді, ұлттық рәміздермен таныса отырып, Отанға деген сүйіспеншілігін арттырады, ертегілер, күйлер және жаңылтпаш, жұмбақтар тыңдайды. Тәрбиеленушілер жұппен жұмыс жасағанда, топпен жұмыс жасағанды ұнатады. Өз тәжірибемде балаларды отырған орындары бойынша ғана емес әртүрлі тәсілдермен жұп құру, топ құру жүргізіп отырамын. Балалар үшін қызығатындай етіп суреттер, сандар, түстер жасырамын. Мысалы, жұп құруда мал және төлі, (сурет) көршілес сандар(3-4,5-6), қызғылт-қызыл (қ-қ), жасыл-қою жасыл т.б. Топпен жұмыс жасауға топтастыру тәсілдерін де түрлендіріп отырамын. Сандар бойынша: 1-5, 6-10, 11-15, 16-20. Ертегілер бойынша: Үш-төрт түрлі ертегі кейіпкерінен таңдау жасайды. Аңдар мен жануарлар бойынша топтау (жабайы аңдар мен үй жануарлары), заттардың орналасуына қарай: Ішінде-сыртында, жоғарыда-төменде, тағамдарға байланысты көкөністер мен жемістер. Бұл әдістермен бөлу арқылы тәрбиеленушілер бөлініп қана қоймай көптеген ұғымдарды нақты түсініп, ажырата білуге де үйретеді.

Видео - 1

Топ балаларының қазіргі деңгейін төрт дағды бойынша сараласақ нәтиже төмендегідей болды: 2-кесте.

Дағды атауы	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
Критикалық сыни ойлау дәрежесі	14	4	4
Креативтілік (дамуға ұмтылу деңгейі)	16	2	4
Коммуникация (сөйлеу дағдысының жетілуі)	16	3	3
Командалық жұмыс (топпен жұмыс жасай білуі)	18	4	0

Бұл цифрлық ойындардың мақсаты – балалардың немесе ойыншылардың білімін, дағдыларын, және қабілеттерін дамыту, оларды қызықты әрі тиімді түрде оқыту. Бұл ойындар цифрлық технологияларды пайдалану арқылы білім беру, танымдық даму және дағдыларды меңгертуге бағытталған. Цифрлық ойындардың негізгі мақсаттары мыналар:

Цифрлық ойындар білім беру мақсатында қолданылып, балаларға математика, сөйлеуді дамыту, сауат ашу пәндерді үйретуге мүмкіндік береді. Ойындар арқылы бала жаңа ақпаратты жеңіл әрі қызықты түрде меңгереді.

Логикалық және стратегиялық ойындар балалардың ойлау қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді. Олар шешім қабылдау, жоспарлау, талдау және сыни ойлау дағдыларын дамытады.

Шығармашылық және өнер ойындары балаларға өздерінің креативті қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл ойындар баланың ойын өрісін кеңейтіп, жаңа идеялар мен шығармашылық жұмыстар жасауға ынталандырады.

Сурет - 4

Тіл дамытуға бағытталған цифрлық ойындар балаларға сөздік қорын кеңейтіп, сөйлеу және жазу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Ойындар балалардың тілін дамытып, оқуды, жазуды, тыңдауды және түсінуді жақсартады.

Цифрлық ойындар балаларды білім алуға қызықты түрде тартады. Әртүрлі деңгейлер мен тапсырмалар арқылы ойыншылар мотивация алып, білімдерін шыңдайды.

Әлеуметтік интерактивті ойындар арқылы балалар топта жұмыс істеу, ынтымақтастық, коммуникация және басқа да әлеуметтік дағдыларды дамытады. Мысалы, көп ойыншыларға арналған ойындар бір-бірімен байланыс орнатуға және топ болып жұмыс істеуге көмектеседі.

Цифрлық ойындар компьютер немесе мобильді құрылғыларды қолдану арқылы балаларға цифрлық технологиялар мен құралдарды игеруге мүмкіндік береді. Бұл болашақта олардың технологияға деген қызығушылығын арттырады.

Ойындар балаларға өз қателіктерін түсінуге және оларды түзетуге мүмкіндік береді. Бұл процесс оқу кезінде маңызды, себебі ол сыни ойлау мен дұрыс шешім қабылдауды үйретеді.

Цифрлық ойындар тек қана көңіл көтеру емес, білім алудың қызықты тәсілі. Олар балаларға әртүрлі дағдыларды үйретіп, олардың жеке дамуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы Б.Баймұратова «Алматы»-1991.
4. 5-6 жасар балалардың ойын арқылы сөйлеу тілін дамыту.
5. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі А.Искакова «Астана»-2017.
6. Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйрету.

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы
"Айбөбек" бөбекжай - балабақшасы" КМҚК
Тәрбиеші
Сапарова Жанар Камбарова

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫНА ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына логикалық ойындардың маңызы қарастырылады. Логикалық ойындар баланың ойлау қабілетін жетілдірумен қатар, оның танымдық дағдыларын, шығармашылық қабілетін және әлеуметтік бейімделуін дамытуға ықпал етеді. Мектепке дейінгі кезең – баланың интеллектуалдық және психологиялық негізінің қаланатын маңызды уақыты. Осы орайда, ойындар баланың қоршаған орта туралы білімін арттырып, аналитикалық ойлау қабілетін дамытады. Мақалада логикалық ойындардың түрлері, олардың мектепке дейінгі балалардың дамуына тигізетін әсері, сондай-ақ педагогтардың бұл ойындарды тиімді қолдану жолдары қарастырылады.

Кілт сөздер: мектеп жасына дейінгі балалар, логикалық ойындар, когнитивті даму, танымдық қабілет, шығармашылық ойлау, балабақша педагогикасы.

Балалық шақтың алғашқы жылдары – адамның болашақ интеллектуалдық және тұлғалық даму негізі қаланатын ең маңызды кезеңдердің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуын жетілдіруде логикалық ойындардың орны ерекше. Бұл ойындар баланың ойлау, есте сақтау, қиялдау, зейін қою секілді қабілеттерін арттыруға көмектеседі. Ойындар арқылы бала қоршаған ортаны таниды, жаңа ақпараттарды қабылдайды және оларды өз тәжірибесінде қолданады. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде логикалық ойындарды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу өзекті мәселе болып табылады.

Логикалық ойындар – баланың ойлау қабілетін дамытуға бағытталған арнайы тапсырмалар мен әрекеттер жүйесі. Олардың негізгі мақсаты – баланың логикалық ойлауын жетілдіру, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау қабілетін қалыптастыру және шешім қабылдау процесін жеңілдету. Мұндай ойындар баланың интеллектуалдық дамуын ынталандырып қана қоймай, оның шығармашылық әлеуетін де арттырады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде әртүрлі логикалық ойындар кеңінен қолданылуда. Оларды шартты түрде бірнеше түрге бөлуге болады:

1. Сөздік-логикалық ойындар (жұмбақтар, жаңылтпаштар, ребустар). Сөздік-логикалық ойындар баланың тіл байлығын дамытып қана қоймай, оның логикалық ойлауын жетілдіруге көмектеседі. Мұндай ойындарға жұмбақтар, жаңылтпаштар, ребустар және сөзжұмбақтар жатады. Жұмбақтар баланы ойлануға, салыстыруға, талдауға үйретеді. Жұмбақтың шешуін табу барысында бала өзіне таныс заттар мен құбылыстарды байланыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды. Ребустар мен сөзжұмбақтар баланың зейінін шоғырландырып, логикалық байланыстарды құру дағдысын қалыптастырады.

Жаңылтпаштар арқылы бала фонетикалық дағдыларын жетілдіріп, дұрыс сөйлеуге дағдыланады. Олар тілді тез әрі анық меңгеруге көмектеседі, ал бұл өз кезегінде баланың қарым-қатынас жасау қабілетін жақсартады. Сонымен қатар сөздік-логикалық ойындар баланың шығармашылық қабілетін арттырып, сөздік қорын байытады. Мұндай ойындар топтық жағдайда өткізілгенде, балалар бір-бірімен

қарым-қатынас орнатып, ортақ шешім қабылдауды үйренеді. Осылайша, сөздік-логикалық ойындар когнитивті дамуға ғана емес, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына да ықпал етеді.

2. Кестелік және графикалық ойындар баланың кеңістіктік ойлауын, көріп есте сақтау қабілетін және зейінін дамытуға бағытталған. Бұл санатқа лабиринттер, суретті толықтыру тапсырмалары, басқатырғыштар және сәйкестендіру ойындары жатады. Лабиринттер арқылы балалар бағытты анықтау, кедергілерді еңсеру және мақсатқа жету стратегияларын қалыптастырады. Бұл ойындар балалардың шоғырлану қабілетін арттырып, жоспарлау дағдыларын жетілдіреді. Ал суретті толықтыру және сәйкестендіру тапсырмалары есте сақтау қабілетін жақсартып, ұсақ моториканы дамытады.

Басқатырғыштар (пазлдар) баланың анализ және синтез жасау қабілетін дамытады. Мұндай ойындар балалардың белгілі бір үлгіні түсініп, оны қайта құрастыру қабілетін жетілдіреді. Сонымен қатар балаларға суреттер мен пішіндерді салыстыруға, олардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды табуға мүмкіндік береді. Басқатырғыш ойындарын ойнау кезінде бала шыдамдылыққа, мақсатқа жету үшін жүйелі түрде әрекет етуге дағдыланады. Бұл дағдылар оның болашақтағы оқу үлгеріміне оң әсерін тигізеді.

3. Сандық-математикалық ойындар баланың логикалық және математикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Мұндай ойындарға сандарды ретімен қою, арифметикалық жұмбақтар, геометриялық фигураларды салыстыру, «Сандарды тап» сияқты ойындар жатады. Бұл ойындар баланы санауға, салыстыруға, логикалық байланыстарды анықтауға үйретеді. Мысалы, «Сандарды ретімен қой» ойыны балаларға сандардың ретін түсінуге көмектессе, «Кемпірқосақ сандары» ойыны сандарды түстермен сәйкестендіру арқылы есте сақтау қабілетін жақсартады.

Геометриялық фигуралармен жұмыс жасау арқылы бала кеңістіктік ойлау қабілетін дамытады. Мысалы, «Үшбұрыш қайда?» немесе «Қандай фигура артық?» секілді ойындар баланы заттардың формасын, көлемін ажыратуға және оларды топтастыруға үйретеді. Сонымен қатар сандық-математикалық ойындар балаларды есептеу дағдыларын меңгеруге дайындап, олардың аналитикалық ойлау қабілетін жетілдіреді. Мұндай ойындардың арқасында балалар күрделі есептерді шешуге қызығушылық танытып, математикалық ұғымдарды тез әрі оңай қабылдайды.

4. Қозғалыс ойындары баланың физикалық және интеллектуалдық дамуын қатар қамтамасыз етеді. Мұндай ойындарға «Кім жылдам?», «Секіріп сана», «Қозғалысты қайтала», «Жасырын затты тап» сияқты ойындар жатады. Бұл ойындар балалардың қозғалыс координациясын жақсартып, логикалық тапсырмаларды шапшаң орындауға дағдыландырады. Мысалы, «Секіріп сана» ойынында бала белгілі бір санға дейін секіру арқылы сандық дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар бұл ойындар балалардың моторикасын дамытып, олардың энергиясын дұрыс бағытта жұмсауға көмектеседі.

Қозғалыспен байланысты логикалық ойындар балалардың ми қызметін белсендіреді, себебі физикалық белсенділік пен когнитивтік процесс қатар жүреді. «Қозғалысты қайтала» ойыны баланы зейінді болуға, дәлдікке және жылдам ойлануға үйретеді. Мұндай ойындар топпен өткізілгенде, балалар бір-бірімен бәсекелесіп қана қоймай, өзара ынтымақтастық орнатады. Қозғалыс ойындарының маңыздылығы – олар баланы белсенді болуға ынталандырып, интеллектуалдық дамуға қолайлы жағдай жасайды.

Баланың логикалық ойлауын дамытуда ойындардың маңыздылығын атақты психологтар мен педагогтар атап көрсеткен. Л.С. Выготский ойын әрекетінің бала психологиясын қалыптастырудағы маңызын ерекше атап өтсе, Ж. Пиаже баланың интеллектуалдық дамуы ойын барысында жүзеге асатынын дәлелдеген. Ал А.Құнанбаевтың «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деген сөзі ойын әрекетінің бала өміріндегі рөлін айқындай түседі.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін логикалық ойындарды тиімді қолдану әдістерінің бірі – оларды ойын түрінде ұйымдастыру. Бұл әдіс баланы ойынға қызықтыру арқылы оның белсенділігін арттырады. Сонымен қатар логикалық ойындарды топтық түрде өткізу балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Балабақша тәрбиешілері логикалық ойындарды дұрыс ұйымдастырып, оларды оқу үдерісіне тиімді енгізсе, балалардың танымдық дағдылары қарқынды дамиды. Педагогтың міндеті – ойын барысында балаларды бағыттау, олардың ойлау қабілетін жетілдіруге жағдай жасау және оларды қызықтыратын ойын түрлерін таңдау. Ойын барысында қойылған сұрақтар баланы ойлануға, жауап іздеуге итермелеп, оның зерттеушілік қабілетін арттырады.

Логикалық ойындардың тиімділігі бірнеше факторларға байланысты. Біріншіден, ойын балаға өз бетімен шешім қабылдау дағдысын үйретеді. Екіншіден, ойын барысында бала қателесуден қорықпай, өз

ойларын еркін жеткізе алады. Үшіншіден, ойын ойнау арқылы бала танымдық белсенділігін арттырып, жаңа ақпараттарды қабылдауға бейімделеді.

Қорытындылай келе, логикалық ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалдық, когнитивтік және әлеуметтік дамуы үшін маңызды құрал болып табылады. Балабақша тәрбиешілері бұл ойындарды оқу-тәрбие үдерісіне белсенді енгізіп, балалардың шығармашылық ойлауын жетілдіруге бағытталған әдістерді қолдануы қажет. Осылайша, логикалық ойындар баланың жан-жақты дамуына ықпал етіп, оның болашақта білім алуға деген ынтасын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Пиаже Ж. "Речь и мышление ребенка." – М.: Эксмо, 2008.
2. Мұқанова А.Н. "Балалар психологиясы." – Астана: Фолиант, 2017.
3. Құнанбаев А. "Қара сөздер." – Алматы: Мектеп, 2019.

Қызылорда облысы, Арал ауданы
"№292 орта мектебі" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі, педогог-сарапшы
Иманбаева Жанагул Жанузаковна



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Педагогикалық іс-тәжірибенің қазіргі кезеңі – ақпараттық-түсіндірмелі білім беру технологиясынан баланың кең ауқымды тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын белсенді-дамытушы түріне көшу кезеңі. Ол тек білімді меңгеру ғана емес, сонымен қатар оқу ақпаратын игеру және өңдеу әдістерінің, оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық әлеуетін дамытудың маңыздылығына айналады. Баланың мектепте болуының маңызды нәтижесі оқушының бүгінгі және ертеңгі табысты оқуы үшін қажетті тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру болуы керек.

Мектептегі көп жылдық тәжірибем барысында логикалық ойлауды дамыту оқушылардың берік білім алуының қажетті шарты екеніне көзім жетті. Салыстыру, талдау, басты нәрсені ерекшелеу, жалпылау және қорытынды жасау қабілеті кез келген қызмет түрінде оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Тәжірибе көрсеткендей, бастауыш сынып оқушыларының көпшілігі мүмкіндігінше жаңа нәрселерді білгісі келетіні анық, бірақ, өкінішке орай, мұндай тілек пен ниет әрқашан мүмкіндіктермен сәйкес келе бермейді. Бірінші сыныпта балалармен жұмыс жасау барысында олардың қарапайым логикалық амалдарды орындаудағы қалыптаспаған қабілет мәселесімен кезігіп жатамыз. Көптеген балалар мәлімдемені дәлелдеу нені білдіретіні туралы түсініксіз болды, дәлелдеудің қарапайым логикасын білмеді, зерттелетін жалпы ұстанымды көрсететін нақты мысал келтіре алмады, теріске шығаратын мысалды таңдау қиынға соқты, нақты математикалық объектіні тану үшін сұраққа нақты жауап бере алмады, яғни бұл дегеніміз көптеген балалардың тек «үлгі» бойынша жұмыс істей алатындарын, ал логикалық ойлауды қажет ететін кез келген тапсырма оларға қиындық тудыратынын көрсетеді. Логикалық әмбебап әрекеттерге мыналар жатады:

- ерекшеліктерді (маңызды, маңызды емес) бөліп көрсету мақсатында объектілерді талдау;

- синтез – бөліктерден бүтінді құрастыру, оның ішінде жетіспейтін компоненттерді аяқтай отырып, өз бетінше толықтыру;
- объектілерді салыстыру, қатарлау, жіктеу негіздері мен критерийлерін таңдау;
- ұғымға бағындыру, салдарды шығару;
- себепті байланыстарды орнату;
- пайымдаудың логикалық тізбегін құру;
- дәлелдеу;
- гипотезалар және олардың негіздемесі.

Жоғарыда айтылғандардан шығатыны, бастауыш мектепте балалар логикалық әрекеттердің элементтерін (салыстыру, жіктеу, жалпылау және т.б.) меңгеруі керек. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – балалардың қорытынды жасауға, өз пайымдауларын дәлелдеуге, сайып келгенде, өз бетінше білім алуға және туындаған мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін барлық қасиеттер мен ойлау түрлерін дамыту.

Логикалық ойлауды дамытуды орындаушылық шеберлік пен дағдыны қалыптастырудан бөліп қарауға болмайды. Мектеп оқушыларының іскерліктері мен дағдылары неғұрлым жан-жақты және жетілдірілсе, соғұрлым олардың қиялы байыған сайын, олардың ниеті шынайы, күрделі математикалық есептерді шешеді.

Білім беру мектеп оқушыларының өмірлік тәжірибесімен байланысты қызығушылықтарын ескере отырып құрылуы керек, бұл қарапайым білім көлемін есте сақтауға және жинақтауға негізделген білім беруден әлдеқайда жақсы нәтиже береді. Білім алушы қиыншылықтарға тап болған кезде логикалық ойлауға және пайымдауға кіріседі.

Салыстыру – заттар мен құбылыстарды, олардың қасиеттері мен өзара байланыстарын салыстырудан және осылайша олардың арасындағы ортақтық пен айырмашылықты анықтаудан тұратын психикалық операция. Салыстыру неғұрлым қарапайым процесс ретінде сипатталады, әдетте, таным одан басталады. Қоршаған әлеммен танысудың бастапқы кезеңдерінде әртүрлі объектілер ең алдымен салыстыру арқылы белгілі болады. Екі немесе одан да көп объектілерді кез келген салыстыру оларды бір-бірімен салыстырудан немесе корреляциядан, яғни синтезден басталады. Осы синтетикалық акт барысында салыстырылатын құбылыстар, заттар, оқиғалар, т.б. олардағы ортақ және өзгешелікті бөліп көрсету орын алады. Бұл тәсіл келесі негізгі операцияларды қамтиды:

Объектінің белгілерін анықтау;

Таңдалған белгілерді маңызды және маңызды емес деп бөлу;

Салыстыруға негіз болатын белгілерді анықтау;

Объектілердің ұқсас және әртүрлі белгілерін табу, яғни толық емес салыстыруды жүзеге асыру;

Салыстырудан қорытындыны тұжырымдау.

Затты (текше, шар, қарындаш, алма, сызғыш т.б.) көрсете отырып, заттың белгілерін (қасиеттерін) атауды ұсындым. Балалар 2-3 белгіні атағаннан кейін олар қиындықтарға кездесті. Содан кейін мен бұл затты (текшені) басқа заттар тобымен (алма, мақта, шыны, салмақ) салыстыруды ұсындым. Алмамен салыстыра отырып, балалар алманың пішіні дөңгелек, ал біздің текшенің бұрыштары бар екенін байқады; мақтамен салыстырғанда текше қатты, ал мақта жұмсақ, т.б екенін байқадық. Біз текшенің көбірек жаңа қасиеттерін (белгілерін) таптық. Аналогия бойынша басқа объектілер салыстырылып, олардың барлық белгілері табылды. Осы дағдыны бекіту үшін «Затты тану» ойынын қолдандым. Ол шақырылған оқушының тақтаға шығып, артқа қарап тұрады. Мұғалім балаларға тақырыпты көрсетеді. Оқушылар нысанның атын атамайды, оның негізгі қасиеттерін ерекшелейді. Мұғалім объектінің қасиеттерін тізімдейді, ал оқушылар объектінің атын атайды.

Жалпылау - бұл қандай да бір ортақ белгі бойынша көптеген заттарды немесе құбылыстарды біріктіруден тұратын психикалық операция. Салыстырылған объектілерде жалпылау барысында – оларды талдау нәтижесінде – ортақ нәрсе бөлектеледі.

Тапсырма: сөздер тобын ортақ бір сөзбен ата:

Қаңтар Ақпан Наурыз Маусым

Үстел кереует кресло орындық

Дүйсенбі жексенбі сәрсенбі бейсенбі

Сонымен қатар оқытудың белсенді әдістерін қолдану да оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттыруға бірден-бір әсер ететін әрекет түрі. Оқытудың аталған әдістерін пайдалану үдерісі мен оқу нәтижелерінің тиімділігі әдістерді әзірлеудің байыпты психологиялық және әдістемелік базаға

негізделуімен анықталады. Тікелей белсенді әдістерге оқу іс-шарасы аясында, оны жүзеге асыру процесінде қолданылатын әдістер жатады.

Сабақтың әр кезеңі үшін кезеңнің нақты міндеттерін тиімді шешу үшін өзіндік белсенді әдістер қолданылады.

Сабақты бастауға динамикалық көмек көрсетуге:

- «Портрет галереясы»
- «Досыңа сый сыйла»
- «Шынтақпен сәлемдесу»
- «Бір-бірімізге күлімдейік» әдістері көмектеседі.

Балалар тапсырманы орындай отырып, қолдарын түртіп, күлімдеп, мүмкіндігінше көп сыныптастарының атын атаулары керек. Осындай қызықты ойындар сабақты қызықты әрі танымды сипатта бастайды.

Мұғалім үшін сабақта мақсатты, күтуді, қорқынышты нақтылаудың белсенді әдістерін енгізу өте маңызды. Мынадай әдістер («Үміт ағашы», «Қар түйіршіктері», «Бақша жемістері», «Идеялар кілемі», «Күн мен бұлттар», «Күзгі бақ») мұғалімге сыныпты және әрбір оқушыны жақсы түсінуге, содан кейін алынған материалдарды оқушыларға бағытталған тәсілді жүзеге асыру үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл әдіс балаларға өздерінің білім беру мақсаттарын нақтырақ анықтауға, олардың күтулері мен алаңдаушылықтарын айтуға мүмкіндік береді, осылайша мұғалімдер оларды білім беру процесінде біліп, ескере алады. Әдістер келесідей ұйымдастырылады. Оқушыларға алдын ала қағаздан кесілген қар түйіршіктері, алмалар, лимондар пішінінде түрлі-түсті парақтар беріледі және бүгінгі сабақтан, жалпы оқу процесінен не алғысы келетінін, үйренетінін және неден қорқатынын жазу арқылы анықтайды. Іске асырылғаннан кейін тұжырымдалған мақсаттар, тілектер, қорқыныштар жүйеленіп, нәтижелер шығарылады. Келесі әдістер білім алушылардың бұрын өткен тақырып бойынша білімін жаңартуға, оқушыларды жаңа материалды меңгеруге баулуға көмектеседі: «Дүкен», «Жұптық шығу», «Бағдаршам».

Жаңа материалды меңгеру кезеңінде кластерді, инсертті (белгілері бар оқу мәтінін оқу), дұрыс және жалған мәлімдемелерді, тірек сөздерді, миға шабуылды қолдануға болады.

Оқыған материалды бекіту кезеңінде мынадай әдістерді қолдануға болады: «дөңгелек үстел», пікірталас (кез келген мәселені, проблеманы талқылау немесе ақпаратты, идеяларды, пікірлерді, ұсыныстарды салыстыру), жиынтық кесте; тұжырымдамалық кесте.

Сыныптағы релаксацияның қалпына келтіретін күші туралы ұмытпау да қажет. Өйткені кейде балалардың сергіп, көңіл көтеру және белсенді демалуы, энергияны қалпына келтіру үшін бірнеше минут жеткілікті. Бұл жаттығуға мұғалімнің өзі қатысса, ол өзіне пайдасын тигізумен қатар, өзіне сенімсіз, ұялшақ оқушылардың жаттығуға белсенді қатысуына көмектеседі.

Рефлексия сатысында рефлексия неге бағытталғанына байланысты әр түрлі белсенді оқыту әдістерін қолдануға болады. Рефлексия – бұл оқушылар сабақта жаңа ғана меңгерген материалға, алған білімдерінің мағынасына қайта оралып, оны тексеруге, білгенін, үйренгенін салыстыруға және т.б. әрекет түрлеріне негізделетін сабақтың бір кезеңі.

Оқу материалының мазмұны бойынша рефлексия әдістері:

- Синквейн
- Кестелер (А) «плюс - минус – қызықты»; Ә) «Білемін, білгім келеді, білдім»

Оқытудың белсенді әдістерін оқу-тәрбие процесінің әртүрлі кезеңдерінде: білімді бастапқы меңгеру, бекіту, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру кезінде қолдануға болады. Оқытудың алуан түрлі әдістерін қолдана отырып, мұғалім оқытылатын пәнге деген қызығушылықты оята отырып, оқушының ақыл-ой әрекетін белсендіруге қол жеткізеді, бұл өз кезегінде оқытылатын материалды тереңірек және мазмұнды меңгеруге ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту мен үшін өте маңызды жұмыстардың бірі болды. Енді ойлаудың дамуы мақсатты түрде ұйымдастырылған іс-әрекет арқылы қамтамасыз етіледі деп айта аламын, бұл кезде мұғалімнің назары білім алу мәселесіне көп емес, білім беру мәселесін шешуге оқушының интеллектісін тарту процесіне аударылады.

Л.С. Выготский өз еңбектерінде кез келген оқуды оқып жатқан адамдар жүзеге асыруы керек деген идеяны бірнеше рет атап көрсетеді, яғни, оқушылар шешім табу үдерісінің белсенді қатысушыларына айналады, оның пайда болу көздерін түсіне бастайды, өз қателерінің, қиындықтарының себептерін түсінеді, табылған әдісті бағалайды, оны басқа оқушылар ұсынған әдіспен салыстырады. Сонымен бірге мұғалім де, оқушылар да бірлескен іс-әрекеттің салыстырмалы түрде тең қатысушыларына айналады.

Қарағанды облысы білім басқармасының "№1 оңалту орталығы" КММ
Логопед
Дузбаева Каракоз Данышпановна

СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ТҮЗЕТУДЕ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ МАССАЖДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Қазіргі уақытта сөйлеу қабілеті бұзылған және психикалық процестері дамымаған, соматикалық әлсіреген балалар санының тұрақты өсуі байқалады. Объективті тексерулер көп жағдайда мұндай балаларда өрескел патологияны анықтамайды, бірақ олардың мәселелері кейде іс жүзінде шешілмейді.

Білім беру ұйымдарындағы логопедия, мектептердегі түзету сыныптары, түрлі оңалту орталықтары айтарлықтай өсуде. Дегенмен, сарапшылардың пікірінше, оқыту және бағытталған түзету процестерінде дәстүрлі әдістер көп жағдайда күтілетін нәтиже беруді тоқтатты.

Қазіргі жағдайда сөйлеуді түзетуге және баланың психикалық және соматикалық дамуына жүйелі, кешенді көзқарас өзекті болып табылады.

Логопедиялық массаж сөйлеу бұзылыстарынан зардап шегетін балаларды, жасөспірімдерді және ересектерді оңалтудың кешенді медициналық-педагогикалық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Соңғы бірнеше онжылдықта батыстық және ресейлік, отандық зерттеушілер кеңінен қолданылатын жаңа дәстүрлі емес технологияларға қызығушылық танытты (соның ішінде логопедияда): фитотерапия, дыбыс терапиясы, музыка терапиясы, массаж және т.б. Олар баланың ағзасында болып жатқан процестерге әсер етеді (зат алмасуды жақсартады, қан мен лимфа ағынын арттырады, газ алмасуды арттырады, энергияны үйлестіреді), оның сөйлеу сапасын жақсартады. Логопедиялық массаж сөйлеу-қозғалыс процесінде үлкен рөл атқаратын жүйке және бұлшықет жүйесінде қолайлы өзгерістер туғызып, жалпы денеге оң әсер етеді.

Заманауи логопедияда массаж дизартрия (артикуляциялық және бет бұлшықеттерінің парезі бар), ринолалия, тұтығу сияқты ауыр сөйлеу бұзылыстарында, сондай-ақ сөйлеу патологиясы бар балалардың көпшілігі зардап шегетін мінез-құлық мәселелерінде қолданылады.

Оны қолданудың теориялық негізі М.Б.Эйдинованың, О.В.Правдинаның, К.А.Семенованың, С.А. Бортфельд және т.б. жұмыстарын құрайды. Соған қарамастан дефектологияның әртүрлі формаларында қолданылатын дифференциалды массаж әдістері салыстырмалы түрде жақында дамыды және кең логопедиялық тәжірибеге әлі жеткілікті түрде енгізілмеген.

Мамандандырылған логопедиялық массажға оқыту мақсатты емес, жүйеленген. Әлеуметтік-педагогикалық мекемелерде жұмыс істейтін көптеген логопедтер логопедиялық массаж техникасын жетік меңгеріп келеді, өйткені дизартрия, ринолалия, тұтығу сияқты күрделі сөйлеу диагностикасы бар балалар логопедиялық массаж сияқты тиімді әдістен айырылғанын білдіреді. Мамандардың ешқайсысы логопедиялық тәжірибеде массажды қолданудың орындылығына күмән келтірмейді.

Массаж - бұл тыныштандыратын, ауырсынуды жеңілдететін, ауруды жеңуге көмектесетін, тіпті балалардың психикалық, сөйлеу және физикалық дамуына ықпал ететін адам ағзасына физикалық және энергетикалық әсер ету әдістерінің бірі. Массаж денеге пайдалы физиологиялық әсер етеді. Массаж әсерінен денеде барлық тіндер, мүшелер мен жүйелер қатысатын бірқатар жергілікті және жалпы реакциялар пайда болады.

Логопедиялық массаж - бұлшықеттердің, нервтердің, қан тамырларының және периферияльық сөйлеу аппаратының тіндерінің күйін өзгертетін белсенді механикалық әсер ету әдісі. Бұл әдіс сөйлеудің айтылу жағын қалыпқа келтіруге де, сөйлеу бұзылыстары бар адамдардың эмоционалдық жағдайына да ықпал ететін логопедиялық әдістердің бірі болып табылады.

Логопедиялық массаждың негізгі мақсаттары:

- жалпы, мимикалық және артикуляциялық бұлшықеттердің бұлшықет тонусын қалыпқа келтіру;
- артикуляциялық аппараттың бұлшықеттерінің парезі мен салдану көрінісін азайту;
- сөйлеу аппаратының бұлшықеттерінің патологиялық қозғалтқыш көріністерінің төмендеуі (синкинезия, гиперкинез, конвульсиялар және т.б.);
- проприоцептивті сезімдерді ынталандыру;
- артикуляциялық қозғалыстардың көлемі мен амплитудасының ұлғаюы;
- жиырылу белсенділігі жеткіліксіз периферияльық сөйлеу аппаратының бұлшықет топтарын белсендіру;
- артикуляция мүшелерінің ерікті, үйлестірілген қозғалыстарын қалыптастыру.

Логопедиялық массаж түзету әрекетінің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады, бірақ оны жұмыстың бастапқы кезеңдерінде қолдану әсіресе маңызды. Көбінесе массаж сөйлеу терапиясының тиімділігінің қажетті шарты болып табылады.

Логопедиялық массаж бет бұлшықеттері мен сөйлеу-қозғалыс аппаратының мүшелерінің бұлшықет тонусын үйлестіруге көмектеседі.

Логопедиялық массаждың арқасында логопедтің жұмысы тиімдірек болды: дыбыстарды орнату, оларды автоматтандыру және сөйлеуге енгізу уақыты қысқарды. Массаж курсынан кейін кейбір дыбыстар өздігінен пайда болуы мүмкін, сөйлеу-қозғалыс аппаратының дауыс және тыныс алу бөлімдерінің жұмысында синхрондылық байқалады, жалпы балалардың сөйлеу сапасы жақсарады.

Логопедиялық массаж әдісіндегі ең маңызды нәрсе – жүйелілік және үлкен шыдамдылық.

Артикуляциялық бұзылыстарды жеңу кезінде логопедиялық массаж пассивті, пассивті-белсенді және белсенді артикуляциялық гимнастикамен бірге жүргізіледі. Сөйлеу тынысын, дауысты қалыптастыруда, эмоционалды жағдайды қалыпқа келтіруде массажды дәстүрлі логопедиялық жаттығулармен немесе релаксация жаттығуларымен бірге қолдануға болады.

Осылайша, логопедиялық массаж логопед жұмысында сенімді көмекші болып табылады және сөйлеуді түзету процесін тиімдірек, серпінді және шығармашылық етеді.

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Төле би ауылы
"Төле би атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі
Медеубаев Алмас Кабылбаевич

БАТЫР БАУЫРЖАННЫҢ ӘСКЕРИ ҰРЫС СТРАТЕГИЯСЫ

Бауыржан Момышұлы – Ұлы Отан соғысының басынан кіріп, аяғынан шыққан, ерлігі елдің есінен кетпейтін талантты да қаһарман қолбасшы. Ол талантты, қатал қолбасшылығының үстіне ойшыл, шешен. Ол жауынгерлерімен бірге соғыста шынықты, соғыста шыңдалды, соғыста өсті. Оны қатардағы сарбаздар әділдігі үшін, әскери өнерге жетіктігі үшін, жауынгердің жанын ұға білетін зерделігі үшін жақсы көрді, сыйлады, оған сенді. Ал командирін шын сыйлаған солдат жаудан жеңілмейді, өлімді де жеңіп шығады. Өйткені оның бойында бұйрықтың күші ғана емес, ар мен ұяттың, командирге, қолбасшыға деген сүйіспеншіліктің күші қоса жүреді. Бұл жеңіс үшін аса қажетті фактор. Батырдың айтуынша: «Жауынгерлерге сену командирдің басындағы бақыты, үлкен ырыс. Жауынгерлер командирге сенсе, одан артық абырой болмайды. Сенім - үлкен медет». Қолбасының қоластында қаһарман қазақ аз болған жоқ. Солардың көбі ел тәуелсіздігі үшін қанын төгіп, жанын берді. Бауыржан Момышұлының әскери қолбасшылық біліктілігіне тән тактикалақ-маневрлік әдістерінің бірі – жауды қоршауға ала шабуылдап жою. Мысалы, Мәскеу түбіндегі шайқаста фашистер иеленген Трошково, Баркловица, Трохово, Кашина, Коншина, Бородино атты алты қыстақты өзі басқаратын полкті алты топқа бөле, түн ішінде шабуылдап,

түгел басып алады, жауды талқандайды. Енді бір ұрыста оның 120 жауынгері 600 адамдық фашист әскерін талқандайды.

Қаhарман қолбасшының соғыста тағы да бір қолданған амал-әдісі шайқасып жатқан елді мекенді тастап, шегініп кетіп, қайтадан тұтқиылдан шабуылдап, қайтарып алу, жауды қуып шығу болған. Мысалы, осындай қулықты 1941 жылғы Мәскеу түбіндегі Матренино деревнясы үшін болған ұрыста қолданады. Қиян-кескі шайқас кезінде рота командирлеріне қыстақты тастап, шегінуге бұйрық береді. Бұл шешімді бастапқыда олар және батальонның саяси ісі жөніндегі орынбасары Ф.Толстунов түсінбейді, тек жеңіске жеттік деп, масайрап, үйлерге кіріп, босаңсыған, тіпті күзетте қоймаған жау әскерін батальон үш жақтан шабуыл жасап, адамдарын қырып, қуып шыққанда, бұл тактиканың дұрыстығына көздері жетеді. Осы амал арқылы адам шығыны болмайды және немістердің көптеген қару-жарағы, техникасы, маңызды құжаттар қолға түсіріледі.

Оның даңқы 1941 жылдың қараша-желтоқсанындағы Мәскеу түбіндегі шайқастарда шықты. Сол кездің өзінде-ақ майдан газеттері, КСРО-ның орталық басылымдары, әсіресе, Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары өз батальонымен небір қиын тапсырмаларды орындаған алғы шеп командирінің таланты мен ерлігін жабыла жазып жатты. Александр Кривицкийдің айтуынша, бұл кезде Ақ теңіз бен Қара теңіз аралығындағы мыңдаған шақырымға созылған майдан шебінде Бауыржан Момышұлынан даңқы асқан батальон командирі болған жоқ.

Мәскеу түбіндегі ұрыста Бауыржан өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты, 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына қосылды. Жалпы, өзінің айтуынша «нацистерге қарсы 207 рет ұрысқа қатысып, 5 рет өлімнің құрсауында қалған, 2 рет өлімші болып жараланған».

Ал, кейіннен жарық көрген «Мәскеу үшін шайқас» кітабы – бұл нағыз ерлік кітабы. Оның ішінде тактика да, тәжірибе де, ұрыс та, ұтыс та - бәрі де бар. Бұл - жеңіс кітабы. Әр тарауы - әскери ғылым. Осыны ескерсек, Б.Момышұлын әскери ғылымның нағыз білгірі деуге болады.

Ал, оның майданның алғы шебінде жүріп атқарған жұмыстары соғыс батырының шеңберінен шығып кетіп жатты. Аға лейтенант шеніндегі батальон командирінің, кейіннен полк, дивизия басқарған полковник қолбасшының ойлары мен әрекеттері кезекті ұрыстың тактикалық немесе стратегиялық шешімдерінен әлдеқайда ауқымды болды. Сондықтан да оның атақ-даңқы ресми батырлар мен генерал қолбасшылардан асып кетті. Бауыржан 8-гвардиялық дивизияның ар-намысы, оның ең биік шыңы болды.

Баукеңнің айтуынша, соғыс кімнің кім екенін тез-ақ анықтап береді. Мәскеу түбіндегі шайқастар Бауыржан Момышұлының кім екенін танытып қана қоймай, жастарды тәрбиелеу жұмыстарындағы олқылықтарды да ашты. Қазақ халқы қолма-қол соғыста мол тәжірибе жинақтағанымен, машиналы соғысқа жаппай бірінші рет кірген еді. Сондықтан да ұрыс алды әскери дайындықты күшейту керек екенін алғы шеп командирі ретінде ол өте-мөте сезінді. Ең сорақысы тарихын, тілін, дәстүрін білмейтін жастар көбейе бастаған. Олар ұлттық құндылықтарын білмеген соң, ұлттық мақтаныштары оянбайды. Ұлттық мақтаныштар оянбаған соң, рухы көтерілмейді. Ал рухсыз әскер қарумен қанша бөлеп қойсаң да жеңіске жетпейді.

1941 жылы 26 қараша күні маршал К.К.Рокосовский Бауыржан Момышұлын полк командирі етіп тағайындады. Ол кезде 30 жаста болатын. Әскери дәрежесі – аға лейтенант. Партия қатарында да болмапты. Полк командирі болу оңай емес. Бауыржан Момышұлы одан бұрын батальон командирі болған. Партия қатарында жоқ аға лейтенантты полк командирі етіп тағайындау – үлкен сенім, әрі сирек кездесетін оқиға.

Бауыржан Момышұлының қаламынан шыққан мақал-мәтел, нақыл сөздерінде де соғыста қолданылатын амал-айла, әскери қолбасшының орны мен рөлі мәселелері де шет қалмаған: «Ептілік пен батылдықты қосса айлакерлік шығады», «Әскерсіз қолбасшы - қауқарсыз», «Басшысыз әскер — әлсіз».

«Қанмен жазылған кітап. (Соғыс психологиясы)» - атақты қолбасшы Б.Момышұлының әскери қайраткер ретіндегі ұрпаққа ұлағат етіп қалдырған әскери-теориялық және рухани ұлағаттық еңбегі. Оның әскери тактикалық, жеке құрамды тәрбиелеу және оқыту, командалық кадрларды дайындау саласындағы зерттеулері терең кешенді талдау және әскери іс-тәжірибесінде кең түрде қолдануды талап етеді. Халық батыры өзінің әскери-теориялық көзқарастарын осы «Соғыс психологиясы» атты еңбегінде жан-жақтылы талдаған. Бұл - батырдың жарақатына байланысты демалыс алып келгенінде, 1944 жылы қаңтарда, КСРО Ғылым академиясының қазақ бөлімінде, Алматыдағы ғалымдар үйінде, Қазақ ҒА төрағасы академик Қ.И.Сәтбаев, академик-жазушы М. О. Әуезов бастаған қазақ ғылымы, әдебиеті мен өнер өкілдері, ел зиялылары алдында оқыған дәрістері мен әңгімелерінің хроникалық жинақ-кітабы.

Баукең аталмыш лекцияларын майданда жазған «Жауынгерлік қасиеттерді тәрбиелеу туралы ойлары» негізінде әзірледі. Лекция барысында лектор баспахананың бояуымен жазылған кітаптар да, адам қанымен жазылған кітаптар да болатынын, ал өзінің баспахана бояуымен емес, майдан даласында шынайы қалпында, бар болмысымен қанмен жазылған соғыс кітабын оқығанын баян етті.

Онда Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі бай әскери тәжірибеге баса мән берілген, көпшілігі бүтінгі таңда әлі де өзінің мәнін жоймаған кейбір әскери өнер мәселелері қарапайым және түсінікті тілде баяндалады. Тыңдаушылар соғыс қаһарманының баяндауынан Ұлы Отан соғысы тарихынан көптеген эпизодтарға, нақтылы И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия жауынгерлерінің қан майдандағы ерлігі жайлы деректерге қанық болады. Бұл оқиғалар, панфиловшылардың қаһармандыққа толы өнегелері, ол кезде де, қазір де маңызды. Лекцияның мақсаты, автордың айтуынша, майданда қаза тапқан, қасірет көрген, ер де турашыл, соғыс алапатының барлық жойқын ауыртпалықтарын мойнымен көтеріп жүрген қарапайым соғыс сарбаздарының ерліктерін қағазда қалдыру, әділет жолында олардың рухының алдында тағзым ету.

Город Шымкент
КГУ «Школа-лицей №46»
Учитель русского языка и литературы, педагог-исследователь
Бер Надежда Сергеевна



ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Функциональная грамотность – это способность применять приобретённые знания, умения и навыки для решения жизненных задач в различных сферах.

Проблема формирования читательской грамотности сегодня становится особенно актуальной. Учащиеся часто испытывают затруднения в адаптации своей речи к конкретной ситуации общения. Затруднения в пересказе текста, построении монологического высказывания и учете речевой ситуации требуют систематической работы с учащимися. Однако, с помощью соответствующих методик и тренировок, эти проблемы могут быть успешно преодолены, способствуя развитию читательской грамотности и общекультурной компетенции учащихся.

Для развития этих навыков, рекомендуется проводить уроки, на которых учащиеся будут анализировать различные речевые ситуации, искать оптимальные способы выражения своих мыслей и тренировать свою коммуникативную компетенцию.

Читательская грамотность – это не перелистывание книги и рассматривание картинок. Это умение использовать, оценивать тексты, размышлять о них и заниматься чтением, чтобы достигать своих целей, расширять свои знания и применять их в различных жизненных ситуациях.

Рассмотрим виды чтения как с позиций зрелого чтеца, так и позиций учащегося.

Ознакомительным чтением называют чтение с целью ознакомления с информацией, формирования общего представления о содержании и смысле текста, ориентировки в нем, выявлении наиболее существенной информации.

Поисковым чтением называют чтение, имеющее целью поиск нужной информации, а результатом — *выборочное, избирательное понимание* читаемого.

Изучающее чтение — предусматривает точное понимание всей информации текста. Поэтому его называют также *чтением с полным пониманием читаемого*. Этот вид обязателен как для учащихся в школе, так и для тех, кто и дальше будет обучаться в вузах.Каждый из этих видов чтения позволяет формировать читательскую грамотность.

Читательская грамотность предполагает работу с опорой на внетекстовые знания и на работу с текстом. И, как показывает практика, учащиеся намного хуже работают с внетекстовыми заданиями. Лучше получается работа с опорой на текст. Здесь ученики находят и извлекают информацию, затем ее интегрируют или интепретируют, а потом уже осмысливают и оценивают.

Таким образом, умения учащихся можно распределить на три блока:

1.поиск и извлечение информации

2. интепретация и преобразование

3.оценка и критическое мышление.

В практике работы учителя русского языка и литературы существует огромный арсенал приемов, техник и технологий развития читательской грамотности.

Приёмы работы с текстом при изучении нового материала

Прием «Верите ли вы, что...»(+ -)

Может быть началом урока. Учащиеся, выбирая "верные утверждения" из предложенных учителем описывают заданную тему (ситуацию, обстановку, систему правил.

Используется, например, при знакомстве с причастием (6 класс):

Причастие - это самостоятельная часть речи.

Причастия совмещают в себе признаки глагола и прилагательного.

Причастия бывают 1 и 2 спряжения.

Причастия бывают совершенного и несовершенного вида.

Причастия могут быть действительными и страдающими.

Действительные причастия могут иметь краткую форму.

Причастие с зависимым словом называется причастным оборотом.

Приём «Опорный конспект»

Для формирования читательского умения находить и извлекать информацию из текста предлагаем задания, в которых требуется работать с графической информацией: извлекать информацию, ориентируясь на слова (подписи под рисунками, названия столбиков диаграммы, название таблиц, схем); понимать язык графика, схемы, диаграммы

Приемы, используемые при групповой работе:

Творческое чтение.

Прием «Мозаика». «Реставрация текста»

Сложение целого текста из частей.

Текст разделяется на части (предложения, абзацы).

Ученикам предлагается собрать текст из разрозненных частей, разложив их в правильной последовательности. В качестве варианта выполнения задания ученики могут предложить несколько различных путей последовательного соединения.

Приём «Написание творческих работ»

Хорошо зарекомендовал себя на этапе закрепления изученной темы. Например, детям предлагается написать продолжение понравившегося произведения из раздела или самому написать сказку или стихотворение.

Эта работа выполняется детьми, в зависимости от их уровня развития

В заключение хочется сказать, что развитие читательской грамотности - это ключ к успеху в современном мире. Читательскую грамотность нельзя рассматривать как сугубо лингвистическое понятие. Если мы научим внимательно читать художественные, официально-деловые тексты, то и научные тексты ученик тоже сможет внимательно читать. Читательская грамотность послужит основанием для формирования финансовой, естественно-научной грамотности, умение критически мыслить и анализировать.

Атырау облысы, Атырау қаласы
№27 И.Тайманов атындағы орта мектеп
Мектепалды сынып тәрбиешісі, педагог-модератор
Сағи Ақжібек Қанатбайқызы

«10 САНЫ МЕН ЦИФРЫ»

Білім беру ұйымының атауы: №27 И.Тайманов атындағы орта мектеп
Педагогтің аты-жөні: Сағи Ақжібек Қанатбайқызы
Күні:
Сынып: Мектепалды «В» сынып
Ұйымдастырылған іс-әрекеті: Математика негіздері
Тақырыбы: «10 саны мен цифры »
Мақсаты: 10 санының таңбасымен таныстыру. 10 санының құрамын анықтау. Балалардың жылдамдықтарын, ойшылдық, сауаттылық қасиеттерін дамыту. Шығармашылық еңбек етуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Көрнекіліктер: Сан таңбалары, слайд,сурет, сандық, асық.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ-жауап, ойын, әңгімелесу, мадақтау.
Мотивациялық-қозғаушылық:
Арайлап атқан таңға сәлем.
Шуағын шашқан күнге сәлем.
Жайқалып өскен бізге сәлем.
Ақыл беріп тәрбиелеген,
Апайларым сендерге сәлем.
Ұйымдастырылған іс-әрекетін сұрақ қою арқылы бастау.
-Балалар бізде қазір жылдың қай мезгілі?
-Қыс мезгілі, дұрыс айтасыңдар.
-Қыс мезгілінде неше ай бар? Ия, үш ай бар, желтоқсан, қаңтар, ақпан.
-Аптаның бүгін нешінші күні. Дұрыс 1 ші күні, яғни дүйсенбі.
Олай болса балалар біздер топқа бөлініп алайық.

1- **Алғырлар тобы**
2- **Білімпаз тобы**
3- **Тапқырлар**.

Балалар бәріміз тақтаға қарайықшы 1 -10 ға дейінгі сандар тұр. Сол сандарды бәріміз тура және кері санайықшы. Барлық бала санайды.

1 тапсырма: Суреттен жасырылған санды табу. Үш топқа әртүрлі сурет беріледі. Сол суреттен сандарды табады. Тапқан әр топқа жұлдызшадан беріліп отырады.
2 тапсырма: Дидактикалық ойын «Көршісін тап»

Сандардың көршісін табу.
Әр тапсырма ортасында, жұлдызшамен ынталандыру.
Сергіту сәті:
Иіліп, оңға бір, солға бір.
Жаттығу жасаймын.
Оң аяқ, сол аяқ.
Жаттығу оңай ақ.
3 тапсырма: Сан құрамдарын толықтыру.

4 тапсырма: Сандық ішіндегі асықтарды тура және кері санап шығару.

Рефлексиялық-түзетушілік:
Әр топтың жұлдыз санын есептеу. Жеңімпаздарды анықтау. Меңгерген білімдеріңді өздерің бағалайсыңдар. Алдыларыңда тұрған жасыл, қызыл және сары жапырақтарды мына ағашқа ілесіңдер. Кім бүгінгі ұ.і.ә.өте жақсы білсе ол жасыл жапырақты іледі,орташа түсінген бала қызыл жапырақты,ал кім іс-әрекетінде ештеңе түсінбедім деген бала сары жапырақты іледі. Сөйтіп балалар өздерін бағалайды. Балалар, шаттық шеңберге тұрып ұ.і..ә аяқтаймыз.
Қол ұстасып тұрайық,
Шеңберді біз құрайық.
Көріскенше күн жақсы,
Сау саламат болайық.
Білуі керек: 10 санын таңбасын білу керек.
Нені игереді: 10 саннын оқуын игереді
Нені меңгерді: Екі таңбала сандардың құрамын меңгерді.

КГУ "Опорная школа (ресурсный центр) имени Ыбырая Алтынсарина" отдела образования Абайского района управления образования Карагандинской области
Учитель начальных классов
Шонаева Самал Анапиевна

РАЗВИТИЕ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Одной из актуальных проблем современной школы является создание условий, способствующих развитию ребенка в системе обучения. С помощью учителя ребенок должен научиться рассуждать, а главное, анализировать различные факты и точки зрения, сравнивать их, задавать вопросы и пытаться самостоятельно искать на них ответы. Без самостоятельного мышления интеллектуальное развитие ребенка невозможно.

Школа является основным звеном образования, к которому общество предъявляет свой социальный заказ на формирование личности будущего гражданина. Современному обществу нужен человек, который мыслит самостоятельно, критически, способен анализировать проблему, способен принимать творческие и нестандартные решения, т. е. интеллектуально развитый человек. А интеллект определяется не суммой накопленных знаний, а высоким уровнем логического мышления.

В период младшего школьного возраста наблюдается прогрессирующий рост умственных возможностей ребенка. Это явление связано не только с возрастными изменениями, но, прежде всего, с интеллектуальными задачами, которые ребенок должен решать во время учебы в школе. Сфера понятий, которые ребенок усваивает в процессе школьного обучения, все шире расширяется и включает новые знания в различных областях. При этом осуществляется переход от конкретного понятия к абстрактному, обогащается содержание понятий: ребенок осваивает многообразие свойств и признаков предметов, явлений, а также их взаимосвязь; он знает, какие качества важны, а какие нет. От простых, поверхностных связей предметов и явлений ученик переходит к более сложным, глубоким, разносторонним. В процессе формирования понятий происходит развитие психических операций.

В процессе обучения в школе дети изучают несколько предметных курсов, каждый из которых обеспечивает психологическое и психическое развитие учащихся. Однако основным условием развития в начальной школе многих познавательных действий, особенно логических, является математика. Действительно, особая задача математического образования-вооружить школьников общими методами пространственного воображения и мышления, развить умение понимать суть решаемой задачи, умение прийти к правильному и логически правильному решению.

Используя потенциал и разносторонний материал данного предмета, можно проводить целенаправленную работу с целью развития мышления, творческих способностей школьников. Дисциплина математики позволяет развивать наиболее важные психические качества, такие как дедуктивные и аналитические, предсказательные и критические способности. Успешные уроки математики информируют о логических структурах и безграничных возможностях логического мышления, позволяют получать информацию о мире на основе логических выводов.

Под логическим мышлением понимается способность ребенка младшего школьного возраста самостоятельно выполнять простые логические действия (анализ, синтез, сравнение, обобщение и т.д.), а также составные логические операции (утверждения, опровержения, рассуждения с использованием индуктивных или дедуктивных логических схем).

Как показывает практика, одним из наиболее эффективных способов логического мышления в школьном возрасте является решение учащимися нестандартных логических задач. Они тренируют умы детей, расширяют кругозор. Нестандартные логические задачи представляют собой задачи на реализацию мыслительного процесса, связанные с применением понятий, операций к ним, различных математических конструкций. Предлагая учащимся такие задания, мы формируем их умение выполнять математические операции и одновременно развиваем их.

Наиболее эффективным методом развития знаний, умений детей в основных математических понятиях является игра. Игру следует рассматривать не как регулируемый процесс развития основных математических понятий, а как свободную деятельность, которую ребенок воспринимает осознанно, сопоставляет, выбирает пути и методы достижения результата, проявляет самостоятельность в преодолении трудностей на своем пути. Каждая дидактическая игра с математическим содержанием имеет свои задачи: развивать умение выполнять вычисления, знакомиться с простыми геометрическими фигурами, естественным порядком чисел, составом чисел и др.

Использование различных методов работы над заданием также способствует развитию мышления:

1. Решение задач различными способами.
2. Решение задач с недостающими или избыточными данными.
3. Работа над решенным заданием.
4. Моделирование текста задания.
5. Представить ситуацию, описанную в задании.
6. Самостоятельное составление учащимися заданий.

Игры создают условия, побуждающие детей помогать друг другу, вместе обсуждать результат работы, вызывать и развивать положительные эмоции. Цель логических игр-постепенно развивать изобретательность, развивать образное мышление, логику и способность делать гибкие суждения с помощью игр.

Дидактические игры различаются по содержанию обучения, познавательной деятельности детей, игровым действиям и правилам, организации и общению детей, роли учителя. Эти знаки характерны для всех игр, но в одних играх одни признаки более выражены, а в других – по-разному. Четкой классификации, группировки игр по видам не существует. Чаще всего с учебным содержанием связаны игры: игры на сенсорное восприятие, словесные игры, игры на знакомство с природой и другие.

Игры с предметами доступны детям, поскольку они основаны на непосредственном восприятии, что соответствует желанию ребенка реагировать на предметы и, таким образом, знакомиться с ними.

Словесные игры самые сложные, они не связаны с непосредственным восприятием предмета. Эти игры имеют большое значение для развития мышления ребенка, так как в них дети учатся самостоятельно высказывать мнения, делать выводы, не полагаясь на мнение других, замечать логические ошибки.

Игры-догадки-это когда перед детьми ставится задача и создается ситуация, требующая осмысления последующего действия. Игровые действия определяются заданием и требуют от детей целенаправленного действия в соответствии с поставленными условиями или созданными обстоятельствами. Дети делают обоснованные или обобщенные предположения. Эти игры требуют связывания знаний с ситуациями, установления причинно-следственных связей.

Сюжетные игры (диалоги). Игра-беседа основана на взаимодействии учителя с детьми, детей с учителем и детей друг с другом. Такое общение имеет особый характер игровых упражнений и игровых действий детей. Ценность этой игры-это требования к активизации эмоционально-мыслительных процессов: единство речи, деятельности, мысли и воображения детей. Эта игра воспитывает умение слушать и слушать вопросы учителя, вопросы и ответы детей, обращать внимание на содержание беседы, дополнять сказанное, рассуждать.

Таким образом, формирование логического мышления является важнейшей составляющей педагогического процесса. А развитие логического мышления является неотъемлемой и важной частью математических знаний. Его качества и основные аспекты необходимы детям для решения образовательных, развивающих и познавательных задач.

Использованные литературы:

1. Алексеева, О.В. Окружающий мир. Особенности изучения предмета в начальной школе / О.В. Алексеева, А.А. Арасланова. – М.: Издательский дом Академии Естествознания, 2017. –144 с.;
2. Игровая технология в начальной школе: виды, цели и задачи, актуальность. http://fb.ru/article/283714/igrovaya-tehnologiya-vnachalnoy-shkole (дата обращения 22.02.2018).

Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданыны білім бөлімінің
«Ұзын-ата жалпы білім беретін мектеп» КММ
Информатика пәні мұғалімі
Қуатбаева Жанат Уринбайхановна

САНДАРДЫ ЕНГІЗУ МЕН ШЫҒАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

_Бөлім:	III БӨЛІМ PYTHON тілінде программалау	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты	Жанат Қуатбаева	
Сынып: 6	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Сандарды енгізу мен шығаруды ұйымдастыру.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	6.3.2.1 Python тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазу;	
Сабақтың мақсаты	Python тілінде айнымалылар қабылдайтын деректердің түрлерін біледі. Программалар құрастыру барысында деректердің түрлерін жіктейді.	
Жасампаздық және жаңашылдық құндылығы	Дәйек сөз – «Шығармашыл бала-ойлы бала» - мақсат қоя білу және оған қол жеткізу; -өзгерістер мен жаңашылдыққа дайын болу; - иновацияларды пайдалаудажауапкершілікпен қарау;	

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин	Ұйымдастыру кезеңі: «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.	Балалар жұмыс орындарын тексереді. Оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтады	«Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру	Интербелсенді тақта, презентация
Сабақтың ортасы 10 мин	Оқулықпен жұмыс. Мұғаліммен бірге жаңа сабақты талдап түсіндіреді. Сендер print () функциясын программада пайдаланып көрдіңдер. Экрандарға мәліметтерді шығаруға print () функциясы жакп береді. Егер код файлда болса, бұл функциясыз жұмыс жасай алмайсыңдар. Программалау тілінде мәліметтерді енгізу жіне шығару программада маңызды рөл атқарады.	Оқушылар мұғалімнің түсіндіргенін мұхият тыңдап ережелерін дәптерге жазып алады. Дескриптор: Жалпы - 1 балл. -Берілген тапсырманы орындайды -программасын жазады;	Сабаққа қатысып отырған оқушыларға жарайсың дұрыс айтасың деп қолдау көрсету	Презентация, оқулық

20 мин	Мысалы мына сандарды экранға шығарып көрейік. File Edit Format Run Options Window Help print (1025) print (16.58) print ("Программа") ========== RESTART: C:/User/Python/программа.py ======== 1025 16.58 Программа >>> Практикалық жұмыстар. Жеке тапсырма: Функцияның аргументтері (жақшадағы) үтірлермен бөлінген. Экранға шыққанда үтірлердің орнына мәндер бос орынмен бөлінеді. Егер өрнек жақша ішінде болса, онда ол алдымен орындалады, содан кейін print () осы өрнектің нәтижесін көрсетеді. File Edit Format Run Options Window Help print ("Сәлем," + "достым!") print((10-2) - 2.5/2) ========== RESTART: C:/User/Python/программа.py ======== Сәлем, достым! 6.75 >>> Сонымен қатар print () функциясы қосымша параметрлермен қамтамасыз етілген. Мысалы, sep параметрі арқылы жолдардың ортасында мынандай бөлгіш орнатуға болады. File Edit Format Run Options Window Help print ("Дс", "Сс", "Ср", "Бс", "Жм", "Сн", "Жк", sep = "-") print(1, 2, 3, sep = "//") ========== RESTART: C:/User/Python/программа.py ========== Дс-Сс-Ср-Бс-Жм-Сн-Жк 1//2//3 >>> *68-сурет. Программаның жазылуы және нәтижесі* Мәліметтерді енгізу. input() функциясы Python программасына пернетақтадан мәліметтерді енгізуге input() функциясы жауап береді. Бұл функция шақырылған кезде, программа орындалуын тоқтатады және пайдаланушының мәтін енгізуін күтеді. Осыдан кейін ол Enter пернесін басқанда, input () функциясы енгізілген мәтінді алып, оны өз алгоритмдері бойынша өңдейтін программаға жібереді. File Edit Format Run Options Window Help print ('Сенің атың кім?') name = input() # сенің жазған жауабыңды оқып, оны айнымалы name-ның орнына қояды. print ('Сәлеметсің бе,' + name + '!') ========== RESTART: C:/User/Python/программа.py ========== Сенің атың кім? Азат Сәлеметсің бе, Азат! >>> *69-сурет. Программаның жазылуы және нәтижесі* Бекіту сұрақтары Талдап, салыстырайық Калькулятордағы есептеу мен Python-дағы есептеуді салыстырыңдар. Ұқсастықтары мен айырмашылығына талдау жасаңдар. Python 3.8.0 Shell File Edit Shell Debug Options Window Help >>> 1000+250 1250 >>>	-программаны тексереді; Дескриптор: Жалпы - 1 балл. -Берілген тапсырманы орындайды -программасын жазады; -программаны тексереді; . Дескриптор: Жалпы - 1 балл. -Берілген тапсырманы орындайды -программасын жазады; -программаны тексереді; Дескриптор: Жалпы - 1 балл. -Берілген тапсырманы орындайды -программасын жазады; -программаны тексереді;	Әр есеп - 1 балл. Әр есеп - 1 балл. Әр есеп - 1 балл. Әр есеп - 1 балл. Әр есеп - 1 балл. 10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады	Оқулық, жұмыс парағы
Сабақтың соңы 5 мин	Үй тапсырмасы: 1 112 бет Үй тапсырмасын орындау	Үй тапсырмасын жазады	Өзін-өзі бағалау	

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы
«Шәкәрім атындағы №1 орта мектебі» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
Турумова Нурбакыт Толеухановна

СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ СӨЙЛЕМ ТҮРЛЕРІ

Білім беру ұйымының атауы	«Шәкәрім атындағы №1 орта мектебі» КММ
Пәні:	**Қазақ тілі**
Бөлім:	Менің туған өлкем
Педагогтің аты-жөні:	Турумова Н.Т.
Күні:	27.11.2024 ж
Сынып:	2 «Ә» сынып
Сабақтың тақырыбы:	**Сөйлем және сөйлем түрлері**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау; 2.3.7.1 сөйлем түрлерінің айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану 1.4.4.1 бас (бас) және кіші әріптерді және олардың қосындыларын жазу, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес анық жазу
Сабақтың мақсаты	Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажырата алады, тыныс белгілерін анықтайды
Көрнекіліктер	Киіз үйлер, асықтар, қоржын, ара бейнесі, таратпа қағаздар, бағалау парағы

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 5 минут	Психологиялық ахуалды жақсарту **«Біз қандаймыз?»**	Сабаққа дайындық жасап, бір біріне көңіл -күй сыйлайды		
Өткенді пысықтау 5 минут	Өткенді пысықтау **«Асық алу» әдісі** Сөйлем түрлері туралы қайталау 	Өткен тақырыптарды пысықтайды; Ережелерді еске түсіреді; Диктофонмен тексереді;	**Дескриптор:** - Асықтардағы сөйлемдерді оқиды; -Сөйлемнің түріне ажыратады; **ҚБ:** «Білім класс» әдісі	 
Сабақтың ортасы 20 минут	**Топпен жұмыс** **«Шашылған сөйлемдер» әдісі** **-Мәтінмен жұмыс** **1-топ** Хабарлы сөйлем **2-топ** Сұраулы сөйлем	Мәтіннен сөйлемдерді теріп, қағазға жапсыру	**Дескриптор:** -Мәтіндегі әр топ керекті сөйлемдерді теріп алады; -Сөйлемдерді қағазға жапсырады;	Ақ қағаз желім

	3-топ Лепті сөйлем **Оқулықпен жұмыс** **10-жаттығу** **Жұппен жұмыс** **«Жұппен ойлайық!» әдісі** Семантикалық карта толтыру **Сергіту сәті** 	Мәтінді оқу, ат қою Мазмұнын айту Сөйлемдерді көшіріп жазу Карточканы толтырады Қазақтың ою-өрнектері бойынша қимыл қозғалыс жасайды	-Дәлелдейді; **ҚБ:** «Білім класс» әдісі **Дескриптор:** Мәтінді оқиды,; Мәтінге ат қояды; Мазмұнын айтады; Сөйлемдерді көшіріп жазады; **Дескриптор:** Сөйлемдерді оқиды; Сөйлем түрлеріне ажыратады; + белгісін қояды; **ҚБ:** «Білім класс» әдісі	 Оқулық дәптер  Суреттер Музыка
Сергіту сәті 2 минут	**Жеке жұмыс** **«Мен өзім ойланамын!» әдісі** **«Ойлан тап!»** ойыны	Жеке жұмыс жасайды Сөзжұмбақ шешу Бір-біріне сұрақ қояды Сұрақ жауап Диалогке түседі	**Дескриптор:** Берілген сызба бойынша сөйлемдер құрайды, Сөйлемдерін оқиды, **ҚБ:** «Білім класс» әдісі **Дескриптор:** Жұмбақтарды тыңдайды; Шешуі бойынша сөзжұмбақты шешеді; Тақаға жазады.	Жұмыс дәптері Торкөздер маркер
Сабақты қорыту **6**минут **Кері байланыс** Үй тапсырмасы	**«Ара әдісі»** **«Ұстазға хат»» әдісі** 	Пікірлерін жазады Почтаға салады Кері байланыс жасайды Үй тапсырмасын алады	Сұрақ қояды Екінші бала жауап береді Кері байланыс жасайды Ұстазға өз пікірлерін жазады Почтаға салады	Ара бейнесі Почта бейнесі Хат үлгісі

Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Құрылыс ауылы
Б.Алманов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Мұхтарова Ғазиза Әбдіхайдарқызы

МҰҒАЛІМНІҢ РЕФЛЕКСИЯСЫ - ОНЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Соңғы жылдары мұғалімдердің кәсіби дамуында тек оқыту тәсілдерін ғана емес, сонымен бірге, бірінші кезекте- олардың философиясы, көзқарастары мен кәсіби пайымдауларын қозғайтын терең өзгерістер орын алуда. Осыған орай кәсіби даму үдерісі үшін басым мәнге ие құбылысқа ерекше назар аудару маңызды, себебі бұл көбінесе сол дамудың бейнесі болып табылады. Бұл жерде мұғалімнің кәсіби рефлексиясы туралы сөз болуда. Рефлексия дегеніміз латын тілінен аударғанда «артқа оралу, кері бұрылу» деген мағынаны білдіреді. Демек әрбір мұғалім күнделікті өткізген сабағынан кейін өзінің іс-әрекетіне талдау жасайды. Күнделікті сабақ жоспары қазіргі оқыту жүйесінде жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қысқа мерзімді жоспар үлгісімен ауыстырылып, жоспардың соңғы бөлігі сабақ бойынша мұғалімнің рефлексиясына арналған. Мұғалімнің рефлексиялық қызметінің мақсаты: біріншіден, педагогикалық әрекеттің негізгі құрылымдарын есіне түсіре отырып, олардың мәнін, алынған нәтиженің дұрыс не бұрыс болғанын дәлелдей алу, екіншіден, қолданылған әдіс пен құралдардың тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру, үшіншіден, орындалып өткен әрекеттің нәтижесін зерттеу.

Қазіргі зерттеулерге сүйенсек, мұғалімдер үшін өзін-өзі рефлексиялаудың артықшылықтары бар екенін дәлелдейді. Ол үшін педагогикалық әрекетті құрылымдауда Гиббстың рефлексивті циклын ұсынады. Мәселен, мұғалім ең алдымен, « Егер бұл қайта пайда болса, сіз не істер едіңіз?» деген сауалмен іс-әрекетті жоспарлайды. Іс-әрекеттен кейін « Не болды?» деп сауал қоя отырып, ой елегінен өткізіп, сипаттайды, «Сіз не туралы ойладыңыз және не сездіңіз?» деп өз-өзіне сауал қойып, пайда болған жаңа идеялармен, тың ойларымен бөліседі. Содан соң тәжірибеде не сәтті, не сәтсіз болғанын анықтайды. «Сіз жағдайды қалай қабылдайсыз?» Өзіндік іс-әрекетке сыни талдау жасай отырып, « Бұл тәжірибе сізді неге үйретті?» деген қорытындыға келеді.

Жалпы алғанда, мұғалім өз кәсібіне үңіле отырып, алғашқы қадамдарын мынадай сұрақтармен жасай алады. «Мен кімді оқытып жатырмын?», «Мен білім алушыларға нені үйретіп жатырмын», «Мен оларға қалай білім беремін?», «Білім алушылардың білімді меңгеруін қалай анықтаймын?».

Әйгілі американдық философ, әрі педагог Д. Дьюи мұғалімнің рефлексивті емес мінез-құлықтарының белгілерін анықтаған. Шешім қабылдау жағдайында мұғалімдердің тиімсіз әрекеттерінің басым таралғандары мыналар деп көрсетеді.

1. Басқа адамның көзқарасын қабылдау қиыншылығы.
2. Мұғалім ойлауының әсіре өзімшілдігі.
3. Мұғалім ойлауының стереотиптілігі /даулы жағдайда шешім қабылдау кезінде мұғалім аталмыш жағдайдың барлық қатысушылардың позицияларын рефлексиялауға қабілетті емес және сондықтан, кәсіби стереотиптер қоршауында болады, өз мінез-құлқын «...олар оқығысы келмейді, «олардың ойы басқада...», «олар жалқау...» т.б сияқты пайымдаулардан арыла алмайды.
4. «Тұйық интеллект» / мұғалім өз міндеттерін түсінгісі немесе сезінгісі келмеген жағдайда/
5. Мұғалім шешімдерінің алдын болжай алмайтындығы / туындаған мәселелерге мән бермеуі, фактілерді шеше алмау/ болжамдық ойлау деңгейінің төмендігімен анықталады. Педагогикалық

рефлексия туралы мұғалімнің кәсіби дамуының жеткіліксіздігін айтатын болсам, онда орыс психологы С. Л. Рубинштейннің мына бір сөзі ойға оралады. «Баланың іс-әрекет мазмұнына және қылығына ,оның іс-әрекет себептеріне және оның алдына қойылатын міндеттерге деген ішкі қатынасын ұғына білмеу,... шын мәнісінде соқыр болып жұмыс жасайды.»

Сонымен сөзімді әрбір мұғалімнің оқыту үдерісіндегі іс-әрекетіне арнасам, біз, мұғалімдер, үлкен даңғыл жолдамыз. «Қалай десек те, жол бізге кептелістер сияқты қиындық туғызуы мүмкін, алайда барлық кедергілерді жою үшін іс-әрекеттен кейінгі рефлексиямен ғана алдағы биік мақсаттарға қол жеткіземіз дегім келеді. Өз мамандығын сүйетін, өзінің кәсіби дамуын жетілдіріп отыратын мұғалімнің бүгінгі өзекті тақырыбы рефлексия болса, ол рефлексияны күнделікті құралына айналдыратын болса, өз әрекетінің әрбір минутында, судың бір тамшысы сияқты талдау, даму, ойлану мен өсу үшін мүмкіндіктердің ұлан-ғайыр теңізін көруге болатынын біледі деген оймен сөзімді аяқтағым келеді.

Атырау облысы, Махамбет ауданы, Таңдай ауылы
«Райхан гүлі» бөбекжай-бақша тәрбиешісі, педагог-модератор
Карасаева Замзагул Нурмухамбетовна

«ТАНЫМ ДАҒДЫСЫ»

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет «Математика негіздері»(кіріктірілген сабақ)
Тақырыбы «Мал шаруашылығына саяхаты»
Мақсаты: Балаларға мал шаруашылығын кеңінен тереңірек таныстырып,ұғындыру. Үлкендер еңбегін үйренуге, бағалауға үйрету. Бала бойына танымдық дағдыны ұлттық тәрбиемен ұштастыра отырып ұлттық құндылықтарымызды балалар бойына сіңіру.
Әдіс/тәсілі: Саяхат,әңгімелеу,түсіндіру. Сұрақтар жаңбыры
К/құралдар: АКТ, суреттер, макеттер, ойындарға арналған құралдар.
Ұйымдастыру: Балалар залға әуенмен кіреді,қонақтармен амандасады.
Шаттық шеңберінде.
Қуанамын мен де
Қуанасың сен де
Қуанайық достарым
Арайлап атқан күнге
Бүгінгі күніміз сәтті өтсін.
Бәріңізге сәттілік тілеймін!
Сұрақтар жаңбыры әдісі: - Балалар кәзір жылдың қай мезгілі?
- Кәзір жылдың қыс мезгілі
- Бүгін аптаның қай күні?
- Бүгін аптаның бесінші күні, жұма
- Бүгін ауа-райы қандай?
- Күн тымық, салқын ызғарлы.
Бүгін бізде Таным дағдысы бойынша ашық ұйымдастырылған іс-әрекетімізді бастаймыз.
Олай болса тақтаға назар аударайық! Не көріп тұрсыңдар? -Дүрбі

-Ия, дүрбі ол алысты жақын қылатын құрал ,кәзір сол дүрбінің көмегімен жасырынған суреттерді, бейнелерді көретін боламыз. Сол бүгінгі оқу іс- әрекетіміздің тақырыбы болады.
Кәне, қарайық зер салып, төрт түлік малдар тауық көріп тұрмыз.Яғни,мал шаруашылығы Олай болса мал шаруашылығына саяхатқа барамыз.
-Саяхатқа барғыларың келеме?-Ия барайық!
Ендеше мал шаруашылығы алыс жерде орналасқандықтан оған көлікпен баруымыз керек. Біз онда трактормен барамыз. Әуелі бізге тиіннің тапсырмасы бар екен соны орындайық Кәзір жылдың қыс мезгілі болғандықтан тапсырма былай. (Экраннан видео көрсетіледі есептер шығару)
Тапсырманы орындап тракторды от алдырып мал шаруашылығына жүріп кетеді.
Алдарынан шаруашылықтағы апай қарсы алады.(Балалар амандасады)
Шаруа апай Балаларға төрт түлік үй жануарлары тауық туралы айтып білгендерін жетілдіреді. (Қыздар апайға көмектесіп сиыр сауып, құрт жасаса, ұлдар тауыққа жем, су беріп малға шөп, жем, су беріп тазалық жұмыстарын жүргізіп, қойдың, түйенің, ешкінің қырқылатынын, одан не жасалатынын,не тоқылатынын жасанды интеллект балаларға жұмбақтар тыңдатып шеттірту және осы түліктерге байланысты өлең тақпақтарын айтып, білмегендерін сұрақ қойып жауабын алып, апайдың ризашылығын алып топқа оралады.
Сергіту сәті: (Музыка дағдысы) Әуенді қасық арқылы соғып шығару)
Балалардан саяхаттан көргендерін әңгімелей отырып, ұлттық тәрбиемен байланыстырып ойындар ойнату.Шығармашылық дағдыға байланысты ұлттық құндылықтарымыздың бірі Ою өрнектер Үш бала траператпен оюды әшекейлеп бояйды қыл қаламмен. Мақсаты: оюды таниды, әдемілік, әсемдікке үйренеді.
Төрт бала «Асықтар монополиясы» ойынын ойнайды.
Мақсаты: Ептілікті, байқампаздықты, сабырлылықты үйрету.
Құрастыру дағдысы бойынша. Столдың үстінде шашылып жатқан суреттер ішінен тек үй жануарларын төлдерімен тауып құрастырып топтастыру.
Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін дамыту,байқампаздыққа шапшаңдыққа баулу,үйрету.
Дансаулық дағдысы бойынша «Мені қайтала» ойыны.
Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке,кеңістікті бағдарлауды үйрету.
Шарты. Қызыл түсте ойын бастаушысы тұрады, екі жасыл түсте ойынға қатысушы екі бала болады. Бастаушы қай түсті оюға секірсе қатысушылар сол түсті басып үлгеруі шарт.
«Қой көтеру» мақсаты: Күштерін сынау, ауыр-жеңіл ұғымын меңгеру.
Шарты Балалар
10- ға дейін санайды.
Қорытындылау. «Дедокаэдр» әдісі арқылы жүргізіледі.
Балаларды мадақтау ,қатысушы педогогтерден кері байланыс.

Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Ақылбай ауылы
«Ақылбай ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
Абдирахманова Гулжайна Музаффаровна

LESSON STUDY ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН МЕКТЕП ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде білім мазмұнын жаңарту бағдарламасының енгізілуімен үлкен өзгерістер болып жатыр. Мектепте басталған реформалардың табысты болуы көп жағдайда оның кәсіби дайындығына, ішкі сеніміне байланысты. XXI ғасырдағы білім беру жүйесі мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықты арттыруды көздейді, оның аясында мұғалімдер бірлесіп жұмыс істей алады, жаңашыл және тиімді идеялармен алмаса алады, сол арқылы оқыту мен оқудағы практикалық тәсілдердің әсерін арттырады. Мұндай жағдайда мұғалім дәстүрлі білім берудің ескірген стереотиптерін бұзатын білікті практик, зерттеуші, бақылаушы болуы керек. Мұғалімдердің әрқайсысы «Балаларды қалай оқыту керек?», «Оқушыларды білім алуға қалай ынталандыру керек?», «Оқудағы қиындықтарды қалай жеңуге болады?» деген сұрақтарға жауап іздейді.

Осы мәселелік жағдаяттардың шешімі мектептегі оқыту тәжірибесінде Lesson Study әдісін қолдану болды.

Lesson Study – педагогикалық тәжірибе саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған педагогикалық технология, оның өзі сабақтағы іс-әрекетті зерттеудің ерекше объектісі болып табылады. Бұл педагогтар тобы бірлесіп жоспарлайтын, оқытатын, бақылайтын және талдаған кемінде үш деңгейді қамтитын цикл. Lesson Study көмегімен педагогтар өз зерттеулері мен оқуларын демократиялық жолмен жүргізе алады, білім сапасына әсер ете алады. Lesson Study технологиясы оқушылар мен мұғалімдердің қателіктерін көруге, одан қалай құтылуға болатынын түсінуге, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Негізінде Lesson Study – мұғалімдерді оқытудағы және олардың оқыту мен оқу тәжірибесін дамытудағы бірлескен технология.

Lesson Study-дің ерекшелігі мынада:

- Біріншіден, сабақ-зерттеу – мұғалімдер ұжымы жүзеге асыратын ұзақ процесс;
- Екіншіден, ол оң динамикаға, сабақтарды өзгертуге және жақсартуға бағытталған практикалық және зерттеушілік сипатта. Белгілі бір сыныпта оқытудағы негізгі мәселе мәліметтерді жүйелі жинау және талдау арқылы шешіледі;
- Үшіншіден, бұл - топтық жұмыс, мұнда қызығушылық танытқан мұғалімдер тобы зерттеу сабағының үш циклі ішінде белгілі бір сыныпта оқытудағы өзекті мәселені шешу бойынша зерттеулер жүргізеді;
- Төртіншіден, іс-әрекеттегі зерттеудің үш циклі кезінде нақты рефлексия мен нақты нәтижелерді алу үшін талқылау мен талдау көзі қызметін атқаратын мәліметтерді жинауды жүйелеу мен талдауға ерекше көңіл бөлінеді;
- Бесіншіден, жинақталған жұмыс тәжірибесін жариялау және тарату мақсатында үш цикл бойынша сабақ-зерттеу жұмыстарының бүкіл процесі хаттамаға жазылады.

Lesson Study зерттеуі үшін мектебіміздің әкімшілігі 5 сыныптарын таңдады. Осы сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдер ұжымы құрылды. Топ мүшелері арасында рөлдер бөлінді: модератор, сабақты жүргізетін мұғалім, ABC деңгейлі білім алушылардың назарын бақылаушылар, хатшы және оператор.

Алдағы уақытта осы үш санаттағы оқушыларды оқыту мен дамытуға көңіл бөлінді.

Алдымен мектеп психологымен бір топ мұғалімдер құрастырған оқушылармен сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей:

- А деңгейіндегі оқушы сауалнамаға жауап бергенде оқуға деген ынтасы жоғары, тапсырманы орындауда сенімді және өзіне сенімді көшбасшы ретінде танылады;

- В деңгейлі оқушының оқуға деген қызығушылығы нақты белгіленген тапсырманы орындауда аздап қиындайды, көшбасшылық қабілеттерін арттыруды талап етеді;

- С деңгейіндегі оқушының оқуға деген қызығушылығы төмен, тапсырманы орындау кезінде басқалардың көмегіне жүгінеді.

Зерттеу Lesson Study тәсілі арқылы әртүрлі тақырыпта ұйымдастырылды. Әр мұғалім қатарынан 4 сабақ берді. Жұмысты бастамас бұрын фокус-топ отырысы өтті. Мұғалімдерге сабақ өткізу мақсаты қойылды. Сабақта топтық жұмыс, ауыспалы композиция жұбы, тұрақты композиция жұбы және жеке жұмыс болып 4 түрде жұмыс жасаймыз деп шештік. Сабақтың барлық формаларын салыстыра отырып, тиімдісін таңдаймыз. Барлық сабақтарда мұғалімдер сыни тұрғыдан ойлау құралдарын пайдалана отырып оқытуды қарастыруы қажет. Топтық жұмыс формасында оқушылардың бір-бірімен қалай әрекеттесетінін, оқу процесіне барлығының қатысатынын, жұппен оқытуда бірігіп білім игеретінін, бір-біріне сұрақ қоюды, оларға жауап беруге және өзара тексеруге үйренетінін анықтау қажет. Мұндай жұмыс түрлері оқушылардың ашылуына, өзін-өзі танытуына көмектеседі.

Мұғалімдердің негізгі міндеті – сабақтың барлық кезеңдерінде белсенділікті, қызығушылықты, қозғалысты сақтау.

Дәл Lesson Study тәсілі білім алушылардың жаңа идеялар мен ақпаратты өз сөздерімен қаншалықты жеткізетінін ашады. Оқушылар өз контекстінде түсінгендерін өз сөздерімен айтып, жақсы есте сақтайды, сондай-ақ балалардың ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік беретін қызу пікір алмасулар орын алады.

Мұғалімнің міндеті:

- оқушылардың күш-жігерін белгілі бір бағытқа бағыттайды;
- өз бетінше шешім қабылдауға ынталандыратын жағдайлар жасайды;
- білім алушыларға өз бетінше қорытынды жасауға мүмкіндік береді;
- бар жағдайлардың ішінде жаңа когнитивті жағдаяттарды дайындайды.

Зерттелетін сынып оқушыларына сауалнама жүргізу және бақылаушылардың бірлескен талқылауы, Lesson Study әдісін қолдану нәтижелерін ұсыну мұғалімдерге сабақты қалай құру керектігін, оқушылардың белсенділігін арттыру үшін қандай әдіс-тәсілдер мен оқыту әдістерін қолдану керектігін көруге мүмкіндік береді.

Мысалы, зерттеу жүргізілетін сабақ барысында А деңгейлі оқушылар топпен жұмысты ұйымдастыруға тырысты, балаларға бағыт-бағдар беріп, көмектесті, сол арқылы өзінің көшбасшылық қасиеттерін дамытты.

В деңгейлі оқушылар өз бетімен, жеке жұмыс жасауды жөн көрді. Бұрын топпен жұмыс істеу дағдысы болмағандықтан, ол постерде практикалық жұмысты талқылауға белсене қатыса бастады, жұптағы досына көмектесті. Бұл оның әлеуметтік аспектідегі өсуін көрсетеді

Оқыту барысында С1 оқушыларын бақылай отырып, мұғалімге оқушылардың топтағы рөлін анықтауға ұсыныстар берілді, себебі топтың бір мүшесі ретінде барлығымен бірдей жауапкершілікке ие, бұл оның сабаққа тыңғылықты дайындалуына және сабақта белсенді жұмыс істеуіне көмектеседі. Уақыт спикері ретінде өз міндетін анық орындады.

Шығармашылық үй тапсырмасын бірлесе орындау С2 оқушысының өз бетімен ұқсас тапсырмаларды дайындауға деген құштарлығын оятты.

Мектебімізде оқыту мен оқу тәжірибесіне Lesson Study әдісін енгізу сәтті жүзеге асырылуда. Балалар сабаққа қуана келеді. Мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекетіне бағытталған мақсаттар зерттелетін сыныптағы мәліметтерді талдау және жинақтау негізінде өз нәтижесін көрсетіп, мәселелік тақырыпты шешуге ықпал етті.

Lesson Study технологиясының нысандары мен әдістерін тәжірибеге енгізу кезінде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларының қалыптасу деңгейі келесі әрекеттерде атап өтілді:

- оқушылардың әртүрлі көзқарастары қалыптасты, өз пікірін толық қорғауға, сыныптастарының пікірлеріне сыни көзқараспен қарауға үйренді;
- оқушылар бір-бірін сыйлауға, ұсыныс жасауға, тыңдауға үйренді.

Эксперимент барысында оқушылардың оқу үдерісінде белсенділіктері мен пәнге қызығушылықтары артып, сыни тұрғыдан ойлау деңгейіндегі тапсырмаларды орындап, сұрақ қою арқылы орындап, бақылайтыны дәлелденді.

Қорытындылай келе, ғылыми-зерттеу сабақтарын өткізу ұстаздар ұжымын жұмылдырып, кәсіби шеберліктерін шыңдауға, тәжірибе алмасуға ықпал еткенін айтқым келеді. Біз сенімді қарым-қатынас орнаттық, нәтижеге барлығы жауапты болатын командада жұмыс істеуді үйрендік. Ең бастысы, балаларды жауапкершілікті сезіне отырып, бірлесе оқуға үйреттік.

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Дәулет ауылы
«№3 арнайы мектебі» КММ
Дефектолог
Аккулова Жайжан Тубировна

СУРЕТПЕН ЖҰМЫС

Күні:	**Мұғалімнің аты- жөні:** Аккулова Жайжан	
Сынып: 6	**Қатысқан оқушылар:**	**Қатыспаған оқушылар:**
Сабақтың тақырыбы:	Суретпен жұмыс	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сәйкес)	6.1.3.3 жалпақ геометриялық фигураларды бөлшектерге бөлу	
Сабақтың мақсаты:	1. **Білімділік мақсаты**: Оқушыларға геометриялық фигураларды бөлшектерге бөлу әдісін түсіндіру және оны практикалық тапсырмалар арқылы бекіту. Жалпақ геометриялық фигуралар мен олардың бөлшектерге бөлінуінің негізгі ұғымдарын меңгерту. 2. **Дамытушылық мақсаты**: Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық дағдыларын және талдау қабілеттерін дамыту. Геометриялық фигуралардың бөлшектерге бөлінуін жоспарлап, оларды дұрыс кесіп, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. **Тәрбиелік мақсаты**: Оқушыларға ұқыптылық, шыдамдылық және топтық жұмыста өзара құрмет көрсету сияқты қасиеттерді тәрбиелеу. Бір-біріне көмек көрсету арқылы ынтымақтастық дағдыларын дамыту	
Күтілетін нәтиже:	• Оқушылар геометриялық фигураларды бөлшектерге бөле отырып, бұл процестің математикалық негіздерін түсінеді. • Әрбір оқушы түрлі геометриялық фигураларды дұрыс бөлшектерге бөліп, оларды графикалық түрде сызады. • Топтық жұмыс кезінде бір-бірімен өз пікірлерімен бөлісіп, өзара үйлесімді жұмыс істейді.	
Сабақтың түрі:	☐ Жаңа білімді меңгерту сабағы ☐ Практикалық сабақ	
Сабақтың өткізілу орны:	Сыныпта	
Құрал-жабдықтар:	1. Блокнот, маркерлер, қағаздар, сызғыштар 2. Слайдтар, тақта, түрлі түсті маркерлер, сызғыш 3. Қағаздар, қарындаштар, сызғыштар, түрлі-түсті маркерлер, компас	

	4. Слайдтар, тақта, геометриялық фигуралар		
Уақыт	**Сабақтың жоспарланған кезеңдері**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Мұғалімнің іс-әрекеті**
Сабақтың басы: 5-минут	1. **Ұйымдастыру кезеңі (5 мин):** ○ Сабаққа кіріспе. Оқушыларды топтарға бөлу. Әр топқа қажетті құрал-жабдықтар беріледі (қағаз, сызғыштар, қарындаштар). ○ Оқушыларға сәлемдесу, сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын түсіндіру.	Оқушыларға сәлемдесу, оқушыларды топтарға бөлу, сабаққа қажетті құралдарды тарату. Жұмыс орнын ретке келтіру.	Оқушыларды топқа бөлу, тапсырманың мақсатын түсіндіру, жұмысқа қажетті құралдарды тарату.
Сабақтың ортасы: 30-минут	1. **Жаңа тақырыпты түсіндіру (10 мин):** ○ Геометриялық фигуралар және олардың бөлшектерге бөлінуі туралы түсінік беру. ○ Мұғалім бөлшектерге бөлу тәсілдерін көрсетеді. Мысалы: төртбұрышты үшбұрыштарға бөлу, шеңберді секторларға бөлу. ○ Әртүрлі геометриялық фигуралармен жұмыс жасау тәсілдерін көрсету.	Оқушылар тыңдайды, мұғалімнің түсіндірмесіне назар аударады. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қояды.	Мұғалім жаңа тақырыпты түсіндіреді: геометриялық фигуралар туралы, олардың бөлшектерге бөлінуі. Мысалдар келтіру. Геометриялық фигуралар мен олардың бөлшектері туралы түсінік беру.
	2. **Тапсырма орындау (15 мин):** ○ Оқушылар топ бойынша геометриялық фигураларды бөлшектерге бөлу тапсырмасын орындайды. ○ Оқушыларға түрлі геометриялық фигуралар беріледі (мысалы, шеңбер, төртбұрыш, үшбұрыш), оларды бөлшектерге бөледі. ○ Оқушылар фигураларды бөлшектерге бөліп, әр бөлшекті жеке көрсетіп, сызба түрінде қағаз бетіне түсіреді.	Оқушылар топпен жұмыс істеп, берілген геометриялық фигураларды бөлшектерге бөледі. Әр топ өздерінің жұмыстарын қағаз бетіне салады.	Мұғалім оқушыларға тапсырманы орындау жолдарын көрсетіп, қажетті кеңестер береді. Оқушылардың жұмысын бақылап, көмек көрсетеді.
	3. **Жұмыс нәтижелерін талқылау (10 мин):** ○ Әр топ өздерінің жұмысын көрсетеді. ○ Мұғалім әр топтың жұмысын бағалап, дұрыс бөлу әдістерін және кейбір кемшіліктерді түсіндіреді. ○ Топтар бір-бірінің жұмыстарын талқылап, өз ұсыныстарын айтады.	Оқушылар өз жұмыстарын басқа топтармен салыстырып, пікір алмасады, бір-біріне сұрақтар қояды.	Мұғалім топтардың жұмыстарын тыңдап, әр топтың жұмыстарын талқылайды. Оқушылардың жұмыстарының дұрыстығын тексеріп, кері байланыс береді
Сабақтың соңы 5 минут	4. **Қорытынды жасау (5 мин):** ○ Сабақтың негізгі идеялары мен алынған білімдер қорытындыланады. ○ Үй тапсырмасы беріледі: үйде тағы да бірнеше геометриялық фигураларды бөлшектерге бөліп келу. ○ Сабаққа қатысты сұрақтар мен жауаптар. **Қосымша тапсырмалар:** • Оқушыларға тапсырмаларды әртүрлі қиындық деңгейінде беру: қарапайымнан күрделіге қарай. • Тақырыпты ойын түрінде пысықтау: «Геометриялық фигураларды бөліп көр» деген ойын ұйымдастыру.	Оқушылар өздерінің жұмыс нәтижелерін қорытындылап, түсінгендерін айтады. Үй тапсырмасын тыңдайды.	Сабақтың қорытындысын шығарып, маңызды тұстарды айтады. Үй тапсырмасын береді.

Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы
Ақжайық аудандық Балалар музыка мектебі
Қосымша білім беру педагогы
Сүйеуғалиев Сәтжан Айдарұлы

СОЛЬФЕДЖИО МЕН МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ ҮЙЛЕСІМІ: ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ МУЗЫКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ

Аннотация: мақала қазіргі қоғамдағы музыкалық сауаттылықтың маңыздылығы мен оны дамытудағы сольфеджио мен музыкалық білімнің рөлін талдауға арналған. Сольфеджионың негізгі аспектілері, соның ішінде ноталық жазуды үйрету, музыкалық есту қабілетін, интуицияны және ырғақ сезімін дамыту мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, білім беру үдерісіне заманауи технологияларды енгізу қажеттілігі атап өтіледі. Дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерінің синтезі музыкалық сауаттылықтың қалыптасуына, сын тұрғысынан ойлау мен шығармашылық әлеуетті арттыруға ықпал ететіні көрсетілген. Музыкалық білім беруді реформалау жолдары ұсынылып, интерактивті платформалар мен қосымшаларды пайдалану арқылы оқыту әдістерін жаңарту қажеттілігі қарастырылады.

Кілт сөздер: музыкалық сауаттылық, сольфеджио, музыкалық білім, музыкалық педагогика, заманауи әдістер, интерактивті технологиялар.

Қазіргі қоғамда қосымша білім беру жүйесі мәдени дамудың маңызды бөлігі болып табылады. Алайда, музыкалық білім саласында күрделі мәселелердің бірі – музыкалық сауаттылықтың төмендеуі. Бұл мәселе әсіресе ноталық сауатты оқып, жазу дағдыларының жетіспеушілігі арқылы көрінеді. Цифрлық технологиялар музыканы тыңдау мен жасауға шексіз мүмкіндік беріп отырғанымен, музыкалық мәтінді терең түсіну деңгейі айтарлықтай төмендеп келеді. Бұл жағдай музыкалық сауатсыздықтың кең таралуына ықпал етіп, қосымша білім беру жүйесінде сольфеджио сабақтарының маңыздылығын арттыра түседі.

Сольфеджио – музыкалық білімнің негізгі тірегі болып табылады. Ол музыкалық есте сақтау, есту қабілетін жетілдірумен қатар, ноталық жазуды меңгеруге және музыкалық шығармаларды терең түсінуге көмектеседі. Дегенмен, қазіргі таңда көптеген музыка мектептерінде дәстүрлі оқыту әдістері оқушылар үшін күрделі және қызықсыз болып көрінеді. Бұл олардың музыкалық сауаттылықты меңгеруге деген ынтасын төмендетеді. Заманауи жастар музыкаға көбіне тыңдаушы ретінде қарайды, ал оны кәсіби тұрғыда түсіну мен орындау дағдылары екінші орынға ығысып барады. Сонымен қатар, көп жағдайда оқытудың дәстүрлі әдістері оқушылардың қазіргі заманғы музыкаға деген қызығушылығымен сәйкес келмейді. Осыған байланысты, сольфеджионы оқытудың инновациялық әдістерін енгізу, оны ойын форматына жақындату және цифрлық технологиялармен ұштастыру – музыкалық сауаттылық дағдарысын еңсерудің негізгі жолдары болып табылады.

Сольфеджио сабағын жаңаша ұйымдастыру – оқушылардың ноталық сауатты меңгеруіне және музыканы саналы түрде қабылдауына ықпал етеді. Қосымша білім беру мекемелерінде сольфеджионы қызықты, интерактивті және шығармашылық тәсілдер арқылы оқыту музыкалық мәдениетті дамытудың маңызды бөлігіне айналуы тиіс.

Музыкатану ғылымы музыкалық мәдениетті терең түсінуге мүмкіндік беретін маңызды сала болып табылады. Ол музыкалық шығармаларды талдауға, музыкалық дәстүрлерді сақтауға және өткен мен бүгіннің арасындағы байланысты нығайтуға көмектеседі. Бүгінде музыкатануды білім беру

бағдарламаларына енгізу оның маңыздылығын арттырып, музыкалық сауаттылықты кеңінен таратуға мүмкіндік береді. Музыкатанудың оқу процесімен үйлесуі оқушыларға тек классикалық музыкалық теорияны меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар заманауи музыкалық ағымдарды, жанрлардың эволюциясын және музыканың өзге өнер түрлерімен байланысын зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл көзқарас музыкалық білім беруді қазіргі заман талаптарына бейімдеуге ықпал етеді.

Музыкалық сауаттылықты дамытудың негізгі құралдарының бірі – сольфеджио. Сольфеджио – ноталық жазуды және музыкалық естуді дамыту әдістемесі, ол музыканы тыңдау, орындау және түсінуге үйретеді. Бұл жүйе ноталардың көрінісі мен олардың дыбыстық мәнін байланыстыра отырып, оқушыларға интервалдарды, ырғақты және әуендерді ажыратуды үйретеді.

Сольфеджионың музыкалық сауаттылықты қалыптастырудағы маңызы бірнеше негізгі аспектілерде көрініс табады:

1. Музыкалық естуді дамыту – интервалдар мен аккордтарды тану қабілетін жақсартады.
2. Ноталық сауаттылықты меңгеру – музыкалық шығармаларды дұрыс оқу және жазу дағдыларын жетілдіреді.
3. Ритмдік сезімді қалыптастыру – музыкалық ырғақ пен метрді түсінуге көмектеседі.
4. Музыкалық жадыны нығайту – әуендік және гармониялық құрылымдарды есте сақтау қабілетін жақсартады.
5. Музыкалық интонацияны жетілдіру – дұрыс және таза дыбыстауға үйретеді.

Сольфеджионы қосымша білім беру жүйесінде тиімді қолдану музыкалық сауаттылықтың таралуына ықпал етеді. Оны жаңа педагогикалық әдістермен, интерактивті технологиялармен және шығармашылық тәсілдермен ұштастыру арқылы оқушылардың музыкаға деген қызығушылығын арттыруға болады. Осылайша, музыкатану мен сольфеджионың үйлесімді интеграциясы музыкалық мәдениеттің дамуына серпін беріп, өскелең ұрпақтың музыкалық сауаттылығын жаңа деңгейге көтереді.

Сольфеджионы оқытудағы интерактивті ресурстар мен бағдарламалар оқушылардың материалмен тиімді әрекеттесуіне мүмкіндік береді. Визуалды және дыбыстық эффектілер қызықты әрі есте қаларлық білім беру ортасын құрып, күрделі ұғымдарды оңай меңгеруге ықпал етеді. Қазіргі заманғы қосымшалар жиі геймификация элементтерін қамтиды, бұл оқу үдерісін қызықты саяхатқа айналдырады.

Сольфеджио сабақтарында технологияларды пайдаланудың басты артықшылықтарының бірі – оқыту үдерісін жекелендіру. Бағдарламалар әр оқушының дайындық деңгейіне бейімделіп, жеке жаттығулар мен тапсырмалар ұсына алады. Бұл оқушыларға материалды өз қарқынында меңгеруге мүмкіндік беріп, білімді жылдам әрі тиімді игеруге көмектеседі. Сонымен қатар, онлайн-платформалар мен мобильді қосымшалар оқу процесін қолжетімді етіп, географиялық және уақыттық шектеулерді жояды. Оқушылар кез келген уақытта, кез келген жерде білім ала алады, бұл әсіресе заманауи білім беру жүйесінде маңызды, өйткені икемділік пен мобильділік оқытудың негізгі қағидаларына айналуда.

Технологияларды интеграциялау сонымен қатар виртуалды білім беру қауымдастықтарын құруға мүмкіндік береді, онда оқушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, кездескен қиындықтарын талқылап, бір-бірін шабыттандыра алады. Бұл әлеуметтік өзара әрекеттесу аспектісі оқушылардың мотивациясын арттырып, мықты музыкалық білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Музыкатану мен сольфеджионы оқыту процесіне біріктіру теория мен практиканың, тарих пен заманауилықтың арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Осы әдістер бойынша білім алатын оқушылар музыканың тарихы мен құрылымын үйреніп қана қоймай, өз білімдерін тәжірибелік жаттығуларда қолданады. Музыкатану мен сольфеджионы синтездеу оқушылардың сыни ойлауын, аналитикалық қабілеттерін және музыкалық шығармашылық көзқарасын дамытуға ықпал етеді. Бұл әдіс сонымен қатар музыкалық интуиция мен шығармашылықты еркін білдіру қабілетін қалыптастырады.

«Дене шынықтыру» пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол оқушының дене дамуына, сондай-ақ әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептің білім беру жүйесінің құрамынада бола отырып, дене шынықтыру оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Осындай жол арқылы болашақта салауатты әлеумет қалыптастыруға болады.Сонымен қатар, дене шынықтыру сабағындағы негізгі қағидаттардың бірі–белсенділік. Ол дене шынықтырумен айналысатындардың ойластырылған негізде, терең түсінуін қамтамасыз етіп, дене шынықтыру-спорт шараларына тұрақты қызығушылық мен қажеттілік тудыруға, сондай-ақ барынша белсенді болуға жетелеуге бағытталған.

Бұл қағидатты іске асыру дене шынықтырумен айналысатындардың түрлі жаттығуларды орындау техникаларын біліп, терең түсініп, дене шынықтыру үдерісіне саналы және байсалды қарауға көмектеседі.

Белсенділік – адам орындайтын іс-шаралардың өлшемі, оның жұмысқа тартылу деңгейі. Дидактикалық тұрғыдан алғанда, белсенділік деп білім, білік және дағдыларды саналы түрде игерудің алғышарттарын, шарттары мен нәтижесін атаймыз. Проблемалық оқыту әдісі теориялық сабақтарда да, тәжірибелік сабақтарда да қолданылады. Мысалы, проблемалық оқыту әдісі қолданылатын сабақта 1-сынып оқушылары тірек-қозғалыс дағдыларын дамыту мәселесін қарастырғанда оларға мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін: Аяқпен неше түрлі жолмен қозғала аласың? Оқушылар бұл қозғалыс түрлерін көрсету керек. Жоғарыда аталған сабақ түрлерінің барлығына тән ортақ белгілер бар. Олар: -оқушы мен мұғалімнің арасындағы тығыз қарым-қатынас; -ойлау қызметі жоғары деңгейде іске қосылған; -ұжымдық жұмыс түрлері жеке жұмыс түрлерімен бірге қолданылады; -оқушыларға әсер ететін эмоция деңгейі артады; -танымдық тұрғыдан оқушылардың дербестігі; -өз бетінше білім алуға ынталандыру, бұл саралау әдісін іске асыруға мүмкіндік береді; -оқу үдерісінің тиімділігі артады.

Бұның барлығы оқушы білімінің сапасына қазіргі заман сабағына қойылатын маңызды талаптардың бірі–оқушының денсаулық жағдайын, дене бітімінің дамуын, қимыл-қозғалысқа дайындығын, психикалық даму ерекшеліктерін есепке ала отырып, саралау және жекешелендіру тәсілін қолданудың маңызы зор.

Саралау және жекешелендіру тәсілі дене шынықтыру саласында жоғары нәтижелері бар балалармен қоса, бұл саладағы нәтижелері төмен балалар үшін де маңызды.Әдетте қимыл-қозғалыс қабілетінің нашар дамуы оқушының бұл сабақта үлгерімінің төмен болуының басты себебі болып жатады. Ал орташа оқушыға есептелген сабақта деңгейі жоғары оқушыға қызықсыз болады. Оның үстіне, дене шынықтыру сабағында балалар негізгі, дайындық және арнайы топ деп бөлінеді. Сондықтан, тапсырмаларды да, сабақ мазмұнын да, оқу материалын игеру қарқынын да, нәтижелерді бағалауды да саралау қажет. Дене шынықтыру сабағында оқытуды тиімді түрде саралай білу әркімге білім бере отырып, оларды лайықты әрі шабыттандырушы түрде жұмылдыруға жол ашады. Оқушыларының ішкі уәжін арттыру үшін бірқатар педагогикалық оқыту тәсілдерін қолдануға болады. Мысалы: оқушылардың қызығушылығын туғызып, олардың қажеттіліктері мен ұмтылысына сай келетін тапсырма орындауды қамтитын жаттығуларды әзірлеу және жетілдіру. Бұл оқушылардың спортшыларды тануына мүмкіндік береді. Олардың сынып қабырғасынан тыс дене шынықтыру жаттығуларымен айналысу тәжірибесі қандай? Олардың білетіні және қолынан келетіні мен істегісі келетінінің арасында қалай байланыс орнатуға болады? Мұны оқытуға қалай тиімді кіріктіре алуға болады? Сондай-ақ, мұғалім оқушылар өздері баратын секцияда үйренген дағдыларын көрсетуді өтіне алады.

Табысқа жетуге арналған ортаны қалыптастырыңыз.Барлық оқушылардың сіздің қажет болған жағдайда өзгерту енгізіңіз. Сондай-ақ оқушылардың оқу мақсатын түсінетіндігіне, олардың сабақтан шыққан кезде өздерінің спортта қандай да бір жетістікке қарай ілгерілегенін сезінетініне көз жеткізіңіз. Сабақта белсенді оқыту тәсілдері қолданылуы үшін сабақтың мазмұнын өзгерту. Оқушыларды оқыту мен оқудың жаңа әдістерімен қызықтырыңыз. Бұл мұғалімдер мен оқушылардың арасын байланыстырады, сонымен қатар, жақсы кері байланыс үшін жағдай жасап, оқытуға қолайлы мүмкіндіктер туғызады. Оқушылар сізді спортшы ретінде қабылдауы үшін, әрдайым модельдер құрыңыз көрсетілімдер жасаңыз.Ынтымақтастық ортасындағы топтық жұмысқа ынталандыру керек. Балалар спортты қазірдің өзінде жақсы көреді, сіздің міндетіңіз–олардың спортқа деген сүйіспеншілігін арттыра түсу. Оқушыларды ынталандыруға арналған осы ұсынылған тәсілдер тізімінде қандай да бір мадақтау немесе жазалау ескерілмегеніне мән беріңіз. Олар – жалпы қолданылатын техникалар әдетте, «сыртқы» уәж немесе «оқу керек» деген талаппен байланыстырылады. Оқушыларды мұндай жолмен уәждеу стратегияларын пайдалануға сақтықпен қараған жөн, себебі олар ішкі уәжді төмендетуі мүмкін. Атап айтқанда, оқушыларда төмендегідей сезім тудыруы мүмкін марапаттардан (әсіресе мақтаудан), жаза немесе кері байланыстан аулақ болған дұрыс: -тапсырманы орындауға өзін қабілетсіз сезіну;

-тапсырманы аяғына дейін орындаудың қажеті жоқ деп сезіну;

-тапсырманы орындау үшін аз ғана әрекет етіп, шектеулі күш-жігер жұмсаса жеткілікті деп сезіну;

-өзіне аз тапсырма берілді деп сезіну.

Бастапқы ішкі уәж төмен болған жағдайда сыртқы марапат пайдалы болуы мүмкін. Шын мәнінде, мұғалім оқушылардан жоғары нәтиже күтіп, олардың өз күшіне деген сенімін нығайту үшін мадақтауды пайдаланғаны дұрыс. Оқушының жұмысына құрметпен қарай отырып, оның ішкі уәжін арттыруға ықпал етуге тырысыңыз (мысалы, оның жеке қызығушылығы, тақырыпқа қызығушылығы, жеке мақсаттарға ұмтылуы және т.б.).

Оқушының оқуға құлқының болмауы, негізінен, мұғалімнің оның уәжін оята алмауының салдарынан болады. Мұғалім қызметінің аса маңызды қыры – оқушылардың уәжін анықтауға көмектесетін көптеген факторларды түсіну. Төмендегі кестеде мұғалім жұмысының оқушының уәжін өсіретін немесе, керісінше, өшіретін факторлар ұсынылған. Сонымен, жаңарту бағдарламасындағы дене шынықтыру пәнін оқытудың орны ерекше. Онда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Жаңарту бағдарламасы нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда, дене шынықтыру сабағында алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға баса назар аударылады. Бұл дегеніміз оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуетін артып, салауатты өмір салтын ұстануына өзінді септігін тигізеді деген сөз.

Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің
«№54 Т.Рысқұлов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Тусеева Малике Умирзаковна

ЖЫЛҒА ЖАҚСЫ ТІЛЕК

Педагогтің аты-жөні	Тусеева Малике Умирзаковна			
Қала/ Мектеп	№54 Т.Рысқұлов атындағы жом			
Пән	Әдебиеттік оқу			
Сынып:	4			
Сабақтың тақырыбы	**Жылға жақсы тілек**			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.2.8.1 – эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру; 4.2.3.1 – шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және дәлелдеу.			
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезеңі уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. **Жұмыс ережесін келісу** • Сабақта бір-біріміздi сыйлаймыз, тыңдаймыз! • Уақытты үнемдейміз! • Нақты,дәл жауап береміз! • Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! • Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз! **Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)** **«Елестету» әдісі арқылы жаңа тақырыпты шығару.** Күтілетін нәтижені анықтау Құрастыр Батаны оқып, мағынасын түсіндіріңдер.  	Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару. Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды.	 ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.	Психологиялық ахуал. Алдыңғы білімді еске түсірутапсырмалары.
Ортасы	**Түсініп оқы** **«Отамалы» деген – не?** Сөздікпен жұмыс Пақыр – «байғұс» деген сөз. Қарабас осы сөзге әдеттеніп кеткендіктен, жиі қайталайды	Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.	Формативті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	Оқылым, жазылым

	Ойлан Жолаушылар әңгіме қылған күн райының сипаты қандай еді? Оқиғаның басталуына не себеп болды? **Дескрипторы:** Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір білдіреді. Берілген тапсырмаларды орындайды. Сұрақтарға жауап беріп, өз пікірін дәлелдейді.	Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі арқылы суретпен және мәтінмен жұмыс жасайды. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау		тапсырмалары .
Аяқталуы	**Жаңа білім мен тәжірибені қолдану.** **Ой толғаныс кезеңі.** **Жауабы:** **Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда)**	Тірек сөздермен жұмыс жасау.	ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.	Топтық тапсырмалар.
Кері байланыс	Смайликтер сыры	Жарайсыңдар!		

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы
"Жалпы білім беретін мектеп-гимназиясы» КММ
АӘжТД мұғалім-ұйымдастырушысы, педагог-модератор
Бақбергенов Айғали Байжігітов

КАЛАШНИКОВ АВТОМАТЫН ЖАРТЫЛАЙ БӨЛШЕКТЕУ ЖӘНЕ ЖИНАҚТАУ

Білім беру ұйымының атауы	"Жалпы білім беретін мектеп-гимназиясы» КММ
Пәні:	АәжТД
Бөлім:	1-бөлім
Педагогтің аты-жөні:	А.Бақбергенов
Сынып: 10	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**§ 9. Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	Автомат пен пулеметтің атқаратын қызметін, оның жартылай бөлшектеу мен жинастыру тәртібін білесіңдер және бөлшектері мен тетіктерінің атқаратын қызметін құрылысын зерделейсіңдер

Сабақтың мақсаты	**Автомат пен пулемет** қарсыластың тірі күшін жою мен атыс құралдарымен танысады. Ұрыстағы өзара қимыл және оның мәні туралы сипаттайды. Бөлімшелерді және атысты басқару, Түндегі ұрыс ережесіне болжам жасайды.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі//уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру 	Қызығушылықты ояту: Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу. Оқушылар назарын жұмылдыру.**Білімді өзектендіру.** “ жалғанба ия ақиқатба” тәсілі Оқушыларға бұл тақырып бойыншаөздері білетіндердің бәрін “жинау”ұсынылады (жекелеген түсініктердіде, сондай-ақ тұтастай сөйлемдердіде пайдалануға болады). Оқушылар өткенді еске алады. Ол Слайдта берілген тапсырмаға ауызша “ жалған не ақиқат ” деп жауап береді. Сынып оқушыларын сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты және бағалау критерийлерімен таныстыру	Оқушылар сұрақтарға болжам жауаптарын береді және бір-бірін толықтырады.	**ҚБ** Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін. Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін. Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім. 	Мұғалім презентациясы
Жаңа білім 	**О**қушыларға тақырыпқа шығу үшін келесі тапсырманы орындайды. **1.Тапсырма: суреттер сөйлейді** **2.тапсырма:** Бұл жұмыс оқушылардың талдау жасау дағдыларын дамытуға бағытталады **Түйінді сөздер.** *Әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды және жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, оның мүмкіндіктері бағаланып, орын алатын кемшіліктері туралы анықталады*: **«ПОПС» әдісі** Оқушылардың алғ дерімен дағдыларын қорытындылап ,түйіндеу үш ндегі төрт сөйлем тапсырмасы орындалады.ПОП уласы бойынша сабақты қорытындылау. Оқушылар бүгінгі сабақты төрт сөйлеммен қорытындылайды	Оқушылар белгілеу керек Оқушылар АӘТД пәнінің арналуы мен мақсатын ашу. - АӘТД сабағында білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін біледі. - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі екендігін түсінеді. - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары туралы атайды. Тактикалық ,Саптық, Әскери роботты техникаларын және Әскери топография	**ҚБ** Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады **1. Дескрипторы:** -тапсырмадан әңгімелеу 3-ін керек; -Кем дегенде 2сурет қамтуы тиіс; **2.Дескриптор:** Кемдегенде- 4 анықтау 3анықтау 2 анықтау; **3.Дескриптор:** тақрыпты табады кем дегенде жауабын оқу аркылы	**10 сынып оқулығы** АӘТД– Алматы: «Мектеп», 2019 ж. Авторлары :тасбулатовА., Майхиев Д.,Әкімбаев Е.,Мамырбаев Ө. Видео ролик арқылы АК -74 Оқулығы

<table>
<tr>
<td>
 </td>
<td>1.Бірінші сөйлем – Менің ойымша.....
2.Екіншісөйлем-Мен оның себебін былай түсіндіремін.....
3.Үшінші сөйлем –Оны мен мына фактілермен ,мысалдармен дәлелдей аламын.....
4.Соңғы сөйлем – осыған мен мынанда қорытынды шешімге келдім.....

3.Тапсырма:
Оқушыларға-қазіргідеректердің негізінде талдау жасауды тапсырыңыз. Ол үшін оқушылар туралы статистикалық деректерін ұсыныңыз Кластер құру.

Тақырыпты табыңыз?

Сергіту; АК -74 бөлшектеу-жинақтау
4.Тапсырма: Ой ширату
АК74 автоматын жартылай бөлшектеу және жинастыру реті мен тәртібін орындаңдар
<table>
<tr><td>Әрекетті ң реті</td><td>Автоматт ы бөлшектеу</td><td>Автоматт ы жинау</td></tr>
<tr><td>1</td><td></td><td></td></tr>
</table>
4. Үй тапсырмасы:
§ 9. Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау</td>
<td>туралы сипаттайды.

Оқушылар тақырыпқа қатысты сәйкес орналастыру; осы бойынша өткен мен бүгінгі терминді анықтап, интерпретация жасайды;
Шектеулі м/с АК -74 бөлшектеу-жинақ тайды

Оқушы берілген деректі пайдаланып, тақырыпты анықтайды.
Маңыздылы ғын-атап көрседі түсіндіреді тапсырманы анықтайды. сәйкестендіреді Оқушыға берілген уақыт м/с орындайды</td>
<td>Кем дегенде 2 . Кем дегенде 3 Кемдегенде.4 ;

4. Дескриптор:
Кем дегенде 2 . Кем дегенде 3 Кемдегенде.4 ;</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Бекіту</td>
<td>Сабақты қорытындылау
Үйге тапсырма: кесте толтыру
<table>
<tr><td>Сұрақтар</td><td>Жауаптар</td></tr>
<tr><td>Автоматты (пулеметті) толық емес бөлшектеу не үшін жүргізіледі?</td><td></td></tr>
<tr><td>Автоматты (пулеметті) толық емес бөлшектеуді ретімен айтып беріңдер ?</td><td></td></tr>
<tr><td>Автоматты толық емес бөлшектеудің пулеметті толық емес бөлшектеуге қарағанда қандай ерекшелігі бар?</td><td></td></tr>
</table></td>
<td>Сабақтың тақырыбын қорытындылау</td>
<td>«Ең үздік жауап»</td>
<td>Ақпараттық</td>
</tr>
<tr>
<td>Кері байланыс</td>
<td>«Білімді стикер». Мына сұрақтар бойынша жауап береді.
- Не білдім?
- Не білемін?
- Не білгім келеді?</td>
<td>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады</td>
<td>Оқушылар бағалай критерийлеріме н өз деңгейлерін бағалайды</td>
<td>конспект</td>
</tr>
</table>

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы
«Жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» КММ
Көркем еңбек пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Серекбаева Кумисай Алимбаевна

«ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰЛТ МАҚСАТЫ»

Халықтың ұлттық қолөнері сол халықтың ғасырлар бойы бастан кешкен өмір салтының, таным түсінігінің жарқын айғағы. Қазақ ұлттық қол өнері адам баласына өзінің бай тарихы, терең мазмұны, сан қилы ерекшеліктері, рухани, естетикалық, әсер етіп, олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамыта түседі. Қазақ халқының қолөнері сонау ескі заман тарихы мен бірге өсіп, біте қайнап келе жатқан өте бай қазына болып саналады. Нағыз шеберлікке жету үшін табандылық, іскерлік, талғампаздық, білім қажет. Кез келген тақырыпта қазақ халқының ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді, ұлттық қолөнерімізді айтып отырсақ үлкен үлес қосамыз, - деп ойлаймын Шығармашылық жолдағы жас ұрпақтың қиялына жаңа серпін беріп, қиял ұштауға көмек көмектеседі, дегенмен біз өзіміздің ұлттық өнерімізді, болмысымызды әрқашан да ұмыт қалдырмауымыз керек. Өйткені ол адамзаттық мәдениеттің дамуының негізгі ірге тасы болады деп айтуымызға болады.



Астана қаласы Білім басқармасы Қазақстан Этнодизайнерлер одағымен бірлесе отырып, 2024 жыл 11-12 сәуірінде ұлттық мәдениетті дамыту, қазақтың ұлттық қолөнерін дәріптеу, ұлттық қолөнер туындыларын көрсету, жастарды өнерге баулу мақсатында Халықаралық, республика көлемінде қолөнер шеберлері мен «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімдеріне, жоғары оқу орындары мен кәсіптік-техникалық колледждер педагогтеріне арналған «Оқу-тәрбие үрдісінде білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтырды қалыптастыру» тақырыбында форум болып өтті. Бұл форум шеберлік сабақтары мен жеке қолөнер шеберлерінің әдіс тәсілдері мен тәжірибесімен бөлісті.

Бүгінгі таңда халқымыздың ежелден желісі үзілмей келіп жеткен көне де ізгі дәстүрі жас ұрпақты ұлттық, сәндік қолданбалы қолөнердің тұнығынан сусындатып, әлем халықтарының шеберлерінің ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан таңқаларлық тамаша шығармаларымен таныстыра отырып, өнерге қанат қаққан шәкірттерді шеберлік шыңына жетелеп дұрыс бағыт сілтеу, қолөнерге баулу басты мақсатымыз. Баланың білімін тереңдетуде шығармашылығы, еңбекке қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейтіп, талғам деңгейін жоғарылату барысында қолөнер үйірмелерінің орны ерекше. Оқушыларға көркем еңбек, факультатив сабақтарында ұлттық құндылығымыз насихаттау мақсатында қазақтың ертеден келе жатқан, киелі музыкалық аспабы қара қылқобыздың қасиетіне үңілдіріп, тарихына шолу жасап, жасалу жолдарын үйретуге тырыстым. Осы еңбегімнің нәтижесінде оқушылар аудандық, облыстық, республикалық байқауларға, көрмелерге қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласын- дағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының “Науырзым ауданы білім беру бөлімінің Дәмді жалпы білім беретін мектебі» КММ
Педагог-психолог
Айдарбекова Латифа Махсутовна

ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДА ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТІҢ ҚЫЗМЕТІ

Аннотация. Бұл мақалада ерекше білім берілуі қажет балалардың әлеуметтік бейімделуін және коммуникация дағдыларын дамытуда педагог-психологтің атқаратын рөлі талқыланады. Әлеуметтік бейімделу мен коммуникативтік дағдылардың бала өміріндегі маңызы зор екендігі, сонымен қатар педагог-психологтің бұл бағыттағы жұмысы мен қолданатын әдістері кеңінен қарастырылды. Мақалада балалардың психологиялық, эмоционалдық, және әлеуметтік дамуына әсер ететін факторлар, сондай-ақ педагог-психологтің балалармен жұмыс барысында жүзеге асыратын негізгі стратегиялары мен тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылды. Әлеуметтік және коммуникативтік дағдылардың дұрыс қалыптасуы баланың болашақтағы өміріне зор ықпал ететінін ескере отырып, мақалада ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу тәжірибесі мен ұсыныстары қамтылды.

Кілт сөздер: педагог-психолог, әлеуметтік бейімделу, коммуникация дағдылары, ерекше білім беру, балалар, психологиялық қолдау, инклюзивті білім беру, коррекциялық әдістер, әлеуметтік даму.

Кіріспе

Әлеуметтік бейімделу және коммуникация дағдылары кез келген баланың өмірінде ерекше орын алады. Бұл дағдылар адамның айналадағы қоғаммен қарым-қатынасын жеңілдетіп, оның әлеуметтік ортаға енуіне ықпал етеді. Ал ерекше білім берілуі қажет балалардың бұл дағдыларды қалыптастыруы өте маңызды. Өйткені олардың дамуы мен әлеуметтенуі кезінде түрлі қиындықтар мен кедергілер туындайды.

Мұндай балалардың қажеттіліктерін ескере отырып, олармен жұмыс жүргізетін мамандардың бірі — педагог-психолог. Педагог-психологтің әлеуметтік бейімделу мен коммуникация дағдыларын дамытудағы рөлі айтарлықтай зор. Оның кәсіби қызметі баланың жеке ерекшеліктеріне сай жүзеге асырылады. Бұл жұмыстың негізінде ерекше қажеттілігі бар балалардың әлеуметке сіңісіп, қоршаған ортамен тіл табысып өмір сүруіне көмектесу жатыр. Сондықтан да педагог-психологтің жұмысы қоғам үшін өте маңызды.

1. Әлеуметтік бейімделудің маңызы

Әлеуметтік бейімделу – бұл баланың қоғамның толыққанды мүшесі бола алу қабілеті. Ол тек сыртқы қарым-қатынас емес, адамның ішкі дүниесінің, өзін-өзі тануы мен қабылдауының да маңызды бір бөлшегі болып табылады. Әлеуметтік бейімделу үдерісінде баланың өзіндік пікір қалыптастыруы, өз құқығын қорғауы, достармен дұрыс қарым-қатынас орнатуы, қоғамның заңдары мен ережелеріне сай әрекет етуі басты орын алады.

Кез келген адамның психологиялық тұрғыдан қалыптасуы оның қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасауына тікелей байланысты. Әлеуметтік бейімделу балалардың дамуындағы маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Ерекше қажеттілігі бар балалардың қоғамдық өмірге толық араласуы үшін педагог-психологтің көмегі өте қажет. Мәселен, мұндай балаларға әлеуметтік өзара әрекеттесу мен

дұрыс коммуникация дағдыларын қалыптастыру мақсатында әртүрлі педагогикалық әдістер мен жаттығулар қолданылып, оларды оқыту барысында жеке қажеттіліктері ескеріледі.

Педагог-психологтің негізгі міндеті – бұл балаларға өз эмоцияларын білдіруге, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету. Балалардың тілдік дағдыларын дамыту, дене тілі мен вербальды емес коммуникация құралдарын түсіну, әлеуметтік ортада өзін ұстау дағдыларын қалыптастыру жұмысын жас ұрпақтың әлеуметке қосылуының іргетасы ретінде қарастыру қажет.

2. Коммуникация дағдыларын дамытудағы педагог-психологтің қызметі

Коммуникация дағдылары – адамның қоршаған ортамен байланыс орнату, ақпарат алмасу, өз ойын жеткізу, қажеттіліктерін түсіндіру қабілеттерін білдіреді. Бұл дағдылардың дұрыс дамуы баланың психоэмоционалдық ахуалын қалыпты ұстауға, әрі айналадағы адамдармен өзара түсіністікке қол жеткізуіне көмектеседі. Коммуникация дағдыларының жетіспеушілігі балаларды қоғамнан оқшаулайды, оның өз-өзіне сенімсіздігін арттырады, психологиялық қиындықтарға әкеледі.

Педагог-психологтің басты міндеттерінің бірі – балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу және тыңдау қабілеттерін дамыту болып табылады. Бұл балаларға арнайы жаттығулар, ойындар мен тренингтер арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, сөйлеу тілін дамытуға арналған түрлі тілдік ойындар, рөлдік ойындар, жалпы әңгімелер мен диалогтар баланың қарым-қатынас жасаудағы дағдыларын жетілдіреді. Тілінде кемістігі бар балалар үшін педагог-психолог сөздік қорын молайту, тілдің грамматикалық құрылымдарын дұрыс қолдануды үйрету әдістерін пайдаланады.

Жас баланың психологиялық дамуы үшін тілдің маңызы зор. Ал ерекше қажеттілігі бар балаларда тілдік дамудың кешеуілдеуі немесе сөйлеу қабілетінің болмауы олардың әлеуметтік ортаға бейімделуін қиындататын басты факторларға айналады. Осы орайда, педагог-психологтің міндеті – баланың тілін дамыту ғана емес, оның қарым-қатынас дағдыларын, сондай-ақ эмоцияларын түсіну, қабылдау және басқару қабілетін қалыптастыру.

3. Педагог-психологтің әлеуметтік бейімделу мен коммуникация дағдыларын дамытудағы әдістері мен құралдары

Әлеуметтік бейімделу мен коммуникация дағдыларын дамыту үшін педагог-психолог бірқатар әдістерді пайдаланады. Бұл әдістер баланың жас ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктеріне негізделген.

- Ойын терапиясы: Ойын – балалардың негізгі әрекеті болғандықтан, ол арқылы баланың әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары мен эмоциялық жағдайын бақылауға болады. Әлеуметтік рөлдер ойнау, топтық ойындар балалардың өзара қарым-қатынас жасауды үйренуіне, бірлесіп әрекет етуіне ықпал етеді.
- Әңгімелесу және пікірталас: Балалармен пікірталастар өткізу, ертегілерді бірге оқып, олардың мазмұнын талқылау баланың ойлау қабілетін, сөздік қорын және қоғамда өз ойын айта алу дағдыларын дамытады. Мұндай әңгімелер балаға өзінің ішкі әлемін түсінуге, оны сыртқа шығару тәсілдерін үйренуге мүмкіндік береді.
- Әлеуметтік тренингтер: Педагог-психолог әлеуметтік тренингтер арқылы балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Тренингтерде балалар әлеуметтік ситуацияларды қалай шешу, қиындықтарды қалай жеңу, өз пікірін қалай қорғау қажеттіліктері мен әдістерін үйренеді.
- Коррекциялық педагогика әдістері: Педагог-психологтар әр баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес коррекциялық педагогикалық әдістерді қолданады. Бұл әдістер әлеуметтік ортаға бейімделу процесін жеңілдетеді, сондай-ақ баланың сенімділігін арттырады.

4. Қорытынды

Әлеуметтік бейімделу мен коммуникация дағдыларының дамуы ерекше білім қажеттілігі бар балалардың өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Бұл дағдыларды дамыту баланың қоғамға толығымен сіңісіп, өз орнын табуына ықпал етеді. Педагог-психологтің кәсіби қызметі осы саладағы табысты жұмыстың кілті болып табылады. Әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас қиындықтарын жеңіп, баланың өз мүмкіндіктерін толық аша білуіне қолдау көрсету – педагог-психологтің басты міндеті. Сондай-ақ баланың психологиялық жағдайын ескере отырып, әр балаға жеке тәсілмен қолдау көрсету оның дамуына және әлеуметтік бейімделуіне тиімді әсер етеді.

«Тіл мен қарым-қатынас адамды адам етіп көрсетеді» деген сөздің мағынасы бүгінгі күні ерекше білім беру жүйесінде айрықша мәнге ие. Әлеуметтік бейімделу мен коммуникация дағдыларын дамыту – болашақ ұрпақтың жарқын жолға аяқ басуына жол ашатын маңызды іс-шара.

Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы
Ақжайық аудандық Балалар музыка мектебі
Домбыра класының оқытушысы
Нугманова Динара Бакытжановна

ДОМБЫРА - ҰЛТТЫҚ МҰРА

Аннотация. Мақалада домбыраның қазақ музыкалық мәдениетіндегі орны мен маңызы қарастырылады. Домбыра – қазақ халқының рухани мәдениетінің басты символы, ол халықтың тарихы мен салт-дәстүрін жеткізуші ретінде қызмет етеді. Мектеп оқушыларына домбыра арқылы музыкалық білім мен эстетикалық тәрбие беру, ұлттық мәдениетті насихаттау, сондай-ақ домбыраның тарихи құндылығы мен оның музыкалық аспаптар арасындағы ерекшеліктері туралы баяндалады.

Кілт сөздер: домбыра, қазақ музыкасы, музыкалық мәдениет, ұлттық аспап, эстетикалық тәрбие, музыкалық білім, халық дәстүрлері.

Музыкалық мәдениет - тарихи анықталған, дамып келе жатқан процесс. Қазақ музыка мәдениетінің қалыптасу тарихы музыкатану ғылымының маңызды саласының бірі болып табылады. Қазақ музыкасының пайда болу тарихындағы орталық мәселелердің бірі – оның мәні мен шығу тегі мәселесі.

Музыкалық аспаптар – халық мәдениетінің ең маңызды құрамдас бөлігі. Мектеп оқушыларын дағдылары мен танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуда Қазақстанның музыкалық мұрасы арқылы эстетикалық тәрбие берудің маңызы зор. Халқымыздың ұлттық аспаптары тек тарихи мұра ғана емес, сонымен бірге халықтың рухани даму деңгейінің, ғаламның музыкасын жаңғырта білу қабілеті мен талантының көрсеткіші. Музыканың көмегімен дүниетану, халық тарихы туралы білімдер жеткізіліп, этикалық нормалар сіңірілген болатын.

Музыка сабағында балалар қазақ композиторларының шығармашылығымен, сондай-ақ қазақ халық аспаптарымен танысып, олардың шығу тарихын зерттейді. Оқушыларымыз мерекелік шараларға белсене қатысады, қазақ тіліндегі қарапайым әндерді шырқап, оркестрлік шығармаларды орындайды.

Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауды үйрене отырып, балалар музыкалық дыбыстар әлемін ашады, әртүрлі аспаптардың дыбысының әдемілігін саналы түрде сезінеді және ажыратады.

Қазақтың музыкалық мәдениетінің ең ұлы аспаптарының бірі, басты символы – домбыра, онсыз халық өміріндегі бірде-бір оқиға орындалмас еді. Домбыраның тарихи құндылығы ерекше. Ол қазақ даласының үнін, қауырсын шөпті қозғаған желдің, аспанға тірелген таулардың, алыстан жылжып бара жатқан бұлттардың үнін жеткізе алады. Домбыраның құрылысы мен дыбысын зерттей отырып, оқушылар ұлы күйшілердің шығармаларын үлкен қызығушылықпен тыңдайды.

Қазақтың музыкалық мәдениетінің ең ұлы аспаптарының бірі, басты символы, әрине, домбыра, бұл шертпелі екі ішекті аспап әр түрлі кәсіп, дін және ұлт өкілдерін біріктіреді. Өйткені кейде оның сиқырлы дыбыстары сөзден гөрі әлдеқайда терең ойларды айтып, жеткізуге қабілетті.

Домбыра – Қазақстанның жеті ұлттық қазынасының бірі. Отандық ғалымдар 2007 жылы дамуға, оның ішінде рухани дамуға, елдің, оның халқының қалыптасуына үлкен әсер еткен жеті бірегей мәдени құбылысты анықтады. Бұл тізімге домбыра, Таңбалы трактінің жартастағы суреттері, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Маңғыстаудың жартас мешіттері, қазақтың киіз үйі, Бәйтерек монументі, Есік алтын адамы кіреді. 2010 жылы домбыра Гиннестің рекордтар кітабына енді.

Домбыра ежелден қазаққа қуанышта да, қайғыда да серік болып, халқының тарихын, салт-дәстүрін, мызғымас құндылықтарын әуенімен баяндап келеді. Ал бұл аспапта ойнау өнері мен күй отбасының мұрасы іспетті атадан балаға ұқыптылықпен өткен.

Айтпақшы, күйлер туралы айтқанда, олардың тақырыбы жағынан да, орындау техникасы жағынан да ерекшеленетін шертпе және төкпе болып екіге бөлінетінін айта кеткен жөн. Батыс Қазақстанда қалыптасқан төкпе драмалық оқиғаларды баяндайды, қайратты, жігерлі, жауынгерлік бейнелерді салады. Шығыс, Оңтүстік және Орталық Қазақстанға тән шертпе еркін, импровизацияланған, терең адамдық сезімдер туралы сыр шертеді.

Қазақтың халық музыка мәдениетінің дамуына зор ықпал еткен ұлы домбырашылардың бірі, әрине, Құрманғазы болып қала береді. Оның «Сарыарқа», «Адай» сияқты өлмес күйлері бүгінде халыққа жақсы таныс. Бүгінгі күнге дейін осы тамаша күйші әрі композитордың 60-қа жуық күйі сақталған. Оның ең танымал шәкірті Дина Нұрпейісованың есімі өзінің домбырадағы таланты мен шеберлігінің, ұстазының арқасында қазақ музыкасының шежіресіне алтын әріптермен жазылды.

Домбыраға деген қызығушылық та, оның танымалдылығы да ешқашан сөнген емес. Бүгінде ортақ қазынамыз саналатын бұл аспапты шебер пайдаланатын жастардың қатары артып келеді, сол дәстүрді сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізу біздің қолымызда. Әр аспаптың үнін сезініп, әртүрлі шығармалармен танысып, құлағына құя білген балаларда сезімнің қабылдау, ойлау, елестету процесінен ажырамастығы анық байқалады. Білім беру мекемесінде ұйымдастырылған оқу әрекетін жүргізуде қазақтың ұлттық музыкасын тыңдаудың әртүрлі әдістерін қолданамыз.

Қазақтың музыкалық аспаптары Батыс Сібірді мекендейтін түркі тілдес халықтарының, сондай-ақ қалмақтар мен монғолдардың музыкалық аспаптарына көп ұқсастығы бар. «Музыка аспаптарының өзара байланыстылығы тайға таңба басқандай болып, ап-айқын көрінетін белгілері Солтүстікке, Орталық Қазақстан мен Оңтүстік Сібірге, Алтайға жетелейді», - деп түсіндіреді музыка зерттеушісі В. Виноградов. Аспаптар өздерінің аталуына, құрылысына, пішін -түріне, ою - өрнегіне, шығатын үніне қарай белгілі бір ұлтқа тән болған, сол ұлттың өнерін паш еткен.

Бізге білгілі бір тектес аспаптар өз ара ұқсас болғанымен, олардың жасалуында бірқатар айырмашылықтар бар. Сібір халықтары: алтайлықтар, хакастар, тувалықтар, тофылар, шорцылар өз музыкалық аспаптарының бұрынғы құрылысын өзгертпей, сол күйі сақтаған. Әр түрлі халықтардың бір тектес аспаптарын зерттегенде оның эволюциялық дамуының кейбір жақтарын анғаруға болады.

Халықтың салт-дәстүрімен таныстыру әсіресе мектептік шақтарда маңызды. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясында да Отанымыздың тарихи маңыздылығын және отан тарихын паш ету арқылы әлемге Қазақстанды танытамыз деген көсемдік көзқарасын білдірген еді. Елбасы өз сөзінде: «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әр алуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек. Қазақстан тамыры терең жайылған ұлы тарихы бар ел екенін көрсете және дәлелдей отырып, дүниежүзілік аренада біз елімізді рухани қабат арқылы паш етеміз» деп атап көрсетті.

Балалардың ұлттық музыка өнерімен айналысуы, жеке тұлғаның эстетикалық талғамын және эмоционалдық мүмкіндігін көтереді. Сондықтан бүгінгі таңда ұлттық музыка өнерінің түрлерін (ән, күй, терме, жыр, айтыс, толғау, т.б.) олардың әрқайсысының жалпы ерекшеліктерін жаңаша технологияға салу – бүгінгі күн талабы. Осы қойылған талаптарға сай, музыкалық білімді жүйелі түрде дамыту барысында ұлттық сана иірімдерін айқындай түсу және оны тереңірек меңгеру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Балаларға жастайынан ұлы қазақ халқының бір бөлігі екенін түсінуге көмектесу керек. Себебі бала өзінің туған өнерін, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін неғұрлым тереңірек сезінсе, соғұрлым ол басқа халықтардың өнерін жақсы түсінеді.

Қорыта келгенде, қазақ халқының тамаша салт-дәстүрлерін қабылдап, оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен пайдалану - бүгінгі күннің міндеті. Күннен-күнге, жылдан-жылға бұрынғыдай ескі, ұлттық әуендеріміз шырқалса, бұл - дәуірлер мен ұрпақтарды біріктіргенінің, өткен мен бүгінді, болашақты байланыстырғанының кепілі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құдайбергенов, Қ. (2019). Қазақ музыка мәдениеті: дәстүр мен жаңашылдық. Алматы: Өнер баспасы.
2. Жұбанов, А. (1975). Ғасырлар пернесі. Алматы: Ғылым.
3. Виноградов, В. (1983). Музыкальные инструменты народов Сибири и Центральной Азии. Москва: Советская наука.

Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы
Ақжайық аудандық Балалар музыка мектебі
Баян класының оқытушысы
Альсеитова Галия Кадыровна

БАЯННЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ. БАЯНДЫ МЕҢГЕРУДЕГІ МОТОРИКА МЕН КООРДИНАЦИЯНЫ ДАМЫТУ ӘДІСТЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада баян аспабының қалыптасуы мен даму кезеңдері қарастырылады. Халықтық музыкалық мәдениеттен бастау алып, кәсіби өнердің ажырамас бөлігіне айналған баянның тарихы мен ерекшеліктері кеңінен сипатталады. Қазақ музыка өнеріндегі орны мен маңыздылығы терең талданып, оның техникалық мүмкіндіктерінің жетілуі мен репертуарлық кеңеюіне ерекше назар аударылады. Сондай-ақ баянның заманауи музыкадағы рөлі мен болашақтағы даму перспективалары қарастырылады.

Кілт сөздер: баян, халықтық музыка, кәсіби өнер, музыкалық аспап, орындаушылық өнер, қазақ музыкасы.

Халықтың рухани қазынасы – оның музыкасы, ал сол музыканың ең жарқын көрінісі – аспаптық өнер. Музыкалық аспаптар адамзат мәдениетінің дамуы барысында әр дәуірде өзіндік рөл атқарып, қоғамның көркемдік санасының қалыптасуына ықпал етіп келеді. Осы орайда, баян аспабының дамуы – халықтық аспаптық мәдениеттен кәсіби өнерге дейінгі эволюциясының айқын көрінісі.

Баян – көп дауысты, кең диапазонды мүмкіндіктерге ие, заманауи орындаушылық талаптарға толық жауап беретін күрделі аспап. Бастапқыда қарапайым қол гармоникасы ретінде пайда болған бұл аспап уақыт өте келе елеулі өзгерістерге ұшырап, кәсіби деңгейдегі музыкалық өнердің негізгі құралдарының біріне айналды. Оның құрылымдық жетілдірілуі мен техникалық мүмкіндіктерінің артуы орындаушылық өнердің жаңа белестерге көтерілуіне ықпал етті.

Баянның шығу тарихы мен таралу географиясы жөнінде айтқанда, оның алғышарттары Еуропа мен Ресейдегі ертедегі гармоникалық аспаптардан бастау алғанын айта кеткен жөн. XIX ғасырдың алғашқы жартысында пайда болған ерте гармоникалар дыбыстық қатары шектеулі, техникалық мүмкіндіктері аз болғанымен, халық арасында кең таралды. Олардың қарапайым құрылымы – жиналмалы, бірнеше басып ойнайтын түймелер мен тембрі біркелкі дыбыстар – кейін баянның негізгі сипаттарын айқындауға негіз болды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында баян аспабының құрылысы мен дыбыстық сапасы айтарлықтай жетілдіріле түсті. Ресейде алғашқы көп дауысты баяндар жасала бастаған кезде, бұл аспаптың халықтық музыкадағы орны ерекше айқындала түсті. Өйткені баян бір уақытта бірнеше музыкалық функцияны атқара алды: сүйемелдеу, әуендік партия және бас дыбыстарды беру. Осы ерекшелігі оған ансамбльдік және жеке орындаушылық өнерде кеңінен қолданылуға мүмкіндік берді.

Кәсіби музыка әлеміне баянның енуі оның орындаушылық әлеуетінің жоғарылауымен тікелей байланысты. XX ғасырдың ортасында баянға арналған арнайы шығармалар жазыла бастады, бұл оның тек халықтық музыкамен шектелмей, концерттік репертуардың бір бөлігіне айналуына жол ашты. Осы кезеңде баян үшін жазылған классикалық және заманауи шығармалар, оның ішінде күрделі пьесалар мен симфониялық өңдеулер, аспаптың кәсіби музыкадағы мәртебесін айқындады.

Баян қазақ музыка өнерінде де өз орнын ерекше тапты. Қазақ халқының дәстүрлі күйшілік өнері, әншілік дәстүрі, домбыра мен қобыз сынды аспаптармен үндесе отырып, баян қазақ музыкалық мәдениетіне өз үлесін қосты. Қазақстандағы алғашқы баяншылар халық әндері мен күйлерін жаңа өңдеуде орындай отырып, қазақ музыкасына тән ерекше үнділікті сақтай білді. Сонымен қатар баян қазақтың дәстүрлі әуездік құрылымдарына бейімделіп, жаңа орындаушылық мүмкіндіктерін ашты.

Қазақ кәсіби музыкасының дамуы барысында баянның орны айтарлықтай маңызды болды. Музыкалық оқу орындарында баян сыныптарының ашылуы, кәсіби баяншылардың қалыптасуы – бұл аспаптың беделін арттырған негізгі факторлардың бірі. Баяншылар тек халық әндерін орындап қана қоймай, күрделі академиялық шығармаларды да шеберлікпен меңгерді. Осы тұрғыдан алғанда, баян – қазақ музыка өнерінің жан-жақтылығын көрсететін аспаптардың бірі болып табылады.

Заманауи музыка кеңістігінде баян аспабы өзінің алуан түрлі қырларымен ерекшеленуде. Ол тек халықтық немесе академиялық музыкада ғана емес, эстрадалық, джаз және заманауи композицияларда да кеңінен қолданылады. Бүгінде баян орындаушылары әлемдік сахналарда өнер көрсетіп, аспаптың жаңа техникалық мүмкіндіктерін ашып келеді. Музыкалық технологиялардың дамуы баянның құрылымдық өзгерістеріне де әсер етуде. Электрондық баяндардың пайда болуы, дыбыс өңдеу мүмкіндіктерінің артуы – аспаптың келешекте де өзектілігін жоғалтпайтынын дәлелдейді.

Баянның даму кезеңдерін қарастыра отырып, оның халықтық музыкалық аспаптан кәсіби өнердің көрнекті өкіліне айналу жолы – музыкалық мәдениеттің өзгерістері мен жаңашылдықтарына байланысты екендігін аңғаруға болады. Бастапқыда қарапайым сүйемелдеу құралы ретінде қолданылған баян бүгінде жеке орындаушылыққа толыққанды мүмкіндік беретін, күрделі техникалық мүмкіндіктері бар кәсіби аспапқа айналды.

Баян аспабына арналған репертуар әртүрлі техникалық қиындықтарды қамтитыны белгілі. Сондықтан орындаушының қозғалыс дәлдігін, қолдарының тәуелсіздігін және саусақтардың жылдамдығын дамыту жүйелі түрде жүргізілетін кешенді әдістер арқылы жүзеге асады. Музыкалық қозғалыстарды дұрыс қалыптастыру үшін алдымен орындаушының физикалық дайындығына мән беру керек. Дененің дұрыс қалпы, саусақтардың белсенділігі мен ептілігі, қол қимылдарының біркелкілігі мен серпінділігі – баян орындаушылығының негізін құрайды.

Баянды меңгеру барысында моториканы дамытудағы басты фактор – саусақтардың ептілігі мен күшін арттыру. Бұл үшін арнайы жаттығулар жүйесі қолданылады. Саусақ гимнастикасы, техникалық этюдтер, гаммалар мен арпеджиоларды орындау, динамикалық реңктермен жұмыс жасау – моториканы жетілдірудің тиімді әдістерінің бірі. Әсіресе, әр саусақтың жеке дара қозғалысын бақылау, олардың бір-біріне тәуелсіздігін дамыту аса маңызды. Баян орындаушысының шеберлігі оның саусақтарының бірқалыпты, еркін қозғалуымен тығыз байланысты болғандықтан, жүйелі түрде орындалатын техникалық жаттығулар бұл үдерістің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қол координациясын жетілдіру үшін бір мезетте екі қолдың әртүрлі қозғалыстарын орындау қабілетін дамыту қажет. Себебі баян аспабы екі қолдың өзара тығыз байланыста жұмыс жасауын талап етеді. Бір қолдың сүйемелдеу партиясын, ал екінші қолдың әуенді партияны орындауы – орындаушылық дағдыларды күрделендіретін факторлардың бірі. Оң және сол қолдың координациясын жақсарту үшін арнайы жаттығулар мен әдістер қолданылады. Атап айтқанда, қолдардың әртүрлі ырғақтық, динамикалық және штрихтық ерекшеліктерін үйлестіруге бағытталған жаттығулар орындаушының қимыл икемділігін арттырып, техникалық шеберлігін жетілдіреді.

Баяншының жалпы дене координациясы да орындаушылық сапаны анықтайтын маңызды элементтердің бірі. Дененің дұрыс қалпы, тыныс алу мен қозғалыстың үйлесімділігі, ойнау барысында бүкіл дененің қозғалыс механикасын бақылау – орындаушылық процесстің сәттілігіне әсер ететін негізгі факторлар. Баянды меңгеру барысында дене координациясын дамыту үшін арнайы физикалық жаттығулар мен релаксациялық әдістер қолданылады. Бұл әдістер орындалу барысында артық күш жұмсаудан арылуға, дененің кернеуін төмендетуге және музыкалық қозғалыстардың табиғилығын сақтауға мүмкіндік береді.

Моторика мен координацияны дамытуда психологиялық аспектілерді ескеру де аса маңызды. Орындаушының зейіні, ойлау қабілеті мен эмоционалдық күйі оның техникалық шеберлігін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Музыкалық интерпретацияға дайындық барысында визуализация, ішкі есту қабілетін дамыту, ырғақтық сезім мен музыкалық ойлау дағдыларын жетілдіру орындаушылық шеберліктің жоғары деңгейге жетуіне ықпал етеді. Сондай-ақ баянда ойнау кезінде дұрыс дем алу мен

бұлшықеттерді босаңсыту әдістері жүйке жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, орындаушылық сенімділікті арттырады.

Қорытындылай келе, баян – халықтық музыкалық мұраны сақтап қана қоймай, оны жаңа заман талаптарына сай бейімдей алатын ерекше аспап. Оның даму тарихы – музыка өнерінің үздіксіз жетілуін, мәдени құндылықтардың сабақтастығын көрсететін жарқын мысал. Болашақта баян өнерінің жаңа белестерді бағындырып, шығармашылық өрлеуге жетелейтіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Гусев, В. Н. История баяна и аккордеона. Москва: Музыка, 1988.
2. Полетаев, В. Развитие исполнительского искусства на баяне. Санкт-Петербург: Классика, 2003.
3. Брусиловский, Е. Қазақ музыка өнері және баянның орны. Алматы: Өнер, 1995.
4. Нұрғиса Тілендиевтің баянға арналған шығармалары жинағы. Алматы: Қазақконцерт, 2007.
5. Шип, С. Современные тенденции баянного исполнительства. Москва: Музыка, 2015.

Қызылорда облысы, Арал ауданы
"Қарлығаш" бөбекжай бақшасы
Тәрбиеші
Шманова Улбала Тулегеновна

«ЖЕМІСТЕР МЕН КӨКӨНІСТЕР»

Білім беру саласы: Шығармашылық
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Мүсіндеу, Сурет, Жапсыру
Сабақтың тақырыбы: «Жемістер мен көкөністер»
Сабақтың мақсаты:
Күз туралы білімдерін толықтыру, көкөністер мен жемістерді сипаттай білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын дамыту, сөздік қорын молайту. Адамдар еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
Тәрбиелік: Адамдар еңбегін құрметтей білуге және табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.
Сабақтың көрнекілігі: көкөністер мен жемістер суреті, муляждар,ермексаз,акварел, музыка.
Алдын- ала жұмыс: көкөніс, жеміс-жидектердің қағаздан қиылған бейнесі.

Әрекет кезеңдері	Тәрбишінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	**Күзгі баққа саяхатқа барамыз:** - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілінде неше ай бар? - Күз Күз мезгілінде ауа – рай қандай болады? - Өте жақсы, балалар.	- Балалар тәрбиешімен бірге күзгі баққа кіреді. - күз мезгілі - үш ай бар - салқындай бастайды,далада жаңбыр жауады. - балалар сұрақтарға жауап береді.

Іздену – ұйымдастырушы	Жаңа оқу қызметімен таныстыру. Балалар қазір мен сендерге өлең оқып беремін. Өрік, шие, бәрі бар, Қауын, қарбыз көбейді. Жегің келсе бәрін ал, Неге аласың демейді. Жемісі мол теретін, Күз дос екен бізбенен. Бәрін тауып беретін, Жомарт екен күз деген. - Балалар бұл өлеңде қай мезгіл туралы айтылған? - Неліктен күзді жомарт күз деп атаймыз?. - Берекелі күздің сыйлары көкөністер мен жемістерге тоқталамыз. Көкөністерге: қауын, қарбыз, жуа, картоп, сәбіз, қызанақ, жатады. Көкөністер жерде, бақшада өседі, ал жемістер ағашта өседі. Жемістер мен көкөністер дәрумендерге өте бай. Ал жемістерді жейміз, тосап, шырын қайнатамыз. Екі топқа бөлініп ,көкөністер мен жемістерді жинайық. Балаларға видеоролик қойылады: Енді балалар 4 топқа бөлінеміз Мына жерде түрлі –түсті асықтардың фишкаларын алу ақылы топтарға бөлінеміз. 4топқа төрт түрлі тапсырма беріледі Қане балалар, орнымыздан тұрып, бір серігіп алайықшы. **Сергіту сәтті:** Музыка ырғағымен жасалады «Кел билейік балақай»	- Күз мезгілі, күз мезгілінің жомарттығы туралы айтылған. - Себебі күзде барлық жемістер мен көкөністер, піседі. Күз мезгілі өзімен бірге құт – береке, ырыс алып келеді.
Рефлексті-коррекциялаушы	Біздің балаларымыз көкөністермен жемістерді ажырата алады Дидактикалық ойын. «Жемістерді орналастыр» дидактикалық ойыны. Шарты: жемістерді түсіне қарай орналастырады . Балалар бүгін сендер нелермен таныстыңдар? Сау болыңдар, осымен Ұйымдастырылған іс -әрекетіміз аяқталады.	Көкөністер мен жемістермен.

Күтілетін нәтиже:
Білуі керек: Жемістер мен көкөністерді ажырата білуі ;
Болуы керек: Жемістер мен көкөністер туралы түсініктері;
Баланың қолынан келуі: Көрнекілік суреттерді пайдалана білуі және әңгімелеу керек.

Павлодар облысы, Май ауданы, Көктөбе ауылы
“Көктөбе жалпы орта білім беру мектебі” КММ
Информатика және робототехника пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы
Ибраева Зауре Бейсенбековна

РОБОТОТЕХНИКА АРҚЫЛЫ ИНФОРМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ИНЖЕНЕРЛІК ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ

Аннотация: мақалада инженерлік ойлаудың мәні мен оның оқушылардың техникалық қабілеттерін дамытудағы рөлі қарастырылады. Информатика сабақтарында және сыныптан тыс іс-шараларда инженерлік тапсырмаларды қолданудың маңыздылығы талданады. Робототехниканы оқу процесіне енгізу алгоритмдік ойлауды қалыптастыруға, бағдарламалау дағдыларын жетілдіруге және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға көмектеседі. Жұмыс барысында жобалық әдістер мен практикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың өз бетінше шешім қабылдау, талдау және инновациялық шешімдер табу қабілеті дамиды. Инженерлік олимпиадалар мен спорттық бағдарламалау жарыстары арқылы оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер: инженерлік ойлау, робототехника, алгоритмдер, бағдарламалау, информатика, инновациялық әдістер, STEM, жобалық оқыту, шығармашылық ойлау

Инженерлік ойлау – бұл жаңа, жоғары өнімді және сенімді техниканы, озық технологияларды, өндірісті автоматтандыру мен механикаландыруды зерттеуге, жасауға және қолдануға бағытталған танымдық қызмет түрі. Ол өндірістің тиімділігін арттыруға, өнім сапасын жақсартуға және инновациялық шешімдерді енгізуге негізделген.

Инженерлік ойлау қабілетіне ие болу үшін жаңа техникалық құралдар мен өндірістік технологияларға деген әлеуметтік қажеттілікті түсіну, инженерлік міндеттерді дұрыс қалыптастыра білу және оларды шешу жолдарын табу, жобалау, енгізу және техникалық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету дағдылары қажет.

Шешілетін міндеттердің сипатына қарай ойлау түрлері теориялық және практикалық болып бөлінеді.

- **Теориялық (ғылыми) ойлау** аналогия, салыстыру, жалпылау, рефлексия сияқты әдістерді пайдалана отырып, жаңа идеяларды, гипотезаларды, теорияларды және ғылыми фактілерді іздеуге бағытталған.
- **Инженерлік-конструкторлық ойлау** талдау, синтез, модельдеу сияқты тәсілдерге сүйене отырып, жаңа технологияларды жасап шығарады, оларды енгізіп, әрі қарай қолданысқа енгізеді.

Б. М. Теплов өзінің «Қолбасшылардың ақыл-ойы» атты еңбегінде: *«Көптеген психологтар “ойлауды жалпы сипатта” қарастырады, алайда қолбасшының, инженердің немесе музыканттың ақыл-ой ерекшеліктерін терең зерттеуге аз көңіл бөлінеді»* деп атап көрсетеді. Бұл инженерлік ойлау ерекшеліктерін жеке қарастырудың қажеттілігін дәлелдейді.

Инженерлік ойлау құрылымын зерттеу креативтілік саласындағы ізденістер мен инновациялардың дамуына негіз болды. Инженерлік міндеттерді шешу барысында ойлау екі негізгі категорияға бөлінеді:

1. **Дивергентті ойлау** – бір мәселенің бірнеше шешімін іздеу әдісі. Ол шығармашылық тәсілдерді, жаңашылдық пен тапқырлықты талап етеді.
2. **Конвергентті ойлау** – алдын ала қалыптасқан алгоритмдер мен шешу жолдарын қолдануға негізделген. Мұнда нақты нұсқаулықтар мен операциялар реттілігі сақталады.

Қазіргі заманғы инженерлік қызметте бұл екі ойлау түрі өзара тығыз байланысты. Күрделі инженерлік міндеттерді шешуде жаңа идеяларды табу маңызды болғанымен, оларды жүзеге асыру үшін нақты алгоритмдер мен әдістер де қажет.

Инженерлік ойлауды дамыту үшін техникалық білім ғана емес, логикалық, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау дағдылары да маңызды рөл атқарады. Бұл дағдыларды мектептен бастап дамытып, оқушыларды күрделі мәселелерді шешуге, жаңа технологияларды игеруге және инновациялық шешімдер жасауға үйрету – білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Инженерлік ойлау дағдыларын дамыту үшін информатика сабақтарында оқушыларға тек теориялық материалдарды үйрету жеткіліксіз. Практикалық және жобалық тапсырмаларды енгізу арқылы оқушыларды нақты инженерлік міндеттерді шешуге дағдыландыру қажет.

Оқушылардың техникалық және логикалық ойлауын дамыту үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

- **Компьютер құрылғысын зерттеу (7-сынып)** – оқушыларға компьютердің негізгі компоненттерімен танысып қана қоймай, қолжетімді элементтерден жұмыс істейтін компьютер құрастыру немесе түрлі әдістер арқылы шағын локалды желі жасау тапсырмасын беру.
- **Бағдарламалық жасақтаманы құру (8-9 сынып)** – оқушыларға нақты өмірлік мәселелерді шешуге арналған шағын қосымшалар немесе алгоритмдер жасау міндетін жүктеу. Мысалы, қарапайым калькулятор, онлайн тест құру немесе деректер базасын ұйымдастыру.
- **Робототехника және автоматтандыру (10-11 сынып)** – микроконтроллерлер мен датчиктерді пайдаланып, автоматтандырылған жүйелер құру. Мысалы, ақылды үй элементтерін жобалау, жарықтандыруды автоматтандыру немесе қарапайым робот жасау.

Қазіргі уақытта есептеуіш техниканың және бағдарламалық қамтамасыз етудің қарқынды дамуына байланысты, мектеп қабырғасында оқушыларға нақты бір компьютерлік технологиялар мен бағдарламаларды үйрету ұзақ мерзімді перспективада тиімді болмауы мүмкін. Сондықтан информатика сабақтарынан тыс іс-шараларға ерекше көңіл бөлу қажет.

Таза күйіндегі бағдарламалау тек белгілі бір оқушылар тобын қызықтыруы мүмкін. Алайда, өз тәжірибемнен байқағаным – оқушылар бағдарламалау нәтижесін бірден көре алатын жағдайда ерекше ынта танытады. Осы тұрғыда робототехника ерекше орын алады.

Робототехника – болашақтың қызықты әлемі, ол кино, әдебиет, ойындар арқылы танымал болып, оқушыларды ерекше шабыттандырады. Оны оқу процесіне енгізу – уақыт талабына сай қажеттілік. Робототехниканың мүмкіндіктері тек сабақтармен шектелмейді, оны сыныптан тыс және факультативтік сабақтарда, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен жұмыс істеуде қолдануға болады.

- Жаңадан үйренушілер үшін робототехника пәнге қызығушылық тудырып, күрделі теориялық материалды түсінуді жеңілдетеді.

- Дарынды оқушылар үшін жеке оқу траекторияларын әзірлеуге мүмкіндік береді, мысалы, Lego-конструирование және 3D-модельдеусияқты бағыттарды қолдану арқылы.

Оқушыларды техникалық мамандықтарға баулу үшін ғылыми-техникалық шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау маңызды. Информатика бойынша жобалық жұмыстар, ғылыми үйірмелер, олимпиадалар және хакатондарұйымдастыру арқылы олардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына ықпал етуге болады.

Сыныптан тыс робототехника сабақтарында басты мақсатым – тек робот құрастыру емес, ең алдымен, оны басқаратын бағдарламаны жасау. Бұл тәсіл оқушыларға алгоритмдердің негізгі түрлерін түсіндіруге көмектеседі: роботқа қарапайым командалар беру арқылы линейлік алгоритмді, белгілі бір шарттарға байланысты әрекеттерді өзгерту арқылы тармақталуды, ал қайталанатын тапсырмалар арқылы циклдерді оңай меңгеруге болады. Бағдарламаларды жүктеп, алгоритмдердің орындалуын көрнекі түрде көрсету оқушылардың қызығушылығын арттырады, олар өздері күрделірек тапсырмалар құрастырып, шығармашылық ойлау дағдыларын дамытады. Осылайша, робототехника тек техникалық білім беріп қана қоймай, оқушылардың логикалық ойлауын жетілдіруге және инженерлік машықтарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жұмысты орындаудың жалпы схемасы келесідей: мұғалім оқушыларға нақты міндет қоя отырып, күтілетін нәтижелер мен бастапқы деректерді белгілейді. Ал қалғанының бәрін оқушылар өздері орындайды: аралық мақсаттарды анықтайды, оларды шешудің жолдарын іздейді, әрекет етеді, алынған нәтижелерді талап етілетін көрсеткіштермен салыстырады және өз жұмысын түзетеді. Жоба бір сабақ барысында аяқталуы мүмкін немесе алдын ала беріліп, белгіленген мерзімде орындалады.

Сыныптан тыс іс-әрекетті инженерлік олимпиадалар мен спорттық бағдарламалау чемпионаттарын ұйымдастыру арқылы кеңейтуге болады. Бүгінде бізге тек дайын технологияларды игеретін емес, мүлде жаңа технологияларды ойлап таба алатын инженерлер қажет. Бәсекелестерден қалып қоймай, керісінше, олардан озық тұратын мамандарды тәрбиелеу – қазіргі заман талабы.

Осылайша, информатиканы оқыту тек теориялық біліммен шектелмеуі тиіс. Робототехника, бағдарламалау, 3D-модельдеу және ғылыми жобалар сияқты бағыттар оқушылардың техникалық шығармашылығын дамытып, оларды болашақ мамандыққа дайындайды. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың аналитикалық және инженерлік ойлауын дамытудың тиімді құралына айналады.

Астана қаласы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы № 11 мектеп-лицейі ШЖҚ МКК
Дене шынықтыру пәні мұғалімі
Балтабаев Даурен Кемелбекұлы

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Еліміздің даму бағытын бекіткен «Қазақстан – 2030» бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызы бар мәселелермен тең дәрежеде екендігі баса көрсетілген. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Бүгінде білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары болып отыр. Сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі. Сондықтан да оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі. Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің

қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Еліміздегі білім беру мазмұнының жаңаруы негізінде «Дене шынықтыру» пәніне де өзіндік артықшылықтар беріліп, мәртебесін арттыруда. Мұнда пән белгілі нормативтерге бекітілген талаптар бойынша тек дене шынықтырып қана қоюға бағытталмайды. Арнайы педагогикалық тәсілдерге негізделеді.

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады.

Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді. Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады.

Күтілетін нәтиже - дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы. Оқушы шығармашылығы, өзін-өзі басқаруы, құрметі, эстетикалық талғамы да артып келеді. Әр түрлі ұлттық ойындарды топтық ойын әдісінде ұйымдастыру да жақсы нәтиже береді. Ойлау қабілетін дамыту тұрғысында қазақтың ұлттық ойын түрлеріне тоқталып, ұлттық ойындар туралы өз түсініктерін сұрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды жоспарлауға болады.

Оқушылардың ой-қабілетін, жылдамдық ерекшелігін, тез шешім қабылдауына және топтық әрекет жасауына пәндерді байланыстыра отыра кіріктірілген сабақтардың үлесі зор. Дене шынықтыру сабақтарын өзге де пәндермен, атап айтсақ, биология, химия, математика, сурет, алғашқы әскери дайындықпен кіріктіріп өткізуге болады. Сабақты қызықты өткізу үшін мультимедиалық проектор арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отырып, кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп атап, оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келу талабы қойылса сабақ өте қызықты өтер еді. Сонымен, жаңарту бағдарламасындағы дене шынықтыру пәнін оқытудың орны ерекше. Онда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда, дене шынықтыру сабағында алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға баса назар аударылады. Бұл дегеніміз оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуетін артып, салауатты өмір салтын ұстануына өзінді септігін тигізеді деген сөз.

Алматы облысы, Іле ауданы, Жапек батыр ауылы
№36 орта мектебі
Биология пәнінің мұғалімі
Есенгельдинова Ақайша Едігеқызы

«МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ МҮМКІНДІКТЕРІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ»

«Терең білім тәуелсіздігіміздің тірегі,
ақыл-ой азаттығымыздың алдаспаны»
Н.Ә.Назарбаев

Қазіргі таңда кез-келген мемлекеттің XXI ғасырдағы әлемдік аренадан алатын орны оның интеллектуалды әлеуетімен мамандардың біліктілік және шығармашылық шеберлік деңгейімен сипатталатыны белгілі болып отыр, яғни қоғамның кез келген мүшесінің танымдық деңгейі, кәсіби даярлығы және шығармашылық дамуы мемлекеттің тұтастай дамуына тікелей ықпал ететіні сөзсіз.

Өзін-өзі жүйелі түрде танып, дамытып отыратын, өзін-өзі белсенді тәрбиелеп отыратын ұстаз ғана өзгелерге тиімді көмек көрсетіп, өзін-өзі тәрбиелеу мәдениетіне ықпал ететін ахуалды қалыптастыра алады. Олай болмаған жағдайда оның балаларды өзін-өзі дамытуға ынталандыру іс-әрекеті оның дербес тәжірибесімен бекітілмей тек баяндаушы сипатта болады. Қазіргі таңда ғылымда педагог тұлғасының, оның іс-әрекеті мен қарым-қатынасының құрылымындағы компоненттерді ажыратудың әртекті тұрғылары, оның **кәсіби біліктілігінің** ерекшеліктері мен қайталанбастығы туралы әрқилы көзқарастар қалыптасқан. Ол көзқарастарды келтіруге және талдауға мүмкіндігіміз болмағандықтан, тәрбиешілердің, ұстаздардың, оқытушылардың едәуір маңызды қасиеттері мен күйлерін, олардың іс-әрекеті мен мінез-құлықтарын сипаттап өтуге тырысамыз. **Педагог тұлғасының құрылымындағы маңызды компоненттерді** келесі жағдайлар анықтайды:

Кәсіби-педагогикалық бағыттылық;
Кәсіби белсенділік;
Кәсіби білімдері мен іскерліктері;
Кәсіби педагогикалық қабілеттері, есі, ойлауы және қиялы;
Өзін-өзі кәсіби ұғынуы.

Мұғалімнің шеберлігі, біріншіден, сабаққа дайындығы мен жаңашыл әріптестерінің тәжірибесін пайдалана алуымен тікелей байланысты. Ол үнемі және мақсатты түрде өз білімін, өз тәжірибесін жұмыстың жаңа тәсілдерімен толықтырып отыруы керек. Сондықтан мұғалімнің әрбір сабаққа дайындығы күрделі де жауапты жұмыс. Ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы біліммен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету. Кәсіби мұғалім - құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Мұғалім, Педагог , зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен роль атқарады. Педагогтың іс- әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада – педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға өз қабілет-қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды, кәсіби дамуды көздейді.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің 2012 жылғы желтоқсан айында Қазақстан халқына жасаған Жолдауында “Бәсекеге лайықты білімді де, намысшыл ұрпақ өсіріп, өркениетті елдер қатарына қосылуға ұмтылу–басты міндетіміз”– деген болатын. Елбасымыз Қазақстан халқына жасаған жолдауында қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғанын,Қазақстан азаматтарының үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға керек екенін атап көрсетті. Егеменді еліміздегі нарықтық қатынастар мен ашық демократиялық қоғамды арттыруға арналған реформаның білім саласында да түбегейлі бет бұрыс әкелді. Менің ойымша соның нәтижесінде бүкіл әлемде білім беру жүйесінде қарқынды өзгерістер болып жатыр. Қазіргі таңдағы білім беру мен тәрбиедегі басты өзгеріс Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық білім беруге көшуге байланысты педагогикалық-психологиялық негіздерін қарастыру болып табылады.Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп,адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші құдіретті күш тек білімге ғана тіреледі.Заман талабы тұрғысынан жеке тұлғаны дамытудағы қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда білім беру саласы – баса назар аударарлық мәселе болып тұр.Қазіргі жұмыс талабы жеке тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеуде,білім берудің приоритетін түбегейлі өзгертуде,яғни оқушының бұрыңғыдан да пәндік білімдерін, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыруды түбегейлі өзгертуде. Менің ойымша, қазіргі мұғалімнің негізгі мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын арттыру және білімге деген құштарлығын ояту.Мұғалім сабақта жаңа әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып,балалардың ой-пікірін еркін айтқызып, ойларын қоштап және өзіне деген сенімдерін арттыруға мүмкіндік туғызу қажет деп есептеймін.Жаңа әдіс-тәсілдер арқылы өткізілген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп, баланың тереңде жатқан ойын оятып, оқушыларды еркін сөйлетуге үйретеді.Әртүрлі әдістемелік тәсілдер пайдаланып, қабілеттері әртүрлі оқушылардың арасынан деңгейлері жоғары баланы анықтап, олармен дұрыс жұмыс жасау,олардың жан-жақты тануды үйренуін және шығармашылық деңгейін бақылап отыруы әрбір мұғалімнің міндеті.

Қазақстан Республикасында білім беруді 2011-2020 жылдарда дамытудың мемлекеттік бағдарламасында бала кезден бастап ересек жасқа дейін адамның біліміне жасалған инвестициялар экономика және қоғам өміріне елеулі өзгерістер енгізетіндігі айтылған. Елбасы Н. Назарбаев халыққа жолдауында «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» деп бекер айтпаған да болар. Бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі - білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту болып табылады, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушылардың уәж дағдыларын дамытуға жағдай жасау керек.

Бұны іске асыру үшін:

• сабақта оқу мақсаттарына сай түрлі әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдану;
• әр оқушының сабақ процесіне белсене қатысуына жағдай жасау;
• оқытуда саралап және даралап оқытуды қолдану;
• бейімделушілік қабілеттерін, құрдастарымен және жеке жұмыс жасай алу қабілеттерін дамыту үшін тапсырмаларды нақты жасау керек.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде 2016-2017оқу жылынан бастап жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы басталып, оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөліне бастады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту.Заманына қарай амалы, демекші бұрыңғы кездегідей қарапайым дәстүрлі сабақтың мәні де сәні де кеткен уақыт. «Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі»,-деп дана халқымыз айтқандай, бүгінгідей ел болашағы – жас буынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру ісі мемлекетіміз үшін маңызды болса, мұғалімдер қауымына артылар жүк ауыр екені баршаға мәлім. Қоғамның дамуындағы ең маңызды мәселе білім беру жүйесі. Қазіргі таңдағы негізгі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны яғни еліміздің патриотын қалыптастыру.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі - мемлекеттік тіл, қарым - қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан - жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын

тауып, жүйелі түрде қолдану - заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс - тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс - тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ – ны қолдану, коммуникативті қарым - қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс - тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) курс барысында ұғындық. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттары зерделей отыра тапсырмаларды ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтті. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Критериалды бағалау қағидаттары тақырыптарында әріптестермен бірлескен білім ортасында жаңа бағдарламаны талдап, талқылап, тәжірибемен бөлісу арқылы кәсіби тұрғыдан шыңдала түсуімізге көп ықпалын тигізді. Егемен еліміздің болашақта өркениетті мемлекеттер қатарына қосылып, тәуелсіздіктің көк байрағын биік ұстауы мектеп партасында білім алып отырған жас ұрпақтың білімі мен ақыл-парасатына, іскерлігі мен жауапкершілігіне байланысты. Қазақстанды өзге дамушы мемлекеттерге үлгі болатын дәрежеге жеткізетін де – бүгінгі зерделі ұрпақ. Сондықтан әрбір баланың алаңсыз оқуына, әлемдік деңгейде білім алуына жағдай жасау – қазіргі заман мұғалімінің абыройлы міндеті.

Қазіргі ақпараттық коммуникациялық технологияның озық жетістіктерін биологния сабағында қолдану арқылы танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзыреттілігін дамытуға болады. Әр сабағымда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, білімгерлердің бойынан төмендегі қабілеттерді дамытуды мақсат етіп қойдым:

1. Білім, білік дағдыларын дамытуға қызығушылығын арттыру;
2. Жауапкершілік пен міндеттерін қалыптастыру;
3. Зерттеу жұмысы мен талдау жасау дағдыларын үйрету;
4. Өз бетінше ізденуге үйрету және компьютерлік сауаттылыққа тәрбиелеу;
5. Алған білімдерін өмірде қолдана білуге тәрбиелеу;

Жаңартылған білім мазмұнына сай ашық сабақтар соның ішінде сабақтасқан Lesson study сабақтарын бердім.Оқушыларды топқа бөлудің түр- түрімен танысып, бағалаудың бірнеше түрін сабақ үстінде қолдандым, сергіту сәті мен кері байланыс түрлерін де түрлендіре отырып, оқушылардың қызығушылығының артқан байқадым.Ойын түрлерін біршамасын қолданып сол арқылы оқу мақсатына жеткенімді байқау қиын болмады.Сұрақ қоюдың өзін түрлерінің көбіне өз қалауың бойынша өзгертуіме мүмкіншілік бар екенін байқап, ашық сұрақ пен жабық сұрақты айыра алып, қолымнан келгенше қолдандым, шығармашылыққа жақын дарынды балаларды байқап жұмыс істеуге мүмкіншілік алдым. Білмегенімді оқып келген әріптестерімнен сұрай отырып білімімді жетілдіруге талпындым. Күнделікті сабақтарды осы элементтерді қолданып сыныптың білім саппасының артқан байқадым, оқу мақсаттарының орындалғанын, С тобының балаларының В тобына жақындағанын көріп қуандым.

Айта кетсем, 7-сыныптарға өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тыныс алу – энергия көзі тақырбында алғашқы сабағым өтті. Сабақтың басында оқушылармен шеңбер құрып, хормен «сәттілік» ұранын айтудан бастадық. Оқушыларды суреттермен (күн, өсімдік , жануар) үш топқа бөліп алып, сол арқылы өткен оқу мақсатын еске түсірттім.Үй тапсырмасында **«жасырын сұрақ»** әдісі арқылы сұралып, смайликтермен қалыптастырушы бағалау жүргіздім. Оқушыларға проблемалық сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың оқу мақсатын айқындатып алдым. Топтық жұмыс кезінде оқушылар алдымен өзара оқып, топ ішінде талқылап, **постер** қорғады. Постерді берілген дискрипторларға сүйене отырып жақсы орындап шықты. Оқушылар бұл тапсырманы топ арасында «**бағдаршам**» әдісімен бағалады. Тәжірибе кезеңінде «өсімдік бойындағы көмірқышқыл газының (CO 2) мөлшерін анықтау үшін зертханалық жұмыс жасалды. Нәтижесінде сол жұмыс арқылы өздері практикалық түрде тексеріп, сергіту сәтіне ұластырды. «**Жұбынды тап**» әдісі арқылы адасқан әріптермен сөйлем құрастыра отырып, жұптық жұмыс орындады. Сабақтың соңында үй тапсырмасына ээсе жұмысын беріп, «**нысана**» әдісі арқылы оқушылардан кері байланыс жүргізіп, қорытындылап сабақты аяқтадым.

6 сыныпқа кезекті ашық сабағым ұзақ мерзімді жоспардың тірі және өлі табиғаттағы үдерістер бөлімінің «Тірі ағзаларға тән үдерістер» тақырыбында өтілді. 6.4.2.2 тірі ағзаларға тән үдерістерді түсіндірудегі оқу мақсаты бойынша сабақ мақсаты негізделіп қойылды. Қысқа мерзімді жоспарлауда сабақ басы, ортасы және сабақ соңында белсенді әдіс- тәсілдер қолданылды. Мұғалім көзделген оқу мақсаты бойынша сабақ басында оқушылармен психологиялық ахуал туғызуда «сәлемдесу» жаттығуын өтікізіп, 1,2,3 ке саналып топқа бөлінді. Өткен оқу мақсатын еске түсіруде оқушылар «1 минут» стратегиясына белсенді жауап беріп отырды. Жаңа оқу мақсатын айқындау үшін оқушыларға бейнеролик көрсете отырып ***«нені көрдіңіздер? , нені естідіңіздер?, нені сездіңіздер?»*** сұрақтарын қою арқылы анықталды. Мұғалімнің түсіндірмесінен кейін оқушылар « ойлан, бірік, бөліс» әдісі арқылы топтық жұмыста постер қорғауды ынтымақтастықпен бірлесе жұмыс жасады. Топтық жұмысты дискриптор бойынша орындалғанын әр топ өзара ауызша кері байланыс беру арқылы қалыптастырушы бағалау жүргізді. Әр тапсырма сайын мұғалім кері байланыс беріп отырды. Жұптық жұмыста «сәйкестендіру» тапсырмасын орындап, қалыптастырушы бағалау ретінде дайын жауап үлгісімен топ ішінде жұптар бірін-бірі бағалады. Сабақтың соңғы кезегінде «ақиқат пен жалған» ойынына жауап беру арқылы сабақты қорытындылады. Мұғалім ауызша мадақ сөздермен қалыптастырушы бағалау жүргізді. Мұғалім сабақ соңында оқу мақсатына қайта оралып қаншалықты меңгергендігі деңгейін талқылады. Оқушылар бүгінгі сабақ бойынша жақсы түсінген тұстарын, қалыс қалған сұрақтары бойынша стикерге жазып, «идеялар себетіне» салып мұғалімге ұсынды. Қысқа мерзімді жоспарлау бойынша сабақ мақсаты толық айқындалды. Оқушылар өз бетімен еркін жұмыс жасай отырып, ашықтық, ынтымақтастық құндылықтарын жақсы игерді.

«Айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болады» дегендей, Жаңартылған білім мазмұнының әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімді жақтары зор екеніне көз жеткіздім.

Оқушының жеке тұлғасын, рухани әлемін, ынтасы мен қабілетін дамыту – бүгінгі күннің негізгі мәселелерінің бірі. Осы мәселені шешу жолында оқушылардың сезімін, эмоцияға ықпал ету арқылы ынта-ықыласын, қызығушылығын күшейту қажет.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр. Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет.

Бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субьективтік позицияны қалыптастыру. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге бет алуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8 – бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» – деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру. Ал білім беру жүйесінің алдындағы жаңа міндеттердің бірі инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын пайдаланып білім сапасын арттыру.

Ұстаз еңбегі оқушы білімімен өлшенеді десек, оның еңбегінің күрделілігі – әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр. Әр оқушы – бір жұлдыз. Жарқырауына жәрдем беретін – мұғалімдер. Сондықтан әр ұстаз сол жұлдызды сөндіріп алмай, мәңгілік жағатын құдірет иесі болуы керек.

Құрметті әріптестер, Сіздерге жас ұрпаққа білім беру жолында табыс тілеймін. Сіздердің табыстарыңыз – елдің табысы, халықтың игілігі. Істеріңіз сәтті болсын! Еңбек жолдарыңызда аянбай, шығармашылықпен еңбек ететіндеріңізге мен сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1.Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2.Кембридж университеті бағдарламасының негізінде тренерлердің тәжірибе алмасу мастер-кластары. Алматы, 2014.
3.Республикалық ғылыми–әдістемелік журнал «Мұғалім шеберханасы» №4, 2012ж.

Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы
Ақжайық аудандық Балалар музыка мектебі
Вокал класының оқытушысы
Ахмурзина Асем Сериковна



ЭСТРАДАЛЫҚ ВОКАЛДА ДИКЦИЯ МЕН ТЫНЫС АЛУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕРІ

Аннотация: мақалада балалар музыка мектебінде эстрадалық вокал сабақтарында дикция мен тыныс алу дағдыларын жетілдіру әдістері сипатталады. Дикцияны жақсартуға арналған жаттығулар, скороговоркалар және арнайы сөз тіркестері ұсынылған. Бұл материал вокалмен айналысатын барлық оқытушыларға, сондай-ақ балалар мен ересектердің сөйлеу және ән айту қабілетін дамытуға көмектеседі.

Кілт сөздер: музыка, музыкалық білім, сөйлеу, дикция, тыныс алу, вокал.

Вокалдық өнер – музыка мен сөздің үйлесімділігі арқылы көркем бейнені жеткізудің бірегей түрі. Әншінің негізгі міндеті – көркемдік образды ашу және шығарманың мазмұнын тыңдаушыға шынайы әрі әсерлі түрде жеткізу. Бұл үдерісте дикцияның рөлі ерекше, өйткені дұрыс және анық айтылмаған сөз тыңдаушыға шығарманың толық мағынасын қабылдауға кедергі келтіреді. Дикция – дауысты және дауыссыз дыбыстарды нақты және дұрыс айту дағдысы, ол орындалатын тілдің фонетикалық нормаларына сәйкес болуы қажет. Одан сөйлеудің түсініктілігі мен энергетикасы тікелей тәуелді.

1. Дұрыс артикуляция – әрбір дыбысты анық әрі дәл айту үшін артикуляциялық аппараттың (тіл, ерін, таңдай) қажетті қалыпқа келуі. Мысалы, "а" дыбысын айту үшін тіл мен еріннің белгілі бір орны, "э" дыбысында басқа қалып, ал "у" дыбысында тағы бір ерекшелік бар. Бұл барлық дауысты және дауыссыз дыбыстарға қатысты.

2. Анық артикуляция – сөздер мен буындарды анық, нақты айту шеберлігі. Дыбыстардың сапалы айтылуы сөйлеудің түсініктілігіне тікелей әсер етеді. Артикуляциялық аппараттың дайындық деңгейі сөздердің анық айтылуына ықпал ететіндіктен, арнайы жаттығулар арқылы оны дамытуға болады.

Дикцияны дамыту үшін тұрақты жаттығулар мен арнайы әдістемелер қолданылады:

- Артикуляциялық жаттығулар (ерін мен тілдің қозғалысын жетілдіру)
- Тіл сындыру (күрделі сөз тіркестерін қайталау)
- Ән айту барысында артикуляцияға ерекше назар аудару
- Дұрыс тыныс алу техникасын меңгеру

Жақсы дикция – әншінің орындаушылық шеберлігінің ажырамас бөлігі. Ол көркем бейнені толық ашуға, тыңдаушымен байланыс орнатуға және шығарманың эмоционалдық әсерін арттыруға көмектеседі.

Ән айтудағы айтылу мәнері – әрбір адамның өзіндік сөздерді айту, буындарды қысқарту немесе созу, сөйлеу ырғағы мен темпіне байланысты ерекшеліктері. Дауыс мәнері тек артикуляцияға ғана емес, тыныс алу жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне де тәуелді.

Тыныс алу – адамның өмірі мен денсаулығының негізі. Әдетте, кез келген адамда физиологиялық тыныс алу үрдісі қатар жүреді, бірақ вокал мен сөйлеу үшін арнайы вокалдық тыныс алу қалыптасады. Оның негізгі айырмашылықтары:

- Физиологиялық тыныс алу – еріксіз, мұрын арқылы жүзеге асады, дем алу мен шығару бірдей уақытқа созылады.
- Вокалдық тыныс алу – басқарылатын процесс, дем алу мұрын мен ауыз арқылы жүреді, ал дем шығару тек ауыз арқылы іске асады. Сонымен қатар, дем алу жылдам, ал дем шығару ұзақ болады.

Дұрыс вокалдық тыныс алудың артықшылықтары:

- Дауыс қалыптасуының тұрақтылығы
- Дыбыстардың анық әрі таза шығуы
- Дауыстың қажетті күшін сақтау
- Интонация мен мәнерлілікті жақсарту
- Пауза мен ырғақты дұрыс сақтау

Ән айтудағы тыныс алу техникасын меңгеру – әрбір орындаушы үшін маңызды қадам. Ол тек вокалдық қабілетті дамытып қоймай, дауыс саулығын сақтауға және орындаушылық шеберлікті арттыруға көмектеседі.

Дикция және артикуляциялық аппараттың маңызы

Дикция – сөйлеу мен ән айтудағы дыбыстардың анық, нақты әрі дұрыс қалыптасуын қамтамасыз ететін маңызды фактор. Дұрыс дикциясыз сөздер бұлыңғыр естілуі мүмкін, ал ән орындау кезінде тыңдаушы мәтіннің мағынасын толық түсінбеуі ықтимал. Артикуляциялық аппарат – дыбысты қалыптастыратын негізгі мүшелер жиынтығы. Оған келесі органдар жатады:

- Ауыз қуысы – дыбысты қалыптастыруға көмектеседі, оның резонанстық ерекшеліктерін айқындайды.
- Тіл – дауыс шығару барысында негізгі рөл атқарады, әр түрлі дыбыстарды қалыптастырады.
- Еріндер – сөйлеу кезінде дыбыстардың дұрыс айтылуын қамтамасыз етеді.
- Жұмсақ және қатты таңдай – дыбыстардың бағытталуын реттейді, дауысты жұмсартады немесе күшейтеді.
- Төменгі жақ сүйек – дыбыстың ашық немесе жабық шығуын анықтайды.
- Дауыс байламдары – дыбыстың биіктігі мен күші осы байламдардың жұмысына байланысты.

Дикцияны жетілдіру жолдарына:

- ➢ Артикуляциялық жаттығулар жасау – тіл мен еріннің қозғалыс икемділігін арттыру үшін арнайы жаттығулар орындау.
- ➢ Дыбысты дұрыс қою – әр дыбысты анық айтуға дағдылану.
- ➢ Дауыс ырғағын бақылау – интонация мен екпінді дұрыс қолдану арқылы мәнерлілікті арттыру.
- ➢ Тыныс алу техникасын меңгеру – дұрыс тыныс алу дикцияның сапасына да әсер етеді.

➢ Тіл жаттықтырушы жаттығуларды пайдалану – арнайы скороговоркалар мен артикуляциялық гимнастиканы қолдану.

Сөйлеу мен ән айтудың сапалы болуы артикуляциялық аппараттың дұрыс жұмыс істеуіне тікелей байланысты. Дикцияны дамыту үшін арнайы жаттығуларды үнемі орындап, артикуляциялық мүшелердің икемділігін арттыру қажет. Бұл тек вокалистерге ғана емес, көпшілік алдында сөз сөйлейтіндерге де маңызды.

Артикуляциялық аппараттың қозғалысы еркін болуы керек. Дауыстың айқын, анық әрі мәнерлі шығуы артикуляциялық мүшелердің жұмыс істеу икемділігіне байланысты. Егер артикуляциялық аппаратта қысым немесе кернеу болса, ол дыбыстардың бұлыңғыр шығуына, сөйлеу қарқынының төмендеуіне және дауыс сапасының нашарлауына әкелуі мүмкін. Осыған байланысты артикуляциялық аппаратты босаңсыту үшін күнделікті арнайы артикуляциялық жаттығуларды орындау ұсынылады. Бұл жаттығуларды айна алдында жасау арқылы қимылдардың дұрыстығын тексеруге болады.

Артикуляциялық жаттығулар:

1. «Ерінді ұқалау» – Жоғарғы ерінді тісімізбен бір жаққа қарай жылжыта отырып, жеңіл тістейміз, содан кейін кері бағытта қайталаймыз. Сол әрекетті төменгі ерінге де қолданамыз. (2-3 рет қайталау)
2. «Тілді тістеу» – Тілдің ұшын сыртқа шығарып, түбіне қарай біртіндеп жеңіл тістейміз.
3. «Бүйірлік тістеу» – Алдымен тілдің бір бүйірін, содан кейін екінші бүйірін тістеп жаттықтыру.
4. «Тілді тіс тазалағыш ретінде қолдану» – Тілді тістердің сыртқы бетімен айналдыра жүргіземіз: 5 рет оңға, 5 рет солға.
5. «Ұртты көтеру» – Саусақтарды екі бетке, көздің астына қойып, бет бұлшықеттерін жоғары көтеріп, күлімсіреген қалыпқа келтіреміз. (5-10 рет қайталау)
6. «Түтікше – күлімсіреу» – Ерінді түтікше сияқты алға созамыз, содан кейін үлкен күлімсіреу жасаймыз. (5-10 рет қайталау)

Жаттығулардың пайдасы:

➢ Артикуляциялық аппараттың икемділігін арттырады.
➢ Дикцияны жақсартады.
➢ Ерін, тіл және жақ бұлшықеттерін дамытады.
➢ Сөйлеу және ән айту кезіндегі дыбыстардың анықтығын қамтамасыз етеді.

Бұл жаттығуларды тұрақты орындау арқылы артикуляциялық аппараттың икемділігін арттырып, дикцияны жақсартуға болады.

Дикцияны дамытудың тиімді құралдарының бірі – жаңылтпаштар. Жаңылтпаш – халық шығармашылығының қызықты жанры, сөйлеу кезінде жылдам айтуға қиындық тудыратын дыбыстардың үйлесімінен құралған фразалар. Оларды алдымен баяу, асықпай, барлық дыбыстарды анық айтып жаттыққан дұрыс. Кейін жаңылтпашты тістің арасына карандаш салып айту ұсынылады, бұл дауысты және дауыссыз дыбыстардың дұрыс шығуына көмектеседі. Осы әдістен кейін жаңылтпашты карандашсыз қайталап айту керек, бұл артикуляциялық аппаратты күшейтіп, сөйлеуді нақты әрі анық етеді. Сонымен қатар, жаңылтпаштарды вокалдық жаттығу ретінде пайдаланып, біртіндеп дыбыстық тесситураны жоғарылатып айтуға болады, бұл вокалдық дағдыларды дамытады.

Таза, анық әрі мәнерлі дыбыстарды шығару үшін жақтың еркін қозғалысы өте маңызды. Егер төменгі жақ қысылып тұрса, дауыс бұлыңғыр әрі қысылған болып естіледі. Оны босату үшін йотталған дауысты дыбыстарды айту жаттығулары көмектеседі: «Йа-йа-йа», «Йе-йе-йе», «Нэй-нэй-нэй» (терция шегінде). Бұл жаттығулар жақтың қозғалысын жеңілдетіп, дауыстың еркін шығуына ықпал етеді.

Жаңылтпаштар дикцияны, артикуляцияны және вокалды дамытуда маңызды рөл атқарады. Карандаш әдісі сөйлеу аппаратының жұмысын жақсартады, ал жаңылтпаштарды вокалдық жаттығу ретінде қолдану дауыс икемділігін арттырады. Төменгі жақтың еркін қозғалысын дамыту – таза әрі мәнерлі дыбыс қалыптастырудың маңызды бөлігі. Дикцияны дамыту бойынша бұл әдістерді тұрақты түрде қолдану арқылы сөйлеу мен ән айтудың сапасын жақсартуға болады.

Қорытындылай келе, эстрадалық вокалды оқыту тәжірибемде кейбір балалардың белгілі бір дыбыстарды дұрыс айта алмайтынын байқадым. Мұндай жағдайларда тек дикцияны дамытуға арналған жаттығулармен шектелмей, балаларға логопедпен жеке сабақтар өткізуді ұсынамын. Логопедпен жұмыс дикциялық жаттығулармен үйлескенде ең жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл сөйлеу мен ән айтудағы дыбыстардың дұрыс қалыптасуына көмектесіп, оқушының сөйлеуін әдемі, анық, түсінікті және мәнерлі етеді.

Қызылорда облысы, Арал ауданы
"Қарлығаш" бөбекжай бақшасы
Тәрбиеші, педагог-модератор
Абзалова Айгүл Абзалкызы

«ДЫБЫСТАР ӘЛЕМІНДЕ»

МАД «Кішкентай данышпандар» тобында ұйымдастырылған ашық іс әрекет

Білім беру саласы; Қатынас
Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті: Сауат ашу негіздері. Қоршаған орта
Тақырыбы: «Дыбыстар әлемінде»
Мақсаты: Балалардың дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Ертегі тыңдай отырып дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып екіге бөлінетінін және оарды ажыратуға үйрету. Ойындар арқылы балалардың есте сақтау қабілетін шыңдау. Әріптер мен сандарды танып білуге қызығушылықтарын арттыру. Ұсақ қол саусақ қимылын дамыту.
Кіріктірілген оқу іс әрекеті: Математика, жапсыру, жаратылыстану, көркем әдебиет.
Мотивациялық қозғаушы;
Балалар бүгін бізге қонақтар келіп отыр! Сәлемдесейік!
Бүгінгі іс әрекетке дайынсыңдарма?
Бүгінгі күніміз өте қызықты болмақ!
Себебі біз дыбыстар әлеміне саяхат жасаймыз! Қане бәріміз экранға назар аударайық!
(Дыбыстарды тыңдап сұрақ қою арқылы жауап беру)
Балалар біз табиғатты күнделікті өмірде есітіп жүрген дыбыстар туралы естідік.
Ал енді өзіміз айтатын дыбыстар туралы білгілерің келе ме?
Олай болса экранға қарап әжейдің еретегісін тыңдайық!
Ертегі не туралы екен?
Балалар бізге көгершіндер хаттар алып келіпті.Олардың хатында ойындар жазылған,сол бойынша ойын тапсырмалар орындаймыз.
І - көгершіннің ойыны : «Ауыз құрылысын құрастыр»
Балалар ертегіден естігендерің бойынша ауыз құрылысын жапсырамыз.
ІІ -ші көгершіннің ойыны: «Дыбыстарды ажырат»
Шарты: Себеттегі алмаларды екі кәрзеңкеге дыбыстарды атап ажыратып салу
ІІІ- ші көгершіннің ойыны: «Ғажайып алаң»
Шарты; балалар асық суреті бар кубикті лақтырып қандай түсті асық түссе сондай табличканы ашып, артында тұрған жануар немесе құсты және аспапты атайды. Олардың дыбысын кюар код арқылы тыңдайды.
Сергіту сәті: «Музыкалы ырғақты би»
Үш көгершіннің үш топқа ойыны беріледі.
І топ; «Балықтарды сана және аквариумға сал» ойыны.
ІІ топ: «Әріп пен санды орналастыру» ойыны
ІІІ топ; «таныс дыбыстарды және сандарды қи» ойыны.
Балалар баяу музыка тыңдай отырып ойын тапсырмаларды орындайды.
Балалар тапсырманы орындап болғаннан кейін қандай дыбыс және қандай сандар бар екенін сұрап ойын қорытындыланады.

Рефлекті түзетушілік:
Балалар бүгінгі іс әрекетте нені үйрендік?
Қандай ертегі тыңдадық?
Дауысты және дауыссыз дыбыстарды қайталайықшы!
Қандай ойындар ойнадық?
Балалар бүгінгі іс әрекетке өте белсенді қатыстыңдар!